

Дуңдуу ебi, бүдүбүдү ебi Кенекенү

*(Кенен Әзірбаев туралы
естеліктер жинағы)*



УДК 821.0
ББК 83.3 қаз
Д 30

**«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АЯСЫНДА
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ СЕРІК ӘБІКЕНҰЛЫ ҮМБЕТОВТІҢ
ҚОЛДАУЫМЕН ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР**

Құрастырған – Төрткен Кененқызы.

Дүлдүл еді, бұлбұл еді Кенекең.
Д 30 *(Кенен Әзірбаев туралы естеліктер жинағы)/*
Құраст.: Төрткен Кененқызы. — Алматы:
«Ан Арыс» баспасы, 2009 ж. — 240 б.

ISBN 978-601-7130-51-0

Өмірі аңыз, өнері өнеге болған ақын, сазгер, әнші, ғажайып талант иесі Кенен Әзірбаев жәйында жазылған естелік, сын-зерттеулердің өзі әлде неше томның жүгі. Солардың бір бөлімінің басын біріктіріп отырған бұл кітаптың бедері көркем, берері ересен зор. Өсіп келе жатқан ұрпақтың руханиат әлемін байытары сөзсіз.

Д $\frac{4603000000}{00(05)-09}$

УДК 821.0
ББК 83.3 қаз

ISBN 978-601-7130-51-0

© Құраст.: Төрткен
Кененқызы, 2009
© «Ан Арыс» баспасы, 2009

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН ТҮСІНІК

Халық ақыны, әйгілі сазгер, белгілі әнші, сал-серінің соңы Кенен Әзірбаев артына мол мұра қалдырған дарын. Оның айтыстары, жыр-дастандары, аңыз-әңгімелері өз алдына бір төбе болса, әндері мен өлеңдері өз алдына мол дүние.

Ел өміріндегі елеулі кезеңдердің ешқайсысы да – ұлт азаттық көтерілісі дейсіз бе, ауылды советтендіру, қоныстандыру дейсіз бе, байларды конфискелеу, әйел теңдігі, сауатсыздықты жою дейсіз бе, Ұлы Отан соғысы, бейбітшілік сақтау, тыңды көтеру, космосты игеру дейсіз бе, бәрі-бәрі ақын шығармашылығынан тыс қалмаған.

Бұл жайында: «Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантының шуағын төкпеген бірде-бір айтулы оқиға болған жоқ. Оның тамаша өшпес туындылары бүгін де осы жауапты құрметті істе сапта тұр» – деген еді 1984 жылғы К.Әзірбаевтың туғанына 100 жыл толған торқалы тойында бұрынғы Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі, қазіргі республика президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Бұл сөзді ақын шығармашылығына берілген әділ баға, зор құрмет деп санаймыз.

Халық пен өкімет тарапынан ақынның еңбектері жоғары бағаланып «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері», Қазақ ССР-нің халық ақыны атақтары берілген, бірнеше рет «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», Ленин ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған, 75, 80, 90 жылдық мерейтойы көзі тірісінде тойланып, ақынның 100, 110, 120, 125 жылдығы кеңінен аталып өтті. Төрт томдық таңдамалы шығармалары, фото-альбомы жеке кітап болып жарияланды.

Дүниеден өткен соң да Кенен Әзірбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Алматы қаласында, облыс, аудандарда мектептер мен көшелерге Үкімет қаулысымен ақынның есімі берілді. Туған ауылында әдеби-мемориалдық мұражайы жұмыс істейді.

Кенен туралы С.Бақбергеновтың «Бозторғай» повесі, (1961 ж.), Н.Төреқұлов пен М.Жолдасбековтың «Тоқсан толғау» атты ғұмырнама эссесі (1992 ж.), Төрткен Кененқызының «Кенен» (2005 ж.), Бақытжан Кененұлының «Әке рухымен сырласу» (2004 ж.) атты естелік эссесі жеке кітап болып шықты. Сондай-ақ, өз кезінде баспасөз беттерінде ақын жайында жарияланған ғылыми-зерттеу мақалалар қаншама. Ақын ата, абыз ата жайында жазылған сазгер Алтынбек Қоразбаев пен

ақын Жақсылық Сәтібековтың әйгілі «Сағындым Кенен атамды» деген әнінен бастап бұл кісіге арналған музыкалық шығармалар мен өлеңдер, поэмалардың өзі бір кітап боларлық.

Сондықтан да бұл жинаққа Кенен Әзірбаевтың көзі тірісінде бірге болған, бірге жүрген, қолынан ет асап, дәм татқан, әңгімелерін тыңдап, үнін естіп тәнті болған көптеген іні, бауыр жерлестерінің, балаларының, замандас ақын, сазгер, жазушылардың жазған естеліктері мен зерттеу мақалаларын енгіздік. Оны да таңдап-талғап алдық.

Бұл естеліктер жинағына өмірден ерте озған, тірі жүрсе сөз жоқ, Кенен ақын жайында естелік жазар еді-ау деген, халыққа белгілі адамдардың атап айтқанда Ахмет Жұбановтың, Сәбит Мұқановтың, Ханғали Сүйіншәлиевтің ертеректе жарияланған естелікке бергісіз мақалаларын енгізуді дұрыс деп таптық.

Сондай-ақ, бұл кітапқа Кенен Әзірбаев шығармаларының және ол туралы жазылған мақалалардың библиографиялық көрсеткіші енгізілді.

*Төрткен Кененқызы
ҚР-ның Мәдениет қайраткері,
ұстаз.*



**Серік Әбікенұлы
ҮМБЕТОВ,**

Алматы облысының әкімі

ҮНІНЕН ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ЛЕБІ ЕСКЕН

(Алғы сөз орнына)

Жалпы қазақ жері, соның ішінде әр бұтасы мен сайына өлең қонақтаған Жетісу өңірі суырып салып өлең айтатын, сол өлеңіне ән шығарып, өзі келістіріп орындайтын біртума дарындардан – ақын-жырау, әнші-жыршы, сал-серілерден ешқашан кенде болмаған. 125 жылдық мерейтойы аталып отырған Кенен Әзірбаев сондай тұрпаттағы ақын-жыршы, сал-серілердің көрнекті өкілі. Бұл пікірімізді ғұлама ғалым, қайраткер ағамыз Мырзатай Жолдасбековтың: «К.Әзірбаев – сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз: жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткер» деген бағасы да айғақтай түседі.

Асыл пышақ қын түбінде жатпайды. Сол сияқты шын талант та ешқашан елеусіз қалмақ емес. Бұл сөзіміздің жарқын мысалын Кенен атамыздың өмірінен де келтіруге болады. Қозы бағып, қой соңында жүрген бала Кенен «Бозторғай» әнімен жұртшылыққа бірден танылды. Оның «Бозторғай шырылдайсың шіркін-ай! Құтылар күн бар ма екен, осы қойдан бір күн-ай» – деп әндеткен мұңлы дауысы жаңғырық секілді бүкіл қазақ даласына тарап жатты. Өйткені әннің сөзі де, өзі де өмірдің ащы шындығын білдіретін. Қой соңында өмірі өксіп, жалшылықта жүрген қаншама балдырған «Жүргенде қойды бағып күн батпайды, отырсам қой күзетіп таң атпайды, қарайтын қабағыма бір адам жоқ, бел шешіп төсегіме бір жатпадым» – деген Кенен әнінің шырылымен мұң шерін сыртқа шығарды.

Қазақ даласының бозторғай жыршысы осы бір шырылынан өмір бойы танбай кетті. Қапыда Базары мен Назарынан айырылып қалғанда да егіз лағын іздеген ақ ешкімен бірге шырқырап, күңіренген дауысы Алатаудың қос қапталын жаңғыртты.

Бұрынғы сал-серілердің көзіндей болған сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз ақын жаңа өмірге қуанып, шүкіршілік еткенде де жан-жүрегін жайып салып, ағынан жарылды. Қазақ даласын ән-жырымен сусындатып, халқына адал қызмет етті. «Өлеңінің қара жорғасы» атанған Үмбетәлі Кәрібаев пен Өтеп Оңғарбаев, Әбдіғали Сариев пен Есдәулет Қандеков, Саяділ Керімбеков пен Өмірзақ Қарғабаев, Нұрила ақындармен бірге Сүйінбай мен Жамбыл тәтесінің жолын лайықты жалғастырды. Өзі де Әлімқұл Жамбылов пен Әсімхан Қосбасаров секілді саңлақ ақындарғы ұстаз болды.

Бұрынғы ақындардың дәстүрімен Кенекең ақындық сөз қағыстарына, айтыстарға да араласты. Үлкен өмір мектебінен өтіп, алдындағы жыр сұлейлерінің тәлімін алған ақиық ақынның мерейі қашанда үстем болып жүрді.

«Алатаудың сайраған бұлбұлы едім» – деп өзі жырлағандай, Кенен ақын кезінде қазақ еліне ғана емес, күнгейдегі қырғыз бауырларға да кеңінен танылды. Төскейде малы, төсекте басы қосылған қырғыз ағайындардың ақындарымен достық қарым-қатынаста болып, екі елдің ауыз әдебиетінен бірдей сусындады.

Кенендей дара дарынды тудырған Қордай ауданы, оның ішінде Кенен ауылы біздің Жетісу өңірімен, ақындар мен батырлар ауылы атанған Жамбыл ауданымен ауылы аралас, қойы қоралас болып келеді. Кенекеңнің Жамбыл бабамыз бастаған жыраулар шоғырымен жақын араласып, дос-жар болып жүруінің себебі де сондықтан. Содан кейін де ол:

*Кенен мен Үмбетәлі қарттарымыз,
Жамбыл мен Сүйінбайға тартқаныңыз.
Кешегі бала күнгің ойыңда ма,
Айқасып бір төсекте жатқаныңыз?
Домбыра сіздер алған мен де ұстадым,
Ақынсыз қалмасын деп арт жағыңыз.
Сол Үмбет қайтыс болды өткен кеште,
Түс ауа демі бітіп сағат бесте.
Көзінің тірісінде тапсырып ед,
«Кенендей сәлем айт, деп, тетелеске» –*

деп Үмбетәлінің қазасы жайында хабар айта келген Әсімхан Қосбасаровқа:

*Кәрілік біздерге де келіп қалды,
Басылып су сепкендей желік қалды.
Тел өскен Жетісуда Үмбетәлі ең,
Өлеңнің бір бастауы кеміп қалды, –*

деп өлеңімен көңіл айтады, тел өскен ақынның ағайын-туыстарына өлеңмен сәлем жолдайды.

Қазақ елі ешкімге ұқсамайтын дара дарын иесін, талантты перзентін айрықшы құрмет тұтып келеді. Көзі тірісінде ардақталып, өзгеше сый-құрмет көрген ақынның 100 жылдық мерейтойы республика көлемінде кеңінен аталып өтті. Мерейтой қарсаңында ақынның мол мұрасы кеңінен насихатталып, ән-жырлары белгілі өнерпаздардың орындауында өзгеше жарасымын тапты. Бір мезгілде той аспанында Кенен ақынға арнап шығарылған ән-жырлар асқақтады. «Шырылдаса бозторғай сен екен деп қаламын, ақсақалды шал көрсем Кенекем деп қаламын» – деген ән сөздерінде айтылғандай, бұл күнде домбыра ұстаған ақсақалды қария көрсек Кенекеңнің өзін көргендей елеңдеп қалатынымыз рас.

Ақынның кейінгі мерейтойлары да мазмұндылығымен, өнерпаз мұрасын насихаттаудағы маңыздылығымен ерекшеленді.

Жалпы кенен сөзі дарқан, шалқар, мол деген ұғымды білдіреді емес пе? Кенен атамыз да атына сай ән мен жырға, өнерге, мінезге Кенен дарын иесі. Оның халық игілігіне айналған дүниелерімен қатар әлі де толық жинақталмаған, зерттелмеген шығармалары да жетерлік. Ендеше биылғы мерейтойда ақын мұрасын зерделеудегі жаңа бір жемісті қадамға айналсын деп тілейік.

«Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Кенен атамыз ел тарихында, халық есінде мәңгі сақталмақ» – деп, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, абыз атамыз өзінің өлмес өлеңдерімен, сырлы, сазды, сұлу нақышты ән-күйлерімен ел жадында мәңгі жасай бермек. Ол айдай анық ақиқат.

ЕСТЕЛІКТЕР

*«Келдім міне сексенге,
Тай үйретем тепсеңге.
Екі Кенен тумады,
Алатауға ексең де!»*

КЕНЕН

Әбділдә ТӘЖІБАЕВ

ҚАНДАЙ ЕДІ АҒАЛАР?!

Өлеңді әркімдер-ақ айтады, әркімдер-ақ жазады, бірақ, солардың ішінде үнемі санаңнан кетпейтін, сезіміңнен ажырамайтын, дауысы естіліп, дидары көз алдыңда тұратындары некен-саяқ.

Маған күні бүгінге дейін Жамбыл тірі сияқты. Мен кейде оны түсімде көріп, қолына су құйып, кебісін қойып жүремін.

– Шешең қайда, Әбділда? Шешең келісті адам ғой, байғұс, – дейді, Жәкең дәл өңімдегідей. Мен күміс сақалы кеудесін жауып, жүресінен отырған күйінде – бір қозғалмай, желдете жырлаған Нұрпейісті де көремін.

Кейде оның қатты қағылған домбырасынан оянып та кетемін.

Шалдар түсіме кірген түндері бір түрлі сергекпін: ұйқым шайдай ашылып, асыл жандардың бірінен соң бірін есіме түсіремін, сұр жебедей зымыраған ақбоз аттың үстінде ақ желетті Шашубай – «Ақ қайыңын» шырқап бара жатады. Бүкіл дала, бүкіл аян ұшқыр әнді қызықтайды, қанатты ақынға қызығады.

Менің жігіт шағым кілең осындай үздік қарттардың арасында өтті, мен олардан өміріме жетерлік жігер-қуат, ақыл-ой алдым. Мен олардан

бүкіл өміріме жетерлік қуаныш-күлкі алдым: Сондықтан да шығар, өзімді қазір де ерекше бақытты сезінемін.

Жақсылар шапағаты бүкіл қауымға жететін, барлығымызды жарылқайтын, жарытатын сарқылмас қазына екен ғой.

Нартай мен Кененнің әлі қайратты шағы екен-ау ол кез. Екі құрдас Жамбылдың егіз ұлындай жайнаңдайды. Домбырамен шырқайтын Кененге гармонды Нартайдың қосылғанын көргенде Жәкең бір түрлі құлпырып кетті. Екі саңлағына кезек-кезек қарайды қуанып...

– Мінеки, – деді ол кәрі кеудесін көтере жайраңдай, – шаң тимесім мен күн шалмасым қосылды да жосылды, бұдан былай осы екеуінің аузын жаптырмаңдар! – деген.

Сол күннен бастап Нартай мен Кененнің жұбы жазылған жоқ. Алатаудағы Кенен дауысын Нартай естісе, Сырдағы Нартай үні Алатаудағы Кененге естіліп жатты.

Біздің үйдің көңілді бір кешінде Нартай менен Кененнің шешемнің қонағы болғандары есімде. Үш құрдастың қызықты мәжілісінде сан рет күліп, сан рет жыладық.

– Айеке,

Ішпесем қанып қызыл шай,

Кетеді мазам өлердей, – деп Кенен күлдіреді.

– Менде де береке қалмайды,

Ырғағы азған, ұйқасы тозған өлеңдей – деп Нартай іле жөнеледі. Анам шайын қызарта түседі.

Сол кеште Кенекең анамның өтініші бойынша өзінің белгілі өлеңі «Базар-Назарын» айтты. Мен күнделігіме: «Бұл өлеңнің сөзіне сай әні де сұмдық зарлы екен. Мұны біз үй-ішімізбен (Нартай да бар) 1936 жылы 15 апрельде Кененнің өз аузынан есіттік. Түгел жыладық. Бұл бір ғажайып трагедия екен», – деп жазыппын.

Ақ ешкі зарланасың ылағыңа

Сүт берген емшегіңнен шырағыңа.

Кел екеуіміз қосылып бір жылайық,

Құдайдың жетер ме екен құлағына

– деп бастағанда Нартай сұп-сұр болып төмен қараған-ды. Содан өлең аяқталғанша ол басын көтере алмады. Маған Нәкең сол екі арада-ақ недәуір азып қалғандай көрінді. Нартай әлден кейін есін жинап құрдасын құшақтады.

Жарадың, Кенекем, – деді ол, орамалмен буланған көзін сүртіп, – бұл жырыңды есіткен де, есітпеген де арманда. Мен қазір ерекше бақыттымын досым – деді.

Сол 1936 жылы Жамбыл, Кенен, мен, шешем Айманкүлмен төртеуіміз Москваға біздің үйден аттандық. «Шалға айран алу керек, шалға сүт алу керек» деп поезд тоқтаған сайын шуласамыз. Сонда Жәкеңнің қамымен жүгіріп жүретін «жасымыздың» бірі Кенекең болатын. Бұл күнде Кенекең сол Москваға декадаға барған сапарымызды ертектей, армандай әңгімелейді.

Есінде ме, Әбділда? – дейді ақын ойы кеткен жыраққа көзі де бірге кеткендей, алыстарға үңіліп.

Мына жерден Тайжан ақын гармонмен күжілдесе, оған ілесе Нартайжан шырқап еді-ау. Поезды паравоз емес, ән мен жыр тартқандай зырғытып едік қой!

Оныңыз рас, аға! – деп мен де еріксіз елігемін. Менің көзіме сондағы сақал-шашы жаңа ғана бурыл тарта бастаған, бірақ әлі де жас қайыңдай солқылдап тұрған, көз жанары титтей де күңгірттенбеген, жүзінде қуаныш ойнаған Кенекем елестейді. Қатты шырқағанда әуелі өз құлағын өзі бұрап, жанын күйттеп алатын да әнші-ақын бір дауыл айқайға басатын...

Кененіме кім жеткен

Ащы айқайға басқанда? – деп Жамбыл сүйікті інісін табанда мақтай жөнелер еді.

– Әй, Кенен, сенің әніңе бір тойдың қызы түгел еріп кетіпті дейді ғой, сол рас па? – деп аппақ тістері ақсиып Нартай ақын күле қарайды. Бұл құрдастың ең ыстық ілтпаты сияқты сезіледі. Қысқасы, әні мен сөзін бірдей қуатты шығаратын Кенен өзінің құдіретті дауысымен күлдірем десе күлдіреді, жылатам десе жылатады.

Кенекем қайтыс болмастан бірер жыл бұрын осы атамыздың ауылында болдық. Кәрілік пен кеселден шаршаған ақын сыр мінез жақындарын көргендіктен болар деймін, басын жастықтан көтеріп, аяғын төсектен түсірді де маған құшағын жайды.

– Апырмай, – деді ол, менің басыма сығырая қарап, сенің де шашың ағарып қалыпты-ау, бауырым...

– Қартайдық қой Кенеке, – дедім мен де ағаға еркелей қарап, – өтіп жатыр ғой уақыт шіркін, аға.

– Рас, рас, – деді қарт ақын ойланқырап қалып.

– Уақыт өтпестей, қызық бітпестей көруші едік. Енді міне, біздің қатарымыз бітуге айналды. Жәкең кетті. Нүрекең, Доскей, Орынбайлар қайда? Нартай, Иса, Нұрлыбектер қандай еді... Бәрімізден де жас Мұхтар мен

Сәбитті айтсайшы! – дейді. Мен осы адамдарға өзгелердің аттарын қосып, үнсіз санап отырмын.

Өмір бойы маңайындағы адамдарды жүдетпеуге, жылатпауға тырысқан ақын, бұдан әрі пұшаймандыққа бойын алдыра бермейін дегендей басқа әңгімеге көшті. Біз осы жолы соңғы 40-50 жыл бойындағы бәрімізге ортақ жайлардың, адамдардың талайын еске алдық.

Барынша ақ пейіл Кенен көп жандармен достасқан екен, бірін ұмытпай олардың қылықтарын, ірі-ірі қасиеттерін әңгімелеп, қимастықпен еске алды. Мен қарт ақынның адамға, досқа деген сүйіспеншілігіне қызықтым.

Біз осы жолы кәрі ақынға баспадан кеше ғана шыққан қалың бір томдық кітабын апарғанбыз.

– Кәне маған естіртіп оқындаршы – деді, Кенекең, Шерияздан мен Әбілмәжінге қарап. Бұлар әндетіп оқи бастады. Көп оқылды. Мұхтарға, Сәбитке арналған өлеңдер де оқылды. Шаршай бастаған, әйтсе де қуа-

нышын жасыра алмаған аға қолын әнтек көтеріп, өлең тыңдауын бір мезет доғарды да, маған қарады.

– Қайдан түскен осының бәрі аузыма... Шын қажып қалғанмын ба, енді түспейді, – деді. Мен күлген болдым, бірақ ішім езіліп кете жаздады.

– Бұхар жыраудың сөзі естеріңде шығар. Сол айтқан кеп қой деп Кенекең күбірлеп те алды.

Тоқсан деген топ екен,
Дүйім жанның қоры екен,
Қарғиын десең қарбанып,
Екі жағы ор екен.
Найза бойы жар екен,
Түбі жоқ терең көл екен...

Менің байқауымша, қарт ақын қартайдым, қажыдым деп қынжылып отырған жоқ, ән шырқаған, жыр ағызған күндерінің алыстап бара жатқанына ғана күрсінетін тәрізді. Кәрі тарланның кеудесінде жел тисе лап еткелі тұрған от әлі баршылық. Ғайыптан домбыра сазын естиді, бозторғайлар кеңістікке шақырады, өлең, ән ырғақтары қозғалақтайды...

Біз ақын ағамен қоштасып, қайтар жолға шықтық. Тау бөктерлерінен төменге қарай дастарқанша жайылған жалпақ даладан мен Кенен бейнесін көріп келемін, үздіксіз көріп келемін. Кенекең ән бастағалы, жыр бастағалы қашан! Осы Қордай асуынан Кенекем үні қанша рет асты екен!

Сәбит МҰҚАНОВ

ӨЗ БЕЙНЕСІ

(«Балуан Шолақ» повесінің бір тарауы)

Алатаудан аттанар алдында Балуан Шолақ қасындағы нөкерлерін таратты. Олардың «еліне шейін шығарып саламыз», деген шын сөзін, егер «мақұл» десе, айтқандарын орындауына көзі жете тұра, Балуан тоқтаулы сөз тапты.

– Өздеріңе белгілі, – деді ол нөкерлеріне, – мен бұл жаққа өкіметтен қашып келген қоңыраулы кісімін. Сол қоңырауды елге қаға қайтсам, думандата барсам, маған құлағын тігіп отырған өкімет, «ә, мынау әлі де баяғы қылығын тастамаған екен», дейді де, торын құрып қамай қояды. Оны істетпеу үшін, еліме мен үн-түнсіз баруым керек те, елеусіз жүре беруім керек.

– Өйтсең өкіметтің тимесіне көзің жете ме? деген сұрауға:

– Тыныш жүрген кісінде не ақысы бар оның? – деп жауап берді. Балуан Ғазиз ақынның «Елу бестен жас асып кеткеннен соң, жігіттіктің болмайды серуені», деген сөзін айтпадым ба өздеріңе? Менің де жасым

елу бестен өтті. Енді қылтың-сылтыңның керегі жоқ маған. Оның үстіне көңіл де жүдеу. Мен ауылыма бара, қақ-соқтың бәрін қоямын да, «айран ұрттап, қойын құрттайтын, ұя бөрік, жуан қоныш» адамның бірі болып күн кешем. Тағдырдың менің маңдайыма ендігі жазғаны осы болуға тиіс.

– Тек, соны істей алсаң!... – десті, Балуанның сөзін тоқтаулы көргендер, қарсы дау айтудың ретін таба алмай.

– Істемегенде амал жоқ, – деді Балуан күрсініп, – жанған отқа көзсіз көбелек қана түседі.

Еліне жеке қайтуға нөкерлерінен рұқсат алған Балуан, «қойдан қоңыр, қозыдан жуас болған соң біржола болайын» деді де, үстіндегі сәнді киімдерінің бәрін естелік есебінде таратып беріп, өзі жұпыны киімдер сұрап алды. Аты мен ер тоқымын да қоңырқай түрде сайлаған ол нөкерлерімен жыласып қоштасты да, жалғыз өзі Балқаштың батыс жағын жиектей, еліне бет алып жүріп кетті.

Бұл бетіндегі елді Балуан бұрын аралаған жоқ еді, соны пайдаланып ат шалдырған, түстенген, қонған жерлеріндегі танымайтын «пәлен жердегі туысыма барып келе жатқан жолаушы едім» дей салды. Сақал-мұрты өскен, қоңырқай киімді оны ешкім де Балуан Шолақ деп ойламады.

Осындай елеусіз түрде келе жатқан ол, Балқаштың Іле өзені құятын сағасындағы Топар аталатын жердегі ауылға жетті. Руы Сары үйсінге жататын бұл ауылда Балуан келген кезде, бір бай қызын ұзатып, ұлан-асыр той болып жатыр еді. Балуанды бұл тойда ешкім елей қойған жоқ, оның үстіне өзі де тойдың думанына еліре сапырылысып жұртқа елетерліктей ешбір қылық көрсеткен жоқ.

Күндізгі думан өтіп, тойға келгендер кешке қарай төңіректегі ауылдарға бөліне тарқасты. Көппен араласқан Балуан да бір ауылға келіп түсті. Балуан түскен ауылдың адамдары, осы ауылға келген қонақтардан, «Кебекең» деген бір ақсақалға ерекше құрмет көрсетті. Балуан жұрттың әңгімесіне құлақ түрсе, – «Кебекеңнің» шын аты – Кебекбай екен. Ол бүкіл Дулат атаулының әрі ақсақалы, әрі сәуегейі болып саналады екен. Қасына ере келген адамдары, осы Кебекеңнен:

– Егер рұқсат етсеңіз, мәжілісімізді көріктендіруге Кененді алдырсақ қайтеді? – деп өтінді.

– Алдырсаңдар, алдырыңдар! – деді Кебекбай.

– Бар тап та шақырып кел! – деп жұмсаған жігіт кеткеннен кейін, бұл ауылға жиналған қалың жұрттың аузында Кененнің кім екендігі сөз болды.

– Сол жігітті аса әнші деп жүр ғой, – деп сұрайды біреу, қай ауылдан екен өзі?

– Дулат ішіндегі Жаныс көрінеді ғой ол. Жаныстың ішінде Қасқарау. Оның ішінде Сати-Боти. Мекендері Мәтібұлақ көрінеді. Өзірбай деген кедей шал болатын Сатида. Соның қартайған кезінде туыпты ғой бұл бала. Жасынан жетім қап, бай ағайындарының қой-қозысын баққан екен. Ер жете аузына жел бітіп, қазір бүкіл Дулаттың атақты ақыны болғанға ұқсайды. Өзі сымбатты да, көрікті жігіт боп өскен. Даусы да керемет өзінің, аққудай сұңқылдайды... Ән де шығарады өзі, өлең де шығарады.

Өлеңі онша қырғын емес. Ал енді әні бар ғой, – бұлбұлдың сайрауына бергісіз... Үлгіні кімнен алды екен бұл?

– Балуан Шолақтан...

– Не дейсің? Жолығып па екен Балуан Шолаққа?

Арқадан Жетісуға келе жатқан Балуан Шолақ, Сати-Боти елін аралап жүріп Доланқара тауына келгенде, қой жайылып жүрген тас арасынан әдемі ән естіледі. Айтушыны Балуан Шолақ таптырып алса, он бестер шамасындағы қойшы бала екен дейді. Әлгі бір қойшы баланың зарыққан мұңын бозторғайға шағатын әні бар ғой, сол ән, сол қойшы баланың шығарған әні екен дейді...

– Апырау, не дейді?!.

– Дауысы да, әні де ұнаған баланы Балуан Шолақ қасына ерген нөкерлерімен ала кетпек болған, баланың да барғысы келген екен, жалдаған бай жібермейді... Балуанның жүрген жері ұлы думан көрінеді ғой. Қасқарауда ол Ноғайбай дейтін байдың үйіне түседі. Балуан Шолақ келді деген соң қалың Қасқарау жиналса керек. Сонда әнін мақтаған Қасқарауларға Балуан: «Менен де зор әнші өздеріңнің араларыңда жүр, бірақ ән айтып жүрген жоқ, қой бағып жүр» деп Кененді өлердей мақтап, «нанбасаңдар көріңдер!» деп, әдейі ат жібертіп алдыртса, Балуанның айтқаны расқа шыққан соң, қалың Қасқарау Кененді басына көтеріп әкетсе керек...

– Жақсы адамның аса сөйлемей, баса сөйлейтін әдеті ғой... Балуан Шолақтың өзін баса, Кененді көтере сөйлеуі содан болған шығар, әйтпесе, өз дауысына жан пар келмейді деп естігенбіз, айғай салған дауысы тауды жаңғырықтырып, тасты сілкіндіреді деп естігенбіз, жүз бұралып, мың құбылады деп естігенбіз!... Кенен де керемет көрінеді ғой!... Сонысына қарағанда, Балуан Шолақтан бата алып, аузына түкірткен ғой ол!..

– Апырай десейші! – деп ду ете түсті үйдегілер...

– Ал, енді, мен сендерге бір қызық айтайын, – деді біреу, көпшіліктің шуын басқысы келгендей, қатты дауыспен:

– Иә! – деді де, шу тез басыла қалды.

– Осы Кенен бар ғой, сол Балуан Шолақтың бар әнін аузынан қағып алған!...

– Не дейді?!..

– Дегенімді айтайын: Балуан Шолақ Ноғайбайдың үйіне қонған күні мен де сол үйде едім. Балуанның әнін есітеміз деп келген жұрт үйге симайтын болған соң, халықтың тілегін орындап, Балуан далаға шықты. Ауыл Мәтібұлақтың жағасында, таудың арасында отырған. Балуанға ере тысқа менде шықсам, тау саласындағы адамның көптігінен көз тұнады. Айт пен тойға да мұндай көп жиналмас жұрт.

– Жұртты қоя тұрып, Балуанды айт десті үйдегілер.

– Айтсам, Балуан таудың төскейіндегі шыңға көтерілді де ән шырқайды. Мана үйде бірер әнді айтқанда, дауысы аса зор сияқты емес еді, қоңырлау, бірсыдырғы секілді-тін, тысқа шығып сол әнді қайта айтқанда, дауысы биіктеп көтерілді де кетті. Сонда ол айқайлаған жоқ, әдемі нақышпен қоңыр ғана айтты. Осы дауысы тауды жаңғыртып, тасты сілкіндіріп жіберді...

– Әруақ қонған адамның әдеті емес пе, топты көрсе арқаланып кететін. Әруағы көтеріп кеткен ғой, оның дауысын.

– Сонымен қызық болды деді Балуан Шолақтың өнерін баяндаушы.

– Иә?...

– Сол түні таудың саласында Балуанның және оның нөкерлерінің әнін тыңдаған жұрт кірпік қаққан жоқ. Балуан қызық кісі екен. Мынау пәлен әнім, мынау түген әнім деп әр әнінің бір-бір ауызын өзі бастап береді екен де, нөкерлеріне «ендігісін сендер айтыңдар» дейді. Олар қосылып айта жөнеледі...

– Қызық екен онысы...

– Одан да қызығы бар...

– Иә?...

Сол кезде, Балуанның нөкерлері қосылып айтқан бір әннің ішінен болатты болатқа соққандай шыңылдап, аспанға найзадай шаншылып, тыңдаушылар бұрын естімеген бір биік дауыс көтерілді де кетті... Құр ғана биік дауыс емес, мөлдір судай кіршіксіз дауыс, көктемнің даласындай сәнді дауыс, шебердің кестесіндей нақышты дауыс...

– Апырау, кімнің дауысы екен? – десті, кім екенін тез білуге асыққан жұрт.

– Кененнің...

– Ол қайдан кеп қапты?...

– Балуан Шолақ кеше жіберген кісі Кененді тауып әкелгенше түн ортасы ауып кетсе керек... Балалық шағында Кенен бұйығы екен дейді. Сондықтан, келе сала Балуанның алдына жетіп бармай, көптің арасына отыра кетіпті... Арқасыз адам ән айта ала ма?.. Балуан мен нөкерлері айтқан топқа жақындай-жақындай, бір мезгілде қасына кеп қалыпты... Одан кейін өзін-өзі ұстай алмай, Балуанның ән айтқан нөкерлеріне қосыла кетіпті... Әлгі дауыс сол екен.

– Иә, сонан?...

– Ән айтылып болған соң, Балуан орнынан тұрып Кененнің қасына барады да, «Е, сен келіп қалып па ең» деп, қол берген Кененді бауырына басады. «Уа, жұртым, – дейді Балуан сонан кейін, жиналған топқа – сенің бұлбұлың осы!...», «Әзірбай баласы Кенен мұның аты-жөні. Өзіңнің Дулатың бұл бала. Оның ішінде Қасқарау, оның ішінде Сати-Боти. Бірақ, бұл қалың Дулат, – сенің ғана сыбағаң емес, «шебердің қолы, шешеннің тілі ортақ» дегендей, барлық қазақтың сыбағасы. Бірақ, бүгінгі күні, бұл бала, қалың Дулат сенің әншің емес, қойшың болып жүр. Қазіргі халінің қандай екенін баланың өз әнінен, өз құлағыңмен есті. Ал, Кенен айт мына жұртыңа «Бозторғай» деген әніңді!...».

Кенен «Бозторғай» әнін айтқанда, қойшы баланың ауыр халін көз алдына келтіріп, тыңдаушылар мұңайып қалады. Сонда Балуан Кененге, «Енді «Көкшолақ» деген әніңді айт!» дейді. Кенен бұл әнін айтқанда, жұрт ішек-сілесі қатып күледі. Содан кейін Балуан: – «Міне, көрдіңдер ме, көпшілік, қойларыңның қиының арасында қандай алтын жатқанын?. Алыңдар, ол алтынды қи арасынан!... Бұдан былай тотықтырмай, жарқыратып ұстандар!» – деді...

Балуан Кененді өзімен бірге алып та кетпек болған екен, әрі жалдаған байы жібермейді, әрі «қартайған шағымда көзімнен таса қылмаймын» деп әкесі босатпайды. Бірақ, Балуанның айтқаны да далада қалмайды, қалың Дулат Кененді айт-тойына шақырып көтереді де кетеді. Сонан кейін аруағы ұшып Дулатта Кенен қатыспаған ойын-тойдың көркі болмайды...

Ойын-тойларда өз әндерімен ғана тоқтамайды, халық әндерін, басқа да әншілердің, әсіресе, Балуан Шолақтың әндерін көп айтады...

Осы кезде көп адам қосылып айтқан ән естіле қалды. Оған елеңдеп ауылдағы көпшілік те, Балуан да далаға шықты. Бұл ымырт жабылып, қас қарайған кез еді. Белесті құмдардың арасында отырған ауылға үндері аспанды жаңғырта қосылып ән айтып келе жатқан көп дауыс жақындай береді.

– Кенен!... Оның нөкерлері!... – деп шуласты күткен жұрт.

– Дәл Балуан Шолақ! – деді әлдекім. – Кенен өлеңдерін соның үлгісімен айтып келеді...

Кененнің әндеткен тобы ауылға кеп түскенде, төңірекке адам симай кетті.

Мұншама адамды сиғызатын ешбір үй болмағандықтан ән далада, қалың құмның арасында айтылады. Халық өзінің тамаша әншісінің кескінін көріп отырсын дегендей, ән басталар алдында ашық аспанға он төрт жасына толған ай көтерілді. Дала сүттей жарық.

Кескінін де көреміз, әнін де түгел естиміз деп, халық Кененді биік бір құм-шоқының төбесіне отырғызды. Өздері сол шоқының төбесінен төмен сорғалай етекке жайыла орналасты. Осы қалың көпшіліктің арасында төбеге жақындау тұста, белгісіз адамның бірі боп Балуан Шолақ та отырды.

Шоқының төбесіне отырған Кененнің кескіні Балуан Шолаққа жасырақ кезінде айнадан көрген өз кескіні сияқтанып кетті. Ана жылы көргенде бала пішінді Кененнің қазір сақал-мұрты да өскен және дәл Балуан Шолақтың сақал-мұртындай, мұрты ұзара қалыңдап, қаршығаның жазған қанатындай, иығына қарай қайырылып, сақалы иегіне шоқтала, бір тұтам ғана боп өскен. Маңдайы да сондай кең, қасы да сондай қою, мұрны да сондай қоңқақ... Кененнің кескінінен өз бейнесін тапқан Балуан, ішінен «менің әндерім мен өлеңдерімді айтар ма екен?. Айтса қалай айтар екен?» деп ойлады.

Жетісу ақындарының бір әдеті жиын-тойда кезіккен тыңдаушыларына әуелі өлеңмен амандасып алатын, Кенен де қоңыр дауыспен амандық-саулық айтқанда, Балуанға үні ұнағанмен өлеңі көңілін қозғарлық әсер бере алған жоқ. Кенен әнге басқанда Балуан оның кескініне қадала қарап, қатты да қалды. Ана жылы балалық лебі есетін жіңішке дауысы енді қалыңдап және тым биіктеп кеткен екен. Балуан Дулатта Сарыбас дейтін ақынды көріп еді, ол әнін айғайлап бастап, оң жақ құлағын қолымен бұрап-бұрап жіберетін, Кенен де сөйтеді екен. Бірақ бұл Сарыбастай қылғына айғайламайды, еркін шырқайды, сонда мүлтіксіз қоңыр дауысы жер-көкті жаңғыртып, кең даланы тұндырып жібереді. Балуанның бағалауынша мұндай дауыс, ол естіп жүрген үндерде, Біржан

салдан басқаға біткен емес. Міне, қайда әдемі, кең және биік дауыс деп сүйсініп қояды Балуан ішінен.

Кененнің әндерін сүйсіне тыңдағанда Балуанның байқағаны – көріспеген аз жылда жас әнші бірталай ән шығарып тастапты. Бұл әндер арғымақ пен қарабайырдан туған құлын сияқтанып, кей жерінде Арқаның екпінді биік әніне де, кей жерінде Жетісудың келтелеу шұбалаңқы әніне де ұқсап кетеді екен.

Кененнің әндеріне біраз сусындап мейірі қанғандай болған қалың көпшіліктің арасынан: «Балуанның әнін, Балуанның» деген дыбыстар шықты.

– Қайдағы Балуанның? – деп сұрағандарға:

– Балуан Шолақтың жер-көкті күңіреткен әндерін естімей, құлағың керең болған біреу ме ең, – деп қасындағылар ұрсып тастады.

– Иә, Балуанның әнін, Балуанның! – деген дауыстар көбейіп кетті.

– Болсын! – деді Кенен қолын көтеріп, шуды басқысы келгендей. Шу тың бола қалды.

– Ал халқым! – деді Кенен, – өлеңнің де, әннің де мінезі мен қылығы шығарған иесіне тартатынын жақсы білесіңдер. Балуан асау мінезді, әрі қылықты адам. Оның әндері мен өлеңдері де өзіне ұқсас асқақты, екпінді келеді. Мен жұмсақ мінезді, жуас қылықты адаммын. Балуанның әндері мен өлеңдерін өзінен ауызба-ауыз үйреніп қалғаным рас. Бірақ, мен ол шығарған әндер мен өлеңдердің ырғағын келтіргенмен, екпінін келтіре алмаймын. Балуанның әндерін естігендерің де, естімегендерің де бар болар. Естімегендеріңе оқасы жоқ. Ал, естігендеріңе Балуан дегенің оның киімін киген Кенен болып шықса, сөге көрмеңдер!...

– Оны тыңдай көрейік – десті жұрт. Балуанның әнін естуге құмартқандар, Кененнің аузына төне қалды.

– Мен Балуанның он екі әнін айтам – деді Кенен домбырасын күйлеп алғаннан кейін.

– Ал, тыңдадық! – деп гу еткен дауыс тез тына қалды. Кенен әуелі Балуанның бозбала шағында шығарған «Ыңғай төк», «Дікілдек», «Сегіз келін» сияқты жас жігіттің жан гүліндей жайнаған әдемі әндерін өте нақыштандырып айтып берді. Бір кезде бұл әндерді өзі де осылай айтатын Балуан, албырт жастықтың адуынды мінезімен егде тартқан шағында ұялғандай, басын төмен түсіріп, бүгежектей тыңдады... «Дікілдектің» аяғындағы:

Атандым жастайымнан «Шолақ» дәу деп,
Бұл дүние кім ойлаған шолақ-ау деп,
Мал-мүлік пен байлықты тәрк етпеймін,
«Артымда ақыр бір күн қалады-ау» деп...

деген сөздерін айтқанда, Балуан қасындағыларға сездірмей күрсініп қойды. «Қос барабан» деген әні, әсіресе, ол әннің:

Көкшетауым,
Күнде жауын.
Сексен көл айдын шалқар,
Қайран ауылым!

деген қайырмасы айтылғанда, Балуан қаттырақ күрсініп қалып, маңындағыларға дыбысын естіртіп алды. Ол қасындағылардың:

– Не болды сонша ауыр күрсініп? – деген сұрауына жауап берген жоқ...

Жетісуға келе, алыста қалып аңсаған Ғалиясына арнап, «Сұрша қыз» деген ән шығарған еді. Кенен сол әнді де шырқап, қайырмасындағы:

Сөйтіп жүрген сұрша қыз,
Көкшетауда қалдың-ау,
Ау – ай сұрша қыз,
Енді есен бол-әй!

– деген сөздерді айтқанда, Балуанның көзінен жас ыршып кетті. Егер Кенен бұл әннен кейін Балуанның қайрат-жігеріне арналған «Құлан кісінес» аталатын екпінді әнін, одан кейін «Қос перне» аталатын соған ағайын әнін елірте айтып жібермесе, Балуан қасындағыларға жылауын да сездіріп алар еді. Айғырдың арқырауы сияқты «Құлан кісінес» пен домбыраның екі ішегін бірдей сөйлетіп, әуелі қоңыр басталғанымен, арты шырқап биікке шығатын, тынысы мол, ырғағы көп «Қос перне» айтылғанда, батырлық қалпына келгендей Балуан сергіп кетті. Соңғы әннің:

Өз атым әкем қойған Нұрмағамбет,
Халқымнан көріп жүрмін қадыр-құрмет.
Бас қосқан оязнайдың съезінде,

Көтердім кірдің тасын елу бір пұт!... деген сөздері айтылғанда, «пау шіркін!» деп көтермелегендерге дауысын қалай қосқанын Балуан аңғармай да қалды, «Желдірме» аталатын желіге айтылатын термелі әнге тіпті желіге бастаған Балуанның көңілі, «Жай қоңыр» аталатын баяу ырғақты әннің:

Салайын «Жай қоңырға» жәйіменен,
Барады өтіп өмір айыменен,

– деген сөздері басталғанда, тағы да бәсеңси қалды. Өмірінің өтіп баратқаны есіне түсті. Осы ойын қалыңдата түскісі келгендей, Кенен Балуанның өмір жолы туралы шығарған «Өтетін өмір» атты термесін төпеп кетті:

Бір жасқа жеткенімше құндақтайсың,
Екіде тек былдырлап тіл қатпайсың.
Бес жаста безіп үйден, тал ат мініп,
Он жаста жарда ойнаған лақтайсың.

Келгенде жиырмаға сазда есетін,
Балауса бейне балғын құрақтайсың.
Отызда ор қояндай аспанға атып,
Қырқында мүшеленген құр аттайсың.
Елуде ақыл-ойың тегіс толып,
Төскейден сарқыраған бұлақтайсың.
Алпыста бар асылың түгел жайнап,
Маңыңа сәуле шашқан шырақтайсың.
Жетпісте тұра берсең жер таянып,
Жарыңнан құдай қосқан жырақтайсың.
Сексенде буындарың діріл қағып,
Болдырған арық аттай бұрақтайсың.
Тоқсанда өлсең де өлдің, өлмесең де,
Сұм дүние енді кімге тұрақтайсың?...

Бұл сөздеріне тағы да тұнжырай қалған Балуанның құлағына кейінгі кезде шығарған «Кенже қоңыр» деген әні естілді.

Бір аты әндерімнің «Кенже қоңыр», Тең болмас арғымақ пен қара шобыр, Армансыз Үйсін, Дулат араладым, Кеп жатып бір ауылды етпей ығыр. Әнімнің әркім құмар мақамына, Кей жігіт қарап отыр тұтамына. Сайраған Сарыарқаның бұлбұлы едім, Жетісу қонақтадым бұтағыңа...

Осымен Балуан Шолақтың он екі әні бітіп те қалды білем, – деді Кенен жұртқа қарап.

– Он бір-ақ – деді санап отырған біреу.

– Қайсысын қалдырып кеттім екен сонда? – деді Кенен.

– Кәне аттарын аташы, санайық – деп көпшілік пен Кенен айтылған әндерді санай бастағанда, Балуан отырған биігінен төменге сырғып түсті де, шылбырынан сексеуілге байлап қаңтарған атына қарай кетті.

– Несіне отырамын – деген ой келді оған, – менің ойымдағы сырдың бәрін де Кенен халыққа айтып берді. Енді несіне көрінемін ол халыққа?... Босқа шулату үшін бе?... Кімге қажет ол шу?... Қой онан да осы белгісіз бетіммен кете берейін!

Ол аттанып жүре бергенде, манағы жоғалған әнін тауып алған Кененнің биік дауысы аспанға көтеріле берді.

Балуан ұзаған сайын ән биіктей берді. Жетісуда қалып бара жатқан Кенен, оған өз бейнесі сияқтанып кетті. Қайтып оралмаймын деп бара жатқан Балуанға, елде өз көзіндей көретін мұрагері қалуы оның қуанышын теңіздей тасқындатты. Кеудесіне симаған бұл тасқын Балуанның көзінен жас боп сорғалады...

*«Балуан Шолақ» повесі,
392-402 бетте.*

ҚОРДАЙДАН ЕСКЕН ҚОҢЫР ЖЕЛ

Асқар Алатаудың асулы Қордай белі. Қордайдың шығыс беті кең жазық. Суы мен шөбі мол, мал шаруашылығына жайлы, таптырмас қоныс. Қордай жазығын Киров атындағы (қазір Қазақстан колхозы, Кенен селосы) колхоз мүшелері мекендейді. Өлкеге жан бітіріп, ел-жұртын халық қуатына айналдырушылар да осы колхоз азаматтары.

Қазір осы бір өлке көркіне қараңызшы! Даласы төрт түлік малға толы, ел дәулеті. Егіндік жердің өңірі қандай кең және келбетті. Колхоз орталығы Алматы мен Фрунзе (қазір Бішкек) қалаларын қосып тұрған үлкен трассаға жақын салынған жаңа қалашыққа орналасыпты. Көшелері түзу, екі беті зәулім бәйтерекке толы. Картаға түспеген осы қаланы ел Киров селосы деп атайды. Оның тұрғындары қазірдің өзінде мыңдап саналады. Әрбір үйдің қарамағында алма бағы, бау-бақшалық жері бар. Сәнді сарай, клубы, кинотеатры, мектеп, аурухана сияқты мекемелік үйлер қандай?! Селодағы қиық, төбелі, ақ шатырлы сәнді үйлерді көріп көзің тояды, көңілің көншиді. Бұрынғы құлазып жатқан иесіз өлкенің қалың ел қонысы болып, қайнаған еңбек өлкесіне айналғанына сүйсінесіз. «Жері байдың, елі бай» деген осы. Халық дәулеті тасып, ырысы молайған. Селоның кәрі, жасы түгел дерлік көңілді... Олардың жарқын жүздерінен күн нұры төгіліп тұрғандай. Кешкісін ауыл көшелері күй мен әнге бөленіп кетеді. Күндіз қажырлы еңбек етіп, түнде сауық құрып сайрандау біздің ауыл тұрғындарының дәстүрі дейді олар.

«Төрт түлік шұрқырайды айдағанда,

Бұлбұлға кім сүйсінбес сайрағанда» – деп кемеңгер Абай айтқан емес пе? Еңбек күйі мен жастық үні Қордайдың самалына қосыла өсіп тұрса кім сүйсінбес? Осы колхоздың ең ескі тұрғыны, белгілі халық ақыны Кенен Әзірбаев. Ол тоқсан жасап отырған көпті көрген көне, еліміздің қадірмен ақсақалы. Біз атақты ақынға сәлем бере шығуды жөн көріп бұрылды. Кененнің үйі осы деп бір адам бізге сәулетті бір сарайдай қиықты үлкен үйді сілтеді. Бізді қария өзі шығып, қақпасын кең ашып жылы қарсы алды. Жасы тоқсанға келсе де, Кенекең аяғын ширақ басады. Әлі де әңгімесін домбырасыз бастамайды. Домбырасын шертіп қойып, дауысты бір көтеріп алады да термелей жөнеледі. Ақынның алғашқы сөзі өзінің өткен өмірін еске алудан басталып кетті:

Кәсібім жастайымнан ән мен өлең,
Әзірбай әкем екен, атым Кенен.
Өнерім бойымдағы жалғыз осы,
Сұрасаң сырыңды айт деп халқым менен.
Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын,
Ұстазым Сарбас ақын дүрілдеген.
Шашубай мен Шолақтың әнін естіп,
Мен де сондай болсам деп дiрiлдегем.

Ақындардың дүлдүлін сонда көрдім,
Даусын естіп Жөкеңнің күмбірлеген.
Қырғыздың Тоқтағұл мен Қалмырзасы,
Еліктіріп әкетті жырыменен...

– деген, бұрыннан мәлім бір өлеңін шұбырта жөнелді. Бұдан кейін Шашубай мен Балуан Шолаққа қалай кездескенін, олардың әншілік құдіреттерін, өзіне берген ақылдарын айтты.

– Иә, достар, өркеңді өрендерім, сыйлы қонақтарым! Айта берсем, өмір тарихым сізге қызық болғанмен өзіме өкінішті сияқты. Қаншама ойын-тойда, көптеген қызығы мол қалың жиын-думанда болып, ән шырқап, өлең айтсам да көңілімнің шын жадыраған шағы жасымда аз болды. Көп өмірім, нағыз дер шағым қой соңында сарнаумен, боз торғайға қосыла шырылдаумен өтті ғой. «Бозторғай», «Көкшолақ» атты әндерді еріккеннен айтқаным жоқ. Күйінгеннен айтылған жас шағымның зары ғой, шырақтарым, – деп, суланған көзін орамалмен сүртіп, қасын жоғары көтеріп, иығын қомдап бір қозғалып алды да домбырасын тартып, тағы бір әннің күйін түсірді. Қасымызда отырған Кенекеңнің әнші қызы Төрткен: «Атам «Мөртай сұлуын» айтқалы отыр» деді. Айтқанындай-ақ Кенекең даусын бір кенеп алды да қабағын жадыратып, бейне бір сүйгенін көз алдына келтіргендей жібігендік білдірді. Әдеті бойынша, әуелі аспандата бір шырқап өлеңдете жөнелді:

Сенің ауылың Қордайдың қырқасында,
Менің ауылым жартастың жырасында
Мөртай-ай!
Тал бойында тарыдай бір мінің жоқ,
Тоты құстай түрленіп туарсың ба?
Мөртай-ай!
Сен де арманда, Мөртайжан, мен де арманда,
Екі ғашық қосылар заман бар ма?
Мөртай-ай!

Өнді тыңдап, ақсақалдың даусына қайран қап отырғандарға Мөртай сұлу хикаясын әдемілеп айтып берді.

– Иә, шырақтарым, осылай өткен жастықтың несін айтайын. Өтті ғой ол кездер. Енді бір бой жазамыз ғой деген кезімізде 1916 жылғы патша лаңы басталып кетті. Ат жалын ұстап мінер азамат атқа мінді. Солардың бірі боп мен де Әли батырмен бірге қызыл қанға боялып, феодал-байлар мен бірге жазалаушы отрядтардың қуғынын көрдік. Иә, бұл кезеңдер де ұмытылмас жылдар ғой, әндетіп, өлеңдетіп өткіздік. Осы тұстағы шығарғандарым: «Аттан», «Он алтыншы жыл», «Қайран елім», «Бұлбұлға» атты әндер және «Қырғызбай», «Әли батыр» атты дастандар. Ал енді мен сендерге «Туған жер» деген әнімді орындап берейін – деп, домбырасын бебеулетте қағып шырқай жөнелді:

Туған жер басың да алтын, баурың да алтын,
Туған ел жасың да алтын, кәрің де алтын.
Бүгінге бай, малға жай, топырағы май,
Мөлдір бұлақ, кек торғын, жері салқын...

Ақын Қордай табиғатын ерекше ардақ тұтады екен. «Жетісу жері жәннат болғанмен – деді ол, – бар жерінің ауасы дертке ем емес. Қордайдың қоңыр желіне жететін мен үшін дәрі жоқ. 1951-1957 жылдары, бес жыл бойы төсек тартып ауырып, ем қонбай қойған-ды. Сонда мен осы Қордайға мекен аударып барып, жазылып кеттім. Өлімше дерттен айығуға осы жердің табиғаты мен үкіметіміздің көрсеткен құрметі дәру болды. Партиямыздың назары ауды. Осы күмбезі кең үйді салдырып берді, анау бау-бақты орнаттық, көңілдің қошы да дәру болады білем. Содан қайтып ұзақ арудан аманмын, әйтеуір...» – деп әндерін айта түсті.

– Бұл Қордайда кімдер болмаған? Талай ақындардың өткен жері ғой – деп, тарихи адамдарды да еске алды. Ол: «Тезек төренің алдын кескестеп, оған батыл сөз айтқан өткір тілді ақындар Сүйінбай мен Бақтыбай да осы жерге келіп кеткен. Олардың бірі Екей, екіншісі Жалайыр елінен шыққан дүлдүлдер еді ғой. Жетісуға сонау Қаратаудан Майкөт, арқадан Шөже ақын келіп Сыпатай батыр асына келіп сөз бастаған. Осы сапарында Майкөт бір топ өлең шығарған. Олардан есте қалғаны: «Жетісу елімен амандасуы», «Сарыбайға көңіл айтуы», «Ташкенттен нәсіп айдап Майкөт келді» деп басталатын ұзақ толғауы. Кейінгілердің айтуынша Майкөт арқалы ақын еді. Оның өлең айтардағы қомданғаны аруағын шақырған бақсыларға ұқсайтын. Шөженің ақындығы да әйгілі, алдына жан салмайтын жүйрік қой. Ноғайбай екі сөзінің бірінде:

Шөжедей ақын қайда?
Сыпатайдай батыр қайда?
Бөліріктей шешен қайда? – дейді екен.

Ноғайбайды кейбір жұрт теріс түсініп жүр. Халықтың айтуы бойынша ол мөлдір сөзді ділмәр, тіл біткеннің шешені болған. Бір жиында оған: «Арманың бар ма Ноқа?» – деп сұрақ қойыпты. Сонда ол: «Арманым орыс патшасымен өз тілінде еркін бір сөйлесе алмадым» – деп күліпті.

Ноғайбайдың Сарбас ақынға айтқан бір сөзі қызық. Ол: «Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады, ақын білмес нәрсе болмаса керек» дейтін.

Қордайдың жергілікті ақындарынан Берді серіні, Әлмен қызды айтар едім. Бұлар жастай өткендіктен бе, өлеңдерін есте ұстай алмаппын, алайда ел ішінде олардың өлеңдері көптеп табылады. Әйтпесе халық арасында талай-талай мінсіз тарландар өмір сүріп, арманда кетті ғой – деп, Кенекең әңгіме бетін Жамбылға бұрды.

Жыр алыбы Жәкең мен Кенен арасы әріден келе жатқан, үзілмеген ұзақ жылдарды қамтитын байланыс. Екеуінің қайғысы мен қуанышы бірге бас қосусыз өтпеген. Қайсысында да ортақтаса көңілдерін жұбатқан. Кененнің Базар, Назар атты екі бірдей ұлы қайтқанда, кейін де қызды,

ұлды болғанда Жамбыл өзі іздеп келіп көңіл білдірсе, Алғадайдан қара қағаз келгенде ешкімді қабылдамай жатып алған қайғылы қыранның басын көтертіп, қайта қомданар күш берген де Кенен сөздері болған...

Кенекең бұдан кейінгі сөзін қазіргі қалін баяндаумен аяқтады. Ол партиямыз бен үкіметіміз көрсетіп отырған құрметке дән риза. Кеуде толған орден, Қазақ ССР өнеріне еңбегі сіңген қайраткер атағы берілген. Шығармалары том-том болып басылып, әндері радио эфирі арқылы әлемді жаңғырықтырып, дамылсыз шырқалады. «Жазушы» баспасы ақын шығармаларының бір қалың томын жақында, 90 жылдық мерекесіне арнап, көп таралыммен басып шығарды. Бұл жинаққа енген шығармалардың ақындық жылы леппен жалынды сезімге толы екендігі ешкімді күмәндандырмайды. Алғысөзін жазып, іріктеп шығарушы Мырзатай Жолдасбекке де ақын атаның алғысы мол.

Кенекең тоқсанның биік тұғырын нық басып отыр. Ол дегеніне жетсе де, болары болып, сарқылған таланттың иесі емес, өнердің шырқау биігіне көз тігіп, шығар шыңның биігіне сұңқарша көз тіккен, қанатын қомдап отырған қыран сияқты. Сырдың сырнайлы ақыны Нартай бір кезде сізге:

Сол еді тілегені жұрттың сенен,
Ақтара айттың бәрін, ақын Кенен.
Рахмет жұрт атынан тағы айтамын,
Жүз жаса жырмен бірге жүйрік өрен...

– деген екен.

Осы сөзді торқалы тойыңның кезінде біз де шын тілек ретінде айттық.

«Орал өңірі», 1974, 15 август.

Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

БОЗТОРҒАЙМЕН ӘН ЖАРЫСТЫРҒАН

Архивіменнен «Кенекеңнің ауылында» деген жазбама жолығып, бір қызық дүниеге тап болғандай күй кештім. Кенен Әзірбаев, Әбділдә Тәжібаевтай ағалар, соншалық қымбат есімдер... Солармен бірге өткізген қайталанбас сәттер көз алдыма келді. Мына жазба кездескен күннің ертеңіне, 1974 жылғы 7 маусым күні қағазға түсіріліпті. Соны аз-маз жонып, толықтырып жариялап отырмын.

Батысты бетке алған ақсұр «Волга» ұзын тас жолмен азынатып келеді. Маусым туған кез. Күні кеше жауған жауынан соң ашылған аспанда до-

гадай иілген шұғыла енді жазылып барып жерге түсіп, Алатау бөктеріне қызыл-жасыл кілем боп жайылғандай. Алатау онан сайын биіктеп кеткендей, машина ішіндегі біздердің көңілімізді көкке өрлетеді. Біз дейтініміз – ақын, халқымыздың абызы атанған Әбекең – Әбділдә Тәжібаев және ол кезде Баспа жүйесінде істейтін мен. Тағы бір серіктеріміз – артымызда екінші машинада.

Осының алдында өзара хабарласып, Қордай жаққа барып қайтуға келіскенбіз. Мақсат – халық ақындарының, әнші-композиторларының ендігі Алатауы Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығы қарсаңында шыққан жинағын мерейтой иесіне табыс етіп қуанту, батасын алу. Әбекең – мерекелік комиссияның бастығы, келесі машинадағылар – «Алатау шыңы – Кенен Әзірбаев» атты жинақты шығарған «Жазушы» баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаев, жинақтың алғы сөзін жазған халық ауыз әдебиетінің маманы Мырзатай Жолдасбеков.

Кеудесі көріктей зор денелі, ер мұрынды, салпы ерінді, қоңыр жүзі тотыққан мыстай күреңіткен, сығырайған кішкене көздері кейде мейірімдене, кейде от шашып қарайтын Әбекең бар болмыс-бітімімен «мені алпысты орталады десендер де, әлі қайратымнан қайтқаным жоқ» деп жар салып тұрғандай көрінеді. Әрі арқыраған ақын, әрі драматург, әрі ғалым бұл кісінің күрмеуі көп күрделі істерін қиналмай, апырып-жапырып атқарысында мін жоқ. Оған жыл сайын баспалардан шығып жатқан кітаптары куә.

Әбекең ауызекі сөзге сондай ұста. Әңгіме айтса, майын тамызады. Онымен әлде бір мәселемен дауласып әуре болма. Қарсыласын бет-жүзіне қарамай қиып түсіреді.

– Әбеке, – деймін мен сөзге шақырып. – Осы фольклор мен ауыз әдебиеті екеуі екі дүние емес пе? Оларды бас-басына бөліп, жеке-дара зерттеу керек қой. Мына біз бара жатқан Кенекеңнің өлеңдерін айтам. Ол өлеңдері фольклорға қалай жақын болса, жазба әдебиетіне де сондай жақын. Қос қазынамызды жалғайтын алтын көпір...

Әбекең қойған сұрағыма бірден жауап қатқан жоқ. Алатау сілемдерінің бірі Суықтөбенің семіз жотасы көрінді анадайдан. Соған тесіле қарап отырды да: «Шериздан сенің айтқаныңнан әлде қайда маңыздырақ мәселе бар. Осы күні халық ақындарына жоғарыдан төмен қарайтын әдет, социализм әдебиетін бұрынғы классика атаулының бәрінен жоғары қоятын теріс ереже шығыпты. Осы дұрыс па? Халық ақындары – біздің ұлтымыздың өзіне ғана тән қазынасы, береке-құны. Оған өткен күннің сарқыты есебінде қарайды. Біздің Союз (Жазушылар одағын айтады) халық ақындарынан қол үзіп болды», – деп бір қойды. Сонсоң хатшы інілеріне өкпесін шұбырта жөнелді. Өзінше ашу шақырғандай етіп айтса да, маған жеңіл-желпі қағытпа әзілдей көрінді.

– Біреуі, – деді ол мысқылды үнмен, – Бангладеш, Индия деп зарлайды да жүреді. Енді біреуі өзінің кеудесін ескерткіш боп құйылған мүсіндей ұстап, басын кекжитіп, тамам жұртты менсінбей, мұрнын шүйіреді. Тағы бір хатшымыз сейфін өңшең справка, арыз-шағымдарға толтырып алған. Бара қалсаң сенімен шаруасы шамалы. Сейфінен қағаздарының бірін алып, екіншісін салып әлектеніп отырғаны...

Біраз күлісіп алдық...

Қош, Кенен ақын ауылына да жетіп қалыппыз. Бұл ауыл Қордай асуының кіре беріс аузындағы ұзын күре жолдың сағасында. Айнала сарғайған қуаң даланың бір нүктесін жасыл жазираға айналдырып, ағаштарын көкке бойлатқан нулы, сулы қоныс. Оқтай тізілген алты көшенің орта тұсын ала орналасқан Кенекең үйіне ат басын тіредік. Кең аула ішіндегі еңселі үйде өзі және баласының отбасы тұрады. Жаз шыға ауладағы алма бағы қасына тігілген алты қанат киіз үйге ауысады. Едені тақтай киіз үйдің қақ төрінде шынтағында мамық жастық, астында қалың көрпе-төсек, таудай боп аппақ сақалды бір әулие жатыр.

Бәрімізді бастап үйге кірген Әбекең даусын көтере:

– Ассалаумағаләй-к-ө-ө-ө-м! – деп сәлемін мәнерлей созып айтты. Кенекең сәлемін алып, қолынан сүйді. Амандық сұрасқан біздің де қолымыздан сүйді. «Апыр-ай, той өтпек деп радио, газет күн сайын дабырлатады. Бұлардың біреуінің келмегені қалай?», – деп бәйбішесі Насиха апайға ол бірдеңе білетіндей әлсін әлі қыңқылдап қояды екен. Ақсақалдың тілегіне сай келгенімізге бәрі де қуанысып қалды.

Осыдан бірер жыл бұрын Фрунзе (қазіргі Бішкек) шаһарында өткен бір жиылыстан алдағы тойға шығарылатын кітап жайынан ақылдасуға арнайы соққаным бар-ды. Сонда ақсақал өстіп бір шынтақтап жантайып жатқан болатын. Сол қалпынан қозғалмаған сияқты. Тек бет-жүзі әнтек жалпақтанып, қарны өсіңкіреген бе деп қалдым. Кенекең жүрегім ауырады деп жүрмей қойған сыңайлы. Жата-жата еттенен берген...

Алдымен құтты болсын айтып, ұлы тойға байланысты сізге сый-сияпаттың алды деп әкелген кітабымызды ұсындық. Қарт кітабына қуанғанын жасырған жоқ. Көп сөз шығын етпегенімен, кітабының мұқабасын әлсін әлі сипалап қояды. Әбілмәжінге, маған біраз өлеңдерін оқыттырды. Біресе таңырқайды: «Апырай, бұл өлеңдер қалай жазылып қалған?» – деп, біресе өлеңдерін түгендеп, «Жарияланбай қалып қоймады ма екен?» – деп есіне түскен өлеңдерін кәдімгідей тексереді. Ана тұс, мына тұста айтылғандар бар ма екен дегендей Сәбит Мұқановқа арналған өлеңдерін оқытты. Бұлар отбасымен дос болған адамдар екен. Қаншама қауырт жұмыстардан бас ала алмай жатса да, Сәбең бұл кісіге қамқорлық етуден аянбаған көрінеді. Әсіресе, Кенекең өнеу бір жылдары қатарынан алты жыл науқастанып қалғанда Мариям апай екеуі келіп, денсаулығын сұрап тұруды қаза жібермеген. Дәрігерлерге үсті-үстіне қаратып, сырқатынан айығуына бір Құдай, одан Сәбең себепші болған. Кенекең сүйікті інісінің ол қамқорлығын өлеңіне де қосқан. Сәбең бейнесі ақынның «Сәбитпен сапар шектім Сарыарқаға» деп басталатын ұзақ жырында, «Сәбитке», «Қош, Сәбит» деген өлеңдерінде ағалық зор махаббатпен жарқырап көрінеді. Берген бағасы қандай!? Әдебиетші-ғалым атанған талайларымыздың аузымызға түспей жүрген сөз.

Жасасын келіп еді бұл ғасырмен,
О, Сәбит, бауырым ең, сырласым ең.
Шынымен қоштасам ба, сенбей тұрмын,
Сәбиттің қайталанбас тұлғасымен.

Осы жолдарды оқығанда ернін тістелеп, кеудесіне қолын апара берді. «Өмірімдегі орны толмас бір өкінішім» деп, көзіне жас алды.

Кенекеңнің таудай боп жатқан жатысының өзі қандай. Еріксіз шүйелеген, топ қанат қыран тәрізді. Ал, кәрі түлектің көңіл-күйі әлдеқайда жас сезіледі. Жасына қарай марғау тартпаған. Зерделі көкірегі ешнәрсені қалт жібермейді. Нұры тая бастаған жанары әлі де алда-жалда бір көргенінен жазбайды екен. Кітабына кіріспе жазған жас қонағын шырамытқан бойда «Мырзатаймысың?» деді.

Әсіресе ақын інісі Әбекеңмен көбірек шүйіркелеседі. Бұрын оның шешесі, халық ақыны Айманкүл тірі кезінде үйлеріне жиі соғып тұрады екен. Кейін Алматыға қатынауы сиреген Әбекең сөз реті келгенде Кенекеңе өтініш етеді. Онда да біздерге сөйлейтін өктем дауыспен емес, ұяң қыздай сызылып сұранады. Үлкеннің алдында таралғыдай тартыла қалатын қазақы әдеттің мына көрінісін енді мен қызықтайын... «Менің атым Әбділдә» деп бір-екі рет ескертсе де, Кенекең ол ескертуін елемеді. Әбекеңді оның әкесінің атымен «Әй, Тәжібай» деп атай берді.

– Осы Тәжібай Қордай жаққа бір соқпай қоймас деп анда-санда ойлаушы ем... Рахмет, шырағым, кәрі ағанды ұмытпағаныңа! – деп Әбекеңе қарап сәл басын иді. Осыншама жасында көмейі жыртылмапты. Дауысы ашық, айқын.

– Партияға, үкіметке, халқыма алғысым шексіз, қарақтарым! Елім еркелеткен соң ғой... Жеке тірлігіме де шүкіршілік. Немере, шөбере сүйіп отырмын.

Көпті көрген көне көзден суыртпақтап сыр тартамыз. Кімдермен дос-жаран болғанын білгіміз келеді.

– Кенеке, мына кітабыңызда «Мұхтарға» деген өлеңіңіз басылыпты.

– Қырғыз Тоғалақ молданың тойына қатысқан жылы Мұхтаржан арнайы Қордайға соғып, аса қымбат қонағым болған. Мені тек әнші деп біледі екен. «Кенеке, сіз әншісіз ғой» деп отырды. Сөйтіп жүргенде...

– Осы мезет қарттың әңгімесі бөлініп кетті. Тұңғыш қызы Төрткен кірді. Орта бойлы, сымбатты қара торы бұл келіншектің шын аты – Төрт кемпір, бір шал. Балалары өле берген соң, ырымдап жаңа туған нәрестені төрт кемпір, бір шалдың тізелерінің астынан өткізіпті.

Қызын көрген бойда саусағымен қасына шақырды да:

– Төрткен-ау, не тіршілік қып жатырсыңдар? Малға кісі жібердіңдер ме? – деді. Қонақтар орындарынан бір-бір қозғалақтап қойды. Үзілген әңгіме қайта жалғанды.

– Иә, сөйтіп мені әнші есебінде ғана білетін Мұхтаржанмен бір жылы Қырғызстанда кездесіп қалдым. Фрунзеге шығыстану ғылымының өңшең мықтылары жиналып, мәжіліс құрды. Мәжіліс арасында Кіндік Азия халықтарының ән-күйлері, жырлары тыңдалды. Қырғыздың атақты манасшысы Қаралаевтан соң кезек маған тиді. Мен Қобыландыны ұзақ жырладым.

Бұл әңгіменің шет жағасын мен де бұрын бір лауазымды кісіден естігенмін. Кенекең Қобыланды жырының бір нұсқасын ұзақ жырлап, шығыстанушылардың бәрін қатты тамсандырады. Мұхаң сонда Кенекеңді бөлмесіне қонаққа шақырып: «Бұрын зер салмаппын, өзіңіз әрі ақын, әрі әнші... бесаспапсыз. Жырыңызды зор ықыласпен тыңдадым және

бар шығыстанушылар да сөйтті. Мақтаннан жарылып кете жаздап отырдым. Рахмет, дана қартым!» – деп ұлы жазушы басын иіпті.

– «Келдің бе Москвадан, кербез інім, Кең пейіл, терең ойлы, бір сөзді інім!» деп Ғабитке, арқалы ақын, азамат Тайырға арнаған өлеңдерім де бар еді... Қазір, әттең, аузыма еш нәрсе түспейді. Күні кеше құр аттай едім. Шөктім де қалдым. Енді өлең шығару қайда... – деп Кенекең ауық ауық күрсініп қояды.

Қарттың тым құлазып бара жатқанын көрген Әбекең әңгіме бетін әдейі басқа жаққа бұрып жіберді. Ақын ағасының жастық шағынан хабардар екен. «Мына қонақ балалар сенің әу деп өлеңді қалай айта бастағаныңды білгісі келеді. Соны әңгімеле... Еркебай Базарұлының жақсылығынан бастап...» – деді.

Еркебайдың әкесі осы дулат ішінде кірме екен. Ертеректе Қордай болысына губерниядан орыс-қазақ мектебінде оқытуға лайық бала сұратқан қатынас қағаз түседі. Жұрт шоқынып кетеді деп балаларын оқуға бермей, ат-тондарын ала қашады. Сонда Базар: «Салықтан босатсаңыздар және тиісті жол қаражатын өтесеңіздер, мен жіберейін баламды», – депті. Жұрт бұл тілекті қуана-қуана қолдайды. Сол Еркебай кейін оқыған азамат атанып, ел-жұртына көп пайдасын тигізеді. Кенендей өнерлі баланы қолдап, жақсылығын аямайды. Он алты жасар Кененді қырғыз манабы Шәбденнің асына өзімен бірге алып барады. Ән, күй бәсекесінде жас Кененге сөз тиеді. Алдында өнердің не түрін көрсеткен азулары алты қарыс ағаларының мысы басты ма, балаң жігіт екі ұмтылғанда даусы шықпай мүдіреді. Айнала жұрттың қаумалауымен үшінші рет ұмтылғанда ғана үні естіледі. Өнері ұшқындаған жас бірден елден ерек әнімен баурап алды. «Мына баланың аяқ алысы бөлек қой» – дегізеді. Шынында да, Кененнің зарлана айтқан әні тыңдаушылардың жан жүрегін сыздатып барып, бір қалтарысында езу жиғыздыртпай күлдіреді. Жас талап бұрынғыларша айтсақ теберінке, қазіргіше – сыйлыққа кемер белдік тағып қайтты. Кенен аты сол астан соң халқының арасына кең тарады.

Дастархан жайылып, шәй үстінде ара-тұра қалжың сөзге де есе тиеді.

– Кітабыңа бірталай ақша алып жатырсың. Мына пақыр інілеріңе нәпақа болсын деп үлестірмейсің бе? – деп Әбекең ақын ағасын қолға алып қояды.

– Е, алыңдар, алыңдар!... – дейді Кенекең күміс сақалын сипап. – Қанша алсам, соншама бергем... Қолы ашықтың – жолы ашық.

Ауыз әдебиетінің бір ерекшелігі, шығарма мәтіні айтылған сайын әйтеуір бір өзгеріс тауып отырады. Кенекеңнің ісі қазаққа белгілі «Көкшолағының» қаншама нұсқасы бар. Сол Көкшолағына шығарған өлеңін осы жолы да есіне алды.

Алып келдік Тоқпақтан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ, шоп-шолақты.
Өзі сәуірік көктемде байтал қуып,
Азынап бұл шолақты Құдай атты...
Әкем бойдақ, ат бойдақ, мен де бойдақ,
Қайда барып бағамын үш бойдақты...

Біз әкеп тапсырған кітаптағы Көкшолақ туралы өлеңдерде бұл қыл құйрықтының қырғыздың Тоқмағынан сатып алынғандығы айтылмаған. Онда «үш бойдаққа» қатысты әзіл-қалжың да кезікпейді.

Үш бойдақтың бұл мүшкіл халі күлкі шақыратын жағдай емес, әрине. Анасы Ұлдар көз жұмғанда Кенен жетіні жинап жүрген екен. Ақ жаулықтан айрылған үйде не береке болушы еді? Аяқ-табақ еркектің қолы емес екені ежелден белгілі ақиқат. «Сүт сауам деп кеуденің бәрі сірне» деп жас Кененмен айтысқан Шәлипа қыз нағыз ақын. Қарсыласының осал тұсын дәл тапқан. Әйелсіз үй қаңырап бір түрлі құлазып тұрмай ма. Өйткені ондай үйге әйелдің күншуақты бейілі түспеген. Бірақ өлімнің аузында тұрып та әзіл-қалжыңынан ажырамайтын қазақы мінез Кененге қандай жарасымды қонған десеңізші. Қайғының қара бұлтын жалғыз ауыз тапқыр сөзбен сейілтіп жіберу Кененнен мол табылатын ақындық қасиет.

Көкшолақ бейнесі – әдебиетіміздің айрықша құбылыстарының бірі. Былай қарағанда аңыздағы асқан тұлпар Тайбурылдың тулағына да тұрмайтын секілді. Сөйте тұра көркемдік құндылығы жағынан қандай сәйгүліктерінен де кем соқпайды. Дон Кихоттың Россинантасындай шығарма басты кейіпкерінің әлеуметтік тірлігінен хабар береді.

Кенекең тоқсан асуды асты. Сол сапарында ол не көрмеді дейсің? Бір қуаныш, бір қайғы итжығыс тоқайласты да отырды. Жиырмасыншы жылдардың басында Қордайдағы ревком тізгіні қолына тиіп, айдарынан жел есті. Өзі өлеңінде айтатындай, «өктемдеді». Кеңес заманының дәуірлеуін алған, жүрегінен жыр шашты. Алатау баурайындағы ару Алматының астанаға айналғанын өнге қосты. Байтақ Қазақстанын аралап, тамаша табыстарына қуанды. Балқаш, Алакөл айдынына бетін жуды. Жамбылмен бірге Шота Руставели еліне саяхаттап қайтты. Осы жақсылық, жаңалықтардың бәрін әуелетіп әндеткенін бақыт санағаны да рас.

Өттең, өмір шіркін тұрақтау дегенді білмейді. Бірде олай, бір де былай... Ашық күндей күлімдеп тұрып, бір уақ қабағын шарт түйеді. Иә, несің айтасың... Бозторғаймен ән қосып, асып-тасып жүрген Кененді тағдыры әнеу бір кез қан қақсатып кетті. Асық ойнап, доп қуып, асыр салып жүрген екі бірдей ұлы – Базары мен Назары қу шешектен шетінеп кетті. Тағы бір соққы жеуі Ораз Жандосовқа байланысты.

Ораз Жандосов екеуі бір ниетте қызметтес болғаны үстіне, екеуі жан қиған дос та еді. Екі дос Жетісудай жер жәннатында талай ойын-тойларда ән салып, күй шертіп дегендей, гүл-гүл жайнап жүрді. Не керек, соның бәрі бір күнгідей болған жоқ. Қимас досы Ораз ұсталып, тұтқында отыр, дегенді естісімен атқа қонды. Амалы құрып, араша түсе алмады. Қоштасып қалуға ғана шамасы келді. Бір таныстары арқылы Ораз Жандосов отырған вагон Отар станциясынан өтетінін білді. Күндіз-түні аңду сап жүріп, досымен вагонның торлы терезесі арқылы тіл қатысты. Шерлі кеуде сол мезетте «Қош бол, Оразым!» өлеңін көзінен сорғалаған жасты жұтқызып тұрып айтқызды. Кенен табанда ұсталды. Алты ай шамасында түрменің де дәмін татты. Әйтеуір, ауыздағы тісін беріп, құрғырдың құрсауынан әрең-әрең босанды.

Сол қос қайғы өтіп кетті ме, елуінші жылдардың басы табандатқан алты жыл қатарынан сырқаттанып, төсек тартып жатты. Жұрт та, үй іші

де, өзі де енді қайтып тұрмаспын деп ойлады. Бірақ Құдай иіп, күнделік қамқорлықтың арқасында ауруынан құлан-таза айықты. Домбырасын қайта қолына ұстап, «Мен жазылдым», «Ауырып жазылғанда», «Насиқа» атты өлеңдер туғызды. Он алты жасынан қосылған Насиқасына, «аяғының ақсағы-ай, мінезінің жақсыағы-ай» деп жер-көкке сыйғызбай мақтайтын Насиқасына «Ауырғанда алты жыл, Еркелетіп баққаны-ай» деп шын жүректен алғысын айтты.

Өз өмірінен өлең жасаған нағыз ақын осы Кенекең. «Кәсібім жастайымнан ән мен өлең, Әзірбай әкем екен, атым – Кенен» деп шырқатқан ол ел өмірінің, елімен бірге кешкен өз өмірін өлең-жыр айнасына айнытпай түсірген де отырған. Ұстаздарынан ауызға жиі алатындары: Жамбыл, Сарбас, сегіз әнін үйренген Балуан Шолақ, Нартайлар. Оларды еске түсірген сайын «қайран, заман-ай» деп бір күрсініп қояды. Өнер саласындағы достарынан орыс, еврей ұлттарынан да кезігеді. Лебизін сағынатындарының біреуі – композитор, өнертану докторы Борис Ерзакович. Ерзакович кезінде Кенекеңнің тоқсан өлеңін нотаға түсіріп алған. Сол қорда әкесінің өлеңін әбден келісті, әдемі айтатып Төрткеннің де саздары кездеседі екен.

Қазақ поэзиясының арқаламаған жүгі қалған ба? Бір кезде қоғамдық ғылымдары кенжелеп қалған елде өлең жолдарына философия, социология, эстетика, этика тақырыптары да өрілді. Сол екпінмен қазақ өлең-әндері пәлсапаның тағлымдық, ұстаздық пайдасын көзідеп шырқалды. Кенен болмысының бәрі поэзиясында. Айтқан әңгімелерінің өлең-дастандарына түсініктеме сияқты естілетіні сондықтан. Кенекең шығармаларында тіпті жаратылыстануға тиісті тақырып белең беретіндей. Әрине, ондай тақырыптың сұлулық патшалығына қатысы ұмытылмайды. Кенекеңнің «Шөп аттары» өлеңін сүйсінбей оқи алмайсың.

Осы мақамда алпысқа жуық шөптің аты аталады. Ал оның «Құс аттары» деген өлеңінде қауырсын қанаттарының елуге жуық түрі жырланады. Қайсыбір құстарды латынша, орысшадан аударма алмай жүрген биологтар сол өлең жолдарына көз салса, тілегеніне кезігіп те қалуы мүмкін.

Кенекең мүдірмей сөйлейді. Біз ол кісіден әлде қайда жас кезімізде де кей адам аттарын ұмытып, дер кезінде еске түсіре алмайтын кеселге ұшырадық. Кенекең талай дос-жарандарының атын атады. Біреуінен жаңылысқан жоқ. Тілінде мүлт жоқтығына қарағанда, тоқсанға келіп тоқырап қалды деуге келмейді. Жұртты аузына қаратып шиырып ұстауы қандай. Мен домбырашы, күйші болмасам да, бір қағарым бар еді. Киіз үйдің керегесіне сүйеулі тұрған домбыраға қолымды создым. Иесінің есіне салайыншы, ең құрығанда бір ән айтпас па екен деген үмітпен, бірекі рет тыңқылдатып шертуім мұң екен, қарттың даусы қаттырақ шығып кетті.

– Болды, қарағым! Жүрегім көтеріліп барады. Кәрі досымның даусын естисем, бір түрлі тебіреніп кетем.

Домбыраны орнына қойып жатып, ішімнен таң қалдым: ақын жүрегінің саз үніне елгезектігі қандай?!

*Парасат, 2001,
№ 12. 14-15-23 бет.*

БАТЫР МЕН АБЫЗ

Дархан даланы асқақ әнімен тербеткен, дүлдүл ақын, композитор, әрі өнші Кенен Әзірбаевтың туғанына 100 жыл толуы мерекесі қарсаңында әркім-ақ аты аңызға айналған адам туралы жылы лебіздер айтқысы келеді. Осы орайда сонау бір жылдары өткен оқиға еріксіз еске оралады.

...Бауыржан аға онда інісі Әбілдә Момынқұловтың үйінде демалып жатқан. (Ә.Момынқұлов К.Маркс атындағы совхоздың партком секретары болып істейтін). Бүгін сол батыр ағамыздың қолын алып, сәлем беруге келдім. Мен Бауыржанның ұлы Бақытжанды жақсы білетінмін. Бала кезде бірге асық ойнап, қозы баққан едік. Содан батыр ағаның үйінде болып тұратынмын.

Күн жексенбі еді. Әбілдә ағамыз сыртта жүр екен. Сәлем берген маған:

– Ағаң жалғыз отыр. Кіре бер, – деді.

Мен қуанып кеттім. Әдетте Баукеңнің алды қонақтардан босамайтын.

Баукең өзінің сүйікті трубкасын тартып, диванда бір қырындай жатыр екен.

– Ассалаумағалейкум, аға!

Қос қолымды соза бердім. Ұсынған қолымды үнсіз алды.

Үн-түнсіз орындыққа отырдым. Ағаның өңі жүдеу көрінді.

Трубкасын тартып біткен соң ғана бұрылды. Қашан барсам да Баукең: «Қай баласың?» деп сұрайтын. Осы әдетімен тағы да:

– Қай баласың? – деді.

– Ормантайдың баласымын, аға.

– Ә, сонда сен Дәуренбай атамның немересі Мырзабайдың баласы болдың ғой. Ормантай сенің атаң. Солай ғой.

– Солай, аға.

– Қозы-лақты бірге бағып, бірге асық ойнаған кішкентай қара шал аман ба? (Менің әкемді айтып отыр. Баукең ол кісілер туралы өзінің «Ұшқан ұя» кітабында толық жазды).

– Аман, аға.

– Аман болсын. Біздің де қатарымыз сиреп барады. Ендігі сендердің абзал, қасиетті міндеттерің осы көнекөз қарияларды сыйлау, көңілдеріне қаяу түсірмей құрметтеу. Түсіндің бе?

– Түсіндім, аға.

– Түсінгендерің жақсы.

Осы кезде батыр ағаның тұсында ілулі тұрған радиодан: «Кенен Әзірбаевтың 80 жасқа толуына арналған хабарымызды бастаймыз» – деген диктордың дауысы естілді. Батыр аға жас баладай елең етті.

– Аш радионы!

Радионың үнін барынша ашқызған Баукең бар ынта-ықыласын, бар зейінін енді сол хабарға аударды. Трубкасын қайта тұтатты.

Осы кезде үйге бір топ қонақтарды ертіп Әбілдә аға кірді. Сәлем бере берген оларға Баукең қолын көтеріп: «Тыныш!» деген белгі берді.

Бөлме іші тып-тыныш. Радио саңқылдап тұр. Хабарды Баукең ерекше толқи отырып тыңдады. Хабар аяқталды. Бөлме іші жым-жырт. Кенет Баукең – өзінің туған даласы, Алатаудың ақиығындай – саңқ етті. Боп-боз өңіне қан жүгіріпті. Қайратты шашы тік тұрғандай.

– Ән мен жырдың, бұлбұл сөздің генералы деп Кенекеңді айт! Әнді осылай келтіре орындау тек Кенекеңнің ғана қолынан келеді. Кенекеңнің үніндей, осындай дауыс кімде бар?

Баукең отырғандарға отты жанарын бір төңкеріп өтті де, өз сұрағына өзі жауап берді.

– Жоқ! Бұлай шырқау тек шын талант, талант емес-ау, туа біткен дарын иесінде ғана болса керекті. Шіркін, қуантса шын қуантатын, жылатса шын жылататын Кенекемнің әндері – ай! «Базар-Назарды» тыңдағанда қалай шыдарсың, «Көкшолақты» тыңдағанда қалай желпінбейсің?!

«Тай үйреттім тепсеңге.

Келді Кенен сексенге.

Екі Кенен тумайды,

Алатауға ексең де», – демей ме? Иә, шын талант иесі өзіне өзі баға беріпті. Екі Кенен тумайтыны ақиқат.

Батыр аға шын шешілді. Бала кезімізде ол туған ауылы «Орақ-балғаға» келіп, көне көз қарттардың алдында әңгіме шерткенде дәл осылай шешілуші еді. Біз балалар Батыр ағаның сол салиқалы, сындарлы әңгімелерін қызыға, құныға тындайтын едік. Сол баяғы қалпыммен қазір де елтіп қалыппын.

– Кенекең не деп еді.

– Баукең тағы да сөйлеп кетті: Иә, былай деп еді-ау!

Сүйкімсіз сексен келдің бе,

Қатырғалы буынды

Айналдырмай аулақ жүр,

Көрсетпеймін шенімді.

Тұсауым жоқ аяқта,

Сүйенгем жоқ таяққа.

Сыр алдырман сексенге,

Тоқсан, жүзің қай жақта?

Айтады-ақ! Рахмет, жүз жаса, шалым! Сексенге келген Кенекең осылай дегенде жетпіске жетпей менің жатысым мынау. Болмас, мен де далаға шығайын. Бақ ішін біраз аралап қайтайық. Дұрыс па Әбілдә.

Ағам басын изеді. Баукеңе сәлем беруге келген барлық қонақтар сыртқа шықтық. Бақ ішінде де, кейін үйге кіргенде де әңгіме тек Кенекең жайлы, оның тума таланты, әні, әншілігі төңірегінде болды.

Батыр аға Кенекеңмен болған жарты сағаттық кездесуін қызықты етіп шертіп берді...

Баукең 28-ші Панфиловшылар атындағы паркте жеке қыдыруды жақсы көретін болған. Осындай бір қыдырыста жалыз отырған Кенекеңді көріп қалады.

– Ассалаумағалейкум, – деп жуан дауысымен сәлем береді. Сәлемін алған ақын:

– Шашың қайратты, жанарыңнан от ұшқындаған, даусың жер жаруан қай баласың? – дейді.

– Қазақтың баласымын, – дейді Баукең.

– Дәу де болсаң қазағымның батыр ұлы Бауыржан болдың ғой, балам.

– Иә, аға.

– Кел онда қайта көріселік.

Енді қарт ақын батыр інісін кең құшағына орап, Баукең де әкесінің бауырына тығылған жас баладай мол денесін Кенекеңнің бауырына тығып көп тұрады.

– Апыр-ай, – дейді Баукең, сонда бір ауыз әңгіме айта алсақшы.

Үн-түнсіз көп отырыппыз. Біз бір-бірімізбен жүрегімізбен тілдескендей едік. Әттең, шырқымызды Кенекеңді іздеп шыққан адамдар бұзды. Оның үстіне олар мені көріп...Қарт ақынмен кең-мол сыр шертсе де алмадық...

Кенен Әзірбаев өзінің батыр ұлын мақтаныш тұтқан. Ол өзінің «Төрт батырға» деген өлеңінде былай деп жырлаған:

Қыран құстың шабыты,
Қысты күнде келеді.
Тебіреніп тепкенде,
Тасты екіге бөледі...
...Қасқалдақ атқан
садақтан,
Әбдіров, батыр Мәлігім,
Шығарды ата тарихын.
Елге батыр атанды,
Көрсетіп көзге қаруын,
Момышұлы Бауыржан,
Отанға ұран шақырған,
Майданда ерлер табылған...

Иә, даламыздың қос алыбы бір-бірін қалтқысыз жақсы көруі, бірін-бірі қадірлеп-қастерлеуі табиғи нәрсе. Өйткені, халқымызда «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қанатты сөз бар. Оларда шын талантқа бас иген жандар.

Жыр сүйер, ән сүйер дүйім қауымның жүрегінен дархан талантымен берік орын алған Кенекеңнің жарқын таланты жылдар өткен сайын жарқырай түседі. Халқымыздың аяулы ұлы, гвардия полковнигі жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлының ақынға берген «Ән мен жырдың генералы» деген сөзін еске алғанда, оның жүрек түкпірінде жатқан аяулы сезімін түсінгендей боламын.

«Еңбек туы», 1984, 30 июнь.

Бөлек ОСМАНҚҰЛОВ,
(Қырғыздың төкпе ақыны
Османқұл Бөлебалаевтың ұлы)

АЛАТАУ – АТА

1959 жылдың наурыз айының аяғында демалыс күні таңертең есіктің алдында тұрсам, басында қара мәуітімен тысталған қара тақия, үстінде жұқа қарала сәтеннен тігілген шекпен, қара костюм киген, ұзын бойлы, жазық маңдай, ер мұрынды сақал-мұрты аппақ қудай кісі: «Османқұлдың үйі осы ма?» – деді. Мен бұл кісінің Кенен ақын екенін айтпай-ақ таныдым. Өйткені, атам Кенен жырау туралы көп айтушы еді. Олар бұрыннан аралас-құралас та болса керек.

Кенен ата ішке кіріп жайғасты. Атам үйде жоқ еді. Шай ішілгеннен кейін:

– Тоқмоққа бара жатыр едім. Осмонқұлға айт, үйде болсын, кешке жақын келіп қалармын, – деп «Волгасына» мініп жүріп кетті.

– Атаң Асылбектікіне (қомызшы Асылбек Ешпембетов) кеткен. Тезірек шақырып кел, – деді апам.

Мен барып Кенен атаның келгендігін айттым. Атамның қуанышы қойнына симай, жүр Асеке, базарға барып қой-пой көріп келейік, – деді.

– Базарға барып әуре болмай-ақ, мына Бектенқұлдың үйіне (алып сатар кісі еді) барайық, онда қой да, қозы да үнемі болады, әрі таңдап алудың реті бар, – деді Асылбек.

Біз тездетіп көшедегі көп таксидің біреуіне мініп Бектенқұлдың үйіне барсақ, үш қойы, бір қозысы бар екен. – Осеке, ұятты қонақ болса қойдан алмай-ақ қойыңыз, мынау желтоқсанда туылған қозы. Қойларға қарағанда қоңдылау, – деп Бектенқұл қозының аяғын байлап, машинаға салып берді.

Кенен ата түс қайта келіп қалды. Атам екеуі құшақ жая амандасты.

– Алымқұлдың үйіне (халық ақыны Алымқұл Үсенбаев) телефон соқ, тез жетсін, – деді. Алекеңе телефон соқсам, ол кісі үйінде болмай шықты.

Таласқа кетіпті. Молдекемді (атақты қомызшы Қарамолда Оразов) шақырып келдім. Кенен екеуі жақсы таныс екен. Бірнеше рет Москвада бірге болып, күй жаздырыпты. Тамақ дайын болғанша Молдекең мен Асылбек күй тартып отырысты. Бір кезде Кенекең шофер балаға машинадағы домбырасын алдырып біраз өлең айтты.

Алты жыл төсек тартып тұрмай жаттым,
Аурумен арпалысып азап тарттым.
Ақыры бас көтеріп, тірі қалдым,
Азды-көпті бар екен татар дәмім.

Османқұл, бір келмедің жайымды естіп,
Тойыңа шақырмадың келіп кет деп.

Қатарлас, қадір білген құрдас едік,
Бұл қалай, соңғы жылы кеттік шеттеп?
Аман ба күй атасы Қарамолда,
Адамды елжіреткен дара жорға.
Мәскеуге неше барып күй шертіп ек,
Сол күндер жатсам-тұрсам жүреді ойда.

Қайран Атай дүниеден кеткен екен,
Жалп етіп жарық сәуле өшкен екен.
Атақты тау бұлбұлы Мұсаны да,
Сұм ажал ерте алып кеткен екен.

Әншінің әншісі еді қайран Қалық,
Оны да кетіпті ғой ажал алып.
Өлмейтұғын жоқ екен бұл дүниеде,
Жайғасамыз, артынан біз де барып.

Ол кісі тоқтағаннан кейін атам Кенен атаның домбырасын алып,
жауап қайырды:

Ұятты болдым алдыңда,
Шақыра алмай тойыма.
Ауырып жатыр деген соң,
Бара алмадым ауылыңа.
Қатты ауырған екенсің,
Әл-күшіңнен айырылып.
Денсаулық жақсы емес пе,
Тіршілікте әр кімге?
Алты жыл ауырып жатыпсың,
Ауыр азап тартыпсың,
Ел аралап шыға алмай,
Халыққа қызмет қыла алмай.
Енді міне, тұрыпсың,
Жұрт алдында сайраңда,
Жоқшылық пен жетімдік,
Қысқартып еді қолыңды.
Талпынып ұшқың келсе де,
Кескестейді жолыңды.
Ұзарып кетіп сырқатың,
Құрбыларға бара алмай,
Қыдырып көңіл аша алмай,
Қор болдың-ау, дімкәсім!
Аяндап ақырын жүргенше,
Қамықпай өмір сүргенше,
Жақсы екен деннің саулығы.
Қазақ пенен қырғызды,
Қалдырмай түгел шарлатқан
Еңбек етіп жалықпай

Халқына атын танытқан,
Ажалдан алып қала алмай,
Өлімге қарсы тұра алмай,
Айырылып қалдық қайтейік,
Атай, Мұса, Қалықтан.
Марқұмдар көзін жұмғанда,
Заманымыз тарыққан.
Жүрегім суып қалғандай,
Жиенің сонда тарыққан.
Келіп қалған екенсің,
Сәлем беріп, Кенеке.
Қарт жүректі жылытты,
Қоңыраулы үнің, өлеңің!
Таймапсың қуат күшіңнен,
Тауып айтқан тереңнен.

1960 жылдың маусым айында қырғыз елі үшін ақын Тоголоқ Молданың туғанына 100 жыл толуына байланысты мерейтойын өткізуге дайындалып жатқан кез еді. Қазақстаннан Мұхтар Әуезов бастаған делегация келді. Олардың ішінде Кенен ата да бар екен. Тоголоқ Молданың дүниеге келген жеріне ертең жүреміз деген күні біздің үйге Кенен ата келді. Атам Молдекеңді, Әлімқұлды және Исмайыл жырауды шақыртты. Ысмайыл күлдіргі, қуақы сөзді жырау болғандықтан, отырған үлкен жырауларға қалжыңдай сөйлеп, оларды күлдіріп, кәрі жүректеріне от беріп, делебесін қоздырып отырды. Атамның қомызын қолына алып бұрай бастағаннан-ақ, не айтар екен деп құлағымды түре қойдым:

Құрметті Осом үйінде
Кездесіп қалған кезіміз,
Атақты жырау Кенеке,
Аман ба мал мен жайыңыз.
Айтайын десем сөз жетпес,
Алатаудай бағыңыз.
Сексенге келіп қалсаң да,
Күш-қуатты шағыңыз.
Сағынысып кездестік,
Сәлемді бізден алыңыз.
Арнайы бізге келгенде,
Алтындай жүзіңді көргенде,
Қуанып қатты отырмыз,
Ел ішінде қос бұлбұл,
Осмонқұл мен Алымқұл,
Қарамолда атамыз.
Қырғыздың даңқын шығарған,
Бұл үшеуі бағымыз.

Ортасында екі елдің,
Аман болсын жаныңыз,
Жүз жылдық тойға келіпсіз,
Барамыз ертең бәріміз.

Шынымды айтсам, Ысакең шымшымаларын айтатын шығар деп қорқып отыр едім. Кенен атаның ұлылығын мойындап, әрі сыйлап, сыпайы ғана сәлемдескеніне риза болдым. Кенен ата: – «Өмірің ұзақ болсын, Ысмайыл» – деп жауап қайырды.

Қомыз алып иіліп бердің сәлем,
Сәлемінді Ысмайыл қабыл алам.
Сүрінбей, жазбай жырлап келе жатыр.
Сексен жасқа келсе де Кенен ағаң.
Елдің көркі – жылы сөз жан ерітет,
Парасатсыз сөз сөйлейді надан адам.
Өнері жоқ кісінің өнімі жоқ,
Өзін ойлайды, болса деп жалғыз маған.
Айналайын асқар тау ел болмаса,
Кереметтей сөз гүлін қайдан алам,
Дос қадірін, ардақтап білгені үшін,
Досты достай бек сыйлап күйіп жанам.
Сіздің той, біздің де той, құтты болсын!
Таң атса сіздерменен бірге барам.
Осмонқұл қазаққа да, маған жиен,
Орасан үлкен ақын жақсы білем.
Боз көмей ақын туып, адам тапқан,
Анамның аруағына басымды ием.
Ас-тойда бірге отырып, бірге жүрдік,
Айтыстық, бауырластық ниетпенен.
Ет жақын ағайын дос болып жүрдік,
Ақынды бағалайды ақын деген.
Алтын сөздің салмағын тез түсінеді,
Нақыл сөзді баталап басын иген,
Сөз теңіз, оқтан жүйрік болғаннан соң,
Жасымнан байқап келем, шалқып келем.
Молдекең жан жылытқан күйлер шерткен.
Қомызшы мен көрмедім бұдан асқан,
Мәскеуде композитор ағаларға
Құйқылжыған күйлермен, жарық жаққан,
Көз көрген деп мақтаған сөзім емес,
Табылмайтын шебер ғой адамзаттан.
Алымқұл сыпа жырау, нәзік адам,
Ақ қалпақты елге арнап, өлең жазған,
Тоқоңның асыл сөзін түгел сақтап,
Көңілдің қуанышын тауып айтқан,
Көкетай сыңсып жырлап қомыз шертіп,
Құлақтың құрышына қанып, көңіл ашқан.

Ал сен болсаң Ысмайыл шымшу сөзді –
Ақынсың буырқанып асып-тасқан.
Ырысты елдің бір мықты жүйрігісің,
Жырлай бер ел жырласын тартынбасын.
Қартайған соң жол бердік біздер сізге,
Бел қатып, көзіміздің нұры кеткен,
Біз көрдік, екі түрлі, екі заман
Нелерді өткізбедік асыл бастан.
Көз жұмсақ аталардың мұрасы деп,
Айта жүр сөзімізді қылып дастан.



Үшінші рет Кенен атаны 1967 жылы тамыз айының 12-сінде демалыс күні көрдім. Атам қатты ауырып төсек тартып жатқан. Атамның сырқат екенін естіп арнайы келіпті.

– Бауырым, Осмонқұл, халың қалай? – деді. Атам жаймен бір қарады да үндеген жоқ. Өйткені, бір айдан бері сөзге келмей қалған еді. Қырағы адам атамның ауыр халін түсініп, бетінен сүйіп, алқымына өксік тығылып, көзіне жас алып, көпке дейін орнынан қозғалмай тұрды.

– Қарағым, қаламсабыңды берші, бір-екі ауыз жыр жазайын, ескерткіш болсын, – деді.

Ой, бауырым, сені сырқат деп,
Арнайы келдім көргелі.
Танымай кісі қалыпты,
Қырғыздың мықты шайыры.
Сәлем бердім иіліп,
Сәлемге көңіл бөлмеді.
Сайраған бұлбұлдай жиенімнің,
Сөйлеуге тілі келмеді.
Жанында тұрсам қарап бір,
Оған да көңіл бөлмеді.
Жағдайын көріп мұңайып,
Көзімнен жасым көлдеді.
Ақ таңдай ерді сылқитқан,
Ауыз аштырмай тұлтитқан,
Тағдырдың –
Күшті ғой дейімін шеңгелі,

– деп жазды да, енді мен қайтайын, жазатайым көз жұма қалса, маған хабар беріндер, – деді де атама қош айтысып жүріп кетті.

Жазық маңдай, сөзге шешен, адамгершілігі мол, қадір-қасиеті Ала-таудай биік адамды көргеніме, жырларын естігеніме өзімді бақыттымын деп есептеймін. Бұл, Кенен атама арнаған ескерткіш гүлім еді.

«Қазақ әдебиеті», 1986 ж.

Оразгүл НҰРМАҒАМБЕТОВА,
филология ғылымдарының докторы

АЯУЛЫ, АСЫЛ БЕЙНЕЛЕР

*(Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығына орай жазылған естеліктің
Кенен Әзірбаевқа байланысты бөлімінен)*

1960 жылдың тамыз айында Мәскеуде шығыстанушылардың бүкіл дүние жүзілік XXI конгресі болады, соған Қазақстан делегациясы қатысуы керек деген хабар келді. Бұл конгреске бүкіл дүниежүзі түркологтары түгел қатысады екен деген хабарды да бөлімде бізге Мұхтар аға үлкен бір қуаныш сезіммен жеткізді. Қызу даярлық жүріп жатты.

Конгреске баратын мерзім де жақындады. Қазақстан академиясынан 10 кісіден құралған делегация мүшелерімен тағы да баратын бірнеше кісілер белгіленіп, тізімі жасалды. Делегация шүшесі болып мен де баратын болдым. Бағдарлама бойынша XXI конгрестің екінші күні түгелдей «Халықтар эпосының кеші» болып өтпекші. Бұл кешке қатысуға сол кездегі Совет Одағының ұлттық республикалар академияларының қатысуымен аты әйгілі жырау-жыршылар шақырылмақшы екен. Олар конгресс делегаттарын СССР-де тұратын әрбір халықтың эпосымен таныстыруы қажет көрінеді.

Осы мақсатпен қырғыздың әйгілі «Манасшысы» Саяқбай Қаралаев, Өзбекстаннан «Алпамыш батырды» жырлайтын, Түркменнен «Көрұғлыны» айтатын жыршылар шақырылыпты. Сол сияқты басқа республикалардан да бұрын біз атын біле бермейтін, естімеген небір ғажап айтушылар жиналатын болыпты. Уақыттың аздығына қарай біз қазақтың батырлар жырларын айтатын атақты жырау-жыршыларды алдырып үлгірмейтін болдық. Мұхтар Әуезовтың қалауы Кенен Әзірбаевқа тоқтады. Сол кездегі институт директоры Смет Кеңесбаев пен директордың орынбасары Мүсілім Базарбаевтың тез ұйымдастырып, жедел әрекеттер жасауының арқасында Кененді институтқа шақырып, үлкен әңгіме өткізді. Оған белгілі ғалымдардың бәрі қатысты.

Кененге Мәскеуге барып, онда дүниежүзі шығыстанушыларының XXI конгресіне қатынасу қажет екені, бүкіл дүниежүзінен келген әйгілі ғалымдардың алдында үлкен өнер көрсетуі керек екені айтылды. Онда тек ән ғана емес, қазақ халқының батырлық жыр-дастандарынан үлкен бір шығарма орындау керектігі де ескертілді. Кенен ақсақал ғажап әңгімешіл, юморы күшті, мәдениетті де, барынша сыпайы кісі еді ғой. Жиналыс басталғаннан бері жәй ғана тыңдап отырған. Бір кезде: «Мына Мұхтар бару керек деп отырса, Смет пен Мүсілім жібереміз деп отырса, не тоқтау болушы еді. Барамыз. Басқа елден барған жыршылардан Кененді кем түседі деп ойламаңдар. Елімді де, сендерді де ұятқа қалдырмаспын. Халқымның мерейін үстем етіп қайтамын деп ойлаймын», – деді. Жиналған жұрт риза болып қалды.

Ендігі шаруа Кенекенді жолға, үлкен бәйгеге дайындау болды. Бұл жауапты істі маған және Кенекеннің қасында жүретін ең жақын жәрдемшісі етіп жас ғалым фольклоршы Бекмұрат Уахатовқа тапсырды. Кенен конгрестегі эпос кешінде «Қобыланды батыр» жырының ең ғажап көркем жері – әйгілі «Тайбурылдың шабысын» айтатын болып келістік. Жасырақ кезінде қызықтап жырласа керек, бірақ кейіннен ұмытып қалыпты. Бекмұрат Мәскеуге жүргенімізше Кененге осы жырды «Эпос кешінде» қалай жырлау керек деген мәселелерді үйрететін болды да, мен институт басшыларының тапсыруымен Кенекенге басынан аяғына дейін сәнді, салтанатты қымбат киім тіктіріп әзірлейтін болдым.

Мәскеуге келдік. Бірінші күні пленарлық жиын болды. Конгрестің екінші күні. Бұл күн – сол конгресті ұйымдастырушылардың бұрын келіскендеріндей «халықтар эпосының кеші» болып өтетіні белгіленген. Ол кездегі біздер мұндай ұлы жиындарда алғашқы қатысып отырған жас ғалымдар былай тұрсын, талай жиынды, талай бәйгені көрген атақты ғалымдардың өзі таң қалатын ғаламат кеш болды. Халық творчествосының керемет күші осындай болса керек.

Мәскеу университетінің үлкен залдарының бірі лық толған, адам отырар бос орын жоқ. Көбісі шет елдерден келген меймандар, ғалымдар.

Сахнаға Саяқбай Қаралаев шығып, «Манасты» орындаған кездегі көріністі айтып жеткізу қиын. Сахнаның ортасында орындықта отырып, домбырасыз, қомызсыз, екі қолын екі тізесінің үстіне қойып алып жырлай бастаған Саяқбай өзінің бар қимылымен, бет, түр мимикасымен жәй ғана адам емес, бір ғажап құдыретті бейне сияқты көрінді. Астындағы орындығының төрт аяғына бейнебір дөңгелектер орнатып қойғандай қозғала-қозғала шеті көрінбейтін алаңдай үлкен сахнаны лезде (астындағы үстелімен) аралап шықты. Саяқбай «Манастың» үзіндісін айтып бітіп, орнынан тұрғанын жұрт байқамай да қалды (есі шыққан адамдай). Бір кезде ду қол соғылғанда, бір үлкен жарылыс болғандай жаңғырып кетті. Шетелдік ғалымдарда ес жоқ. Олар мұндай ғаламатты бұрын көрмеген болар, бұлай болады деп ойламаған да болар, естерінен танғандай күй кешті. Бәрінің қолында кинообъектив, керемет магнитофондар мен фотоаппараттар, түсіріп жатыр, жазып жатыр.

Саяқбайдан кейін өзбек шайыры «Алпамышты», түркмен бақшысы «Көрұғлыны» жырлап берді. Олардың әсері де аз болған жоқ. Аудитория оларды да жақсы қарсы алып жатты.

Бұдан кейін сұңғақ бойлы, сымбатты, сұлу, біздің Кенен атамыз шықты сахнаға. Қасында әкесін мөпелеп жүрген баласындай Бекмұрат бар. Атасын орындықта отырғызып, Бекмұрат сахнадан түсіп біздің қасымызға келді. Көңілінде қобалжу бар сияқты. Бір кезде Кенекен жан-жағына бір қарап, қанатын қомдаған Алатаудың алғыр қыранындай бір бой жазып алды да, өзінің әсем, қоңыр әніне басты. Әрине айқай аз, мәнер көп. Баптанған-ақ атамыз. Әлде мына ұлы жиын әсер етті ме, әлде, мына жердегі сын көздерге әдейі істеді ме екен, дауысы да, дауысын созуы да, бұрынғы біз естіп жүргендей емес, мүлде басқа. Айқайламай-ақ, сонша созып көтеруге дауыс та келе береді екен-ау, о ғажап! Бір кез-

де Тайбурылдың құтырына құстай ұшқан шабысын айта бастағанда, өзі сол Тайбурылдың үстінде шауып бара жатқан қас батырдың өзі сияқты желпініп бара жатқандай көрінді. Біз бәріміз демімізді ішімізге тартып не болар екен, асыл атамыз айнып кетпес пе екен, шаршап қалмас па екен, ұятқа қалдырмас па екен деген, әрі қуаныш, әрі мақтаныш, әрі қорқыныш сезімдерін бірдей кешіп отырғандаймыз.

Жыр бітті. Тотыдай таралған ақ сақалды әулиеміз орнынан тұрды. Бойы қандай биік, қандай сымбатты еді. Өз атамызға өзіміз қызыққандаймыз, өз көзімізге өзіміз сенбегендейміз. Тағы да зал жарылып кетердей жаңғырта қол соғу, тағы да шет ел меймандарының «шабуылы» басталды. Киноаппараттарымен, магнитофондарымен, фотоаппараттарымен Кенекенді қоршап алды. Жиын-кеш біткеннен кейін де олардың көбісі мейманханаға келіп, Кененмен сөйлесіп, суретке түсіріп, ол кісіден тағы көптеген ән, өлеңдер жазып алды. Бұл да бір керемет көрініс еді. Кенен жырын аяқтаған кезде қатар отырған Бекмұрат, Евгения Лизунова үшеуіміз Мұханның отырған жерін іздедік, қайда отырғанын көрмегенбіз. Бір кезде көзіміз шалып қалды. Ілгеріректе шет ел ғалымдарымен және кешті ұйымдастырушылармен бірге отыр екен. Бізді көрген жоқ, біз кейінірек отырғанбыз. Кенен де қасымызға келіп отырған (Бекмұрат әкелген). Байқап қалғанымыз – көзін орамалымен жәй ғана сүрткендей болды. (Толқу ма, әлде жәй ғана көзін сүртіп алу ма, білмедік).

Біз Евгения Васильевна екеуіміз бір бөлмеге орналасқанбыз. Кенен Бекмұрат екеуі бірге тұратын. Эпос кеші бітті. Біз Кенекенді алып мейманханаға кеттік. Біраздан кейін Мұхтар аға телефон соқты. Көңілі сергек. Үлкен бір қуаныш бар сияқты. Бізді Кененнің керемет табысымен, ғажап өнерімен құттықтады да, ал сендер өздерің көрген делегация мүшелеріне, осы конгреске шақырылып келген біздің барлық достарымызға менен сәлем айтыңдар, құттықтандар деді. Және сендерге тапсырма – ертең мен Кенен Әзірбаевқа арнап үлкен қабылдау жасап, той дастарқанын жаямын. Соған міндетті түрде Кененді алып, өздерің де келіңдер. Дастарқан иелері – Ләйлә мен Ернар деді.

Айтқанындай ертеңіне Мұхтар Әуезов Кененнің Мәскеуде өткен дүниежүзі шығыстанушылар ХХІ конгресіне қатысып, онда МГУ-дің үлкен залының сахнасында естен кетпес өнер көрсетіп, зор табысқа жеткеніне арнап үлкен той жасады. Тойға сол тұста Мәскеуде жүрген біраз кісі қатысты (Мұхтар Жаңғалин, Ысқақ Дүйсенбаев, Е.В.Лизунова, А.Хасенова т.б.). Қонақ күтуші, дастарқан иелері – Мұханның сүйікті де ардақты қызы сол кезде Мәскеуде оқып жүрген Ләйләнің өзі және оның інісі Ернар болды.

«Жұлдыз», 1996 ж, №7, 172-175б.

Әлімқұл ЖАМБЫЛОВ,
(Ұлы жырау Жамбыл Жабаевтың немересі)

ҚОСЫЛҒАН ҚОС ӨЗЕН

«Өлеңге – Жамбыл артық, әнге – Кенен» демекші, Алатау мен Қаратаудай осы екі алып адамның арасында тонның ішкі бауындай жақындық, жарасымдылық, бірін-бірі жан-тәнімен жақсы көрушілік бар еді.

Кенекенді алғаш рет 1935 жылы көрдім. Сол жолы Кенен Жамбылға сәлем бере келіпті. Ол кезде кәзіргі Жамбыл селосы Ерназар деп аталатын. Ақынды колхоз председателі Тұрап Мыржиев бастаған жұртшылық және Жамбылдың балалары Алғадай, Аққұлы, Ізтілеу, Тезекбай, қыздары Күнтай, Ақбала қарсы алды.

Кенен сұңғақ бойлы сұлу, шоқша сақалы бар, дауысы мақпалдай келбетті адам екен. Басында құндыз бөркі, қолында үкілі домбырасы бар, жирен қасқа ат мінген ақынды Жәкең «Қордайдан Кенен келді. Кененмен бірге өлең келді» деп құшақ жая қарсы алды. Мейманға арналып мал сойылып, үй тігіліп, кісі жиналып, Кененнің келуі дүбірлі думанға айналды. Ақын, әрі әнші Кенен жұртшылыққа өзінің Шәлипа және Ләтипамен айтыстарын өзі шығарған әйгілі «Базар-Назар», «Бозторғай» және де басқа әндерін орындап берді.

Кенен ағасы Жамбылмен бірге қазақстандықтардың Москвадағы онкүндігіне 1938 жылы барып келгеннен кейін: «Жәке, батаңды бер, балалы болар ма екенбіз» деп өтініш білдірген болатын. Жәкең арқалы ақын інісінен ақ тілеуін аяған жоқ. Арада бір жыл өткеннен кейін Кенен: «Жәке, сүйінші, берген батаңыз баянды болып, Насиқа келініңіз ұл тапты» деп сүйінші сұрай келді. Бұл қуанышқа Жәкең тіпті ойран-асыр болды. Үкімет өзіне сыйға тартқан «МК» – машинасына мініп алып, сол кезде Кенен тұратын Красногор ауданына тартып кетті. Шілдехананда Жәкең «Қызыңның есімін Төрт кемпір бір шал қойыпсың. Менің ойымша осыны Төрткенжан деп өзгертіп, соған орай мына баланың атын Көркемжан қояйық», деп аталық тілегін білдірді. Жәкеңнің бұл тілегі баршаның ойынан шықты.

Кенен Жамбыл ауылына осыдан кейін де ат ізін суытпай келіп тұрды. Олар бас қосқан сәт шынайы өлең-өнер думанына айналатын. Ұлы Отан соғысындағы Алғадайдың қазасы қарт ақынның қабырғасын қайыстырып жібергендей еді. Жамбылға үкімет тарапынан көңіл айту Кенен ақынға жүктелді. Кешегі дүлдүл Кенен, бұлбұл Кенен осы жерде енді өзінің асқан парасат иесі, кемел Кенен, кемеңгер Кенен екендігін айқын танытты.

Жәкең 1945 жылы 22 июньде, 100 жасқа толуына 6 ай қалған шағында қайтыс болды. Бірақ Жамбыл, Кенен ұрпақтарының қарым-қатынасы одан әрі жалғаса берді. «Гүл өскен жерге гүл өседі» демекші, екі алып адамның артындағы ұл-қыздары да ата жолын қуып, оны одан әрі дамыта түсті.

1946 жылы Жамбыл Жабаевтың 100 жылдық тойына арналған республикалық ақындар айтысында Кенен Әзірбаев пен Нартай Бекежанов екеуі бірінші жүлдені жеңіп алды. Жалпы, Кенен-Жамбыл ұрпақтарының қарым-қатынасы, бір-біріне деген ынта-ықыласы ешуақытта өзгерген емес. Өзім Кененнің 75 жылдық және 90 жылдық тойларына қатыстым. Кенен 92 жасында қайтыс болғанда Жамбылдың кенже ұлы Тезекбай бастаған Жамбыл ұрпақтары болып, орны толмас ортақ қазаны бірге бөлісті. Жамбыл- Кенен ұрпақтарының қосылған қос өзендей жарасты жалғасы келешекке кең арнасын тартып барады.

Ақбасты анамыз Кенекеңнің 80-ге келген бәйбішесі Насиқа аса құрметтейтін адамымыз. Қазір Кенекеңнің ұлы Көркемжанмен, әнші қызы Төрткенжан мен араласып тұрамыз. Сол сияқты қыздары Ақбілек пен Ақтамақты атасының көзіндей көреміз. Кенекең ұмытпасам, 1969 жылы «Жамбыл – жыр» деген ұзақ дастан шығарды. Сондағы бір сөзінде:

Жамбылдың ауылынан қол үзгем жоқ,
Жылына екі-үш барсам, көңілге тоқ.

Күмбезі күмбірлеп тұр өзі құсап,
Кененжан ән шырқашы дегендей боп,

дейтін шумақтары бар еді. Енді міне, Кенекеңнің жыр күмбезі де аялы аспан астында асқақтап тұр.

*«Еңбек туы», 1984, 30 июнь,
«Лениншіл жас», 1984, 26 июнь.*

Сәуірбек БАҚБЕРГЕНОВ,
жазушы

КЕМЕЛ ДАРЫН

Кенен ақынның 90 жылдық тойында СССР Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары Георгий Марков: «Сіздің есіміңізді әдебиеттегі поэтикалық өнердің алыптары – Сүлеймен Стальскиймен, Жамбыл Жабаевпен қатар қоямыз», – деп бағаласа, Қырғызстанның халық жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Қырғыз елі Сізді өзінің таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дастархандас болған, Жетісудағы қырғыз- қазақ жерін бірге аралаған Оспанқұл, Әлімқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, біз Сізді өнердегі асқар Алатауымыз деп есептейміз», – деді.

Міне, бүгін біз осы адамның туғанына 100 жыл толған күнін атап отырмыз. Шынын айту керек, Кенен біз көрген, біз білетін халық ақындарынан ерекше, зор тұлға. Ол ең алдымен тамаша лирик ақын. Оның

өлеңдері шыншыл, дәл, әсіресе ақын жүрегінің сазды, салмақты, сыршыл, көкіректі жарып шыққан әуені ғанибет. Кенен сөзге жүйрік, бірақ оны екшеп, елеп айтатын байсалды кісі еді. Тақырыпты таңдап, өз жүрегінің бұйырымына қарай жырлады. Ол сонау 20-жылдардың өзінде В.И.Ленин өліміне арнаған өлеңінде былай деп жазды:

Ленин жер жүзінің тірегі еді,
Өмірдің қуаты мол жүрегі еді.
Атамның дана сөзі, жолы өлмейді,
Тірлігі еңбекші елге керек еді.

Мұнда уақыт, заман дәлдігі, шындығы жатыр. Ақын заманды өз көкейіне орнаған шындықтан алады. Кешегі жалпы, бұрынғы кедей теңдік алды. Оны Кенен өз өмірінен де көреді, жырлайды. Содан да оның өлеңдерінің басым көпшілігі өз өмірінен алынады да, ол шындық болғандықтан бүкіл халықтық сипат алады. Ақындық тапқырлық, сезімтал жетімділік, міне, осындайдан туады. Мәселен, сонау жас кезінде, небәрі 13 жасында шығарған «Бозторғай» әні бүтін қазақ жерін неге шарлап кетті? Оның бір ғана себебі болды: Кенен өз басының мұң-зарын айтамын деп отырып, өзі сияқты мыңдаған жалшының көкейінде жүрген арманды ойының үстінен дәл шықты. «Көкшолақ», «Ой, бұлбұл», «Қайран елім» сияқты өлеңдерінің кең тарауы да осы тәрізді.

Кенен өлеңді қалың топта, жиында, көпшілік алдында суырып салып айтатын да, кейін қағазға түсіретін. Демек, ол өз өлеңдерін қағазға жазып отыратын сауатты, ұқыпты ақын болды. Ол өз өлеңдерін ғана емес, елдің тарихын, өткені мен кеткенін жазып отыратын шежірешіл еді. Ол жазған тарихи нәрселер әлі де зер салуды керек етеді.

Кенен ақын, бір айтса да дәл басып, тауып айтады. Бұл оның басты қасиеті.

Құтылып нашарлықтан жетілгенім,
Бұрынғы естен кетті өкінгенім,
Большевик партиясы көтермелеп,
Қордайға ревком боп бекінгенім.

Екіншіден Кенен аса дарынды дастаншыл ақын. Оның «Құдалар», «Қырғызбай», «Әли батыр», «Ер Төстік», «Кенебай мен Кербез сұлу», «Еркебайдың ауылы» тәрізді тамаша дастандары бар.

Ақынның жоғарыда сөз болған дастандарына оның жайындағы поэмаларын қоссақ, оның үлкен дастаншыл ақын екеніне дау қалмайды. Бұл екі дастаннан жетісу жерінде өткен аса көп тарихи, шежірені білеміз.

Үшіншіден, Кенен суырып салма, аса тапқыр айтыс ақыны. Оның оннан астам айтысы бар. Ақынның Шәлипа, Нұрила, Ләтипа, Бөдене мен Шәйнек, Халима, Бопина атты келіншектермен және белгілі халық ақындары Үмбетәлі, Әбдіғали, Шашубай, Есдәулет тағы басқаларымен айтысын еске түсірсек. Кенен бейнесі көз алдымызға өзгеше боп, ерекше көрінеді. Ал оның Кенжеқожамен айтысында аса зор әлеуметтік, қоғамдық мәні бар. Бір кезде ол кісіден мына бір жағдайды сұраған едім.

– Осы сіз ревком болдыңыз. Сонда қандай шаруа бітірдіңіз?

– Пәлі, – деді Кенен. «Пәлі, сөз-ақ екен! Менің өзіме салсаңдар едәуір іс тындырдым.

Ең біріншіден, 1916 жылғы оқиғадан қашып-пысып, жан-жаққа тозып кеткен елімнің басын жинадым. Қайта біріктірдім. Азамат соғысының қиындығын көрген, сол кезде адасып жаза басқандарға тура жолды көрсеттім. Кедейлерге жер бөліп бердім. Бір ретте, Жетісудан, сонау Бұхараға, әмірді құлатуға бара жатқан қызыл әскерге өз қарауымдағы елден үш жүз түйе жинап бердім. Оған қызыл жауынгерлер азық-түлік, оқ-дәрі теңдеп әкетті.

Кейін қарап отырсам, бұл жай ақынның Ләтипамен айтысында бар екен. Ләтипа айтады Кененге:

Сен болсаң кім сескенер Кенен болыс,
Қолына таяқ алған кедей болыс.
Мақтайсың өріңді-өзің көтермелеп,
Келсең де үш жүз түйе сұрап помощь.

Ал ол шақта, Совет өкіметі жаңа орнай бастаған кезде қызыл әскердің пайдасына 300 түйе беру деген кешегі Отан соғысында Совет Армиясына 3000 арғымақ ат берумен бірдей болар. Мұны Кененнің қоғамдық қызметінің бір ғана кезеңін көрсету үшін әдейі келтіріп отырмын.

Төртінші, Кенен әнші-композитор. Оның ән шығару өнері 11 жасынан, Әлменнің қозысын бағып жүрген кезінен, «Бозторғай» әнінен басталады. Оның әндері адам жанының қылын шертеді. Өйткені ол жеке басының қайғы-мұңын, қуанышын айту арқылы көптің көкейінен шыға келеді. «Көкшолақ» кедейлікті шағыну ғана емес, теңсіздікке бар дауыспен дау салу боп шығады. Бұл күлкі үшін, сықақ түрінде шығарылған ән емес. Халыққа жетімді болсын деп өзін-өзі сынағаны болмаса, теңсіздіктің зары, қарсылық үнді, мәнді ән. Ал «Ой, бұлбұл» әні сұлулықты да, елін, жерін, туған ата-мекенін сағынған тамаша адамның мұңын айтады. Жалпы, Кенен жүзден аса ән шығарған үлкен композитор. Біздің республикамызда СССР Жазушылар одағына, СССР Композиторлар одағына – екі бірдей үлкен одаққа мүше болған тек Кенен ғана.

Бесіншіден, Кенен мысал өлеңдерді, нақыл сөздерді көп айтқан тарихшы, шежірешіл ақын. Қазақ тарихында ақын білмейтін келелі, белді кезеңдер болмайтын. Мәселен, оның бұлбұл мен көкекті айтыстырған мысалы аса құнарлы. Мұнда нағыз өнер иесі бұлбұлды, мақтаншақ көкекті көреміз. «Мақал-нақыл» сөздері де ой саларлық. Кенен. «Ақынға қара сөзден өлең оңай, балыққа таяз судан терең оңай» немесе «Дегбірсіз ат сілкінгіш, дегбірсіз ақын жұлқынғыш» деген сияқты тізбекті, ойлы, пайымды сөздерді жайдан-жай отырып айта салатын. Немесе ақынның шөп аттары мен құс аттарына арналған екі өлеңін алып қараңыз. Ақын өзін қоршаған өмірді, адамдарды қандай жақсы білсе, өз төңірегіндегіні табиғат сырын да жақсы біледі.

Қысқа қайырылған бұл ойды түйіндеп айтсам, Кенен бейнелі сөзді, мысал өлеңді, нақыл сөздерді көп білген, табиғат сырына зерделі үңілген ақылды, парасатты ақын.

Оның тағы бір қыры – Кенен әнші-композитор болуымен қатар тамаша орындаушы. Әрине, ол ең алдымен өз әндерін өзі орындаған. «Бозторғай», «Көкшолақ», «Ой, бұлбұл», «Базар-Назар», «Келінжан» әндері бүкіл елге оның өз орындауымен тараған. Жас кезінде дауысы аса зор үнді екен. Әнді бастаған кезде құлағын қолымен қайта-қайта қағып отырып айтады екен. Бұл дәстүр оған Сүйінбай, Сарбас ақыннан қалған.

Түркістан-Сібір темір жолының жұмысшыларына қызмет көрсететін арнаулы әншілер жасақталған кезде Кенен Теміржолшылар филармониясының әншісі болып та қызмет етті. Ол мұнда өз әндерімен қатар қазақтың, қырғыздың халық әндерін орындаған. Оның әншілік тәсілінде өзіндік, әнші-композиторға ғана тән творчестволық бұрма, қайырым мол. Қандай әнді болсын бір ырғақпен, біркелкі үнмен жасық орындауға Кенен табиғатымен қарсы болатын. Ән әншінің, орындаушының көңіл-күйіне қарап ойнақыланып, құбылып, жарқ-жұрқ етіп құйқылжытып салынуға тиіс. Мұны Кенен орындауындағы «Тік шырқау» әнін естігенде анық байқайсыз. Кенен өзінің әншілік, орындаушылық өнерінде алдына үлгі етіп ұстағандары өзі көріп, тыңдаған Балуан Шолақ, Әсет, Шашубай болатын.

Сегіз қырлы, бір сырлы ақынның сегізінші қыры – суреткерлігі еді. Ол өзі көрген-білген жайларды мазмұнын байыта отырып, әдемі көрсетеді. Ал адам портретін шебер, келісті жасайды. Мәселен, «Кебекбайдың келбеті» деген өлеңдерінде:

Шор буын, сүмбіл сүйек, кеудесі кең,
Шелектей көбентайы, етек боп жең...
Жанары екі көздің жанған оттай,
Сөзінің өткірлігі атқан оқтай! – дейді.

Бұл тәрізді суреттерді ақын творчествосынан көп көреміз. Ал мінезді көрсеткенде де айқын баяндайды:

Жамбылдың бір мінезі – мақтанбайды,
Бой тартып, сайысудан сақтанбайды.
Әжуа, қалжыңға да қапелімде
Шап етіп, шауып алар қақпанңдай-ды.
Бір сөзден әділ айтқан танбайтұғын,
Өмірде адалдықты таңдайтұғын,
Жақпаған, жақтырмаған адамына
Сараңнан да, сараң боп тамбайтұғын.

Бұл ақынның Жамбылға берген мінездемесі. Ал Жамбылды көрмеген мен үшін осы мінездеме Кененнің өзіне өзі берген бағасы сияқты көрінеді.

Бір қызығы, біраз жыл жақын жүріп, Кененнің өмірбаянын, өткен жолын сұраған емеспін. Өйткені оның барлық өмір жолы, өткен күндері өлеңдері мен дастандарында, әндерінде, айтыстарында түгелдей берілген. Ал енді өмірін қысқаша, бұрын айтыла бермеген әдіспен айтсам былай болып шығады.

1884 жылы Мәтібұлақта (Жамбыл облысы) туған ақын келе-келе «Бала Кенен», «Қозышы Кенен», «Қойшы Кенен» атанды да, 11 жасында «Бозторғай» әнін шырқап «Әнші Кенен» болды. Тойда, базарда жоққа жар салғаны үшін «Жаршы Кенен», оразада ауыл аралап ән салғанына бола «Жарапазаншы Кенен» деп те аталған. Теміржолшылар театрында жүргенде «Әртіс Кенен» атанғаны тағы да бар. Бұған атқарған қызметіне қарай «Ревком Кенен», «Болыс Кенен» дегенді қоссақ жараса түседі.

Ал, бізге ол жақсы ақын, дастаншыл тарлан, шежірешіл-тарихшы, тамаша композитор, әнші-орындаушы болып жетті. Бұған оның творчестволық өмірінің сәттілігін, ұзақтығын қоссақ ше? Жарық дүниеде 92 жыл өмір кешіп, соның 81 жылында аузынан әнін, қолынан қаламын немесе домбырасын тастамай өтудің өзі ердің ерінің ғана қолынан келеді.

Қысқа-қысқа, шолақ түрінде айтылған Кенен творчествосы жайындағы пайымдаулар әлі де терең зерттеуді, жан-жақты талдауды қажет етеді. Өйткені ақын туындыларының әлеуметтік мәні, мазмұны кесек. Оның жүз жылға тартылған өмір жолы, оны айтып, баяндауы халқымыздың өткен тарихи жолымен, өмірімен, қоғамдық, әлеуметтік зор табыстарымен тығыз байланысты.

Кенен творчествосы мол қазына. Ол жайында айта беруге де, жаза беруге де болады. Соның ішінде басын ашып алатын мынадай бір әлеуметтік, ғылымдық мәні зор мәселе бар. Бізде кейбір ғалымдар, оның ішінде халық ақындарының творчествосын зерттеп жүргендер, көбіне 1934 жылы өткен ақындар слетін, ақындар айтысын бетке ұстап, осы Кенен Әзірбаевты сол кездерде таптық, баспасөзде аты, өлеңдері сол жылдардан көріне бастады дегенді айтады.

Басқаларды білмеймін, бұл өлшем Кененге келмейді. Кенен тамаша ақындығына қоса асқан әншілігімен бүтін қазақ жеріне аты ерте жайылған адам. Кененді көрмей-ақ жұрт оның сөзін айтып, әнін салған. Мұны былай қойғанда, 1919-1921 жылдары осы Жетісуға Ташкенттен, ғалым Әбубәкір Диваевтың арнайы тапсырмасымен Ш.Сарыбаев бірнеше рет келген. Сол Сарыбаев екі рет, ортасына жыл салып, 1919 және 1921 жылы Жетісу ақындарының айтысына қатысқан. Ғалым Ә.Диваевтың Ташкенттегі архивінде Шамғали Сарыбаевтың қолымен жазылған «Бозторғай», «Көкшолақ», «Қайран елім», «Ақ ешкі», тәрізді алты-жеті әнінің өлеңдері жатыр. Ал сол кезде Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Терме», «Төте оқу» газеттерінде сол Сарыбаевтың Жетісудағы ақындар жайында жазылған мақалалары басылған. Онда Кенен Әзірбаев есімі ерекше жақсы аталады. Бұл жайларды ақынның 100 жылдық мерекесінде еске алу бүгінгі ұрпақтың азаматтық парызы деп білемін.

Байтақ елін, ұлан-ғасыр жерін көп жылдар асқақ әніне бөлеп, сұлу жырымен тербеткен Кененді бүгін аса зор құрметпен еске алып отырмыз. Өз заманының, өз жерінің әнші бұлбұлы, ақын дүлдүлі Кенен есімін халқымыз құрметтейді. Туған елі мен жерін шексіз сүйген тамаша ақын, асқан әнші Кенен Әзірбаев ұрпақтар есінде ұзақ жасайтын жан. Кенен қалдырған тамаша жырлар, әндер, дастандар, мақал-мәтел, мысалдар, әңгіме-шежірелер оқырман көңілінде мәңгі қалмақ.

ҰМЫТЫЛМАС КЕЗДЕСУЛЕР

«Кенен, Кенен дейді ғой елдің бәрі,

Өнін үйіп тыңдайды жас пен кәрі...» – деп Жамбыл атамыз өз шәкіртінің соншалықты халық алдында сүйікті ақын болғанын мақтана айтқан екен. Сол Кенекеңді бұрын бір-екі облыс орталығына келгенде көрсем де жақын танысуды арман ететінмін. Оның да реті келді. 1966 жылдың басында мен Қордай аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланған соң, Кенекеңе арнайы барып сәлем бердім. Сол жолы ол кісі де көп ұзамай ауткомға келетінін айтқан.

Бірде аудандық партия комитетінде болған мәжілістен кейін түскі асқа үйге барғаным сол еді, біреу телефонмен: «Сіздің кабинетіңізге біреу Кенекеңді қамап кетіпті, шыға алмай терезені тарсылдатып, айғайлап тұр», – дейді. Он-он бес минутта жедел басып ауткомға келсем, шынында да кабинетімнен терезені қағып тұрған Кенекеңді көрдім. Есікті ашып сәлемдескеннен кейін жөн сұрасып білгенім мынау еді.

Мен жоқта Кенекең қабылдау бөлмесіндегі қыздан председатель қайда? – деп сұрапты.

– Аудандық партия комитетіне кетті, қазір келіп қалар, – депті қыз.

– Онда мен есік алдында отырмай, кабинетінде күтейін, деп Кенекең ішке кіріп, отыра береді. Сол арада кабинетте кісі барын ұмытып кеткен қыз оны сыртынан жауып, өзі де түскі тамаққа кетіп қалады.

Ары-бері отырып зеріккен соң Кенекең сыртқа шығайын десе, есік жабық. Телефонмен хабарласайын десе, ешкімнің номерін білмейді. Сонан терезені тоқылдатып ары-бері өткен адамдарға айқайласа керек. Соның біреуі маған хабарлапты. Бұл екінші «скандал» болды ғой деп күлді Кенекең... Біріншісі былай екен...

1943 жылы, соғыс кезінде Қазақстаннан Москваға концерт қоюға бір топ қазақ артистері мен ақындары барады. Ол кезде кешқұрым Москва қараңғы. Трамвайлар адамға лық толып жүреді. Бәрі асығыс. Бір қорғасын заводының жұмысшыларына концерт беріп, енді Москва қонақ үйіне қайту үшін қазақстандықтар өткен екі-үш трамвайға бөлініп мінгенде Кенекең сыймай аялдамада қалып кетіпті.

Барар жерін білмейді. Орыс тілінен тағы да жұрдай Кенекең енді түн ішінде аялдамада тұрып-тұрып, көшенің арғы бетіндегі бір аздаған жарық шыққан үйден жөн сұрайын деп есік қағады. Есік ашқан кезде кіріп барып «Скандал!» деп айқайлап жіберіпті. Үйде айнаға қарап шашын тарап тұрған бойжеткен қыз артынан аппақ сақалды, басқа ұлттың қолында дәу шоқпары бар (домбыраны солай деп қалса керек) шалын көргенде шалқасынан түсіпті... Кенекең сасқанынан барып қызды көтерейін десе, есін жиған қыз құлындай шыңғырып далаға қашады... Айғай-шуға бір кекселеу әйел келіп болған әңгімеге тіл білмесе де түсінеді. Қазақстаннан мәдени делегацияның келгенін, олардың «Москва» қонақ үйінде

жатқанын біледі екен. Кенекеңді ертіп алып барады. Өз бөлмесінің есігін ашып делегация бастығы Есмағамбет Смайыловты көргенде, Кенекең айқайлап қуанған екен. Ертіп келген әйелге концерттен алған сыйы үш метр матасын беріп тұрып Кенекең «Скандал, Алла разы болсын!» деп шығарып салыпты. Кенекеңнің «Адасқанда» («Скандал») деген ұзақ, күлдіргі өлеңі содан шыққан екен. Соны еске алып бәріміз қыран-топан күлкіге баттық...

Кенекеңе Сәбит Мұқанов бастаған бір топ қонақ келе жатыр екен. Соны хабарлауға келіпті. Әрине, қонақ – Кенекеңдікі, күтіп алу міндеті – біздікі екенін сезіп, дайындыққа кірістік. Қонақ күтуге ебі бар жігіттеріміз де баршылық еді. Калинин атындағы колхоздың басшысы Рақыш Қашқынов, қазіргі Кенен Әзірбаев атындағы совхоз-техникумының директоры Уәлихан Қайназаров, әрине, Кенекем тұратын Киров атындағы колхоздың бастығы Әзімхан Мәжінов, Ұмтыл селолық Советінің төрағасы Шаймұхан Алқамбаев, бұл жолғы ғана емес, бірнеше туысқан республикалардың және шет ел делегацияларын да абыроймен күтіп алып жүрген жандар.

Алайда, Кенекеңнің елуінші жылдары салынған ескі және аласа, тар үйі мұндай қонақтарды күтуге ыңғайсыздау екен. Бірде облыстық Совет атқару комитетінің төрағасы Афанасий Зиновьевич Питулов Кенекеңнің үйінде қонақ болуын пайдаланып, Кенекеңнің үйінің ескі, тарлығын айтқанымда ол:

– Облыстың бестен бір бюджетін басқарасың, басы бос қаражатың жеткілікті, менен несін сұрайсың? – деп өзімді ұялтып тастады. Алайда, бұл өзіме берілген ерік екенін түсініп кешікпей іске кірістік. Бірақ, Кенекең жаңа, үлкен үй салуды жақтырмады, жылыта алмаймын, келінім от жағудан зерігіп кетеді деп, қосымша үлкен қонақ қабылдау бөлмесін салдырды. Оны да бумен жылытатын етіп ыңғайладық. Алайда Кенекең «жаурадық» деп күніне хабарлайды. Аудандық тұрмыс қажетін өтеу бас инженері Шлехт деген жігітті қайта-қайта жіберемін, бірақ «үй жылымады» деген сөз тыйылмады. Бір күні оны шақырып алып, қатаң талап қойып едім, ол шынын айтты.

– Шалдың келіні үшін күлді пештен мен шығарамын ба?! – дегені. Қой болмас деп үйді электр қуатымен жылытуға нұсқау бердім. Бір күні келсем, Кенекең үлкен бөлменің қақ ортасында көйлекшең отыр.

– Ата, бұл қалай? – десем.

– Пәтшағар енді күйдіріп бара жатса қайтейін, – деді.

– Күйдірсе де енді келініңіз күл шығармайды ғой, қызуын бәсеңдетейік, – дедім. Содан кейін Кенекең «жаурадым» дегенді қойды.

Бірде үйіне барсам, Кенекең жазды күні үйінің көлеңкесінде арабша жазумен жазып отыр екен. Быжынап ұшқан шыбын тыныштық бермей, мазасын кетіріп жатыр.

– Ата, шарбағыңыз үлкен екен, неге киіз үй тіктірмейсіз? – дегенімде:

– Сенің Таласың дейсің бе, әр шалдың төбесінде киіз үйі бар. Ауылда жоқты қайдан табайын? – дегенде қатты ұялдым. Содан Байқадамдағы тұрмыс қажетін өтеу комбинатының бастығы Елемес Тоқаевқа хабар-

ласып, «Кезінде киіз үйді шопандарға бермейсің деп орныңнан босатқан «досым» едің ғой, татулықтың басы осы болсын, Кенекеңе алты қанат ақ үй жасап бер» деп өтінуге тура келді.

– Алты мың сом ақшаңыз болса қазір-ақ алыңыз. Көрмеге дайындаған бір үй бар еді, берейін, – деді ол.

Сөйтіп киіз үй алынып келінді. Ол Кенекеңнің ауласына үйлесе кетіп еді. Енді ауданның жігіттері жиналып: «Оған көрімдікке ешкімде жоқ нәрсе апарайық» десті.

Қордайда не жоқ десек, түйе жоқ екен. Сонау қырғызбен шекарадағы «Алмалы» совхозында жалғыз жесір інген бар еді, соны құда түсіп, совхоз директоры Дүйсебай Есеналиевке барып, құлынды биенің құнын төлеп, жігіттер жетелеп келді де, үстіне кілем жауып, үйге төсейтін кілемше қосып Бұтан Базилов, Сәрсен Қожантаев, Шәріп Османов, Борис Доев, Жапар Көпбаев, Қошан Көшербаев, Сардан Әбдиев тағы басқалары бар – Кенекеңнің үйіне жетіп бардық... «Жамбыл» атты поэмасын сол киіз үйде, сол жазда Кенекең жазып аяқтап, баспаға берген еді.

...Жыл сайын Кенекеңе сонау Семей облысынан Екейбай Қашағанов, жеңгеміз Мархаба мен қарындасымыз Анарды ерте келіп, сондай-ақ әйгілі композиторымыз Нұрғиса Тілендиев, әнші Нұрғали Нүсіпжановтар келіп, екі-үш күн бойы Ұмтыл селосы тамашаға кенеліп-ақ қалатын. Оларға ауыл ақындары Асылқұл Бүрбаев, Мырзалылар қосылатын...

Сол жылдары Кенекеңнен өзімнің көп сұрайтыным – тарих ғылымынан кандидаттық диссертация жазуыма байланысты, ол кісінің өзі тікелей ат салысқан 1916 жылғы патшаның қазақтан әскер алуына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі мен Кенекеңнің 1918-1921 жылы Верный уезінің Ырғайты болыстық комиссары болғаны жайлы еді.

1916 жылғы Боралдай болысындағы темір ұстасы Бекболат Әшекеев, Отар аймағындағы қазақтардың қолбасшысы Әли батыр Нұрғожаевтардың ерліктерін Кенекең қолмен қойғандай етіп айтатын:

...Бір күні ақ патшадан келді жарлық,
Шуылдап бұқаралар тұрды қарғып,
«Баланы әлдилеген бермейміз» – деп,
Қалың ел кәрі-жасы тұрды зар ғып.
Естідік Алматыдан Сәтті алды деп,
Қошмамбет, Асқар, Дәукес қатталды деп,
Бекболат қалың қол мен ту көтеріп,
Қаскелең, Шамалғанға аттанды деп.
Күрті елі, Бөрібай елі көптеп келіп,
Самсының беткейіне өрт салды деп...
Ырғайты, Қордай елі бес мың қолмен,
Қалықөл қонысына шапқалы кеп...

Бес мың адамнан тұратын қолды басқарған Әли Нұрғожаев болса, оның жақын серіктері Кенен Әзірбаев, Есдәулет Қандеков сияқты ақындар болды. Сол кездегі халықтың ашу-ызасының күші мен көзсіз батырлығы соншалық шоқпармен қаруланған (пілтелі мылтықтың өзіне зар

болған) қазақ сарбаздары зеңбірек, винтовкамен қаруланған патша әскерлеріне жеті-сегіз рет батыл соққы беріп, жеңіске жетеді. Алайда, қарусыз халық ұзақ төтеп бере алмайды. Өйткені патша үкіметінің 14 батальон солдатты, 33 атты казактардың 33 жүздігі, 4 зеңбірек, 69 пулеметіне төтеп беру қиын еді. Оларды орыс кулактарынан құрылған отрядтар қолдады. Қазақтың халық азаттық көтерілісі қанға боялып, жеңіліске ұшырады.

...Халықты қырды аяусыз жауыз патша,
Бұл сөзім жалған емес алыпқашпа.
Қырық-отыз кедейді Жалқамыста,
Аттырды таңып қойып бір ағашқа...
Қаптаған құмырсқадай қалың елге,
Солдаттар оқ жаудырып атқаны кеп,
Шоқпардан басқа қолда қаруы жоқ,
Быт-шыт болып кейін қарай қашқаны кеп...
Кенекең өзінің де:
Сол кезде отыз екіде еді жасым,
Патшаның күш, құралы болды басым.
«Қайран ел», «Аттан» деген ән шығарып,
Тербеттім зарлы үніммен таудың тасын...

деп бұл күреске қосқан үлесін жырлайды.

Менің бір таңқаларлығым: Кенекең 1916 жылғы оқиғаларды да, адам аттары мен олардың сандарын да, болған айқастарды да дәлме-дәл айтатын еді. Кейін бұл мәліметтерді архив материалдарымен салыстырғанымда барлығы дәлме-дәл болып шықты.

Кенекең ұлт-азаттық көтерілісі аяусыз басылып-жаншылған кезде қырғыздағы Мәсімхан деген досына барып, саялап аман қалады. Есдәулет Қандековті патша солдатты қылышпен ұрып қатты жараласа да, әйтеуір, аман қалыпты, ал Әли батыр Нұрғожаев бастаған көптеген көтерілісшілер патша жендеттерінің қолынан азаппен өлтірілген.

Кенекең кейін де Совет өкіметін орнату ісіне белсене қатысқан. Ол 1919 жылы Ырғайты болысының комиссары болып, Жетісу майданына Пішпектен қару-жарақ артуға жұрттан 300 түйе жинап береді.

Кенекең Дмитрий Фурмановпен де жүздескен, оның төтенше өкілі де болған. Міне, осындай ардақты ақын, күрескер әрі жаңа өмірдің жаршысы Кенен атамызбен мен он жылдай жақын жолдас болдым. Кейіннен Кенекең туралы естелігімді «Революция сарбазы» деген атпен оның туғанына 100 жылдық торқалы тойына орай баспасөзде жарияладым. Ол кісі туралы әлі де жазсам ба деген ойым бар.

Ақ жол, 1986, 16 маусым

СОҢҒЫ ӘН

1969 жылдың көкек айында Кенен Әзірбаевтың «Қазақстан» баспасынан «Аңыздар сыры» атты әпсаналар жинағы жарық көрді. Осы кітаптың авторлық данасын алып ақынға бардым. Бұдан бұрын барған сайын Кенекеңнің үйі келім-кетім кісіге толы болушы еді, бұл жолы олай емес, тек Рахымбай күйеу баласы екеуі үй шаруасының жай-жапсарын айтып отыр екен.

– Кітабыңызды әкелдім, мінекей – деп, портфелімнен шығарып кітапты ол кісінің алдына қоя бердім. Біреуін алып олай-былай көрді. Нәсікә жеңгей де, Рахымбай да сөйтті, сырттан кіріп келген ұлы Көркемжан, оның келіншегі Дина да бір-біреуін алып аударыстырып жатыр. Ақын маған бұрылып: «Кәне балам, бұл кітабыңда не бар екен, оқышы?» – деді. Мен кітаптың мазмұнына қарап: «Менің аталарым», «Төл басы болды ақ лақ», «Кебекбай шешен», «Ноғайбай шешен», Бөлтірік, Бердібек, Тілеміс, Еркебай, батырлардан Сыпатай, Қордай, Жолбарыс, ақын, салдардан Сарыбас, Дәурен сал... деп, оқып шықтым. Кенекең:

– Бәрекелді, ата-бабалар түгел екен ғой, аруағы разы болсын! – деп, бетін сипады.

– Ана жылы өзіңіз айтып жаздырған қара сөздеріңізден бұл кітапқа сыймай қалғаны мынау – деп, машинкаға басып, папкаға бөлек салынған қолжазбаны қайырып бердім. Оны Көркемжан алып шкафқа салып қойды.

– Иә, балам академияңда не жаңалық бар? – деді.

– Ақындарға, әсіресе, Сізге тікелей қатысы бар жаңалық, – деп, мен алдағы жылы Жамбыл ұстазыңыздың туғанына 125 жыл толатынын, соған әзірлік жүре бастағанын, әр елден, шет елдерден де қонақтар шақырылатынын, мерекелі жиындар, ақындар айтысы өтетінінен ол кісіні хабардар еттім.

– Бәрекелді балам, – деді Кенекең мынауың үлкен жаңалық қой. Астанадан алыс шалғайда жатқан бізге бұдан артық не жаңалық болушы еді. Әй, Рахымбай сен Көркемжан екеуің шөп қорада байлаулы тұрған қоңыр тоқтыны жайратыңдар, әлгі «кітабыңыз шықса құтты болсын айтамыз» деп жүрген осы ауылдағы шал-кемпірлерді, колхоз басшыларын шақыр. Мен мынау Нысанбек баламды ертіп бау – бақшаны аралап дем алып қайтайын.

Тапсырма алғандар шаруасына кетті. Кенекең етек-жеңі мол көлдей сырма шапанын, басына ала тақиясын киіп сыртқа шықты. Ақын бірдеңе айтатын шығар деп, мен дәптер қаламымды қолға ұстай, ілестім. Бұл кітапты, деді, ол – былай шыққан соң – осы төңіректегі Ноғайбай, Кебекбай, Еркебай әулеттері көптен күтіп жүр. Оны көбірек алдырмасақ болмас. Мен айттым: «Бақытжанды машинаңызбен Алматыға жіберіңіз, мен кітап дүкенін аралатып жүріп, көтере сауда қылып арттырып жіберейін».

Үйге келсек, біраз ауыл адамдары жиналып қалған екен. Бәрі ақын-ды кітабымен құттықтап жатты. Он кітапты талапайлап, әрқайсысы бір-біреуін қойнына тығып алыпты. Кітап жетпегені Кенекенді мазалайды:

– Таласпаңдар, деді, ақын, ертең Алматыға жүргелі отырмын, сонда бәріңе жететіндей ала келермін – деп уәде беріп, әрең тыныштандырды.

Жаз айының соңғы күндері болатын. Күн арқан бойы көтерілген кез. «Ұмтыл» қыстағынан шыққан ақсұр «Волга» Алматы – Ташкент тас жолына шыққан соң сырғи жөнелді. Бет алысымыз Алматы. Машинада үшеуіміз. Халқымыздың қалаулы ақыны, композитор Кенен Әзірбаев, мен және оның баласы Бақытжан. Ол рульде. Кенекен шыға бере ыңылдай бастады. Жастайынан көкірегі күй сандық боп қалған қарт жырау толғанып келеді. Ол оң жағына сәл бұрылды да:

– Мынау тұрған «Кіндіктас», бір көрген жан ұмытпас, – деп қалды. «Кіндіктас» – Қордай жотасынан оқшау тұрған тау. Бір кезде осы төңірек «Кіндіктас» колхозы боп ұйысқан. Оның басқарма бастығы осы Кененнің өзі болған. Бұл Қордайда ревком болғаннан кейінгі жылдар.

– Сонау қызыл таудың арғы асты «Сұлутөр». Ноғайбай шешеннің ауылы. «Сұлутөр» сенбесең, оны барып көр» деген ғой халық. Мынау көрінген «Бүркітті». Онда бүркіт ұялайды. Осы «Бүркіттінің» мына жағы «Атжайлау», «Қызылқұр». Онда «Мөртай» ауылы бар. «Қайран Мөртай!» – деп бір күрсінді қарт жырау.

Осы кезде бұрнағы күні түнде айтқан Кененнің «Мөртай сұлу» хикаясы көз алдыма келді. «Қызыл құрды» жайлаған Шөрегей елінде Мөртай деген сұлу қыз болыпты. Ол кездерде жасы отыздарға жетпеген сұңғақ бойлы, қара мұрт ақын жігіт сол ауылға жиі келіп, Мөртаймен танысып, той жиындарда өлең айтысып жүреді. Содан бір-біріне ғашық болады. Бірақ, алдын ала беріліп қойған қалың мал екі ғашықтың қосылуына ерік бермейді. Мөртай сұлу Амантай дегенге ұзатылып кете барды. Ақын жігіт артынан қуады. Айдарбек дегеннің қара арғымағына мінгесіп екеуі қашып шығады. Екі ел арасы дауға айналады. Кененді жазаламақ болады. Ақсақалдар араға түсіп, ақыры ақын жігіт Мөртайды ұзатылған еліне аман-есен табыс етіп, дау-дамайдан азар дегенде құтылады. Ғашық жарына қосыла алмаған ол «Мөртай сұлу» деп ән салып зарлап қала береді.

Сенің ауылың Қордайдың қырқасында,
Менің ауылым жартастың жырасында.
Мөртай-ай! Тал бойыңда тарыдай бір мінің жоқ,
Тоты құстай түрленіп тұрасың ба?
Мөртай-ай!

Қайырмасы:
Туған жерің Қызылқұр,
Сұлу Мөртай қайда жүр?
Анда-санда көрсем де,
Сүйген сәулем аман жүр.

Сенің ауылың Қордайдың кезеңінде,
Менің ауылым Қопаның өзегінде.

Мөртай-ай!
Ауылың алыс кеткенде сұлу Мөртай,
Өшпейтіндей от жанды өзегімде.
Мөртай-ай!
Сен де арманда, Мөртайжан, мен де арманда,
Екі ғашық қосылар заман бар ма?
Мөртай-ай!
Қалың малға сатылып сен кеткенде,
Зар еңіреп мен қалдым, амал бар ма?
Мөртай-ай!

Міне, Кененнің басынан өткен романтикалық бір хикая жайы осы еді. Қарт жырау енді бірде ылди жаққа көз тастап алды да, артындағы отырған бізге мойын бұрды.

– Сендер бұл өңірдегі жер аттарын, онда қандай оқиғалардың болып өткенін біле бермейсіңдер ғой. Сонау көз ұшында көрінген «Қоңыр адыр», «Аңырақай», «Шаң құдық», «Қыр құдық», «Жылы бұлақ», «Мәтібұлақ», «Қақпа тас», «Шоқпар тас», «Жартас» бәрі-бәрі бала кезімізде жалаң аяқ жар кешіп, қой баққан жерлеріміз. «Мәтібұлақ» басындағы жартасқа қойшы кезімде қашап салған ат, түйе, қой, ешкі, иттің, қасқыр қуған қойшының, түлкі аулаған аңшының сурет бейнесі әлі тұр.

Сонау темір жолдың арғы жағын бойлап мұнартып жатқан жота «Долаңқара» жылқы малының өрісі. «Долаңқара, ендеше, Долаңқара, Ерте тұр да атыңның жалын тара» деген сөз бар. Ілгеріде аты болдырған бір жолаушы кештетіп келіп, атын қоя беріп, таң атқан соң қараса, боз қонақ, жабайы жоңышқаға тойған аты жалдаңып қалыпты дейді. Ақын айтқан жер-су аттарына елігіп отырып, «Ақтерек» тұсына келіп қалғанымызды да білмей қалыппыз. Бұл жер Кенекеңнің құрдас ақыны Есдәулет Қандеков ауылы. Ертеде екеуі осы арадан Әли батыр жасағына қосылған. Ақтерек колхозы тұсынан өте бергенде, қарттың ойына бір оқиға түсті білем, бір қырындап алды да, бізге мынаны айтты.

– Осы ауылдың жоғарғы жағын Сматай деген банды мекендеді, – деп алды әуелі – алғашқы колхоз ұйымдасып жатқан кез. Сматай байлармен ымыраласып алып, жігіттерімен ауыл-ауылға шабуыл жасап, қырғидай тие берді. Біреудің атын әкетеді, біреудің сауып отырған сиырын жетектеп, енді бір ауылдың қорадағы қойын айдап кетеді. Не керек, жаңадан басы біріге бастаған елдің берекесін алып болды. Оның бұл әрекеті бізге жетіп жатты.

Бір күні Алматыдағы басшылармен келісіп, Сматайды қолға түсірудің шарасына кірістік. Өзімнің секретарым Иван Шумейкінді жіберіп, орталықтан Шпагельский басқарған милиция қызметкерлерін алдырдым. Сол кездегі ауыл активтері Шарап Жылыбаев, Қаймолда Айнақұлов тағы бір қатар мерген жігіттер Шпагельский отрядына қосылдық. Қарақшылар мекендеп жүрген «Кереге тас», «Жаманты», «Кіндіктас», «Қоңыр төбенің» сай-жыраларын, қараңғы үңгірлерін және қамыс араларын тінтіп қарап таба алмай әуре болдық. Бір малшы айтты: «Сматай бандалары «Аңырақай» адырына шығып кеткен» – деп, айтқандай-ақ сол маңайдан

таптық. Ерсілі-қарсылы атыс басталып та кетті. Олар да аз емес көрінеді. Осы соғыста қасымдағы Шпагельскийге оқ тиіп, аттан құлады. Мен дереу жейдемді айырып жіберіп оның жарасын таңдым. Біз сөйтіп жүргенде Шумейкиннің қолына да оқ тиіп жараланып қалды. Қарақшылардың да біразы оққа ұшты. Сматай біраз жігіттерімен тауға қашып құтылып кетті.

Біз оны кейін айламен қолға түсірдік емес пе? Осы Ақтеректе Көпшілбай деген батыр тұлғалы ұста болатын. Соған айттық:

– Сматай саған мылтық жөндетуге келсе, сен оны үйіңе шақырып күтіп ал – дедік. Ол мақұл деді. Айтқандай-ақ күздің бір күні Сматай қанжар соғып бер деп, Көпшілбайға өзі барған. Көпшілбай: «Мен саған дос адаммын, қару соғып беремін, мені өзіңе сана» – деп, әрең көндірген. Сөйтіп, түнде үйінде күтіп отырғанда біз үстінен түсіп ұстадық. Матапбайлап, айдатып жібердік.

«Суық төбе, төбесі көк аспанға жуық төбе» – деп халық осынау көрінген төбенің биіктігін айтса керек. Сол Суық төбенің етегіне орналасқан «Дегерес» совхозы тұсына таяп келеміз. «Оқ төккен», «Арыз төбе» деген қос төбенің арасынан зу етіп өте шықтық.

– Неге «Оқ төккен», «Арыз төбе» деді екен? – деген сұрағымызға Кенен ақсақал:

– Әли батыр жасағы жауын жеңіп, қолға түскен патша солдаттарының оғын осы төбеге төккізген... Ал «Арыз төбе» дегеннің мәнісі ертеде осы төңіректегі елді билеген Иса деген болыс елге жайсыз болыпты. Губернатор мынау қара жолдан өткенде, ел алдын тосып, арыз айтқан екен.

– Сонау Алатауға жалғасып жатқан «Қызыл соқ» жотасы Сүйінбайдың туған ауылы. Ел оны көргенде «Қызыл соқ, Сүйінбайдай ақын жоқ» дейді екен. «Самсыдан» өте бергенде, қарт тарлан тағы да бізге күлімдеп бұрылды:

– Ал, мына бір жол жағасында тұрған кішкене төбешіктің аты тіптен беріде қойылған. Оны «Шампан төбе» дейміз, дегенде біз күлісіп алдық. Өне бір жылы Сәбит ағаларыңның (Мұқанов) жасы 60-қа толғанда, кемпірді ертіп тойына бардым. Ауылға қайтарда Сәбеңді және оның қонақтары Оспанқұлды, Тахауи, Хамит тағы бірқатар ақын, жазушыларды Қордайдағы үйіме шақырдым. Сонда Алматыдан ертіп шыққан қонақтарымды осы төбеге тоқтатып, шөлдеп қалдыңдар ғой деп, шампан ашып суындаттым. Бәріміз күлісіп, Жайраңдасып осы бір аты жоқ төбені «Шампан төбе» болсын дестік. Содан бері ары-бері өткенде «Шампан төбе» деп, сол бір қызық шағымызды еске түсіреміз.

Ұзынағашқа келгенімізде, Кенекең машинаны Жамбыл музейіне қарай бұрғызды. Ары-бері өткенде Жәкеңнің басына соқпай кете алмаймын, – деді ол. Мұнысы ұстазына деген үлкен құрмет, ізеті еді. Алдымен Жамбыл күмбез-сағанасына бардық. Жон арқасында «Жамбыл Жабаев 1846-1945» деген жазуы бар төңкеріліп жатқан текше сұр тасты сипап тәу етіп алды да, бас жағына өтіп тағзым етіп дұға оқыды. Сағанадан шықты да, Жәкеңнің бау-бақшасына көз салды. Әлі пісе қоймаған алқызыл алма самсап, бұтақтары иіліп тұр екен. Жәкеңнің жыры да жемісті, бағы да жемісті. Табиғат берген дарқан қазына бір-бірімен астасып тұрғандай. Музей үйін аралап жүрміз. Музей қызметкері бізге

кейінгі қосылған жаңалықтарды атап көрсетіп жүр. Музейде Кенекең творчествосына арналған бұрыш та бар екен, оны көрдік. Екі жыршының достығы біраз бейнеленіпті. Жамбылдың өз бөлмесіне кірдік. Кілем мен пүлішке бөленген шағын кабинеттегі жұмсақ диванға жайғасып алды да, Кенекең ұстазымен бірге жүрген ақындық өнер жолдарынан әңгіме шертті.

Қой соңында аспандағы бозторғайға ән қосып жүрген жалбағай қойшы бала сол өңірде Жамбыл деген жыршының бар екенін әуелі өз әкесінен есіткен:

Жас кезімде естуші ем,
Өз әкемнен Жамбылды.
Өлең сөзге даңғылды...

Енді жас Кенен осы ақынды көрсем деп армандады. Оның да сәті түскен. Қырғыз елінің манабы Шабденге ас беріліп, ұлан-асыр той болған, осы тойда екі ақын алғаш рет кездесті.

Жамбыл музейінен шығып, Алматыға қарай бет түзедік. Кенекең тағы да өзінің ұстазы туралы айта бастады. Сөзінің ара-арасында:

Елу жыл ертіп жүрген қайран ата,
Домбыраң құлағымда күмбірлейді...

– деп елеңдетіп қояды.

Жәкең Мәскеуден Ленин орденін тағып қайтқанда алдынан шығып:

Орденің құтты болсын, Жамбыл ата,
Ән-жырдың тұлпарындай даңғыл ата...

– деп құттықтадым. Алғадайы соғыста қайтыс болғанда Сәбит бәріміз көңіл айтуға бардық. Сонда:

...Не күшті дүниеде – Құдай күшті,
Көрдіңіз бір ғасырда талай істі.
Миуалы Ұлы Отанның дарағы едің,
Жел соғып бір бұтағың жерге түсті...

– дегенімде, бүк түсіп, теріс қарап жатқан Жәкең жарықтық басын көтеріп еді.

– Жақсы айтқан екенсіз, – дедік біз – Жамбылдың қасында елу жылдай бірге жүріпсіз, бүгінде Сізден артық Жамбылды жақсы білетін адам жоқ.

Осының бәрін айтып, кеңінен көсіліп бір естелік-дастан жазбайсыз ба?

– Мақұл ғой балам, – деді Кенекең ойлана түсіп, – домбырамен болмаса, қаламмен қара сөз жазуға қолы құрғырым жүрмейді, біреу жазып отырмаса.

– Жазуға біз дайынбыз ғой, ата – деп, рульде отырған Бақытжаны сөзге қосылды.

– Жамбыл жөнінде арнау айтпаған ақын жоқ. Бірақ, салмақты, көркем, қомақты дүние әлі тумай келеді емес пе Кенеке? Енді мынау Жәкеңнің 125 жылдық тойы тұсында сіздің бір сілтейтін кезіңіз келіп тұрған сияқты, дедім мен. Болашақ жаңа жыр жөнінде әңгімелесе отырып, Алматы көшелеріне кіріп кеткенімізді сезбей қалыппыз. Бақытжан машинасын Төрткеннің үйіне қарай бұрды. Мен жолдан түсіп қалдым.

Телефон сылдыр ете қалды. Трубканы көтерсем Төрткен екен.

– Аға, – деді ол, – атам сізді келсін деп жатыр. Өзі түнімен ұйықтамай дөңбекшіп шықты. Жаңа таң алдында ғана көзі ілікті.

– Жарайды, дедім мен, – әуелі институтқа барып, түске таяу соғармын, оған дейін атаң ұйқысын қандырсын.

Төрткеннің үйіне барсам Кенекең арқа-жарқа болып, қызыл күрең шай ішіп отыр екен.

– Ал, балам, жақсы келдің – деді, ол кісі түнімен Жәкең туралы толғанып шықтым, өткен-кеткеннің бәрін еске түсірдім. Енді бір нәрсе айтқалы отырмын. Кәне, қағаз-қаламыңды алшы?

Мен дереу қағазымды алып отыра қалдым. Кенекең домбырасын қағып жайлап шерте берді:

Жамбылды Жамбыл десем, кім білмейді?! –

Өлеңнің ордасына кім кірмейді?

Елу жыл ертіп жүрген ардақты ата,

Домбыраң құлағымда күмбірлейді.

...Түнімен Жамбылды ойлап қиялдадым,

Көз ілмей төсегіме сия алмадым.

«Кененжан» дейтін сөзі еске түсіп,

Өзімді-өзім сөгіп ұялғаным...

Ақтауға парызымды домбыра алдым,

Ойланып шырмауықтай он бұралдым.

Жан Жәке, қартайсам да жырым ширақ,

Басыма саған біткен қонды бағың.

Бұйырмай тәуір көлік, тәуір тағам,

Өнерді беріп еді тәңір саған.

Ақынның бұлбұлы деп бұл Жәкеңді,

Керген ел Жетісуда таңырқаған.

Жамбылдың арғы атасы Екей дейді,

Екейдің ақыны көп екен дейді.

Сүйінбай көген алмай, өлең алып,

Өлең сөз сол өлкені мекендейді.

«Екейде елу ақын, сексен бақсы».

Ертеден ел аузында осы сөз бар,

Кененің содан бастап толғанбақшы...

Ұлы жүз ұлағат қылған Сүйінбайды,

Өлең-жыр Сүйінбайсыз бұйырмайды.

Ақындар Сүйінбайды атамаса,

Бақыты, басқан ізі шиырлайды.

Осылайша, баяулай бастаған Кенекең кенет домбырасын сабалап, екі иығын бүлкілдетіп термелей жөнелді:

– Ал Жамбылға келейін,
Ақ бөкендей желейін.
Домбырамды бұрайын,
Неге қарап тұрайын.
Ұстаздығы бар еді,
Сый-құрметін қылайын.
Жабайдан туған баланың,
Жамбыл екен кенжесі.
Көп болыпты еркенің,
Айтқаныңа көнбесі.
Шаруаға қыры жоқ,
Малға қарар түрі жоқ,
Балалармей ойнаса,
Ұрыспай келген күні жоқ.
Өзгелер айтса – өркеуде,
Өзінше бір міні жоқ.
Молданың тілін алмайды,
Мал жаюға бармайды...

Сол жолы Кенен ақын тапжылмай Жамбылға арнаған дастанын ұзақ жырлады. Ара-арасында демалып, домбырасын қайта қолға алады, мен жазудан танбаймын, үлгере алмаған жолдарды үзіліс кезінде қайта сұрап толықтырдым. Не керек, Жамбылдың жүз жылдық өмірінің белді-белді асуларын түгел қамтығандай болды. Жырды бастан-аяқ қайта оқытты.

– Әлі де қосатын жерлері бар екен, балам, деді ақын. Мен шаршадым. Сен осыны машинкаға бастырып маған жеткізіп бер. Мен оны оқытып отырып біраз жерлерін толықтырайын, сосын қайта бастырамыз, жарай ма?

Мен мақұл дедім. Осылайша қайта қарап дегендей Кенекең әңгімесін көңілі түссе ғана айтады. Міне тағы да домбырасын былай сүйеп қойып әңгімесін жалғастырып отыр.

– Жас күнінде тойшыл, қартайған соң ойшыл болады екенсің. Кезінде қойшы да, тойшы да болдық, бүгінде ойшыл болып отырмыз. Бір кездері жүрген жерім сән еді, айтқаным ән еді, қойны-қонышым өлең болды, солардың арқасында Кенен болдым. Бүгінде сол өскен-өнген ортаны, өзімді қанаттандырған ұстаздарымды көбірек есіме аламын...

Бірінен-бірі қоздаған Кенекеңнің шежіре әңгімесі бізді таныс-бейтаныс аңыздар арасына бірте-бірте жетелей берді.

...Не, керек, сонымен Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік шешендер, Қордай батыр, Әлмен қыз, Дәурен сал, Балуан Шолақ, Сауытбек, Әмір, Орақбай тәрізді ақын-жыраулар, жыршылар туралы естелік, өлең-жырлар біртіндеп қағаз бетіне түсе берді.



Сексен жылдан астам тапжылмай жырлап келе жатқан қарт тарлан тоқсан екі жасында жүруден қалды. Кәрі серік домбырасын да ұстай бермейтін болды. Келіп, кетсін деген хабармен барсақ, Кенекең шынында да жүріп-тұрудан қалған екен. Оның алдында бір айдай бұрын хат алғанмын. Балаларына жаздырыпты: «Нысанбек қалқам, мен отырып қалдым, бұрынғыдай жүруге шама жоқ. Тағы бір келіп кетсең деймін. Айтатыным бар еді...» депті де маған арнаған бір өлеңін қоса салдырып жіберіпті:

Сағынып сәлем жаздым Нысанбекке,
Жасыңнан ерінбеуші ең бар еңбекке.
Маған да істеп жүрген қызыметің,
Қарағым аян болды барша көпке.
«Тураушыда туысың болсын» деген,
Бұрынғының айтқаны емес текке.
Тілектес Кенен атаң саулығыңа,
Ұмытылмас, еткен ісің тұр жүректе.
Жырымды әу дегеннен қағып алдың,
Сондықтан да атаңа жағып алдың.
Көкейде тарлан қалған өлеңімді,
Саумалап қағазыңа жазып алдың.
Жатырмын айтып күнде алғысымды,
Мен үшін салдың талай бар күшіңді.
Саралап құмнан алтын айырғандай,
Жырымды сан сапырып қайырғандай,
Баспаға сен ұсынбай кім ұсынды?
Сол үшін мың бір алғыс қалқам саған,
Оңынан жарылқасын әр ісіңді.

Кенекеңнің бұл хатын алып институт басшыларына бардым. Олар 5-6 күнге рұқсат етті. Ертеңіне Қордайға жүріп кеттім. Барсам шынында ақынның жағдайы мәз емес екен. Амандық-саулықтан кейін қарт жырау толғана отырып, баяу ғана сөз бастады:

– Осы бір белі құрғырым шойырылып қалғаны, болмаса, денім сау сияқты. Отыра-отыра зеріктім. Көкейімді ән мен күй түрткілеп мазалайды. Бұрынғыдай шырқап кетуге дәрмен жоқ. Тек тәспі аударған молдадай ішімнен күбірлеймін. Шіркін, біреу жазып ала берсе...

Қарт жырау манадан бері алдына сүйеуіш етіп өңгеріп отырған көк барқыт жастықты былай тастады да, кемпірі Нәсиқаға қарады. Шалының емеурінін айтпай танитын ол түскілемде ілулі тұрған кішкене ғана ақ домбыраны алып ұстата берді. Бұл Кенекеңнің жеті жастан бергі жыр серігі. Ағасы Еркебай шебер сыйлаған домбыра. Ол домбырасының құлақ күйін сәл босандатып алды да, тарлан тартқан қоңыр әуеніне салды:

Он бесте ән шырқатып той бастадым,
Отызда жүйрік аттай ойқастадым.

«Жетпіс бес», «Сексен», «Тоқсан» әндеріме,
Ең соңғы әкеп қостым «Жүз жас» әнін.
Халқымның көп татқанмын дәм мен тұзын,
Басылды кітап болып жыр мен сөзім.
Әділет, шындық заман арқасында,
Аралап ән, жырым жүр жердің жүзін.
Тамаша-ай!
Айтатын тілегім сол сөзім барда,
Тыңдайтын құлақ, көрер көзім барда.
Өтейін мейірім қанып, риза болып,
Шырқандар бұл әнімді өзім барда.
Тамаша-ай!
Қайран елім тамаша,
Қуанамын балаша.
Ұл-қыздарым, көп жаса!
Жүз жаса!

Ән осылай аяқталды... Ақын ақ домбырасын жастыққа сүйей салды да, «уһ» деп демін алды, алдындағы күрең шайынан бір ұрттады. Сәл үнсіз отырып:

– Бұл менің ең соңғы әнім болар... – деді.

– Соңғы перзентіңіздің атын кім қойдыңыз? – дедім әзіл-шыны аралас.

– Атын «Жүз жаса» немесе «Тамаша» десеңдер де болады. Магнитофон лентасына жазылып алынған Кенен ақсақалдың осы соңғы әнін ертеңіне Төрткен үйреніп алып, атасының алдында шырқап берді. Кібірткі тартқан қартаң дауыспен айтылған әнді ақынның қызы шырқап салғанда, пілтесі көтерілген шырағдандай жарқырап ажарланып шыға келді.

– Үнім жетпеген жерін Төрткенім жеткізді ғой, айналайын! – деп, ақын қызының маңдайынан сүйді.

Біз осылайша Кенен ақсақалдың жанында оншақты күндей болып, «Қалай танисың», «Ескерткішім», «Аспан қора», «Нәсиқаға», «Құм төбе», «Енді менде арман жоқ» деп аталатын өлең – жырларын жазып алдық. Бұл тоқсаннан асқан өнерпаздың көкейіндегі ең соңғы жыр толғағы, сарқындысы еді.

ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН
16 маусым, 2004 жыл.

ДҮЛДҮЛ ЕДІ, БҰЛБҰЛ ЕДІ КЕНЕКЕҢ

Өмір – көшкен керуен, аққан дария секілді, бір көш келіп, ұрпақ алмасып жатады. «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дегенді қазақ осыған байланысты айтқан. Ғұн, сақ, көк түрік, хандар заманынан небір дана, ғұламалардың есімі қалды. Күні кеше ғана көзіміз көрген, қайсы бірінен тәлім алған, қазақ халқының ажары, тұтқасы, мәртебесі болған Кенен, Қаныш, Мұхтар, Бауыржан, Әлкей, Дінмұхаммед секілді тұлғалар, асыл ағалар өтті дүниеден. Айлар, жылдар өтіп, жан жарасы да жазылды. Сонда да сағынасың, аңсайсың, еске аласың.

Сал-серінің соңы, қазақ заманының үні, ғажайып әнші Кенен Әзірбаевпен 1964 жылдан бастап ол кісі дүниеден өткенше он жыл бойы әкелі-баладай, ағалы-інідей жиі араластым.

Кенекең шежіре, аңыз еді, әңгімешіл еді. Елдің тарихы, жыраулар, билер, шешендер, байырғы күйшілер туралы ол кісінің аузынан байтақ әңгіме естідім, жазып та алдым. Кебекбай, Сүйінбай, Ноғайбай, Жамбыл, Бердібек, Байсерке, Шөже, Майкөт, Құлмамбет, Сұраншы, Қалмырза, Сағымбай, Төкпе, Шәбден туралы айтқандарын кезінде «Асыл арналар», «Жүз жыл жырлаған жүрек», «Тоқсан толғау» деп аталатын кітаптарымда жарияладым да. Сондықтан бұл мақалада Кенен туралы кейбір есімде қалғандарды ғана жазғанды жөн көрдім.

Кенекең Мұхтар Әуезовпен кеш араласады. 1960 жылдың шілдесінде Мұхаң Ыстықкөлге кетіп бара жатып жол-жөнекей Кененнің үйіне соғады. Жеңгеміз Валентина Николаевнамен шаңқай талтүсте келіпті. Аманесендіктен соң Мұхаң:

– Кенеке, ештеңеге әуре болмаңыздар, асығыспыз, бір шай ішіп аттанамыз, – депті. Қазақ оған қарай ма, шай келеді, қой сойылады, ет асылады: Кенекең күй тартады, ән салады, арасында байтақ әңгіме айтады, табан астында қиыстырып ұзақ жырлайды. Асыққан мейман сол күні қонып, ертеңіне түстен кейін бір-ақ аттанады. Көл-көсір әңгімеге, ақынның көп білетіндігіне, шешендігіне әбден риза болған Мұхтар Әуезов:

– Кенеке, мен Сіздің әншілігіңізге тәнті едім, бірақ мұншалықты көп білетініңізді, терең екеніңізді білмеуші ем, өзгенің жырын жатқа айтатын жыршы ма деп ойлаушы ем. Сіз шындығында ғұлама жырау, атақты ақын, әбжіл шешен, байтақ шежіре, халқымыздың ғасырда бір туатын адамы екенсіз, – депті.

Сол жылы күзде М.Әуезов Кененді Мәскеуге Шығысты зерттеушілердің дүниежүзілік конгресіне алып барып «Қобыланды батырдан» Тайбурылдың шабысын жырлатады. Отырған орындығын Тайбурыл ғып мініп сахнаны айнала шапқан Кененнің қимылына, асқақ даусына, орындау шеберлігіне залдағылар тәнті болып, қайран қалады. Әдетте

босқа шашылып-төгіле бермейтін Мұхаң осы оқиғаға байланысты «Мәскеу» қонақ үйінде үлкен той жасайды. Екеуінің кеш те болса табысқан бақыты баянды болмай 1961-дің жазында ұлы жазушы дүние салғанда Кенекемнің:

Тұлпардың бір аяғы сынғандай боп,
Сұңқардың оң қанатын жұлғандай боп.
Айрылдық, арамыздан кетті Мұхтар,
Аймаңдай, айна көзін жұмғандай боп.

Асылым, арысым, Мұхтаржан-ай – деп, қабырғасы қайысып күңіренгені әлі есімде.

1964 жылы Кенен КазГУ-ге кіші ұлын оқуға түсіруге алып келді. Қасында Мұхаметжан Қаратаев бар.

– Шықтым биыл сексенге,
Тай үйретем тепсеңге.
Екі Кенен тумайды
Алатауға ексең де.
Жасым сексенде.

Үнемі өстіп салақтап келе берер деймісіңдер, баламды оқуға түсіріп беріңдер, – деді Кенекең.

Мұхаметжан Қаратаев ағамыз:

– Жігіттер, баласы әдебиетші болар, болмас, Кенекең үлкен ақынмыз, сондықтан жәрдем беріңдер, – деді. Уәдені беріп біз қалдық. Кенекең риза болып ауылына қайтты. Ешқайсымыз баласының аты-жөнін сұрамаппыз. Емтихан басталды, я Әзірбаев, я Кененов болар деп жабыла кеп іздейміз. Ондай бала жоқ. Кененбаев Ырым деген абитуриент бар екен. Не де болса осы шығар деп «бесті» қойдым да жібердім. Емтихан аяқтала бере:

– Мені сізге Мұхаметжан Қаратаев жіберді, Кененнің баласы қазақ тілі мен әдебиетінен ауызша емтиханнан құлап қапты – деп біреу келіп тұр. Бұ қалай деп, абыр-дабыр болдық та қалдық. Сөйтсек, Кененнің баласының аты-жөні Қабылтаев екен, анасы Насиханың төркіндерінің атына жаздырған екен. Біз оны қайдан білейік, амал жоқ, ердей боп Кенекең өзі келген соң, қиын да болса, екіні беске түзеп, Бақытжанды оқуға түсірдік.

Күзде осы оқиғаға байланысты Кенен бізді Қордайға қонаққа шақырды. Бардық. Сексенге келсе де қамшыдай қатқан, суытылған аттай ақын ықыласпен қарсы алды. Кешкісін үйге жастар жиналды. Кенекең жыр төкті, шетінен өнерпаз ауыл жастары тамылжытып ән салды. Мен ақынның қызы Төрткенді (шын аты – Төрткемпірбіршал) бірінші рет көруім еді. Әнді бабына келтіріп, иін қандырып айтады екен, заты әйел дегені болмаса, әншілігі атасынан аумай қапты. Көп кешікпей Кенекенің 80 жылдығына арнап теледидардан бірнеше хабар бердім. Төрткенді көпшілікпен таныстырдым. Жұрт Кененді дүниеден баяғыда өткен аңыз

адамындай көреді екен, тірі екендігіне сенбей, хатты, сұрақты қарша боратты. Ел сенбеген соң амалсыз экраннан Кененнің өзін көрсетуге мәжбүр болдық.

Сол жылы Кенекең:

– Ынтымақ-берекесі күшті ағайын, Төменгі Балқаштағы ысты ағайын,
– деп ақын Балтағұлға;

– Ақыныңды алып кел,

Өнеріңді салып кел, – деп қырғыз ағайындарға, жан-жақтағы бауыр-ластарға жар салып, тегіс шақырып, дүркіретіп сексен жылдық тойын өткізді.

Тойы елдің, көптің тойы боп жақсы өтті. Біз баласындай, туған інісіндей тік тұрып қызмет еттік.

Кенекең сексенінде де күйлі, елге сыйлы еді; көнеден қалған дана, бәрімізге пана еді; мақтанатындай ақын еді, жалпыға жақын еді; шешен еді, көсем еді; етек-жеңі кең еді, сөзі елге ем еді; кең жайылған кереге, өркендеген өнеге еді; халқының дүлдүлі, сайраған бұлбұлы еді. Тірісінде кімнің қадірін кім біліп жатыр дейсіз. Кенекеңнің расында да көненің көзі, бабалардың бізге қалған сөзі екенін; сал-серінің соңы, халықтың сеңсең тоны екенін; бұрынғының бізге жеткен үні, Алатаудың шыңы екенін бәріміз де ол кісі өлген соң әбден сезіндік. Сый-құрметті адам баласына тірісінде жасағанның жөн екенін тереңірек түсіндік.

– Базар, Назардан айырылып, күңіреніп тентек қойдай теңселіп, жадап-жүдеп жүрген кезім еді, бір күні далбасалап Ұзынағаш базарына келдім, – деп сөз бастаушы еді кейде Кенекең, – келсем, базар да Әбдіғали Сариев:

– Маңдайының ағы бар,
Тағы айтарым тағы бар,
Мұны тапқан кісінің
Маңдайының бағы бар,

– деп жар салып, өлеңмен жоқ іздеп тұр екен, амандасып, базарды аралап, атыма келіп тартпасын тартып, ауыздықтап, енді мінеіін деп тұрғанда, біреу келіп қамшының сабымен бүйірімнен түртеді. Қарасам – Жамбыл. Қабағын түйіп:

– Өзіңнің мойның қылқиып,
Атыңның бұлы тыртыып,
Әжептеуір жігіт ең,
Қалған ба саған тіл тиіп.
Ер жігіт десем, ез құсап
Мойып қапсың сылқиып.
Көп ойлама уайым,
Тағы да табар жұбайың,
Түбін берсін құдайым.

Не боп кеткенсің түге, құдай өзі берді, өзі алды. Көтер басыңды, көтер еңсеңді, берейін десе Алланың қазынасы кең, құдай қаласа келін тағы да ұл туып, бақытты боласың, өзім құтты болсын айтып барамын, – деді. Тәтемнің батасын алып ауылға кеттім.

Қайғы ішімді өртеп барады, жер-көкке сыймаймын. Бір күні Насиқаны алып қырғыздың Ыстық Ата курортына кеттім. Демалып жатқанмын, жетектеген тайы, өңгерген қойы, теңгерген қымызы бар, түске таман есік алдына бір қора аттылы келіп тұр, қарасам ішінде атақты Оспанқұл бар, көңіл айта келген қырғыздың ақындары екен. Оспанқұл (Кененмен қарын бөле) ат үстінде қомызын шертіп, өлеңді ағытып қоя берді:

Атеке, атеке,
Ассалаумағалейкум,
Аманбысың, Кененім.
Амандаса кеп едім.
Алатауды жаңғыртты
Зарлап айтқан өлеңің.
Қайтыс бопты қайтесің
Базар-Назар бөбегің.
Жал-құйрығың жетілсін.
Өткенге кім өкінсін.
Ата-анаңнан айрылған
Өзің де Кенен жетімсің.
Өзі беріп, өзі алған
Жалғанды кім жекірсін.
Әйелің тағы ұл туып,
Мойныңа қайта секірсін.
Алатаудың басында,
Басыңа бұлт орнады.
Орта жасқа келгенде,
Көңліңді қайғы торлады.
Елуге келген жасың бар,
Көк ала сақал, шашың бар.
Түскен тұман жарқ етіп,
Шыққан күндей ашылар.
Әйелің тағы ұл туып,
Асығың қайта шашылар.
Алматы, Бішкек – борборы
Кедейден болды шоңдарым.
Қартайғанда, Кенеке-ау,
Балалар өліп сорладың.
Қамықпағың, Кенекем,
Ұраның сенің Кебекем!
Ноғайбайды жалмаған,
Жалмайтын бәрін жер екен.
Қырық кісі кеп тұрмыз
Сізге амандасуға.

Қатар жатқан құрбы деп,
Қапалы көңілді ашуға.
Дүние де бізден өтер деп,
Қара тайды жетелеп,
Қазақ-қырғыз сойысын
Беріп келсек не етер деп,
Жеті мес қымыз теңгеріп,
Қара кепе өңгеріп,
Алдыңа келіп біз тұрмыз,
Балаңды жоқтап еңіреніп.
Мен Оспанқұл – жиенің,
Бөлебала күйеуің.
Қапа болсаң ортақпын,
Сырқырайды сүйегім.
Көңіл айта көп қырғыз
Қосып келді тілеуін.
Дүниеге әркім келіпті,
Пәнидің өзі көріпті.
Дәуіт деген Пайғамбар,
Аллаға қолын Жайғандар,
Бір намаздың үстінде
Отыз ұлы өліпті.
Берген де құдай өзің деп,
Алған да Құдай өзің деп,
Олар да сабыр қылыпты.
Сынамаққа құдайым
Жебірейілді жіберіп,
Бір жыл сынап көріпті.
Жас шықпапты көзінен,
Таймаған соң сөзінен.
Отыз ұлға татитын
Жалғыз ұлды беріпті.
Оттың да тілін біліпті,
Судың да тілін біліпті.
Сайтан менен періге
Тамашалап мініпті.
Қамықпағын, Кенекем,
Осындай істер болыпты.

Қырғыз бауырларым сөйтіп қайғымды біраз ортайтып кетті.

Көркемжан туғанда, аруағыңнан айналайын, Жамбыл тәтем келіп қайғымды біржолата көтеріп кетті.

Осылай бір шер тарқатқандай болып еді Кенекең. Сол жолы Жамбыл:

– Кененім, келіп қалдым қуанған соң,
Тұйғының үйрек-қаз бен қу алған соң.
Келінжан, бата берем, қолыңды жай,
Құдайдан өлгеніңе күн алған соң.

Құтты болсын Көркемің,
Өсе берсін өркенің.

– деп батасын береді.

Әбден жанын қинап, зарлап жүріп зарығып жеткендіктен бе, Көркемжан туғанда, әулеттің қуанышында шек болмапты, әбден еркелетіп өсіріпті; шілдеханасын, тілашарын, тұсаукесерін, ат мінгенін, сүндетке отырғанын, мектепке барғанын, оқуға түскенін тойлай беріпті. Көркемжанның ержеткенін, үйленгенін тілемеген кісі қалмапты. Сөйткен Көркемжан бір күні қалада орысша өскен Динаны алып келгенде ата-анасы есінен танып қала жаздапты. Ес жиып: «Қой, құдайдан тілегеніміз осы еді ғой, құтты қылсын!» – деп ұланасыр той жасайды. Елден рұқсат алып, жолын беріп, Кенен келінінің бетін өзі ашады:

Құтты болсын, келінім, аяғыңнан,
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.
Мал-мүлкіңе ие бол арнап жиған,
Өсекшілдің сақ болғын саяғынан.
Құтты болсын келгенің, Дина келін.
Өзіңе арнап дүние жинап едім.
«Базар-Назар» ән салып жылай-жылай,
Талай-талай жанымды қинап едім.
Халқым тілеп әперген Көркем едің,
Көк желкеме мінгізген еркем едің.
Алғаныңмен қоса ағар, бірге қартай,
Елу беске келгенде көрген едім.
Кейбір жастар бұл күнде мүлкі боп жүр,
Бірін-бірі алдайтын түлкі боп жүр.
Ғашық болып қосылып, ертеңіне
Кеңселерге сүйресіп, күлкі боп жүр.
Таутекедей тау-тасқа аттап кетпе,
Кір жастықты басыма жастап кетпе.
Ауылыңда театр, кино жоқ деп,
Баламды ертіп қалаға бастап кетпе.
Қуанышым, қайрат-күшім, Көркемжан
Қуанышым, жігер-күшім, келінжан.

Сөйткен Көркемжан мен Дина балалы-шағалы, үбірлі-шүбірлі болды, Дина ата-енесінің үдесінен шықты, шаңыраққа ие болды. Қайран Көркемжан аңқылдаған ақкөңіл еді, Кенекеңнен аумаушы еді, бер-тін келе ақындығы да шыға бастап еді, дүниеден ерте кетті. 1993 жылы мен Бішкектен докторлық диссертация қорғап, қасымда Асанбай Асқаров бастаған ағаларым бар, жол-жөнекей соққанымызда, Көркемжан басында бөркі, үстінде шапаны бар, бізді атасының мұражайының алдында күтіп тұр екен. Кененнің өзін көргендей болдық. Қолына домбыра алып, маған өлең арнады. Ол өлеңді мен кейін «Ел тағдыры – ер тағдыры», деген кітабымда жариялаған едім.

1972 жылы елімізде Жамбылдың 125 жылдық тойына әзірлік жүріп жатты. КазГУ-дің филология факультетінің деканымын. Бір күні мені Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров шақыртты. Келдім. Естігенім болмаса, кездескен кісім емес еді. Даңқы жер жарады. Кабинетіне жүрексініп кірдім. Сәлемімді жылы шыраймен қабылдады. Кім екенімді біліп отыр, менің туған ауылымда да болған екен. Әбіржімей, өзімді еркін сезіне бастадым. Қоңыр дауысты, келбетті, түлеген сұңқардай кісі екен:

– Екі күннен кейін Ленин сарайында Жамбылдың 125 жылдық тойының салтанаты өтеді. Димаш Ахметович өзі қатысады. Шетелдерден қонақтар келеді. Әбділда Тәжібаев баяндама жасайды. Осы тойға қалай да Кенен Әзірбаевты қатыстыруымыз керек. Жібермеген адамымыз жоқ, ол кісі көнбей отыр. Насиқа жеңгей: «Бір көндірсе Мырзатай ғана көндіреді. Жамбыл қартайғанда: «Кененнің үнінен басқаны ұнатпаймын», дейді екен. Сол айтқандай, бүгінде Кенен Мырзатайдың сөзінен басқа кісінің сөзіне құлақ аспайды» – депті, саған сеніп отырмыз, шырағым, барып, көнсе ертең Кененді Алматыға алып кел, – деді.

Содан не керек, өзім бастап барып, Кенекеңді Алматыға алып келіп, Төрткеннің үйіне түсіріп, ертеңіне Асанбай Асқаровқа кіріп баяндадым. Асекең қатты қуанды. Орталық партия комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі Михаил Есенәлиевке телефон соғып, тойға шақыру билетін алдыртты.

– Кенекең бірінші қатардың 12-орынында отырады, сен екінші қатардың 2-орынында, ол кісінің артында отырарсың, – деп түсіндіріп, қолыма шақыру билетін берді.

Маусымның 9-ы күні Республика сарайында салтанат ашылды. Біз сахнаға кешігіп жеттік. Жұрт жайғасып, Димекең салтанатты ашып, Әбділда Тәжібаев баяндама жасап жатыр екен. Өзі денелі, буындары тырысып қалған, өліп-тіріліп Кенекеңді сахнаға сүйреп шыққанымда, Жамбыл тіріліп келгендей, Кененді көрген жұрт түгел орындарынан тұрып қол соқты. Алғашында президиумдағылар не болғанын түсінбей қалды. Еңкеңдеп, ентігіп келе жатқан ақынды көргенде олар да түгел түрегеліп кетті. Бірінші-екінші қатардың арасымен сүйрелеп келемін. Бәйтеректей боп қол соғып тұрған Димекең:

– Кенеке, ассалаумағәлейкум, қалайсыз, аман-есенбісіз? – деді.

Кімнің сәлем бергенін Кенекең аңғармай қалған тәрізді көрінді маған. Сүйрелеп апарып әйтеуір орнына отырғыздым. Өзім артына отырдым. Орнына жайғасқан соң Кенекең маған бұрылып:

– Әбділда менің келгенімді айтты ма? – деді.

– Айтты, – дедім.

Біраздан соң қанының қысымы көтеріліп, шаршағандай болды. Дәл қасында отыр еді, осыны сезген Асекең:

– Сусын әкеп бер. Үзілісте қан қысымын өлшет, укол салдыр, – деді.

Салтанатты жиналыс аяқталды. Жұрт лап беріп Кененнің қолына жармасты. Мен пәленшемін, мен түгеншемін деп жатты жапырлап. Кенекең

оның біріне де мән берген жоқ , аман-есен тез сахнадан кетудің амалын іздеді.

Сахна төріндегі бір бөлмеге апарып тынақтырдым. Сәл есін жиған соң:

– Димаш көрінбейді ғой, Асанбай да келмеген бе өзі – деді.

– Ойбай-ау, жаңа екеуі де тік тұрып сізге сәлем беріп, аман-есендік айтысты ғой – дедім.

– Ой қу кәрілік, Димашым мен Асанбайымды танымағаным – мені Құдайдың атайын дегені екен. Түбіме жеткен екенсің сен, қу кәрілік, сен кімді оңдырып ең, кімді аяп ең – деп әбден пұшайман болды. Қатты қиналды. Концертке қарамады. Мен ол кісіні Төрткеннің үйіне апарып салдым.

Келесі күні (10 маусым) тойдың жалғасы Жамбылдың ауылында, алма бағының ішінде өтті. Көп үй тігілген екен. Кененді соның ең шеттегі жұпынысына түсірді, біз қасында болдық. Қонақ күткен жалпаңбайлар басшыларымен әлек болып, ақын ескерусіз қалды. Тезекбайды шақыртты да әкесінің тойына құтты болсын айтып, Кенен дәмге де қарамай, Қордайға тартты да кетті. Ұлық көрсе иіліп, шыр айналған қазақ-ай, бүйтпесең қазақ боласың ба деп, көпке дейін айыға алмаған қалың ойдың құрсауында қалдық. Жамбылдың бір өлеңін оқып көрмеген қайсыбір әкімдерге биіктетіп үй тігіліп, қымыз сапырылып, қазы-қарта тартылып, өзді-өзі гу-гу боп жатты... Ал Жамбылды қырық жыл қолтығынан демеп, қасында жүрген, жыры мен сырын ұққан, өзі де тоқсанды алқымдаған Кенен, осылай қатардағы мейман дәрежесінде де күтілмеді. Бұл Кенен Әзірбаевтың аяулы Алматыға, ұлы ұстазының ауылына соңғы рет келуі еді... Абыр-сабыр есі шығып, босқа даурығатын мінезден арылар ма екенбіз...

Көп кешікпей республика жұртшылығы тағы бір жыр мерекесінің – Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығының қамына кірісті...

Таңдамалыларының, әндерінің жинағын шығардық; теле-радио хабарлар үздіксіз беріліп жатты; оқу орындарында, аудандарда, облыстарда ақынға арналған әдеби кештер, жиындар, айтыстар өткізілді, естелік мақалалар жарияланды.

Ақынның 90 жылдығы, өнер жолының 75 жылдығы өзі туып-өскен жерде, Бөлдек тауының етегінде 1974 жылғы маусымның 22-23-інде өткізілді.

Қазақ жері импровизацияның туын тігіп, қанатын жайған жер, ақындықтың бағы жанған жер. Көкшолағы Кененнің дүлдүл болған, өзі қазақ халқына бұлбұл болған, аталы жасқа жеткен, даңқы асқан, аты аңызға айналған заманы еді. Жырдың тойы – елдің, халықтың тойына айналды. 217 үй тігілді. Бәйгеге 172 ат қосылды. Екі күн бойы ұлттық ойындар өткізілді, әншілер тамылжытып ән салып, күй төгіліп, жыр ақтарылып, ақындар суырылып айтысқа шықты. Мұны көзімен көріп, басынан кешкен Кенекең риза болды:

– Қазақ ілгеріде небір айтулы ас берген, мен ес білгелі мұндай той өткен жоқ. Осының бәрін жасап отырған халқыма мың алғыс. Армансыз адам жоқ дейді. Мен армансызбын. Осынша жасқа жеттім, бақытқа

кенелдім, бәрін де көрдім, енді менің арманым жоқ, – деп тебіренгені есімізде.

Халқының пейіліндей кең, жеріндей байтақ, теңіздей терең, тауларын-дай биік, ән-жырдан туған, данадай ақын атамыз Кенен Әзірбаев бәрімізді өзінің саф алтындай таза өнеріне, сұлу келбетіне мәңгі ғашық етіп, ежелгі аңыз адамындай, 1976 жылдың көктемінде 92 жасында Сұлутөрдің етегінде, Қордайдың баурайында дүние салды. Аспан жылап, тау теңселді. Дауыл соғып, ел күңіренді.

Кенен фәни дүниеде мәңгі жасамайтынын білді. Өлерінен екі апта бұрын Төрткенге «Қалады-ау» деп атын қойып, әніменен ең соңғы мына өлеңін жаздырды.

Қайран елім, туған жерім,
Ажал жетсе қалады-ау.
Қара көрге, қатты жерге,
Халқым шулап салады-ау.
Жалғыз көйлек, еншім тимек,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Есіл тәнім, салтанатым,
Жер астында қалады-ау.
Қырғыз, қазақ, Абақ, Тарақ –
Ардақты елім қалады-ау.
Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ,
Керей, Уақ қалады-ау.
Әлім, Адай, Жағалбайлы, –
Саңлақты елім қалады-ау.
Алшын, Жаппас, Тама, Табын –
Жан-жақты елім қалады-ау.
Албан, Суан, бірге туған
Қалың Дулат қалады-ау.
Шапырашты, Ысты, Ошақты,
Сарыүйсінім қалады-ау.
Ботпай, Шымыр, Сиқым, Жаныс –
Бауырларым қалады-ау.
Жарлықамыс, Қасқарауым,
Ораз, Бұхар қалады-ау.
Солтанкелді, Бөкен бауырым,
Сатый-Ботый қалады-ау.
Сыбаға алып, есіне алып,
Қай бауырым барады-ау.
Жарым, балам, іні-аға,
Жора-жолдас қалады-ау.
Ақ домбырам, қағаз-қалам
Серік болған қалады-ау.
Қимас достар, тең құрдастар,
Кәрі-жастар қалады-ау.

Бірге жүрген, ойнап-күлген
Замандастар қалады-ау.
Қала-дала, сай мен сала,
Жүрген жерлер қалады-ау.
Тау мен тастар, тартқан көкпар,
Әріптестер қалады-ау.
Сыңғыр қаққан, сырын айтқан
Күміс бұлақ қалады-ау.
Жалғыздығың, шықпас үнің
Тап сол жерде болады-ау.

Кенекең болмыс-бітімі де, жүріс-тұрысы да бөлек, табиғи дарын-таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың шыңындай ойы да биік, бойы да биік, әсем үнді, ділмәр тілді, мінезге бай, қонақжай, ерекше жан еді. Кенекең ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен, аққудың қанатындай әдемі, әппақ жібектей сақалымен, бәйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін. Қайран ақын мәңгілікке көз жұмды, артына өлмейтін, елімен бірге мәңгі жасайтын байтақ мұра, өнеге қалдырды. Кененді ақындар – жырында, әншілер – әнінде, күйшілер – күйінде жоқтады.

Ұлылардың, сал-серінің соңы еді. «Шаруа түбі – кеніш, саудагер түбі – борыш, таздың шашы – сұйық, серінің арты – ұйық» – деп отырушы еді жарықтық. Әкемдей болып еді, аялаушы еді алақанымен. Құшағына алып маңдайымнан иіскегенде жұмаққа кіргендей болушы ем. Апта көрмесе сағынып, мені де іздеп отырушы еді. Той өткен соң үш-төрт айдай келе алмағанымда «Мырзатайға» деп әні мен сөзін шығарып, маған мына өлеңді арнаған еді.

Сағынып сәлем жаздым Мырзатайға,
Жігітсің сөзге шешен, тілің майда.
Қормалы, қорғаушы боп ақындарға,
Маған да көп еңбек қып тиді пайдаң.
Өз жүзің көрсеткендей өз келбетін
Баласың алтын сөзді, асыл айна.

«Түтпейді түбі бірге», – деген халық,
Таныттың өнерімді көп жамайға.
Тілектес боп өзіңе бата беріп,
Отырмын өзің көрген жайлы жайда.
Келін мен балаларға менен сәлем,
Еңбегің маған сіңген кетпейді ойда.
Сәлемді той өткелі бермей кеттің,
Қарағым, өкпең бар ма, кеттің қайда?
Отырмын нардай шөгіп бір орында.
Тағдыр мен кәрілікке бар ма айла?

Тілектес аман-есен жүргеніңе
Отырған Кенен атаң терең ойда.

Бұл әнді де Кененнің аузынан жазып алған – Төрткен.

Атамызды бүгінде бәріміз де аңсаймыз, сағынамыз. Өзін де, үнін де, «шырағым» дейтін сөзін де аңсаймыз. Нұры пейіштің төрінде шалықта-сын жарықтықтың.

Кенен Өзірбаев – өмірде де, өнерде де қайталана бермейтін құбылыстардың бірі, сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы тұлға; жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шешен әрі шежіреші. Ол Қордайдан түлеп ұшқан жыр қыран еді, әндегі импровизацияның тамаша үлгісі еді, терең сөздің тұнбасы еді. Оның байтақ мұрасы халқымыздың биік эстетикалық мұраты ретінде ұрпаққа үздіксіз қызмет ете береді, ұлы Жамбылдың есімімен егіздің сыңарындай бірге аталатын болады, халық поэзиясының айы мен жұлдызындай бірге жасайтын болады; жыл өткен сайын арман, құдірет, аңыз адамына айнала береді.

АСТАНА,

«Егемен Қазақстан», 2004, 16 маусым.

Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ

АМАНАТ

Халық жүрегіне жол тапқан Кенен әндеріне әркім-ақ құштар. Ал оған деген менің ынтықтығым тым ерте басталған екен.

1954-жыл. Әлі мектепке бара қоймаған шағым. Сол жылдың жаз айларында әкем мал шаруашылығы озаттарының республикалық кеңесіне барып қайтты. Ол кезде «Аспара» өзенінің бойында Қасқасу деген жайлауда отыратынбыз. Бүгінгі телевизор түгілі радиоқабылдағыштың өзі малшы ауылдарында бола бермейтін, жұрттың өнерге, сауыққа сусап тұратын кезі.

Әкемнің Алматы сапары жайлауда отырған бір қауым елге үлкен қуаныш ала келді. Оның алып қайтқан мақтау грамотасына мән бере қоймаппын да, оған қоса сыйға берген патефонды көргенде бала жүрек жарылып кете жаздады. Патефонмен бірге екі-ақ күйтабақ бар. Екеуінің төрт бетінде Кенекеннің төрт әні: «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базар-Назар», «Қайран жастық».

Мұндай байлық қолға тиген соң әдеттегі сәскеге дейін ұйықтау жайына қалды, ертелеп мал өргізетін әкеммен бірге тұра сала патефонның құлағын бұрауға кірісемін. Жаңаның қай-қайсысы да дүниені жарып естіле ме, кіп-кішкентай көк патефондағы Кенен ата дауысы бүкіл тау ішін басына көтергендей болып естілуші еді. Сол таңертең басталған төрт ән күні бойы қайталанып, қара кеште бір-ақ тыным табатын. Патефон

«демалған» шақта әкем шауып берген арша домбырамды қолға алып, бірте-бірте Кененнің әндерін өзім айтуға көштім.

Мектепте, сонан соң Жамбыл мәдени-ағарту училищесінде, одан әрі Алматы мемлекеттік консерваториясында оқыған жылдарымда туғалы әлі көрмеген Кенен атамның сол төрт әні менің рухани серігім болды.

1973 жылы консерваторияны бітіріп келген соң, «Алатау» жастар халық ансамбліне қызметке тұрдым. Бұған мен қуанғанда – Кенекең жөніндегі көптен ойда жүрген бір жоспарды орындаудың сәті туған-ақ шығар деп қуанып едім. Ол – Кенен әндерін профессионалды тұрғыда бірнеше дауыспен сахнаға шығару болатын. Бүгінгі жұртқа кеңінен танымал болған, елімізден тыс талай жердің көрермендеріне қол соқтырған домбырашы әншілер триосының дүниеге келуі сол мақсаттан туған еді.

Әуелі өзім тұңғыш естіген «Көкшолақ» әні үш дауыста басқаша нақышпен шықты. Одан кейін «Жетпіс бес», «Сексенге», «Ой бұлбұл», «Домбыра», «Қайран жастық», «Бозторғай» әндері ансамбльдің негізгі репертуарынан орын алды.

Өнер толассыз бұлақ сияқты ғой. Ендігі арман Кенекеңе арнап өз жанымнан ән шығарсам дегенге ойыса берді. Жаманды-жақсылы бірер ән шығарып, оларды жұртшылық қабылдай бастады-ау деген кезде сол ойымды жүзеге асырдым. Бұл Кенекеңнің 90 жылдық тойы қарсаңында еді. Күндіз-түні ұйқысыз сәттер өтіп жатты. Өте-мөте мазалай беретіні – ән тағдырына деген жауапкершілік, күдік.

Ақыры, ән де туды. Оны біреулерге көрсетуге жүрексінгенім соншалық, сөзін де өзім жаздым. «Жығылсаң жығыл нардан» деген ғой. Тәуекел деп, әлгі «Жүз жасаңыз, Кенен ата» деп топқа айтып бердім.

Топ ортасында қазақ өнерінің саңлақтарының бірі, әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиев бар. Менің іштей жалтақтап отырғаным да сол кісі еді. Әнді орындап болған соң төмен қараған күйі көз қиығын оған салып едім:

– Бері кел, бері, – деп жанына шақырды да, қолымды құшырлана қысып-қысып жіберді.

Нұрекеңнің «батасын» алғаннан кейін, әнді Кенекеңнің тоқсан жылдық торқалы тойында жасқанбай айттым. Бірақ абыр-дабырға шаршаған атамыз концертке қарамай ертерек кетіп еді, әнім құлағына шалынбай қалды.

Бірде сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахман Медеуов бастаған бір топ кісі қызмет бабымен Қордай өңірінде болдық та, Кенекеңе сәлем беріп шығуды ұйғардық. Атамыздың қолын алып, амандық сұрасқаннан кейін Р.Медеуов:

– Мына балаңыз Алтынбек деген. Сізге арнап «Жүз жасаңыз, Кенен ата» атты ән шығарған. Тойыңызда елге орындап берген, бірақ сіз ести алмадыңыз. Соны айтып берсе, – деді.

Ақынның іргеде тұрған шағын қара домбырасына ұмтыла беріп едім, Кенекең «қоя тұр» дегендей, әжімді қолдарын жасқағанда іркіліп қалдым.

– Жоқ, айналайын. Сенің әніңе құлақ ауыр, қазір ести алмаймын. Ана балалар, ел естісін. Рахмет, балам. Өркенің өссін! – деді.

«Шіркін кәрілік, адамды құштар дүниесінен де айырады екен-ау» деді Кенекеңнің үйінен шыққанда Р.Мәдеуов.

...Көктемнің сол бір күнінде таң атқаннан-ақ Қордай тауының аспанын бүркеп тастаған қара бұлт қабағын ашпай тұрып алып еді. Кенет күркіреген үн естілді. Маған бұл қарт Қордайдың қарс айрылған жүрегі сияқты болып көрінді. Сонан соң аспанды бүркеген қалың бұлт біртіндеп ыдырап, алаулап, алабұртып аңыраған аналардың ақ жаулығына ұқсап бара жатты да, сорғалап жауа бастады.

«Аспан да перзентіне егіліп кетеді-ау» деген ой кімге де болса келгені мәлім. Бұл Кенекеңді соңғы сапарға шығарып бара жатқан кез еді.

...Осы жақында Кенекеңнің жүз жылдығына байланысты облыстық ақындар айтысы өтіп еді. Сол жиында Кенекеңнің аманатын орындауды ойлап, жұртшылық алдында ақын атамызға арналған әнімді орындадым. Бірақ, бұрынғы ән емес, ақын Жақсылық Сәтібековтің сөзіне жазылған «Сағындым Кенен атамды» атты жаңа туынды еді.

«Социалистік Қазақстан», 26.06.1984 ж.

Аяз БЕТБАЕВ,
ақын-термеші

КЕНЕКЕҢНЕН БАТА АЛФАМ

Мен Кенен атамызды бірінші рет Ленин ауылында 9 сыныпта оқып жүрген кезімде көрдім. Ол кісіні Досжан атам қой сойып, ерекше құрметпен қарсы алды. Қасына қордайлық ақын Есдәулет Қандековты ерте келіпті. Қонақтардың қолына су құйып, батасын алдым. Ол кезде жәй домбыра тартып, әнге әуестігім болмаса, ақындық жолды таңдау түсім тұрмақ ойыма да келген емес. 1960 жылы мектепті бітірген соң Аңырақай совхоз-техникумына оқуға түстім. Осында Кенен ауылының жігіті Мырзабек Сүттібаевпен жатақханада бірге тұрып, Кенекеңнің мекеніне жиі барып тұрдым.

Әйтсе де, техникумнан алған мамандығымды өмірлік кәсіп еткен емеспін. Әнге деген құмарлықтан ба, әйтеуір 1970 жылы аудандық мәдениет бөліміне автоклуб меңгерушісі болып орналастым.

Биыл Жамбыл бабамыздың 125 жылдығы. Осыған орай облыс бойынша жергілікті ақындар айтысы өткелі жатыр. Аудан атынан сол айтысқа қатыссаң қайтеді, – деді аудандық мәдениет бөлімінің сол кездегі меңгерушісі Әуесхан Садыров. Мен айтыстан тәжірибемнің жоқтығын, жүрексінетінімді айтып, қанша қашқақтасам да, ақыры қатысуыма тура келді.

Нәтиже жаман болмады, біраз ақындармен тұңғыш рет үзеңгі қағысып, үшінші дәрежелі Диплом, домбыра алып қайттым. Осындай құрметке ие болғанда төбем көкке жеткендей қуандым. Бұл қуанышыма бірін-

ші ортақ болып құттықтаған, ақындық өнерімен бұрыннан көпшілікке белгілі марқұм Ақшатыр Іңкібаев ағамыз болды. Ол кезде Ақаң облыстық «Еңбек туы» газетінің Шу, Мойынқұм аудандары бойынша меншікті тілші еді. Аудан орталығы – Михайловкада өткен облыстық іріктеу айтысы аяқталысымен оған төрағалық еткен облыстық мәдениет бөлімінің бастығы Рахманқұл Медеуов шақырып алып:

– Аяз бойыңда ақындық өнеріңнің бар екенін байқадық.

Енді қордайлық Кенен Әзірбаев атамыздың 90 жылдығын атап өткелі жатырмыз. Қазылар алқасының мүшелерімен ақылдаса келе, ол тойдың беташарын өзіңе жүктемекшіміз, оған қалай қарайсың, – деді. Мұны өз құлағымен естіген Ақшатыр ағамыз Кенен ата ауылында талай болса керек.

– Тойға дейін әлі уақыт көп, оған дейін ол кісінің алдына бір ертіп барайын, таныс, батасын ал, – деген-ді.

1974 жылы тойдың сәл алдында әлгі сөзінде тұрып, Ақшатыр аға мені Кенен ауылына ертіп барды. Ескі таныстар екен, Кенекең мен Ақаң шүйіркелесіп кетті.

– Ақшатыр, редакцияң орнында ма, өздеріңе «Жамбыл жыры» атты дастанымды тапсырып едім, оның тағдыры не болды екен? – деді, амандық-саулықтан кейін дастарқан үстінде.

– Ол дастаныңыздан алынған үзіндінің алды екі-үш номерде жарық көрді, әлі жалғасы бар, – деді.

– Балам, қай ауылдансың, деді Кенекең маған Ақшатырмен ілесе келгенімді білгісі келіп.

– Жидебай, Сауытбек ақындар аулынанмын, – дедім.

Бұдан кейінгісін Ақаңның өзі жалғастырып, мен туралы айта бастады.

Ол кісіге «Бұлбұлға» және тағы басқа да өз әндерін және өзімнің «Арнау» өлеңімді орындап бердім. Сүйсіне тыңдағанына қарағанда ұнаған сияқтымын.

Әнің мәнді екен,
Сөзің дәмді екен.
Сәлем берсең,
Бағың жансын
Өнерің жалындасын.
Өнер – өмір қиын жол,
Кейде сүрінесің,
Кейде қабынасың,
Бірақ, талмай ізденсең,
Халыққа таныласың.
Әумин, қабыл болсын!

– деп Кенекем ақ батасын берді. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді» деген нақыл сөз бар емес пе? Кенекеңнің ақ батасы менің өнер жолыма жұлдыздай жарық берген сияқты.

Кенен ақсақалдың 90 жылдығы тойына барардың алдында ауылымыздың ақындары, өзім ұстаз тұтып жүретін Смайыл Қалипанов, Сұлтан Кенбаев, Құрманқұл Кішібаевтың алдынан өтіп баталарын алдым.

Шын жүйрік қою шаңға тұншықпаған,
Ешқашан шашасына кір жұқпаған.

«Бұлақ көрсең көзін аш»

– деген мәтел бар. Өнердің біз шықпаған шыңына жет, – деген-ді маған берген батасында Құрманқұл аға.

Бұл үлкен аруақты адамдардың ақ тілегін еш уақытта да жадымнан шығармаймын, ол жігеріме жігер қосып, өнердің биік шыңына жетелей түскендей. Талай – талай айтыстарға қатысып, теледидар, күйтабақ, радио арқылы халқыма таныла бастадым. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағына ие болдым. Қазақстан ақын – жыршылары Одағының мүшесімін.

Бұрын ұстаздарды іздеп, олардан өнердің қыры мен сырына қанықсам, арада біршама уақыт өтіп, өзім де ұстаздық етуге жарап қалған екенмін. Қазір аулымызда, ауылдан тыс басқа жерлерде өтіп тұратын ақындар айтысында додаға түсіп, өнерін шыңдап келе жатқан шәкірттеріміздің бірі Базарбай Асқаров. Оның Кенен атамыздың 110 жылдығына арналған өлеңін газет бетіне жариялау артық болмас деп ойлаймын.

КЕНЕН АТАҒА

Өтті ғой қой күзетіп әрбір таңың,
Күңіретіп кен даланы ащы зарың.
Жарымай киер киім, ішер асқа,
Байларға жалшы болып бақтың малың.

Қиналып мұңға батар күніңіз де,
Өмірің өзек болды әніңізге.
Шырылдап бозторғай да төңіректеп,
Шырқырап үнін қосты үніңізге.

Өзгермей тұрмайды екен өмір мүлде,
Ел болдық егеменді осы күнде.
Жалғассын өнер жолың ұрпақтармен,
Жұлдыздай жарқырайсыз күннен-күнге.

Ұстазым жыр алыбы Жамбыл деп ең,
Ел үшін егіз есім Жамбыл – Кенен.
Бата алған өзіңізден Аяз ақын,
Келемін ұстаз тұтып жолыменен.

Көтерген ел мерейін Кенекем-ай,
Тасыған дариядай берекем-ай!
Әнімді артыңа бағыштадым,
Жүз он жыл құтты болсын мерекең-ай.

Шу өңірі, 2 декабрь, 1994 ж.

Несіпбек ДӘУТАЕВ,

*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, прозашы,
республикалық әдеби сыйлықтың бірнеше дүркін жүлдегері*

ҮШ БӘЙТЕРЕК ІШІНДЕ МЕН БІР ШЫБЫҚ

1971 жылы қыркүйек айында болу керек, түс әлетінде біздің үйге сол кездегі ауылдық кеңестің төрағасы, марқұм Шаймұхамбет Алқамбаев кіріп келді. Бол, тез, – деді ол енгігіп: – Ағаң келіпті, сені тап деп жатыр.

– Қай ағам? – деймін таңғалып.

– Екейбай ағаң.

Семей облысының атқару комитетінің төрағасы Екейбай Қашағанов туралы, әрине, естуім бартын. Өйткені, оның да, менің де кіндік қанымыз тамған жер – Иірсу, руымыз бір. Оның үстіне ол жалпы біздің елден шыққан бірден-бір партия және мемлекет қайраткері.

Жас емеспін бе, біртүрлі қобалжыдым. Бірақ, амал жоқ бару керек, ұят. Машина әп-сәтте бізді Әлімбаев дейтін атамыздың үйіне алып келді. Жолай Шәкеңнен Екейбай ағамыздың жанында Қордай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы В.Кравчук, аудандық атқару комитетінің төрағасы Ә.Жүргенов, Калинин атындағы колхоздың төрағасы Р.Қашқынов, Георгиевка совхозының директоры Р.Әлімбаев, Киров атындағы колхоздың төрағасы Ә.Мәжінов және Ленин орденді ардагер атамыз Шәрәпи Жылыбаев бар деп естіп алғам.

Ол кезде суырып салып өлең айтып, аудандық, облыстық айтыстарға қатысып жүрген кезім. Екейбай аға төрде отыр екен. Мені құшақтап, арқамнан қағып, әуелі үй-ішінің жағдайын сұрады.

Кененді айтпағанда, Шолпанқұлдан (Кененнің соғыстан қайтпай қалған шәкірті) кейін құдай қолдағанда біздің Қасқараудан туған ақын осы бала, – деп Шәрәпи атам желпініп отыр.

Не керек сол жерде суырып салып біраз өлең айттым. Сонан бәріміз Кенен атамыздың үйіне келдік. Кенекең елге жолы көп түсе бермейтін інісінің, Шәрәпидей туысының ауылға келгенінен құлағдар болса керек, дастарханын жайып, ет жақын біраз адамдарды, таяуда марқұм болған шәкірті Асылқұл ақынды шақыртып күтіп отыр екен.

Аман-саулықтан соң, әсем ән мен тәтті күйге бөленген әдемі бір әңгіме басталып та кетті. Бір ауылда туған үш бауыр – қазақ ауыз әдебиеті-

нің соңғы сүлейі Кенен Әзірбаев, ең қысталаң шақтарда ел-жұртқа пана болған, аты Жетісуға белгілі Шәрәпи Жылыбаев және үкімет мүшесі Екейбай Қашағановтың мына бас қосулары маған үлкен әсер етті. Бәлкім, олардың өздерінде де сондай бір толқу болған шығар, өйткені, ағыл да тегіл ақтарылып отырды. Кенекең ән салмай, құлаққа жағымды бір қазақы мақаммен ұзақ термеледі. Кешегі ел шетіне жау келгенде жалаң қабат сауыт киіп, жан алып, жан берген Өтеген, Жолбарыс, Қордай батырлар, ақылы кең, ойы дәрия Олжабай, Бектенбай, сөйлесе аузымен құс тістеген Кебекбай, Ноғайбайдан қалған мына жалғанның озғаны мен тозғаны, басы аман, балтыры сау кездегі пенде шіркіннің ала ауыздығы, адам ғұмырының мәні жайлы көсілген көсем көңіл, ұзаққа шапса кешке озған мына жыр дүлдүлдің, қасиетті қара шанақтың жамбылдығы, кенендік дәстүрін ұрпақтар ары қарай жалғап кетсе жақсы, өзімен тұйықталып, соңымыз өңшең бәкене ойлы, байлаусыз сөзді бақа-шаянға айналса қайттік дегенді меңзеп шамданып шымырқанып отырып алды. Осыдан кейін барып қана кең тыныс алып, жүректің қуатын асқақ әндер әуелеп әкетті. Дүние «Бозторғай» болып шырылдап, «Көкшолақ» болып тебініп, «Базар-Назар» болып аңырап, «Ойжайлау» болып еркелеп жатты. Сұрапыл дауыс, сұңғыла әуен адамның қызығын, қуанышын, қайғы-мұңын алма-кезек ақтарып айтып, аласұрып жатты. Мен шынымды айтсам Кененді, Кененнің әнін де дәл осы жолы таныдым. Рас, біз атамызды көріп өстік. Бала кезімізде нардай жирен қасқа атын жайнаңдатып мектептің жанынан өтіп жүретін. Кейін бой түзеп, жігіт бола бастағанда баласы Бақытжанмен улап-шулап үйіне баратынбыз. Қызыл арақ, ал кейде ақтан да тартып жіберіп аузымыздан шыққан екі-үш ауыз өлеңнің буына ісіп-кеуіп жүрген кез. Қызды-қыздымен шалға да аздап шампан ішкізіп қоятын едік. Соған мәз болдық. Атамыздың әніне, жырына соншалық ден қоймадық...

Кенекең әнін тоқтатып Асылқұл марқұмға иек қақты, одан соң өлеңді мен айттым. Отырғандар маған өлеңді ұзағырақ айтқызды. Ақыр соңында Екейбай ағам: – Кенеке, – деді – Мұхтар Әуезовке француздың атақты әдебиетшісі Луи Арагон дегеннің айтқан бір әңгімесі еске түсіп отыр. Ол Мұхтарға, сен советтік шығыс қана емес, күллі шығыстағы ұлы суреткерсің, алайда, шәкіртсіз ұстаз тұл, қане айтыңызшы, сіздің шығыста өзіңізден кейін туып келе жатқан жұлдыз бар ма? – деп, сұрапты. Осыдан кейін Мұхтар жан-жағына ылғи сергек қарап, ақыр соңында шолпандай жарқырап келе жатқан Шыңғыс Айтматовты тапқан. Ал мына сіз де талантты шәкірттер бар ма?

Кенекең ұзақ ойланып барып жауап қатты.

Шәкірт мына Асылқұл ғой. Бірақ, өмірінің ең қуатты кезін серілік-перілікпен өткізіп алды. Енді міне ұлы бәйгеге бабы келмейді.

Мына бала туралы не айтасыз? – деп Екейбай аға шалдың назарын маған аударды. – Кім білсін... Ақын екені рас. Өттең дауысы баяу. Сонысына намыстанып өлеңді бара-бара айтпай қоюы, ақырында мүлде тастап кетуі мүмкін, – деп тағы біраз отырды да:

– Бірақ түбі осыдан бірдеңе шығады, – деді.

– Ойбай, онда бата бер, – деп Шәрәпи атам жабыса кетті. – Кенеке, қане...

Ия, сол жолы мен Кенен атамның, ұлы өнерпаз адамның батасын алған едім. Қарт қыран бата берді, қалғаны тілек тіледі. Әйтеуір бәрі де алып ақын болса деп көкседі. Бірақ амал не, мен ақын болмадым.

Екейбай аға зейнетке шыққан соң, Алматыға көшіп келіп, Қазақстан Жазушылар Одағында әдебиет қорының бастығы болып біраз істеді. Одаққа барған сайын сәлем беріп шығатын едім, сонда ол:

Кенекең сенің өлеңді тастап кететініңді айнытпай біліпті-ау, адамның алдағы күнін ұлы дарын сірә, дәл болжайтын шығар. Дегенмен, ақындық жолдан тайсаң да жазушы болдың ғой, соған да шүкір... Шалдың әруағы, менімше разы, – деп өзін де, мені де жұбатқандай болды.

Бүгін Кенекеңнің үйінде бас қосқан сол Екейбай аға да, Шәрәпи атам да және басқа біраз азаматтар бұл дүниеде жоқ. Кенен Әзірбаевтың да пәніден өткеніне 18 жыл. Қалғаны сол азаматтардың жақсы аты, жарқын бейнесі. Бір ауылдың үздік үш арысының бірінің атымен мектеп, бірінің атымен туған ауылы мен аудан орталығындағы көше аталады. Ал Кенекең болса бүкіл қазақ даласында ән мен жырдың ұлы жүрегі болып соғып тұр. Осындай адамдармен ауылдас, қандас, дәмдес болғаным үшін бақыттымын. Сосын үш бәйтерек ішінде мен бір шыбық екенімді жиі ойлаймын.

*Қордай жаңалықтары,
1994 жыл, №11, 10 маусым.*

Қонысбай ӘБІЛ,
Қазақстанның Халық ақыны

АЛАТАУДАЙ АСҚАҚ АҚЫН

Көзіңді ашып-жұмғанша атылған жебедей зулап өте шығатын жүйрік уақыт-ай... Жақында теледидардан қазақтың ақиық ақыны, күмбір кеуде композиторы Кенен Әзірбаевтың туғанына 125 жыл толуына әзірлік жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы хабарды естігенде, жоғарыда айтылған теңеудің ақиқаттығына тағы да көз жеткіздім.

«Мен едім Кенен ақын Қордайдағы...»

Әруақты бабамыздың 100 жылдығының халық тойы деңгейінде кеңінен аталып өткені есімізде. Сол бір дүбірлі думан қазақтың «Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ» деген сөздерінің айқын айғағындай болып еді-ау. «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» дегендей, республикалық деңгейде қатысқан тұңғыш аламан бәйгем болғандықтан ба, Кенен атаның мерейтойы құрметіне өткізілген ақындар айтысы менің жадымда мәңгілік жатталып қалыпты. Ойлап отырсам, оның бірнеше салмақты

себебі бар екен. Біріншіден, жариялылық жаңа күш алып келе жатқан, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, тарихымызды танып, асылдарымызды ардақтай бастаған кезең болатын. Екіншіден, ауыз әдебиетінің ақберен жанры – айтыс өнерінен халқымыз қырық жыл көлемінде көз жазып қалып, шынайы сөз сайысына шөлдеп жүрген кезі еді. Сонымен қатар ол жылдары бәйге сыйының аздығына емес, тойдың мазмұнына ерекше мән берілетін. Соның арқасында дүниеге қызығып, пейілі бұзылмаған ақындар да бір-бірін алақанға салып отырып айтысатын.

Қазіргі заманда, аруақтары кешірсін, кейбір тұлғаларымызға арналған мерейтойлар маған үлкен қонақасы секілді әсер етеді. «Пәленшекеңнің тойында айтысқа 3 мәшине, ат бәйгесіне 5 мәшине тігіліпті» деген әсіре әңгімелерді естігенде, қайран Абай бабамыздың: «Еріншек, бекер мал шашпақ» деп ашына айтқан сөздерін еске алып, еріксіз қынжыласың. Оның үстіне сол көлікті қайтсе де алуды мақсат еткен айтыскер бауырларымыздың бір-бірінің көңіліне қарамай, көрместей болып айтысатындары да жүрегінді мұздатады.

Менің Кенен ақын шығармашылығымен таныстығым мектеп қабырғасында басталған. Кейін Семей қаласына мал айдап баратындарға бас-көз боп кеткен әкем сол сапардан Кенен Әзірбаевтың таңдамалы өлеңдер жинағын ала келіпті. Сол жыр кітабы маған Кенен деген кемел әлемнің кілтін қолға ұстатып еді. Ел арасына кең тараған әндерін өзімдей домбыраға қосып айтатынмын. Кенендей ақын, Кенендей әнші, Кенендей композитор жоқ деп есептеуші едім. «Көкшолақты» айтқанда қатарынан қорынған бозбаламен қосыла күйінетінбіз, «Ақ ешкіні» айтқанда қос құлынынан айырылған әкемен қосыла жылайтынбыз, «Қайран жастықты» айтқанда жалғыздықтан жапа шеккен қариямен қосыла күрсінетінбіз.

Сол «Алатау шыңы» жинағын біздің шағын ауылдың адамдары қолдан-қолға тигізбей түгел оқып шықты. Кенекеңнің өмірбаяндық өлеңдерін бір-біріне жыр қылып айтып беріп, қызықты оқиғаларына шын көңілден риясыз күлетін. Жамбыл бабамен бірге жүрген әңгімелерін оқығанда, жыр алыбымен дидарлас, таңдайлас болған Кенен атамыз қандай бақытты деп қызығатынбыз.

Халық үшін сайра, тіл,
Жырға қылыш қайра, тіл.
Жұртым көрсін пайдаңды,
Өнерінді сайла, тіл,

– деген шумақтары өнер құдіретін, ана тілдің абыройын асқақтата түскендей болатын.

Ұлытауда ұлармын,
Саялайтын шынармын.
Өлгенімше Отанды
Жырлағанға құмармын,

– деп ағынан жарылса, сол сертінде тұрды.

Өлгенде тынар домбыра,
Бұлбұлдың тілі қатқандай,

– деп өзі айтпақшы, ақын өмірден өткенмен, қасиетті қара домбырасы ілулі тұрып тозбай, ұрпағының қолында біреуден-біреуге көшіп, Кенен сазын жалғастырып келеді.

Сол бір қиялымды аспандатып, көкірегімді күмбірлеткен Кенен ақын жырларының әсерімен:

Аман бол, Кенен ақын Қордайдағы,
Мен де бір талапкермін Торғайдағы.
Жүрегі ән мен жырға бай болғанмен,
Жоқшылық заманында қол байлады.
Қазаққа бұлбұл болған атамыздың,
Өнер боп басымызға қонғай бағы,

– деп жазған екенмін.

Жүрегімді жарып шыққан осы бір жолдарды жазып отырғанда тура он жылдан кейін Алатаудың баурайын дүбірге бөлеген Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына қатысамын, сол бір жыр бәйгесі бүкіл өміріме түбегейлі бетбұрыс жасайды деген ой үш ұйықтасам түсіме де кіріп шықпаған болатын. Осыдан кейін ақын атаның қасиетіне қалайша бас имессің...

«Өнердің бір биігі айтыс деген...»

Сонымен 1984 жылғы маусым айының орта шенінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған 32 ақын тізелері дірілдеп «Алматы» қонақ үйінің табалдырығын аттап жатты. Сол кезде ешкім атын біліп, түсін түстемейтін жас талапкерлердің кейін бүкіл өнерсүйер қауымның көзайымына айналарына да сену қиын шығар-ау...

Бәрін айт та бірін айт, айтысқа кешегі Жамбыл, Кенен, Иса, Нұрхандардың көзін көріп, сарқытын ішкен Манап Көкенов пен Көкен Шәкеев те келген болатын. Жас ақындар оларға сәлем бермек түгілі жанына жақындауға жасқанып, сырттан көргеніміздің өзіне мәзбіз.

Халықтың сол кездердегі айтысқа деген ықыласы да ерекше еді. М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының маңы үш күн бойы қарақұрым халыққа толы болды. Маған театрдың ішінде отырғандардан кіре алмай сыртта жүргендері көбірек секілді көрінді.

Сонымен көпшілік асыға күткен жыр додасы да басталды. Айтысқа қатысушы ақындарды халық ақыны Манап Көкенов өлеңмен құттықтады. Мәкең сөздерін төмен қарап отырып айтатын, көздерін қабағы жауып тұратын сарша кісі екен. Дауысы басында қарлыға шыққанмен, келе-келе ашылып, тазара түседі екен. Ойнақы мақамы мен қимыл-қозғалысының өзінде кісіні өзіне үйіріп алатын бір тартымдылығы бар. Еріксіз езу тартқызатын әзілі қандай әдемі!

Жыр шашуын аяқтап, терін жүре сүртініп сахна сыртына беттеген Манап аға қолындағы бет орамалын қарсы жолыққан жас ақындардың біріне ұстата салды. Оның кейін жұрттың бәріне көрсетіп мақтанатынын, сол шағын орамалды мұражай жәдігеріндей сақтап қоятынын дәл сол сәтте ойламаған да болар...

Сөз сайыстарының ішінде ерекше есімде қалғаны Көкен Шәкеев пен Хайдар Манаповтың айтысы болды. Көкен аға ақындық қарымымен де, танымдық деңгейімен де қарсыласынан оқ бойы озық отырды. Оның арқа қоздыратын домбыра қағысы да, асқақтаған дауысы да ешкімге ұқсамайтын бөлек құбылыс болатын.

Қабырғаға соғылған бұршақ құрлы,

Салмағын сөздеріңнің сезінбедім, – деп шүйілгенде, «Апырай, ел алдында адамның аузына мұндай теңеу де түседі екен-ау!» – деп таң қалғаным әлі есімде.

Көкен ақын қыза-қыза келе:
Май шықпас қара судан қайнағанмен,
Қамшылап өз-өзіңді айдағанмен.
Арқауы адамзаттың алтын астық,
Қызылшаң нан болмайды шайнағанмен,

– деп қайырғанда әр сөзін кесек-кесек турап отырған ақын ағамның аузынан от шашырағандай әсер еткен.

Жүйріктердің шабысын көрген сайын көңілдегі қобалжу үдей түсті. Ақыры төзім таусылып, бойда намыс оянғанда әлгі күмән-күдіктің бәрі ширығуға келіп ұласады екен. Сондықтан болу керек, кеше жүрексініп жүргендердің көбі сахнаға тезірек шықсақ екен деп құлшына бастадық.

Сырттай табынып жүрген тұлғаның Алты Алашқа сауын айтқан асына келгенде кеудемде бұғып жатқан құрметім мен сүйіспеншілігімді бірер шумақ арқылы қалай жеткізерімді білмей қиналдым. Өйткені, алғашқы кезекте халықпен сәлемдесуің керек, өзіңді таныстыруың керек, қарсыласыңа ізет білдіруің керек, сонда мерейтой иесіне арнау айтуға уақытың да жетпейді-ау... Осыларды саралай келе Кенен атаға айтар сөзімді екінші кезекке қалдыру керек деп шештім.

Қызықтың көкесі айтысқа шыққан кезде басталды. Бірінші кезегім аяқталуға таяу, той иесі туралы бір ауыз сөз айтылған жоқ. Көпшіліктің менен осы тақырыпты тосып отырғанын бүкіл жан-тәніммен сезіндім. «Елдің көңілін қалдырып алдым ба» деген ойдың оралуы мұң екен, маңдайымнан суық тер бұрқ ете қалды. Алайда алдын ала қабылдаған шешімімді өзгертпеуге бел будым.

Екінші кезегімді:

Ассалаумағәлүкүм, Кенен ата!
Қашанда биік еді төбең, ата.
Басында Сізге арнап сөз бастамай,
Кетті ме бір қателік менен, ата?!

– дей бергенімде, «Манадан күтіп отырғанымыз осы еді ғой» дегендей көпшілік ду ете қалып, аямай алақан соқты. Соған қанаттанған мен де:

Тойларға тұлпар мініп бармап едің,
Жоқтықты «Көкшолақ» деп қарғап едің.
Шырылдап кеудеңдегі «Бозторғайың»,
Қосылып «Ақ ешкіге» зарлап едің.
Теңелдің жаңа заман кезеңінде,
Сөзіңді айта алдың кезегінде.
Кешегі Көкшолағың дүлдүл болды,
Ал өзің бұлбұл болдың өз еліңде,

– деп жалғап ала жөнелдім.

Ол кезде айтысатын ақындар алдын ала бір-біріне қонаққа барысып, елімен-жерімен танысатын. Қостанайдың облыстық тарихи-өлкетану мұражайын аралап көргенде, бір нәрсеге қайран қалдым. Мәскеу маңында соғысқан, тың көтерген ардагерлердің бай жәдігерлері бар да, Бейімбет Майлин, Сапарғали Бегалин, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов секілді қазақ әдебиеті классиктері мен ұлттық өнер жұлдыздарының суреттері де жоқ екен. Бұл сол кездегі ұлтқа қарсы қолданылған солақай саясаттың салқыны болғандықтан, бір облыстың ғана кемшілігі емес, бүкіл халықтың намысына тиетін осы жай туралы айтпай-ақ қояйын, айтсам өзімнің де өзегім өртенсе, қинала отырып жеткізбекші болып, «Әй, әй, әй», – деп қайыратын иірімдері бар арнайы мақам шығарып, дайындап қойғанмын.

Айтысып болған соң театр ішін аралап жүрсем, кездескендердің бәрі: –Әне, «Әй-әйді» қара! – десіп, сыртымнан ат та қойып алыпты. Сол күні кешке «Вечерняя Алма-Ата» газетінің тілшісі бөлмеме телефон шалып: «Мен ұлтым басқа болғандықтан сөздеріңізге түсіне алмадым. Бірақ Сіз «Әй-әй» деп басыңызды шайқап-шайқап жібергенде жұрт жапырыла қол соқты, сонда не туралы айттыңыз?» – деп сұрады.

Мен оның себебін тілім жеткенше түсіндірген болдым. Бірақ іштей: «Ойда жоқта шыққан мақамым көпшіліктің көңіліне ұнаған тәрізді, сондықтан алдағы айтыстарда осы әуеннен айнамайын», – деп шештім.

Сонымен аруақты атамыздың мерейтойына ешкім атын біліп, түсін түс-темейтін көп талапкердің бірі болып келіп, халқы қастерлеген тұлғаның шапағаты арқасында көпшіліктің назарына ілігіп, «Әй-әй, ақын» деген атақ не болып қайтып едім...

«Ән мен жырдың кені екен»...

Шындығында Кенен атаның 100 жылдық тойы нағыз өнер мерекесі болып өтті. Ұйымдастырушылардың да көптің көңілінен шығуға барынша күш салғандықтары айқын аңғарылып тұрды. Ақындар айтысы арасында орындалатын жыр, термелер мен күйлер де бірінен бірі өтеді. Жер-жердегі өнерпаздарды жібектен жіп суырғандай қылып таңдап шақырғандары байқалады.

Маған айрықша ұнағандардың бірі – Елубаевтардың отбасылық ансамблі еді. Сегізінші сынып оқушысы Нату Елубаевтың ата-анасымен қосылып салған әндері көпшілік көңілінен шықты. Жалпы бізде отбасылық ансамбльдердің өмірге келуі кеңес заманы кезіндегі жаңалықтың бірі ретінде насихатталады. Ал Елубаевтардың мысалынан қарасақ, бұл бастаманың тамыры әріде жатқанын байқаймыз.

Бұл ансамбльдің басты ерекшелігі тек ән айту өнері ғана емес, домбырада орындаушылық шеберлігі де біз үшін бұрын кездеспеген үрдіс. Арнайы шектің көмегімен домбыра шанағында дыбыс тербелісін жасаулары кімді болса да таң қалдырары сөзсіз.

Ал тараздық тарлан күйші Әбдімомын Желдібаевтың сахнаға шығуы көрермендер арасында серпіліс туғызды. Оның халықтың жүрегіне жол тапқан «Ерке сылқымын» көпшілік күй сазымен бірге тербетіле отырып тыңдады. Бұлардың барлығы кезінде Жамбыл мен Кенендер жалындатқан өнер отының өшпестігіне дәлел болса, Шығыс Қазақстаннан келген 4 жасар Бақытжанның әкесі Беделбек Әбілмәжіновпен қосыла күй шертуі осы ұлы өнердің өлместігінің айғағындай.

Шымкенттен келген әнші Татьяна Мартыненконың халық әні «Қызылқұмда ауылымды» нақышына келтіре орындағаны көпшілік көңілінен шықты. Басқа ұлт өкілінің әннің қазақша мәтінін таза айтумен қатар:

Сезіп қалса шешесі,

Сарт еткізіп ұрады-ау, – деп қимыл-әрекетіне дейін дәл келтіруі риза болған көпшілікті күлкіге кенелтті.

Семейлік Кәмила Ниязбекова орындаған Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйі мен оралдық Дания Мамбетованың мың бұралған биі де көрермендердің ыстық ықыласына ие болды. Ал жамбылдық 3 әнші-домбырашы жігіттер орындау шеберліктерімен ерекшеленіп, тыңдаған құлақтың құрышын қандырды.

Жалпы ақындар айтысы халықтың арқасын қоздырып, рухын оятса, сөз сайыстары арасындағы ән-күй, жыр-термелер көптің көңілін жадыраып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Содан бері ширек ғасыр уақыт өтсе де сол мерейлі мерекенің сәні болған мәдени шаралардың әлі күнге дейін жадымызда жаңғыруы – олардың даусыз жоғары деңгейде өткенінің айқын айғағы. Екіншіден, ғасыр белесінде алып бейнесі асқақтай түскен дарқан дарын иесіне деген қастерлі құрмет болатын.

Әруақты атамыздың биыл тойлануға тиісті 125 жылдығы да осы биіктен төмендемесіне сенімім кәміл.

Өзім әңгіме еткен мерейтойда торғайлық белгілі термеші Нағашыбай Алпысов үш күн бойы бірге болып еді. Нағашыбай Илияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасының толық нұсқасын өнге қосып жатқа айтатын үлкен өнерпаз. Сонымен қатар өнер қонған қара шаңырақта туып, тәрбие алған. Соның кейін кездескенде айтқан бір әңгімесі есімнен шығар емес.

«Тойдан елге оралған соң Кенен ата 100 жылдығында Алматының ерекше думанға бөленгендігі, «Алматы» қонақүйінің үш күн бойы мағыналы мәжіліс, асқақтаған ән, күмбірлеген күйден түндігі желбіреп тұрғандығы, еліміздің түкпір-түкпірінен небір жақсы мен жайсаңның жиналғандығы, олардың аталы сөзі, өрелі өнері туралы түнді таңға ұра әңгімелеген

болатынмын. Қанша жыл бойы сарыжамбас болып төсек тартып жатқан әкем Алпыс соларды тыңдағаннан кейін:

– О, мейірімі күшті Алла Тағала! Міндетімді кісіге салып, пенденді ауру етіп жатқызып қойғанша, бала-шағамның алдында абыроймен алсаң етті деп күпірлік танытып едім. Сөйтсем, көрер қызығымды үзбей жатқаның осы әңгімені естіп кетсін деген екенсің ғой. Асылықпен айтқан сөзіме кешірім жасай гәр, енді бүгін көз жұмсам да армансызбын! – деп көзіне жас алды», – деді ол.

Жақсының қадірін біреу біліп, біреу білмеген бейопа дүние-ай! Ол үшін біреуге алғыс, біреуге өкпе айтудың да қажеті жоқ шығар. Менің көзім анық жететін бір ақиқат: Кененнің тойы – тіліміздің тойы, Кененнің тойы – діліміздің тойы. Кененнің тойы – салтымыздың тойы, Кененнің тойы – халқымыздың тойы. Кененнің тойы бір ғасырда бір-ақ туар кемелдің тойы.

«Егемен Қазақстан», 2009, 17 наурыз.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ,
жазушы

ТУҒАН ЕЛ

60-шы жылдардың ортасы. ҚазГУ-ді бітірген кезім. Жолдамамен Жамбыл облысына аттандым. Қызмет орным Кенекең (Кенен Әзірбаев) ауылы болып шықты.

Кіші бесін. Мен мінген автобус Ташкент-Алматы трассасымен күн батысқа кілт бұрылып, майда қиыршық тас жолмен сәл жүрген соң Кенен ата ауылы орталығына келіп жетті. Зілдей ауыр кітап толы, бірі қызыл қоңыр, бірі шымқай қара қол сандығымды жол жиегіне қойып, қайда барарымды білмей ойланып тұрмын. Директордың, жоқ әлде Кенен атамның үйіне барсам ба? Ары ойланып, бері ойланып, Кенен атамның үйіне барғанды жөн көрдім.

Аула көлеңкесінде, киіз төселген жұмсақ көрпеше үстінде ақ сақалы омырауын жапқан, жоталы, кең иықты қарт кісі қос жастыққа шынтақтай қисайып, «Қазақ әдебиеті» газетін оқып жатыр. Көзінде көзілдірік. Кітаптағы суретінен айнымайды екен, тани кеттім, Кенен атам! Анандай жерде екі кемпір жүн түтіп отыр.

Зілдей ауыр жүгімді жерге қойып, «Ассалаумағәлейкүм, ата» деп ізетпен сәлем бердім.

– Қай балам боласың? – деді Кенен атам сәлемімді алған соң, таңданған кейіпте үсті-басымды түгел шолып шығып. Мен жай-жапсарымды айттым. Ол кісі «е, келгенің жақсы» деп орнынан қозғалақтай түсіп, қабағын түйді. Екі кемпір маған таңырқай қарап қалыпты.

Атамыз тұнжырап ойға еніп, үнсіз отыр. Әлден соң:

- Кемпір-шал бар ма? – деді.
- Жоқ.
- Келін бала ше?
- Әлі үйленгенім жоқ.
- Туған-туысқандарың ше?
- Бар.

Ол кісі тұнжырай қабақ түйген күйі төмен қарап, қайта үнсіз қалды. Жақтырмай отырғанын іштей сезіп, ыңғайсыздана бастадым.

– Алматыда Бауыржан ағаның үйінде болғанымда, «Сенің қызмет ететін жерің Кенен ақсақалдың ауылының қай жағында?» деп сұраған еді, – дедім. – Ешқайда бұрылмай сізге сәлем беруімнің бір себебі осы. Айыпқа бұйырмаңыз.

Кенен атам басын жоғары көтеріп, маған тіктей қарап:

- Сен Бауыржанның кімі боласың? – деді.
- Жақын інісімін. Басқа сөз аузыма түспеді.
- Қарағым-ау, бағанадан бері неге бірден солай демейсің? Шынымды айтсам, мен сені желігіп жүрген желөкпелердің бірі ме деп онша жақтырмай отыр едім. Бауыржанның інісі болсаң, міне үй, міне, төр. Ол екі-үш ай бұрын қадірлі қонағым боп аттанған.

Кенен атам аяқ астынан көңілденіп, жадырап сала берді. Кенен атам суыртпақтай сыр тарта отырып, өлең жазатынымды біліп алды.

– Айсыз қараңғы түнде мың жылқы ішінен қышыма қотырлар бірін-бірі тауып алады, – деді кеңкілдей күліп. – Немесе атың қашаған болса, жайлауға бар да, ертұрманын, жүгенін сыпырып, бос жібер. Таңертең тұрғанда жылқышыдан: «Атым қашаған еді, қайдан іздесем екен? – деп сұрасаң, жылқышы: «Біздің де қашаған бір қуымыз бар еді, соны тауып алған шығар» – деп жауап береді. Айтқанындай, іздей шықсаң, бір жар-тас басында екі қашағанның оқшауланып тұрғанын көресің. Немесе мінген атың шабан болса, өзше лайық шабан жылқыны тауып алады да, сонша қыл құйрықтың соңында қалып, тізесін ашпай қатар кеп, өзеннен су ішеді.

Кенен атамның нені тұспалдап, жұмбақтағанын ішім сезді. Әр сөзін ұйып тыңдап отырмын.

– Бұл жердегі мұғалімдердің бәрі өзіміздің балалар. Жатырқамай, жасқанбай, бел шешіп, жұмысыңа кірісе бер.

Атам бір кезде Сәбит Мұқанов екеуінің Солтүстік Қазақстан облысында бір ай болғанын, ол жақтан жақында ғана оралғанын әңгімелейді.

– Дүниеде ақиқат, дау деп сөз екіге бөлінеді. Ақиқат сөзін сөйлейтіндердің бірі – Бауыржан. Ал кей адамдар неліктен даудың сөзін сөйлейді десек, олар қара басының қамын күйттегіш, жалтақ, жасық, жағымпаз, күншіл, тіпті кекшіл жандар.

Адамдар неге бірін-бірі алдайды, жек көре тұрса да неге жымиып, өтірік күледі, өтірік сөйлейді десек, оның да екі себебі бар, балам. Бірі – аярлық. Ондай адам өзінің ішкі зымиян ойын басқаларға білдірмес, сездірмес үшін өтірік сөйлейді, өтірік күледі. Сондықтан сөзге де, күлкіге де сақ болған жөн. Ал енді кейде адал адам да өтірік жымияды, өтірік сөйлейді. Себебі, ол шынын айтса, аярлар оның сырын біліп алып,

мазақ етуге дайын тұрады. Және арамзаның күлкісіне күлкімен жауап бермеске тағы лажы жоқ.

Қайткен күнде де адал жанның күлкісі астары қалың мысқыл күлкі.

Бәрінен өмірде арлы, адал болғанға не жетсін?! Ал біздің Бауыржан сондай арлы, асыл жан!

Қас қарайып, шам жағылды. Кең де таза аулада, көрпеше үстінде атам екеуміз әлі әңгімелесіп отырмыз. Бір кезде дастархан жайылды.

– Малдың басын жемедім деп ренжіме, балам. Амандық болса, әлі жерсің, – деп атам дәу шара етті алдына алды.

Таңертең мені өзі оятты. Айнала жарық тартып қалыпты.

– Түнде жатқан соң ойлансам, саған үй керек екен. Оны қайтпексің? Мына біздің үйде-ақ жүре бер. Бірақ, бір ескертетінім, маған келім-кетім көп. Жазу-сызуыңа кедергі жасап жүрмесе.

– Үй мәселесін директорыммен ақылдасармын.

Мектеп есігін алғаш ашатын бала қуанышы тойына күнде барып жүрміз. Кенен атам төрден орын алысымен оң қол жағына мені, сол қол жағына кемпірі – Нәсиха әжені отырғызады. Құлақ жеп, әрі атамның әндерін өз аузынан тыңдап, тамашаға кенелдім де қалдым.

Насиха, сен жоқ жерде ақылым жоқ,

Дүниде сенен өткен жақыным жоқ, – деп кемпірін мақтаса, енді бірде:

Қожасы білсек білім бұлағының,

Қасымда отыр жап-жас мұғалімім, – деп мені де әнге қосады.

Екі аптадан кейін Рақымжан деген кісінің үйіне көшіп шықтым. Көп ұзамай Кенен атамнан ақыл-кеңес сұрауыма тура келді. Алдына барып, сырымды бүкпей ашық айттым. Үнсіз тыңдап болған соң:

– Шу өзенін көргенің бар ма? – деді күлімсірей.

– Көргенім бар.

– Көрсең, сол Шу өзенін жүз атты адам кешіп өтсе, лайлана ма, лайланбай ма?

Мен ойланып отырып, лайланбайды дедім.

– Дұрыс. Жүз атты адамның кешіп өткенінен Шу өзені лайланбайды. Біле білсең, жастық, жігіттік шағың да сол Шу өзені секілді.

Сөзден сөз туындап, әңгімеміз тереңдей түсті.

– Әйелдердің де түр-түрі бар, – деді Кенен атам ойлы, мейірімге толы жұмсақ жанарымен мені өзіне баурай түсіп. – Мысалға, оларды алтынға, күміске, темірге, көмірге, жезге теңеуге болар еді. Алтын әйел ерінің әрдайым абыройлы болуын, ел құрметіне бөленуін тілейді. Құр тілеп қана қоймай, соған жағдай жасайды, қамқоршы болады. Оның биікке, алысқа самғап ұшқанына қуанбаса, ренжіп, қиналмайды. Бұл ретте ол қыран мекен етер шың іспеттес. Ал күміс әйел ерінің көңіліне, қас-қабағына қарап, әр кез ар-намысына кір жұқпасын, атақ-даңқына сөз келмесін деген ақ тілеу, ақ ниетте болғанымен, қайда барса да, мейлі қырға шықса да, ойға түссе де, қол ұстасып қатар жүргенді, қасында болғанды қалайды. Оның мұнысы көлін қорыған қызғыш құсты еске түсіргендей. Темір әйел ерінің айтқанынан гөрі өз айтқаным айтқан, айтқанымнан қайтпан деп қасарысып, ілікпейді. Шаң-шұң шығарып, тіпті кейде кісі көзінше

беттен алып, төске шабады. Содан ері амалсыздан жасқаншақ, жалмақ күйге еніп, ешкімді қонақ етіп, сыйлай алмайды. Қайта «қайтсем әйелімнің көңілін табам» деп абырой-беделінен, ақыл-қайратынан айырылады. Көмір әйел өзінің де, өзгенің де бағасын білмей, ертелі-кеш көше кезіп, қыдырыстап жүргенді қалайды. Үсті-басы кір-қожалақ, үй іші жиналмай, ыбырсып жатады. Ал жез әйел бүгін мынамен, ертең анамен болсам дейді. Оныкі «күле қарасаң, көйлегіне жамау сұрайдының» кері ғой...

– Түсіндім, ата. Ендігі бір сұрағым, жақсы әке болу үшін не істеу керек?

– Білсем деген талабың орынды, балам. Отбасының жауапкершілігі бәрінен бұрын әкенің мойнында. Жақсы әке боламын десең, ең алдымен өзінді өзің тәрбиеле. Көтерілме, аспа, таспа. Адал еңбектен. Өтірік айтпа, ешкімді күндеме. Сонда сенен туған ұл да, қыз да жақсы болып өседі.

– Тағы бір сұрағым бар, – дедім мен ол кісінің көңілін басқа жаққа аударғым келмей. – Өмірде достық, жақсылық етсең де, қастық ойлайтындар бар. Оларға не істеу керек?

– Оның рас, балам. Ондайлар да бар. Бірақ ол білместіктен, көр көкірек надандықтан, қызыл көз қызғаныштан туады. Әлсіз, еңбекті сүймейтін адам – күншіл. Мына өмірде атаң ондайлардың талайын көрген шығар. «Кең болсаң, кем болмайсың, тар болсаң, бар болмайсың» дегендей, оларды елемеу керек. «Таспен ұрғанды аспен ұр» деп бабаларымыз бекер айтпаған...

Мектептегі ұстаздық өмір мен күткендегіден де қызық екен. Ол өз алдына әңгіме. Мен тақырыптан ауытқымай ауылдастарының Кенен атамның кісілігі жөнінде сыр шерткен әңгімелерін баяндасам деймін. Өзім жетекшілік ететін алтыншы сынып оқушыларының үйлерін аралап жүріп, бірде Айтқұл Орманбеков деген қариямен пікірлесіп қалдым. Ол кісі:

– Жасым биыл жетпіс сегізде, – деп бастады сөзін. – Кенекең кішіпейіл, ұзын өзек, қормол, кең ойлы адам. Онысын тұлғасының өзі де айтып тұрғандай. Ол кісінің бір ерекшелігі, тіпті қалжыңдасқанның өзінде де ешкімнің көңілін қалдырып сөз айтқан емес. Сүйегіне сіңген әдеті, кімді болмасын көтермелеп, мақтап сөйлейді. Жетім, жесірлерге қайырымды.

Мінезінің тағы бір ерекшелігі, сізді біреу сыртыңыздан жамандап, өсектеп жатыр десең:

– Әй, адамның жаманы жоқ, бәріміздің жанымыз да, тәніміз де бірдей. Өйтіп алауауға болмайды. Мейлі, жамандаған адам жамандай берсін. Одан келер маған зиян жоқ. Қайта оны маған жақсы айттың. Үйіме шақырып қонақ етіп берейін. Пікірі өзгерер, – деп күлімсірей жымиятын.

Ілгерідегі ауылымыздың Уәли деген білікті кісісі жиын беріп, сонда көпшілік: «Кенеке, әңгіме айтыңызшы?» деп қолқа салғанда, Сәулебай деген бір қартымыз мұқата сөйлеп:

– Кенекеңнен қандай әңгіме сұрайсыңдар. Жетім, кедей болған. Ол содан өзге сендерге не айтып береді? – дегенінде:

– Өшір үніңді! – деп жұрт дүрліге көтерілгені бар. Сонда Кенекең:

– О, халайық, оған ашу шақырып, тиіспендер, сөйлей берсін. Оның айтып отырғанының бәрі рас, бәрі шындық. Білсеңдер, жуған сайын кірім кететін ол менің ақ сабыным ғой. Айта берсін. Тек Құдайым ел-жұртыма жеккөрінішті, халқыма қадырсыз етпесін, – дегені есімде.

Тағы бірде Уман деген қартпен әңгімелесіп қалдым.

– Мен биыл жетпістің жетісіне келдім, – деді ол кісі. – Қырдың ба-сына шығып тұрмын ғой. Кенекенің пәлендей мінін білемін деп айта алмаймын. Ұрыс-таласыңыздан хабары жоқ. Ашуланып, біреуге биіктік жасағанын көрген де, естіген де емеспін. Бұрын, жастау кезінде ревком төрағасы болды. Екі жылдан соң «мансаптың маған керегі жоқ» деп оны өзі тастап кетті. Көңілі ақжарқын, ақ тілеу, жақсы кісі.

Ауылымызда аққудай Әшірбек деген шал бар. Өзің де жолығып, әңгімелесерсің. Сол қартымыздың бір басқосуда болмашы сөзге келіп қап, Кенекене тілі тиді. Кенекен: «Мінезің жаман екен, сенімен сөйлеспеймін» деп ренжіп, үйіне қайтып кетті. Естүімізше, бесінші күн дегенде Кенекен жирен қасқасына мініп, Әшірбектің үйіне барады.

– Оу, келін, бері шығып кет! – деген дауыстан Әшірбек әйелі екеуі далаға жүгіре шығады. Кенекен аттан түсіп, төрге өтіп, жайғасады.

– Ал, Әшіржан, «ашу – пышақ, ақыл – таяқ» деген ғой. Бір-бірімізден өтсе, кешірім. Бұдан былай көңілімізде кірбің болмасын, – деп жарасады. «Сонда ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Ол кісінің келер реті жоқ еді. Қайта алдына кешірім сұрап, қол қусырып менің баруым керек еді.

Туған елім, туған жер,
Ешбір өкпем жоқ сенде.
Екі Кенен тумайды,
Алатауға ексең де,

– деп өзі жырлағандай, Кенекенің қадірін сол жолы ұқтым, – деп Әшірбек қарияның күрсіне өкінгені бар.

– Кенекенің алдынан қия өтіп көрген емеспін, – деді Керімжан қарт. – Қашан болмасын жұртты ынтымақ-бірлікке бастап, бір-біріне кешірімді болуға шақырып жүреді. Ағайын арасында ашу-араздық туа қалса, әйелдер жағына кемпірі Насиханы жұмсап, ерлер жағына өзі барып, екі жақты жылдам жарастыра қоятын.

Осындай ынтымақ-бірлігі айрандай ұйыған Кенен атам ауылына жаңа бауыр басқан менің, оқушылардың қысқы он күндік демалысында туған ауылымдағы өзім білім алған мектепке ауысуыма тура келді. Есеп айырысып, айналадағыларыма мойын бұруға мұршам болмай жүргенде, Төрткен (Кенен атамның қызы):

– Атаң сенің еліңе кететініңді естіп, кешке үйде қонақ болсын деді, – деп хабарлады.

Бұл мүлде мен күтпеген жай. Аң-таң қалдым, әрі қысылып, ұялдым. Ол кісіге арнайы барып, сәлем беруім керек еді, қарбалас жұмыстан қолым тимей, ауылыма қайтар күні қоштасармын деп шешкен мен енді тездетіп, Кенен атамның қолын алмақ болдым. Бар шаруамды кейінге ысырып, алдына бардым. Ол кісі жайдары қарсы алды.

– Қыс ортасында неге біздің ауылдан кетіп барарсың? Әлде біреу-міреу көңіліңе тиді ме? – деді маған күдіктене қарап.

– Ешкім көңіліме тиген жоқ, ата. Туған ауылыма ауысу себебім, әкемнің аты өшпесін дедім.

Кенен атам қабақ түйе, сақалын сығымдай, ұзақ ойға еніп:

– Әй, балам-ай, ауылыңа ауыспас бұрын менімен ақылдаспадың ба? Ер жігіт қайда жүрмесін, дені сау, аман-есен болса, әке аты өшпейді емес пе? – деді де сәл ойланып отырып: – Мына жақта Алматы, мына жақта Бішкек жақын. Ақын-жазушылармен араласып, барыс-келіс жасауыңа да қолайлы еді. Көктем шыға сені Алматыға ертіп барып, Сәбит Мұқановпен таныстырсам деп те ойлап жүр едім... – деді өкінгендей басын шайқап. Мен ештеңе айта алмадым.

Кешке қызметтес мұғалімдермен Кенен атамның үйінде қонақ болдық. Атам жеті-сегіз әнін нақышына келтіре орындады. «Бұлбұл» әнін шырқағанда ет жүрегім елжіреп, жанарым жасаурап кетті... Тамақ желінген соң:

– Қарақтарым, мен шал адаммын, шаршап қалдым. Рұқсат етіңдер, бөлмеме барып демалайын, – деп орнынан тұрып, домбырасын көлденең ұстаған күйі бәрімізге арнап: «Аталық тілегім, жастық шақтарыңды өкінбестей, қызықты өткізіңдер» – деді де, маған қарап: «Қарағым, еліңнің үлкен-кішісіне менен сәлем айт. Қайда жүрсең де аман жүр, жортқанда жолың болсын» – деп қоштасты.

Кенен атамның үлкен басымен мені сыйлап, құрметтеуі мені ерекше әсерге бөледі. Көз алдыма әке-шешем елестеп, қуаныштан көңілім босады...

«Егемен Қазақстан», 2008, 22 наурыз.

Төрткен КЕНЕНҚИЗИ

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАР

Атам өмірінің соңғы 5-6 жылында (87 жастан кейін) тамақ ішісі жақсы, ұйқысы тыныш болғанымен, бұрынғыдай ел аралап кетуге, ұзақ жол жүруге жарамай қалды. Көбіне оңашалықты, тыныштықты қалады. Төртінші алдына қалыңдап төсек салғызып, басын биіктетіп шынтақтап отыратын. Алдындағы кішкене дөңгелек үстелдің үстінде қағаз-қаламы жатады, сүйеулі домбырасы тұрады. Жаз айларында көбіне үйдің қасындағы жеміс ағаштардың арасына алты қанат қазақ үй тіктіріп, сонда болады. Радио тыңдайды, газет-журналдарды қарайды, кейде терең ой түбіне жете алмай өз-өзінен «мырс» етіп күліп, кейде «қап» деп бірнәрсеге өкініп, кейде тұнжырап үндемей қалатын шақтары болатын. Мұндай кездерде бөлмеге кімнің келіп, кімнің кеткенін де сезбейтін, тіпті сәлем берген кісінің сәлемін де естімейтін, тек екі қолы тыным таппай тәспісін

тарта беретін, тарта беретін. Бір уақыттарда қолына домбырасын алып ақырын шертіп отырып ыңылдап ән шығаратын, оның өлеңін жазатын. Әр жаңа ән, тың өлең осылай дүниеге келетін. Мұндай шақтарда біз ол кісінің қасына ешкімді жібермеуге, өзіміз де көрінбеуге тырысатын едік.

Атам жүрісін азайтып үйде болған сайын:

- Ассалаумағәлейкүм, ата!
- Иә, ақсақал, қалайсыз?!
- Не істеп отырсыз?

– деп сәлем берушілер саны күннен-күнге көбейе берді. Оларды қуана қабылдап, ризашылдығын білдіріп:

– Е-е-е, шырақтарым-ай, қалдың несін сұрайсыңдар?

Шүкіршілік!
Оңаша үйде отырмын,
Өткенімді сағынып.
Тоқсан жасқа келгенде,
Нәсиқаға бағынып

– деп, өлеңдетіп ала кететін.

– Қойыңызшы, ақсақал, шынымен-ақ жеңгейге бағынғаныңыз ба?

– деп олар күліседі.

Сонда атам:

Бұрынғының айтқаны нақыл екен,
Үлкендердің айтқаны ақыл екен.
Жастайыңнан қосылған адал жарың,
Балаң мен бауырыңнан да жақын екен.

Денемде тілден басқа сау жерім жоқ,
Таусылды түсе-түсе отыз тісім.
Айналып Алатауды шапқан дүлдүл,
Жарылып кетпей отыр қайтіп ішім,

– деп, бірде күліп, бірде мұңайып өмірдегі ащы шындықты мойындаған-дай болып отырушы еді, жарықтық. Ол кісінің бөлмесіне еркін барып әңгімелесетін де, айтқандарын жазып алып айналадағы болып жатқан жаңалық-өзгерістердің бәрін айтып, кітап, газет-журналдардан қажетті дегендерді оқып беріп отыратын да атамның өз сөзімен айтқанда «жан саясы» мен едім.

– Сен келгенше ешнәрсеге жарымаймын. Ішім толып кетеді. Басқа балалар да «аталап» жандары қалмайды, бірақ, олардың оқығандары миыма қонбайды, тілдері анық емес, айтқандарымды дер кезінде қағазға жаза да қоймайды. Сені берген құдайдан айналайын. Өттең, тек ұл болмағаның-ай!

Кәне, нендей жаңалықтар бар Алматыда? Жазушылар Одағына бардың ба? Композиторлар Одағына бардың ба? Жарналарымды мезгілінде төледің бе? Мені сұрағандар бар ма? – деп сұрақтың астына алады-ай дейсің. Мен шамамның келгенінше атама есеп беремін, онан соң қалада болып жатқан жиындар жайында, онда қаралып жатқан мәселелерге тоқтап, қабылданған шешімдерге шейін түгел қалдырмай жеткіземін. «Сізді жұрт сұрап жатыр (сұраса да, сұрамаса да), сәлем айтты, атаң тез жазылып кетсін деп жатыр» деп көңілін көтеріп қоямын. Мұндай күні жаны тынып, жақсы ұйқтайтын еді.

Бірде атам: «Оңашалық ой қозғайды екен, шырағым. Бүкіл өміріңе көз жүгіртіп, не істеп, не қойғаныңды саралайтын кез келген сияқты. Әсіресе, өзіңе титтей де болса пайдасы тиген, қабағыңа қараған, жаныңды түсіне білген адамдар көз алдыңнан тізіліп өтеді екен. Бәрі бүгінгідей оқтын-оқтын ойыңа орала береді-ақ. Соның бірі өзімді алғаш танып қанаттандырған аяулы ұстазым әрі туысым Еркебай Базарұлы еді», – деп күрсініп қойып, ол туралы бір шама әңгіме айтқаны есімде.

ЕРКЕБАЙ

Еркебай Базарұлы осы Қордай өңірінде туып өскен Жаныстан шыққан, арғы аталары Сырымбет, Жылқайдар, бергі атасы Байтүгел. Мына аналарың Нәсиканың туысы болып келеді. Әкесі Базар дүниеден ерте кеткенмен оның артында қалған екі ұлы Еркебай мен Еркетайды анасы Жаңыл ешкімнен кем қылмай өсіріпті. Әсіресе, жас Жаңылдың Бұғылыбазар деген арғыннан шыққан жігітке қосылуы жетім балалардың дұрыс қалыптасып, азды-көпті білім алуына септігі тиіпті.

Еркебай он жасқа келіп қалған шағында ақ патшаның «әр болыс өз қоластынан орысша оқуға бір бала берсін, киім, тамақ қазынадан» деген бұйрығы шығады. «Қордай болысынан кім орысша оқуға барғысы келеді» дегенде, «баламыз шоқынып кетеді» деп бәрі ат-тондарын ала қашады. Сонда Бұғылыбазар: «Мен Еркебай деген баламды жіберемін» – депті. Қысылып тұрған жұрт қуанып кетеді. Сол он жасында кеткен Еркебай 7-8 жылдай Ақмешітке оқып, орыс тілін жете біліп елге қайтады. Орысша білетін бір адамы жоқ Қасқарау ел болысының писарі, ояздың тілмәші болады. Жала-дауға ұшыраған, біреуге ақысы кеткен жұрт енді сабылып Еркебайды іздейтін болады. Ұзын бойлы, мығым денелі аққұбаша, орысша киінген сұлу жігіт жетім-жесірлерге, нашарларға жаны ашып болысатын, жаны таза, әділетті бұл жігітті халық тым жақсы көріп кетеді. Сөйлегенде орыстарыңның өзін қарағайдан үй тұрғызып, айналасына тал тігіп, баубақша өсіреді, монша салғызады. Қалада көрген тазалық мәдениетті үлгі етеді, үйленеді. Содан Іңкәрбек, Асқарбек деген ұлдары, бірнеше қыздары болады. Өзінің ақыл, білім парасатымен қазақ, қырғызға атағы шығып, ел құрметіне бөленеді.

Еркебай әрі сауықшыл, көпшіл, дастарханды кісі еді. Ер көңілді жігіттерді айналасына жиып алатын. Ақын, әншілерсіз, жүйрік ат, қыран құс, алғыр тазысыз жүрмейтін. Молда-қожаларды сүймейтін, ораза-намаз-

ды білмейтін. «Еркебайдың отырған орнын шауып тастау керек» деп, дін адамдары оған қараңғы халықты қарсы қоюға тырысатын. Тағы бір қасиеті, өзі де өнерлі, ат үстінде ойнайтын, қолынан келмейтіні жоқ шебер, тапқыр, мысқылшыл, әзіл-оспаққа жақын еді. Еркебайдың атын естіп, оған:

Еркебай Жетісуға серке болдың,
Орысша етек-жеңің келте болдың.
Жасыңда жарымаған жетім едің,
Атылас жамылғаның көрпе болдың.
Қара үзіп қатарыңнан тұр деген соң,
Іздеп келіп домбырамды шерте қондым,

– деп атақты Майкөт ақын да келген.

Еркебай бай болдың сен мал жимаған,
Тәкәппар төремін деп шалжимаған.
Үлкенге, кішіге де сынық мінез,
Мақтанып асып-тасып дандимаған.

Еркебай туып өскен жерің Қордай,
Атағың шыға келді туған айдай.
Әдейі көрейін деп келдім аңсап,
Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай,

– деп сонау Арқадан арнайы Ноғайбай шешенді іздеп шыққан ақын Шашубай да алдымен осы Еркебайға соққан. Еркебайдың үйінде Шөже де, Жамбыл да, Балуан Шолақ та, Қажымұқан да болған. Олар бір ай, екі ай, кейбірі жылдап жатып сый-құрметпен, асқан ризашылықпен қайтатын.

Еркебай шын мәнінде өз халқының қамын ойлайтын, Кеңес өкіметін қуана қарсы алған адам. «Большевик», «Партия», «Ленин», «Кеңес» деген сөздерді алғаш содан естідік. Кейіннен мен сол Кеңес өкіметінің сөзін сөйлеп, ревкомның төрағасы болған кездерімде Еркебай өзінің жасы келіп қалғанына қарамастан маған хатшы болды. Ол кезде қатынас қағаздардың бәрі де орысша келеді. Соның бәрін өзі жөндейді. Еркебайдың арқасында мен ревкомдық жұмысты жаман атқармадым. Барлық жаңалықтарды, жаңа заң, жаңа талаптарды сол Еркебайдан үйреніп сауатым, санам ашылды.

Ораз Жандосовтың тапсырмасымен С.М.Кировты Қордай асуында қарсы алғанымызда да қасымда Еркебай болған еді. Еркебай Түркісіб темір жолында да көп жылдар еңбек етті. Осы күнгі Отар, Қопа, Қордай станцияларының аттарын қоюда оның еңбегі көп болған.

Үлкеннен алғыстан басқаны естімеген, кішіге өнегелі ісімен үлгі болған, білімді де парасатты, өнерлі кісіге жақсылықтан басқа еш қиянаты жоқ Еркебай Базарұлы 1932 жылғы нәубетте ішерге ас, мінерге ат таппай кербінсіз, көрсіз аштан өлді дегенге кім сенеді. Алайда, солай болғандығы

рас-ты. «Тұрымтай тұсына...» дегендей, ашыққан ел тоз-тозы шығып, беті ауған жаққа лағып кеткенде, қарт Еркебай ешқайда да қаңғымай өзі салдырған ағаш үйінде тұра береді. Қасында кемпірі ғана қалыпты. Бәрі бітіп, тек жалғыз аты ғана қалған екен. Оны да бір күні ұрлап кетіпті. Ешқандай лажи қалмаған Еркебай бір күні үйдің нақ төріне қалыңдап төсек салып, жуынып, таза киімдерін киіп, есік-терезелерді мықтылап жауып (қыс мезгілі болса керек) кемпірі екеуі жатып қалады. Сол жатқаннан тұрмайды, «өлімді құшақтары айқасқан қалпында қарсы алыпты» деп естідім тірі қалғандардан (ол жылдары атам да Қырғызстанда болған ғой).

Еркебайдың маған істеген жақсылықтары естен еш кетпейді. Мені қой жаудан құтқарғаны, ат киім беріп ас-тойға ертіп барғаны, өнерімді танып, басыма бақ құсын орнатқаны, кейін де өзіме хатшы бола жүріп ақылшы қамқор болғанын қалай ұмытарсың. Ең болмаса жерленген жерін де таппадым, басына қорған да тұрғызылмады. Оған арнап бірер өлеңдер мен ән шығарғанымды өздерің білесіңдер. Ол туралы айтып та, жазып та жүрдім. Дегенмен де оның өмір жолын менен артық білетін адам жоқтың қасы. Соны толық баяндап Еркебайға арнап ертеректе (енді шама жоқ) көлемді бір поэма жазатын-ақ жөнім бар еді... деп үлкен өкінішпен күрсіне еске алатын еді атам.

ШОЛПАНҚҰЛ

Өмірінің соңғы жылдарында атам өмірден ерте кеткен өзінің аяулы шәкірті Шолпанқұлды жиі есіне алып, ол жайында да бізге көптеген әңгімелер айтып беруші еді.

– Шолпанқұл менен көп кіші еді. «Өзілің жарасса, атаңмен ойна» дегендей, өнерге деген құштарлық екеумізді жас алшақтығына қаратпады.

Бірге жүріп, бірге тұрып, бірге өстік. Той-жиынға бірге барамыз, анау-мынау жастық шаққа тән ым-жымымыз да бір. Кей-кейде менің үлкендігімді айтып, «Осы үлкен кісілер үйіне қайтып кетпеуші ме еді» – дегендей әзіл тастап, әйтеуір сөз табатын.

Ол өте зерек еді. Мен шығарған жаңа ән-өлеңдерді бір естісе болды қағып алып, ертесіне: «Кенеке, кеше бір жаңа ән шығардым, тыңдаңызшы, қалай екен» десе, мен аңқау: «кәне, айтшы» деп қуанып қаламын. Ол өз әнімді өзіме бұлжытпай орындап бергенде, әрі риза болып, әрі күлетін едік. Дауысы қоңыржай, құлаққа жағымды, жүрген жері гүл еді. Қатты қалжыңбас, жұртты үнемі көңілді әзіл сөздермен ду-ду күлдіріп отыратын. Шолпанқұлсыз той-жиын көңілсіз өтетін, оның орны толмай тұратын.

Ол менімен қатты әзілдесетін еді, әрі еркелейтін. Көпке дейін ел арасына тарап кеткен бір жай есімнен кетпейді. Сәтина дейтін бір жеңгем соғым басына шақырып, ұзақ отырдық. Өзім алдында суық тиіп ауырып жүргенім рас еді. Қатты терледім, дала суық. Ақыры таң атып қалыпты ғой дедім де қона кеттім, сәскеге дейін тұрмаппын. Тұрған соң да жеңгемнің күрең қасқа шәйін қана ішіп асықпай үйге келдім. Келсем Нәсиқа «Сенің қайда жүргеніңді айтпасаң да білеміз» деп жеңіл ғана назданады. «Бүкіл ауыл шуылдап жүр, балаларың болса ержетіп қалды, байқасаңшы»

дейді. «Әй, не естідіндер? Кімнен?» деп ақырамын тағы өзім тек тұрмай. «Ашуланбай-ақ қой, мына Көркемжаның айтып келді» деді. Ақырындап баламды шақырып алып сұраймын. Ол кезде Көркемнің 2-3 жастардағы кезі. «Саған менің қайда болғанымды кім айтты?» деп сұрадым. «Шолпанқұл атам айтты» деді. «Не деді?» «Менің атам қайда?» деп едім. «Атаң Сәтина апаңның үйінде ұйықтап жатыр. Үйге келейін десе, қатты терлеп қалыпты деді» дегені. Сол-сол-ақ екен, баламның тіліне қызыққан қатар-құрбы, жора-жолдастар күле келіп Көркемімді мыжиды:

- «Атаң кеше қайда болыпты?
- Сәтина апамның үйінде қонып қалыпты.
- Неге?
- Қатты терлеп қалыпты» – деп тақылдайды.

Оған не істерсің, баланың аты бала, естігені, үйренгенін айтады да. Ал Шолпанқұл болса түк білмегендей болып ол жүр. «Оңбассың Шолпанқұл, сені де бір есебін тауып қатырармын» дегенмен, шындығына келгенде оған ешқайсымыз да өкпелей алмаушы едік, әрі оған бәрі жарасып тұратын, оның істегенін біз істей алмайтын едік.

Қайран Шөкем-ай! Шолпанқұл «Той бастар», «Беташар», «Шілдехана», «Жар-жар» сияқты халықтың тұрмыс-салт жырларын, сол тойда жиналғандарға ыңғайлап жанынан шығарып нөсердей төгетін. Талай-талай ақындармен айтысқа да түсетін. Есіл ақынның сондағы айтқандары кезінде жазылынып алынбай, өлеңдері жиналмай, айтқаны айтқан жерінде қалды ғой. Шолпанқұлдың өлеңдері халық арасына тарап кеткен. Соңына түсіп жинаса көптеп табылатыны сөзсіз. Ана жылдары осы Ұмыл ауылдық Кеңесінің (кәзір Кенен ауылы) төрағасы болып ұзақ жылдар еңбек еткен өзі журналист-тілші аяулы бауырымыз Шәйке Алқамбаев: «Кенеке, Шолпанқұлдың бір топ өлеңдері мен өмір жолын жинап, жазып алып Алматыға апарып бір кісіге (аты жөнін ұмытыппын) тапсырдым, бұйырса, келесі жылы кітап болып шығып қалар» – деп қуантып, менен де біраз дүниелер жазып алып кеткен-ді. Одан бері де біраз уақыт өтті, бірақ, кітап әлі жарияланды дегенді естігенім жоқ. Оның соңынан жүріп іздеу салатын Шәйкенің өзі де ерте кетті бұл өмірден, – деп, ақынның өлеңдерінің қолды болып кеткенін, Шәйкеннің тапсырған адамының аты-жөнінің есінде қалмағанын өкінішпен еске алатын.

– Ата, Шолпанқұл ағаның менімен мектепте бірге оқыған Бидай, Ыдырыс деген балаларынан басқа балалары болған ба? Болса олар қайда?

Әйелі қайда? Жалпы Шолпанқұл ағаның атын білгенімізбен ол кісінің шыққан тегі, ұрпақтары жайында бізге беймәлім, соны айтып беріңізші, – дедім мен, атамның әлі де әңгімелескісі келіп отырғандығын сезіп.

– Иә, біздің өңірімізден шыққан мұндай адамдарды білгендерің жөн-ақ, дей келіп, Шолпанқұл аға туралы тағы да біраз айтып кеткен еді. – Шолпанқұлдың әкесі Сейіттің үш ұл, екі қызы болған. Үш ұлдың ең кішісі Шолпанқұл еді. Дүрбелеңде екі бірдей ағасын жазықсыздан-жазықсыз ақтар атып кеткен. Сөйтіп екі бірдей жеңгесі жесір қалыпты. Ол кезде Шөкең 18-19 жасар жігіт, үйленбеген кезі. Жеңгелерінің жасы Қызбалтай өзі сұлу, шешен, шыққан тегі арғын руынан екен.

Ел-жұрт әмеңгерлік жолымен Қызбалтай мен Шөкеңді қосыпты. Олардан Нәдірбек, Сәдірбек, Еркінбек, Бүрлібек, Бидай, Ыдырыс деген 6 ұл бала, Орын деген бір қыз дүниеге келіп, Қызбалтай Батыр ана атанған. Елге елеулі, халыққа қалаулы, өзара сыйластықтарымен жұртқа үлгі болған бақытты жанұя еді. Алайда, Қызбалтай небәрі 48-ақ жыл өмір сүріп, қайтыс болады. Жалғыз қызы Орынның бой жетіп, оқып, мұғалім болып жүргенде Шоқпар станциясы жақтан келген Ысты руынан шыққан бір жігітке тұрмысқа шыққанының басы-қасында болдық. Бірақ, Орыннан бала қалмады, ол да өмірмен өте ерте қоштасты. Қызбалтайдан мезгілсіз айрылған Шолпанқұл Әлиха деген жас келіншекке үйленді. Көп кешікпей Әлиха қыз туды. Оның атын Шара қойдық. Дәл сол жыл менің Көркемжаным да туған.

Аулымызға Жамбыл келіп Шолпанқұл екеумізді жаңа туған нәрестелерімізбен құттықтап, көңілімізді аспанға көтерген сол жылдар-ай деңеші.

Шолпанқұл екеуміз күнде құда боламыз, Шара мен Көркемді болашақта қосатын болып келісеміз. Шолпанқұл қу тілді ғой: «Кенеке, екі баланы қоссақ қосалық. Мен, әйтеуір, Нәсиқа жеңгеммен бір жүрсем болды. Онан соң айтып қояйын, қалың малыңды кәзірден өткізе берсеңіз де болады, тіпті кейін жаман келін болса тағы да мен сорлыны сыбап жүргенше осы бастан-ақ өзің тәрбиелеп алмайсыз ба?» – деп жұртқа оны қоштатып мәз-мәйрам болатын кездер-ай. Сөйтіп жүргенде Шара екі жасқа толар-толмаста соғыс басталып, көп кешікпей-ақ Шолпанқұлды майданға аттандырдық. Кәзір Шара тұрмысқа шыққан анасы Әлиха екеуі Алматыда тұрады.

Ал Қызбалтайдан туған 6 ұлдың тағдырларына келсек, Нәдірбек пен Еркімбек әкелері Шөкеңнен кейін-ақ соғысқа шақырылып, содан қайтпады. Бір жақсысы, Нәдірбектен Сәбит деген ұл қалыпты, кәзір балалышағалы. Сәдірбектен де бір ұл қалды. Аты Төкен, кішіпейіл, қолы шебер жігіт. Бүрлібек тентектеу еді, істі болып кеткен, содан хабар-ошарсыз. Ал Бидай мен Ыдырыс, өзің білесің, осы жерде балалы-шағалы болып, өсіп-өніп кетті.

Шөкең сауатты ақын еді. Ол ауылды советтендіру, кедейлерді коллективтендіру науқандарына белсене қатынасқан. Ауылдық Кеңес төрағасы, кейіннен партия ұйымының хатшысы болып жүрген кезінде 1942 жылы майданға аттанған. Әттең, қу соғыс, талайларды қыршынынан қиды ғой. Болмаса, осы Шөкең кәзір тірі болса керемет ақын, шебер басшы, нағыз ел еркесі болып менің қасымда жүрер еді-ау... Сүйікті шәкіртін сағынышпен еске алып, көзіне жас үйіріліп те кеткен еді.

Иә, жыламай қайтсін, қалай сағынбасын. Күнде-күнде арба-арба қылып кеше ғана жайнап жүрген ауыл, аудан, облыстың атқа мінер азаматтарын, туған-туыс, бауырларын, әсіресе, желкілдеп жаңа ғана өсіп келе жатқан боздақтарды қимастықпен майдан өтіне шығарып салу 60-ты алқымдап қалған, жаны нәзік атамның жан дүниесін қатты жаралағандығы, ұмытылмастай із қалдырғаны айтпаса да түсінікті ғой. Тіпті кейбірімен атам қоштаса да алмай қалды. Облысты қойғанда, аудан орталығына барса ауыл, ауылға келсе аудандағы азаматтар

толассыз аттанады. Қолынан домбырасын тастамай елді енді көреміз бе, көрмейміз бе деп қоштасып бара жатқан жігіттерге жігер беріп, аңыраған аналар мен келін-кепшік, жас балаларға ес болып, ақыл айтып шығарған «Біздің Отан жеңеді», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай», «ШынарымСыңарым», «Майданға сәлем», «Жалғыз қайным», «Жапарбекке» тағы басқа толып жатқан (жазылмай қалғаны қаншама) ән-өлеңдері сол бір ауыр күндердің айғағы іспетті. Осылардың бәрін көзбен көріп, жүректен өткізген ақынға ең ауыры бір ауылда жас балалар мен қаусаған кемпір-шалдардың арасында жалғыз қалғандығы болыпты. «Бұдан көрі соғыста болғаным жақсы ғой» деп те түңілген кездері аз болмаған көрінеді. Іші пысып, өткенді сағынып бір күні майданда жүрген Шолпанқұлға өлең арқылы сыр шертеді.

Сағындым-ау, Шолпанқұл бұлбұл інім,
Аттан озған тайында дүлдүл інім.
Жауды жеңіп жарқылдап аман келгін,
Мінезіңді сағындым күлдіргі інім.

Сағындым-ау, Шолпанқұл, сарғайдым-ау,
Жылдағыдай емеспін, қартайдым-ау.
Тасқа соққан қырандай топшым сынып,
Үй артында, қайтейін, жантайдым-ау.

Сен кетіп ең, бозбала бәрі кетті,
Жігіт қалмай ауылдың сәні кетті.
Отыз жігіт ішінде Молдабай бар,
Аттандырдық артыңнан Нәдірбекті.

Қылығыңды ұмытпай аусар Шөкем,
Бір мен емес ел-жұртың аңсар Шөкем.
Гүлі түскен қурайдай күзді күнгі,
Кемпір-шалдар қалдық қой қаусап Шөкем.

Барған жерің ең алғаш Семейпалат,
Құс келеді көктемде ала қанат.
Жауды құртып Шолпанқұл ту астында,
Жыл құсындай келерсің ер азамат.

Бозбалалар ауылдың гүлі екен ғой,
Кемпір-шалдар қураймен бір екен ғой.
Көп қойдың ішінде шұнақ қойдай,
Көзге түспей көрінбей жүр екен ғой.

Бозбалалар ауылдың көркі екен ғой,
Қой бастаған алдында серке екен ғой.
Жауды жеңіп жарқылдап ту астында,
Болатұғын күн бар ма бір үлкен той?!

Шараң отыр, Әлиха тілек тілеп,
Бидай, Сәбит, Ыдырыс зыр жүгіріп.
Алты ауданның еркесі аусар Шөкем,
Тілеуіңді тілеп тұр бар көпшілік.

Қайырмалары:
Бозбаланың еркесі аусар Шөкем,
Жалт-жұлт етіп алдымнан шығар ма екен?
Қасқараудың еркесі қайран Шөкем,

Қай майданда жүр екен сайрап Шөкем?
Алты ауданның еркесі аусар Шөкем,
Жауды жеңіп бір күні келер ме екен?!

Оқ пен оттың өтінде жүргенде жеткен бұл өлең Шолпанқұлға қатты ой салады. Көп кешікпей майданнан елге бар арманын, тілегін өлеңмен өрнектеген үшбу хат келеді. Шолпанқұлдың бұл өлең-хатын да толық жазуды дұрыс санап отырмын. Өйткені, екі ақынның өзара сырласқан, ішкі ой-пікірлері ұштасқан, ел бірлігін, жұрт тірлігін армандаған, кезінде ел-жұрттың қолдан-қолға таратып, сүйіп оқитын, шетінен жатқа айтатын бұл өлеңдердің толық жарияланған кезі болған емес. Әні де бар.

Көркемің ер жетті ме, аға Кенен,
Көреді бірін-бірі жан өлмеген.
Ардақты жиен, жеңгем, жан Нәсиқа,
Әкпем мен Сақыпбалаға дұғай сәлем.
Отанның жауын құртып аман-есен,
Ілесіп Қыдырбекпен бірге келем.
Тексеріп көпшілікке айтып бергін,
Жібердім сізге арнап мен бір өлең.
Кейінгі айта жүрсін деген қиял,
Оқыста сапар шексем бұл дүниеден.

Айтылмай қалғандары елдің түгел,
Толығар кемі болса аға сізден.
Шықпаған жаннан әркім үмітті ғой,
Жарамас тіршіліктен күдер үзген.

Қош боп тұр Сұлутөрдің жалпы елі,
Кең Қордай өскен елдің асқар белі.
Иірсу, Тентек дала, Мәдиярмен,
Шөкеңнің хош аман бол туған жері.

Сәлем де Үмбетәлі, Қашағанға,
Жазудан артық адам жасаған ба?
Бауыр мен балаларың аман келіп,
Ұлы той болар ма екен босағанда.

Шәрәпи және сәлем Жайлаубекке,
Аттары аталмаған барша көпке.
Келгенде 43 жасқа қырбат болған,
Тілеулес болғын біздей большевикке.
Әлімхан, Әбілқазы, Шәймолда мен
Әлімбай дұғай сәлем Әпейбекке.
Семейдің қаласында көп жыласып,
Айрылды бізден зорға Қыдырбек те,
Әрқашан аман сақтап пана бол деп,
Жалындық ер Жолбарыс, Қарабекке.

Байораз және сәлем Жылқыбайға,
Бәрменқұл, Әбдіманап, Өтебайға.
Анарбек, Ештай менен Таубалды,
Елібай, Иманбек пен Берікбайға.
Қария Сәдуақас, Кененбайға,
Сабалақ, қош болыңыз Бүркітбай да.
Ағаның сыпайы да бірі едің,
Баймұқан және сәлем Кәрібайға.

Баласы Орекемнің Айтқұл аға,
Хош-қайыр Сейітқасым, Дәркембайға.
Тойбай, Барғап, Қазы саламат бол,
Қойшыман, Есқұл, Жәмші, Тоқтарбай да.

Аяңмен кезек келді Назарбекке,
Шолпанқұл сәлем жазды Оразбекке.
Қоныстас жақсы жолдас бірі едің,
Көп сәлем Маймақ батыр асыл текке.

Бидәулет, Рақымбай мен інім Қасен,
Арман жоқ баршаңызды аман көрсем.
Арбаң балаларды мінгізе жүр,
Жайлаубек Мақатаев аман жүрсең.

Ал Нұрбет, аманбысың Сағымбайым,
Дүние өтпек болды сағымдайын.
Артымнан Нәдірбегім қоса аттанып,
Қисынсыз келіп тұр сарыуайым.
Ән салып, өлең айтып алдарыңда,
Жеңгелердің ішер ме екем қызыл шәйін.

Әліпбай, Оразәлі, Байболатқа,
Аттары аталмаған жамағатқа.
Бекбосын, Аршабек пен Момынәлі,
Әшірбек, ардақты аға Әусағатқа.

Бәріңді аман көріп қауыштырсын,
Құдайым жаза көрме жаманатқа.
Сәлем де одан әрі Әсірепке,
Өмірі келе жатқан қасыретте.
Аз ғана күн семіртіп жас соятын,
Тұқымың неден жазған құдыретке.
Сәлем де Күнтәй, Күлишә әпкелерім,
Бар болса кешіріңдер өкпелерің.
Дүние жетпейді деп жүруші едік,
Білмеппіз өзімізді көп көрерін.

Ағайын қош болыңдар Отардағы,
Аға-іні қадір білер қатардағы,
Мондыбай, Бабажан мен Оразымбет,
Көп сәлем Құлғарынов Бекмолдаға.
Отарда қойдай шулап қоштастыңдар,
Қу жігер зорға тұрдым оттай тулап.
Сәрсекем қолымды алып хош дегенде,
Тұла бой жәй түскендей тұрдым улап.

Ағыбай, аман тұрғын Сұлтанәлі,
Міндетті Отан үшін жұрттың бәрі,
Керімжанға үш қайтара сәлем айтам,
Аузымнан дос-жарлықтың кетпес дәмі.

Аман бол жора-жолдас аудандағы,
Жігітті дәм менен тұз айдамағы.
Егескен жауды жеңіп есен келсем,
Бір сапар жүріп келген саудамдағы.
Артымда семьямның бәрі де жас,
Сол жерде жергілікті қоғамдағы.
Тиісті өкіметтің жеңілдігін,
Қараңдар жәрдем етіп бұған дағы.
Арызы балалардың аяқсыз қап,
Үйректей ұйықпасын тоғайдағы.

Ауылда аман болсын ағаларым,
Қамқоршы қариялар бабаларым.
Қам көңіл артта қалған аналарым,
Жайлауда жамыраған қозыдай боп,
Күн туар аман келіп балаларың,

– деп келген Шолпанқұлдың бұл өлеңін біздің ауылдың қарттары жылап отырып атама оқытып, кейбірі көшіріп жазып алып жатушы еді. Соғыс жылдары мен 6-7 жастарда едім, еміс-еміс есімде, біздің үйге қарт кісілер көп келетін, бәрі де атаммен әңгімелесіп, өлең тыңдап, кімнің бала-

сынан хат келсе бірігіп оқып, қуаныштары болса да, реніштері болса да бір-біріне айтып, сыр шертісетін еді. Балаларынан қара қағаз келгендердің қайғысына ортақтасып, оларға ерекше көңіл бөліп, қамқорлыққа алғандары, соның барлығының басы қасында атам жүретіндігі есімде жақсы сақталған. Кейінде осы өлеңнің ішінде аттары аталған қарттардың бірен-сараны болмаса, бәрі де майдангерлерді күтумен жылай-жылай дүниеден өткендерін көріп өстім.

ЕКЕЙБАЙ МЕН АСАНБАЙ

Шолпанқұл ағаның өлеңінің ішінде:
Сәлем де Үмбетәлі, Қашағанға,
Жазудан артық адам жасаған ба?
Бауыр мен балаларың аман келіп,
Думан-той болар ма екен босағанда,

– деген жолдардағы Қашаған ата менің әкеммен әрі туыс әрі замандас болып келеді. Жиырмаға жаңа ғана толған ұлы Екейбайды майданға аттандырған Қашаған ата соғыс жылдары колхоздың түйелерін бағып бір сайда отыратын. Ал біз үшін сол түйелердің бәрі Қашаған атамдікі. Атам ол үйге жиі-жиі баратын, мен үнемі қасында жүретін едім. Шұбат ішіп, ет жеп, екі қарт ұзақ әңгімелесетін-ді. Бір күні соғыстан аман келген баласына Қашаған ата үлкен той жасады. Алыс-жақыннан тойға келмеген адам қалған жоқ. Той өткен соң көп кешікпей-ақ Екейбай аға Москваға оқуға кетті. Жоғарғы партия мектебін үздік бітірген Екейбай Қашағанұлы алғаш Луговой, Шу аудандарына насихат және үтіт бөлімдерінің меңгерушілігінен біртіндеп аудандық одан соң облыстық партия комитетінің хатшылығына дейін көтерілді. Біраз жылдар Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінде еңбек етті. Өмірінің соңғы 20 жылында үздіксіз алғаш Семей облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, одан соң облыстың атқару комитетінің төрағалығына сайланды.

Қысқасы, бар саналы өмірінде идеологиялық жұмыстардың қатарынан кеткен жоқ. Осының бәрінде де ол өзінің іскер басшы, шебер ұйымдастырушы екенін таныта білді. Қайда, қандай жұмыста жүрсе де, Екейбай аға өзінің құтты мекенін, туып өскен жерін, еркелеткен елін ешуақытта есінен шығарған емес. Кем дегенде жылына бір келіп, елді аралап көріп кететін. Келген сайын біздің үйге арнайы ат басын тіреп, атама сәлем беріп, еркелей келіп қауышып, «дауысыңызды сағындым, ана әніңізді айтыңызшы, мына өлеңіңізді айтыңызшы» деп аунап-қунап қонақ болып кететін.

1987 жылдың қазан айында Қордай ауданының соғыс және еңбек ардагерлері Кенен ауылы басқармасымен бірлесе отырып, белгілі жерлесіміз, туысымыз, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, экономика ғылымдарының кандидаты Екейбай Қашағанұлының туғанына 70 жыл толған құрметіне арналған «Өсиет» күнін атап өтті. Бұл күні ауылдастарымыз, ағаның туған-туыс-

тары, жора-жолдастары осыдан бір-ақ жыл бұрын дүние салған аяулы ағамыздың өнегелі өмір жолын еске алды. Көңіл түкпірінде, жүрек төрінде өшпестей із қалдырған Екейбай Қашағанұлын мәңгі есте қалдыру үшін Кенен ауылы орталығындағы қазақ орта мектебіне оның есімі берілді.

Халқымызда мынадай мақал бар ғой, «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын, жаманның жамандығын айт құты қашсын» деген, сол айтқандай-ақ Асанбай мен Екейбай ағалардың қамқорлығын ол кісілердің өз әкелерінен гөрі менің әкем көп көрді. «Кенен аға, Кенекем» деп ол кісілер аса құметтеуші еді, алдынан қия өтпей, айтқанын екі етпей орындайтын. Үйде жатып алып Асанбай Асқаров ағаға: «Сәлем күтіп жатамын Асанбайдан, сенің маған тиеді қашан пайдаң?» – деп өлеңдете хат жазғызса, сонау Семейдегі Екейбай ағаға: «Жамбыл облысынан алаала ұят та болды өзі, менің машинама тозып бітті», – деп хат жолдатқаны есімде. Атамның 75, 80, 90, 100 жылдық тойларының ойдағыдай өтуіне атсалысып, ықпалын тигізген де Асанбай мен Екейбай ағалар. Той мерзіміне дейін бір емес, бірнеше рет келіп ауылды, той өткізілетін алаңға дейін аралап, көріп, ауыл көшелерін электрлендіру, жолды асфальт тату, ағаш отырғызып, арық-арықтан су жіберу сияқты қыруар істерді дер кезінде ауыл, аудан, облыс басшыларына айтып, қажет болса тиісті қаражатын да, көмегін де беретін. Атамның үй-жайын жөндеуден өткізу, денсаулығын бақылау, жағдай тудыру дегендер де Асанбай мен Екейбай ағалардың назарынан тыс қалмайтын. Кенен тұратын ауылдағы зәулім мәдениет сарайының салынуына, жаңа қазақ орта мектебінің ашылуына да, кейінде ақын мұражайының тұрғызылуына да бұл кісілердің ықпалы аз болған жоқ.

– «Ауылына қарап азаматын таны» деген ғой халқымыз. Кенен ата тойында халық көп болады, әр республикадан, Одақ көлемінен қонақтар келеді. Сонда мына ауылдың сұрқын не деп көрсетеміз? Осындай кездерді пайдаланып та қалу керек қой, – деп ел азаматтарына ой тастайтын, жол сілтейтін де осы кісілер еді.

Сонау бір жылдары Асанбай ағамыздың жаламен абақтыда отырғаны жанымызға қатты батты. Ол кезде әкем жоқ, анамыз газетке ашына хат жолдады.

– Асанбайдың жазықсыз жапа шегіп жатқанын естіп те, теледидардан көріп те қарт жүрегім қан жылап отыр. Оның кеңес заңынан саңылаудай да сая таппай, тағдырының тәлкекке түсуі жанымды шошытты. Бұл сұмдық қой.

Мен белгілі халық ақыны, әнші композитор Кенен Әзірбаевтың 55 жыл отасқан жарымын, жасым қазір 86-да. Біз Асанбайды жас кезінен білуші едік. Комсомол жұмысынан шыныққан білімді де парасатты, елім деп аянбай еңбек еткен азамат еді.

Біздің өңірден Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосовтан кейін алған бетінен қайтпайтын азамат алғыр, шешен басшы Асанбай», – деп ерекше бағалап отырушы еді.

Біз Асқаров пара алды дегенге еш сенбейміз, оның адал коммунист, оның әр ісі төл халқына, өз еліне арналғанына шүбәміз жоқ.

Мен – қарт ана, өзімнің ұл-қыздарымның, 33 немеремнің, 23 шөбереімнің, бес неменемнің атынан, бүкіл Кенен Әзірбаевтың әулеті атынан Асанбай Асқаровтың ақталуын талап етемін! Асқаровтың ісін, оның тағдырын басқа республиканың шешуіне қарсымын! Редакциядан осы талабымды Қырғызстан Жоғарғы сотына жеткізуін өтінемін!» – деп жазған хаты «Ана талабы» деген атпен сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 18 наурыздағы санында жарияланғанды.

Асанбай ағаның тағдырына ара түскен миллиондаған адамдардың арасында менің анам Насиханың да үнінің естілуі біз үшін зор мақтаныш.

Шүкіршілік, Асанбай ағамыз ақталып, арамызда жүріп, бірнеше кітаптарын еліне сыйлап, армансыз дүниеден өтті. Қимастықпен аяулы ағамызды шығарып салдық.

НЫСАНБЕК ПЕН МЫРЗАТАЙ

Өмірінің соңғы жылдарында атам өзімен шығармашылық тығыз байланыста болып, тумаса да туған баласынан да артық көріп кеткен, халқымыздың аяулы ұлдары, әдебиет пен мәдениеттің майталмандары, талантты ғалымдары Нысанбек Төреқұлов пен Мырзатай Жолдасбековті жиі-жиі есіне алып, бағалап үлкен ризашылықпен оларға аталық батасын беріп отыратын. Әсіресе, Нысанбектің еңбекқорлығына тәнті атам: «Әр келген сайын асықпай-саспай, бір жапырақ қағазға дейін мұқият қарап, жазғандарымның бәрін ретке келтіріп жинап, қаттап кетеді. Нысанбек келгелі көзім ашылды. Өзі арабша жаза да оқи да алады екен. Не істесе де ісін тиянақты аяқтайды. Қарапайым, орнықты жігіт» – деп, жазғандарын ешкімге бермей, Нысанбектің келуін асыға күтетін.

Шындығында да, атамның ақын, әнші, сазгер ғана емес, құйма құлақ шежіреші екендігін халыққа танытқан алғашқылардың бірі Нысанбек екендігінде ешкімнің таласы болмас деп есептеймін. Бұл туралы да атам: «Көптен армандап жариялата алмай жүрген еңбегімнің бірі – ілгеріде өткен ақын, әнші, күйшілер, сал-серілер, шешендер, батырлар жайында қара сөзбен жазылған шығармаларым жатушы еді. Соны Нысанбек қарап шығып, көркемдік жағын өңдеп 1969 жылы «Аңыздар сыры» деген атпен шағын кітап етіп жариялатты. Өзін тым аз данамен шығарған-ды, әрі көп қысқартылып кеткен. Соған қарамастан бұл кітап қолдан-қолға өтіп, бұл күнде таптырмайтын жоққа шықты. Осы үшін мен Нысанбек балама дән ризамын» – деп отыратын. Нысанбек аға біраз уақыт келмей қалса, мазасызданып, қайта-қайта айтып «не болды бұған, аман болса екен өзі» деп асыға күтетін. 1975 жылдың қысында, бұл жалғаннан өтерінің алдында атам Нысанбекке арнап мына бір өлеңді маған жазғызған еді.

НЫСАНБЕККЕ

Сағынып сәлем жаздым Нысанбекке,
Жасыңнан ерінбеуші ең көп еңбекке.
Маған да істеп жүрген қызметің,
Қарағым мәлім болды барша көпке.

«Тураушы да туғаның болсын» деген,
Бұрынғының айтқаны емес текке.
Тілектес Кенен атаң саулығыңа,
Ұмытылмас барлық ісің, тұр жүректе.
Жатырмын айтып күнде алғысымды,
Мен үшін салдың талай бар күшінді.
Келін апсың қарағым құтты болсын!
Тәбәрік бұл өлеңім жүрсін есте.
Ұл-қызың, ұрпақтарың өсе берсін,
Жатамын алғыс айтып күндіз-түнде.

Атам жайында көп айтылып та, жазылып та жатады. Алайда, Кенен мұрасын зерттеуде, оның сан қырлы ақындық жолын ашуда Мырзатайдың орны ерекше. Жамбылдың ақындық ортасын ашуда Жетісу ақындарының өмірінен мәліметтер жинап жүргендігін айтып, атамды арнайы іздеп келген сонау 1965 жылдардан бастап Кенен мен Мырзатай үнемі шығармашылық байланыста болды. Ақын еңбектерінің баспа беттерінде жариялануына қамқорлық жасады. 75, 80, 90, 100 жылдық мерейтойларында аянбай еңбек етті. Атам туралы өзі де көп жазды. Үйге келгенде аз сөйлеп көп тыңдайды, тыңдаушысы келіскен атам да нелер бір жайларды ағытады-ай дейсің. Мырзатай атамды ғана емес бәрімізді баурап алды. Атам баласындай, біз бауырымыздай сезінетін едік. Сондай шақтарда, апам атама: «Бұл өңірде жүрмеген жерің жоқ, мүмкін Мырзатай сенің өз балаң болып жүрмесін» – деп әзілдейтін.

Бірде Мырзатай: «Осы Кенекемнің құйтабаққа түсірілген дауысы барма екен?» деп сұрады менен. «Ертеректе жазылынып алынған 2-3 әнімен бір құйтабағы бар еді, оның өзі де сынып қалыпты» дедім. Мырзатай: «өкінішті-ақ екен, кеш те болса міндеті түрде дауысын жаздырту керек» деді. Көп кешіктірмей атамның қалаға бір келгенін пайдаланып Мырзатай, Тасыған, үшеуіміз дереу опера және балет театрына алып келдік. Сол жерде түннің ортасынан бастап, таң атқанға шейін, өзінің орындауында 20 шақты әндерін жаздырдық. Термоспен шәй апарып ауық-ауық құйып беріп отырдық. Әр әнді жазған соң қалай болды екен деп тыңдаймыз. Бәрі жақсы, бірақ бір нәрсе тық-тық етеді. Бұл не?

Жазып отырған жігітте жан қалмады (атын ұмытыппын). Барлық жағдай тудырылған, тып-тыныш, қосымша дыбыс жазылар ешнәрсе жоқ. Сөйтсе, атам әнді айтып отырып, бір аяғымен ән ырғағына қарай жерді тейіп отырады екен. «Ататай аяғыңызды қозғамай отырып айтыңыз» дейміз. Оған үйреніп кеткен әдет бола ма ұмытып кете береді. Тіпті аяғын ұстап отырмақ та болдық. Көнбейді. Шаршап кеттім, шөлдеп кеттім деп ренжіп: «Шіркін-ай, ал Кенеке десе, айта беріппін, айта беріппін, ешкім жазып алмапты. Жас күнімде даусым тік шырқау биік еді, жеткізем деген жеріме жеткізуші едім. Мына Тасығаның елі Жалайырда Сүндетбай дегеннің жиынында Кененді көреміз, әнін тыңдаймыз деп басып қалған, ел үйге сыймай, алты қанат ақ үйді қиратып кетіп еді. Қайран сондағы үнім-ай. Енді, міне, кәрі түйедей бақылдаған даусым қалғанда әуреге түсіп жүргенім. Даусымның қуаты барда жазылмай қалғаны өкінішті-ақ.

«Қолда барда алтынның қадірі жоқ» – деген осы да» – деп ара-арасында сөйлеп те кетіп отырды. Әйтеуір, іс қылып әрең дегенде біраз әндер жазылды. Осы күнгі ел қолында жүрген, сыртында ақ сақалы желбіреген суреті бар көркем безендірілген күйтабақтағы үні, атамның сол күнгі жазылынып алынған 80 жастағы даусы екендігін біреу білсе, де біреу білмейді.

Атам қартайған шағында ешкімге оңайшылықпен көнбейтін, тіл алмайтын болып кетті. Тек Мырзатайды тыңдайтын, соның айтқанына иланатын еді. Бұл туралы атамның өзі: «Өмірінің соңғы елу жылында Жамбыл мені қасынан тастамайтын. «Мен Кененнің үнінен басқаны ұқпаймын» деуші еді, жарықтық. Сол айтқандай мен де осы Мырзатайдың айтқанынан басқаны тыңдамай барамын. Өйткені, оның ойы терең, пікірі нақты, сөздері қоспасы жоқ саф алтындай таза, түсінікті» деп, мақтап отыратын.

Бір күні Алматыдан бір топ теледидар қызметкерлері арнайы келіп, атамды киноға түсірмек болды. Әкемнің 90 жасқа толу тойына кезекті бір хабар даярлау қажет болса керек. Атам: «Ешқандай киноларыңа да, телевизорларыңа да түсуге шамам жоқ, баяғыдан бері қайда жүрсіңдер?» деп қатты ашуланды. Біз болсақ сонша жерден әуре болып келгенде ұят болды-ау деп жатырмыз. Ақыры келген қонақтардың қайтуына тура келді. Біз оларға: «Енді келсеңіздер, Мырзатай Жолдасбековті алып келіңіздер» дедік.

Бір айдай уақыт өткізіп олар қайта келді, Мырзатайды ала келді. Мырзатайды көрген соң атам: «Шырақтарым-ай, қартайғанда қай түрімді көрсетейін деп едіңдер? Қазір менде не сән бар, не ән бар? Босқа әуре болдыңдар ғой» – деп, ертеректе дұрыстап түсіріп алмағандықтарына өкпе-назын айта отырып келісімін берді. Басы қалтылдап, қол-аяғы дірілдеп, жан-жағынан түсірілген жарыққа көзі шыдамай жасаурап, ыстыққа шыдамай жүрегі қысылып, атам қатты қиналды, бірақ шыдады. Бұл жолы да барды кезінде қастерлеу бізде жетпейтіндігінің тағы да куәсі болдық. Әрі ұялып, әрі атама жанымыз ашып та кетті. Мырзатай енді қайтып атамды қинамайтындай болды ғой деймін, қатты қысылды. Алайда, 1972 жылы Жамбыл бабамыздың 125 жылдығы тойланатын болып, Мырзатай, Тасыған, Бақытжан, Манан аға төртеуіміз қайткенде де атамды осы тойға алып келуіміз керек деп жолға шықтық. Ол жылдары атам сексеннің сегізіндегі кезі. Амандық-саулық сұрасып, біраз демалған соң Мырзатай:

– Кенек, естіп жатқан боларсыз, ертең, жоқ арғы күн Алматыда

Жәкеңнің тойы болады, соған шақырып келіп отырмыз. Бүгін салқын түсе жүруіміз керек, ертең тынығып арғы күні жиынға қатысасыз. Сізді алып кел деп жіберді, – дейді. Атам сәл үндемей отырады да: «Тойларың құтты болсын! Алматыдағылар мені баяғыдағыдай айтсақ болды дереу шауып келеді дейді-ау, ә, бүгінде қарға адым жер басу мұң, жолға жүрегім шыдамас, бара алмаймын, шырақтарым» – деген екен.

Бұл жолы оларға апам көмектесіп жібереді: «Немене, жолда өліп қаламын деп қорқып отырсың ба? Өлсең, «Атам-ай» деп жылап, балаларың

алып келеді. Жәкеңнің тойына бармағаның ұят емес пе? Балалардың сағын сындырмай жолға дайындал» – дейді.

«Сол жолы Кенекем Ленин атындағы сарайда той президиумының алдыңғы қатарында Д.А.Қонаевтың қасында отырды, артында екінші қатарда «атқосшысы» мен отырдым. Бұл жолы да Кенен атам жәй келген жоқ, ұстазының тойына әйгілі «Жамбыл – жырын» тарту етті – деп еске алады Мырзатай. Той соңында Мырзатай мен Тасыған атамды үйге алып келді. Мен де дастарқан жайып күтіп отырған едім. Бұл жолы мен ешнәрсеге араласа алмадым. Себебі, нәрестелі болып, үйге келгеніме екі-үш-ақ күн болған-ды. Атам маңдайымнан сүйіп, ұлымды қолына алып іскеп, «мұның атын кім қойдыңдар?» – деп сұрады.

– Ата, әзір ешқандай ат қойғанымыз жоқ, үлкен ұлымның есімін өзіңіз қойған едіңіз ғой, бұған да сізді күтіп отырмыз, – деді Тасыған. Атам біраз үндемей отырды да: «Үлкен ұлыңның атын ешнәрседен таймайтын мықты, алғыр болсын деп Болат қойып едім, мұның есімі қара қылды қақ жарардай әділетті, өткір болсын деп Алмас қоямын» – деп бата берді. Бұл атамның біздің үйге соңғы келуі болатынын біз, әрине, ол кезде ойлаппыз ба?!

Мырзатай атамның 90 жылдық тойынан соң, қызмет жөнінен Талдықорғанға ауысып, біраз уақыт келмей кетті. Күте-күте сағынған атам мына өлеңді маған жаздыртқан еді.

МЫРЗАТАЙҒА

Сағынып сәлем жаздым Мырзатайға,
Жігітсің сөзге шешен, тілің майда.
Қормалы қорғаушы боп ақындарға,
Маған да көп еңбек қып тиді пайдаң.
Өз жүзін көрсеткендей, өз келбетін,
Баласың алтын сөзді, асыл айна.
«Түртпейді түбі бірге» – деген халық,
Таныттың өнерімді көп жамайға.
Тілектес боп өзіңе бата беріп,
Отырмын өзің көрген жайлы жайда.
Келін мен балаларға менен сәлем
Еңбегің маған сіңген кетпейді ойда.
Той өткелі сәлемді бермей кеттің,
Қарағым өкпең бар ма, кеттің қайда?
Отырмын нардай шөгіп бір орында,
Тағдыр мен кәрілікке бар ма айла.
Тілектес аман-есен жүргеніңе,
Отырған Кенен атаң терең ойда.

Көп кешікпей-ақ 1976 жылдың көкек айында атам қайтыс болды. Мырзатай да, Нысанбек те көппен бірге «аталап» келіп, орны толмас ортақ қазаны бірге бөлісті. Әкемнің тірі кезіндегі олардың шығармашылық қатынастары әлі де Кенен ұрпақтарымен жарасымды жалғасып келеді.

Атамның қолынан ет асап, дәмдес-тұздас болған, талай-талай күндер мен түндерді бірге өткізіп, аталарының қажымаған, жасымаған, шөкпеген, кетілмеген асылдығына, сергектігіне ғашық болған, қарлықпаған күміс көмейіне тәнті болған Нысанбек пен Мырзатай жәй ғана тыңдап ұғып қоймапты, жинап-теріп ұқыптылықпен сақтапты. Соларды «атамыз былай» деген, «Кенекем айтқан» деп айтып, жазып, оның артта қалған тамаша мұрасын өшпестей етіп оқырман қауымға ұсынып, халық иігілігіне асырып жүрген Мырзатай мен Нысанбекке Әзірбаевтар әулеті, оның ұрпақтары дән риза.

Тірлігінде аталарының ақ батасын алған қос ғалымның 1992 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Тоқсан толғау» атты деректі ғұмырнама-лық эссе-кітабы Кенен Әзірбаевтың шығармашылығына қосылған тың туынды деп есептейміз.



1974 жылдың маусым айында атамның туғанына 90 жыл толған мерейтойы, берісі республика, арысы одақ көлемінде кеңінен аталынып өтілетін болды. Той мерзімі жақындаған сайын облыс, аудан басшылары, той өткізу үшін құрылған комиссия мүшелері біздің ауылға жиі-жиі келіп, ақынның үйіне жөндеу жұмыстарын жүргіздіртіп, денсаулығының дұрысталуына қатты көңіл бөле бастады. Атам ол кезде қимылдың аздығынан ба, қайдам, қатты толып кеткен-ді. Басы қалтылдап, қол-аяғы дірілдеп жас баладай күн кешетін еді. Дәрігерлер келіп қарап, тойға дейін бұл кісіні жүргізуіміз керек, әншейін қимылдамай жанаяр болып қалған, болмаса жағдайы жаман емес, жүрегі мықты, тамырларының соғысы жас кісідей, қан қысымы да дұрыс деп тапты. Сол-сол-ақ екен, қуат-күш беретін дәрі-дәрмектер ішкізіп, витамині мол тағамдар беріп, дене шынықтыру жасатып, әлек болдық та кеттік.

Бір күні бас дәрігердің тапсырмаларымен бір топ қыз-келіншектер келіп, кезек-кезек атама массаж жасамақ болды. Ол кісі алғаш ренжіп, шешінбей қойғанымен, келе-келе, үйреніп алып, демалыс күндері келмей қалса, денесі құрыстанып, іздейтінді шығарды. Кейде: «Бұл шіркіндер, бұрын қайда қалған, ә, қолдарының жұмсағы-ай, өздері сүп-сүйкімді екен» – деп қулана күліп қоятын. Қыздар екі ай бойы массажды үзбей жасап, ақыры атамды аяғынан тік тұрғызып, жүре алатындай жағдайға келтірді. Той күні мереке алаңына өзі жүріп барып, барлығын өз көзімен көріп, көңілі көтеріліп қайтты. Той өткен соң қыздар келмей қалды, массаж тоқтады. Еті үйреніп қалған атам: «Өлгі қыздарым мені ұмытты-ау деймі, ә» – деп іздеп, біз уқаласақ: «ойбай, ауыртып жібердіңдер ғой, қолдарың қандай қатты еді» деп жақтырмай, біраз әуреге түстік.

Ақынның жерлестері тойға келушілерді тік тұрып күтіп алды. 200-ге жуық үй тігіліп, ат, бәйге, қыз қуу, балуандар күресі, ақындар айтысы, әнші-күйші, бишілердің концерттері, әйтеуір бар қызық сонда болды. Осы жолы атамның омырауына Ленин ордені тағылды, бұрынғы КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев-

тың атама хаты оқылды. СССР Жазушылар Одағының сол кездегі бірінші хатшысы Георгий Марковтың, Қырғызстанның академик жазушысы Шыңғыс Айтматовтың, ақын інісі Әбділдә Тәжібаевтың, тағы да басқа еңбек адамдарының жүректен шыққан құттықтауларын тындаған, ел-жұртының өзіне деген үлкен ілтипат, сый-құрметін көрген атам, шабыттанып-шаттанып өлең-жырдың тиегін ағытты. «Тоқсандағы толғау», «100 жасқа», «Құмтөбе», «Жаңа жыл», «Ескерткішім» деген тағы да басқа көптеген туындылары тойдан кейінгі шығармалары. Ал еліне, халқына арнаған алғыс өлеңдері өзінші бір төбе.

Талай жыл заман мені еркелетті,
Ер етті, ел бастайтын серке де етті.
Тоқсанның торғынына оранғанда,
Димашжан сенің жазған хатың жетті.

Қордайда бір той өтті дүрілдеген,
Қайтадан атқа мінді бүгін Кенен.
Бәрі де сенің арқан Димаш шырақ,
Айналдым дидарыңнан күлімдеген.

Қонды ғой бақыт құсы басыма кеп,
Өзірмін ән салуға қасыңа кеп.
Мен саған тоқсанымды бердім ұлым,
Ел үшін Жамбылдың да жасына жет,

– деген 80 жолдық ұзақ толғауын ең алғаш жазып алып, өңдеп жариялатқан ақын Тұманбай Молдағалиев екендігін айта кеткен жөн. Бұл өлең 1984 жылғы атамның туғанына 100 жыл толған тойы қарсаңында шығарылған екі томдық таңдамалыларының бірінші томына енгізілген. Сондай-ақ облыс, аудан басшыларына арнап:

Бектұрғанов Хасенім,
Көрнекті көзге әсемім.
Аз сөйлейтін шешенім.
Тоқсан жылдық тойымды
Өзің бас боп басқардың.
Он бір аудан халқымнан,
Сан жетпес шашу шашқыздың.
Екі жүз үй тіккізіп,
Қонақты абзал күткіздің.
Сәлімкерей ініммен,
Файнікендей қызыммен,
Еңбек еттің шыныңмен,

– деп ризашылық алғысын айтқан әкемнің бұл өлеңдері кезінде аудандық, облыстық газет беттерінде жарияланған-ды.

Атамның осы тойынан кейін халық арасында «Кененге сол жолы мәшине, түйе, көп жылқы тартулағанды былай қойғанда, келген кілемдерді жайса, саған өтірік, маған шын, түп-тура Қордайдан Алматыға жетеді-ау деймін» деген лақап әңгімелер көп болды. Десе-дегендей-ақ еді. Сыйлық деген, құрмет деген сондай-ақ болар. Алайда, әкемнің дүниеқоңыздығы жоқ еді. Қалай келсе, солай кететін, оң қолымен алып, сол қолымен тарататын жомарт, сырдың суы сирағынан келмейді.

Бұл жөнінен атам екеуіміз анда-санда шекісіп те қалатын едік.

– Ата, сіздің атыңызға келген сый-тартуларды той өткенше мына бір бөлмеге қоя берелік, есігіне құлып салалық. Сіздің алғашқы қомқоршыңыз Еркебай сыйлаған кішкентай ақ домбыраңыздан бастап осы күнге дейінгі дүние мүлкіңіздің бәрі сақталынуы тиіс. Кейін музейіңізге тапсырамыз.

Сәбит Мұқанов ағаның музейін барып көріп едім, баяғы біз үйіне барып жүргендегі тұрған заттарының бәрі қаз-қалпында тұр. Көзіңе оттай басылады екен. Мәрия апай (С.Мұқановтың әйелі) қандай білімді адам, соның баршасын мұқият сақтай білген, – деп едім:

– «Ұлыстың ұлы күні есікке құлып салған не сұмдық» – деп атам мені қағып тастады. Мен өкпелеп қалдым, қалай болғанда да іні-сіңділеріме «келген заттарға ие болыңдар, 75 жылдық тойындағыдай кесе-жанан, пышақ-қасық, шанышқыларға дейін тәбәрік болып қолдан-қолға өтіп кетпесін» деп ескерттім. Алайда, атам тойда өзіне келген заттарды қалай таратудың жолын ойластырып та қойыпты. Той өтіп, біраз тыныққаннан соң, әкем бәрімізді шақырып алды.

– Менің осы Киров колхозына көшіп келгенім құтты болды.

Ауруымнан жазылып, қатарға қосылдым. 75, 80, 90 жылдық тойларым өтіп жатыр. Той-тойға ұласып, қуаныш-қуанышқа жалғасуда. «Тас түскен жеріне ауыр» дегендей, осы жердің адамдары кәрі демей, жас демей түтініне қонақ алып, тік тұрып атқарады. Ел қызық көріп тойлап жүргенде, бұлар үйлерінен шығуға мұршалары жоқ. Осылар болмаса не істер едік? Мен тек осы колхоздың тұрғындарына арнап жол-жоралғысымен үлкен той жасап, алғысымды айтуым керек, өйтпейінше мен тыныш ұйқтай алатын емеспін, – деді.

– Мұныңыз өте дұрыс, ата. Олай істемесеңіз, сіз Кенен болмайсыз ғой.

Той жасап бергеніміз дұрыс, ал анау жол-жоралғыңыз қалай болар екен? – дедім күлімсіреп.

– Ә-ә-ә, міне-міне, сенің дәл осылай дейтініңді біліп едім. Өзің дүние-қор қызсың ғой деймін. Шырағым-ау, ана ішінде жазуы бар том-том кітаптар, құттықтау папкілер, орден, грамоталар, тағы да басқа толып жатқан заттар жетпей ме музейіңе? Мен әзір өлмеймін, жүзге келуім керек, – деп, аяғын әзілге сүйей күлді де, – ал тойға даярланыңдар, мен кәзір колхоз басшыларына барып, ақылдасып, күнін белгілейміз, – деді.

Біздің колхоздың түні қандай тамаша. Маса, шыбын дегенің болмайды. Ауасы тұнық, ай сүттей аппақ. Жаздың осындай бір күнінде ауылдас-тардан ешкімді қалдырмай түгел шақырып той жасадық. Атамызды ортаға алып ән шырқап, би билеп, әзіл-қалжыңымыз жарасып таңға тамашала-

дық. Атам түнімен әр қайсысының қасына барып, айналып-толғанып, ішіндер-жеңдер деп, шаршағанын сезбей балаша қуанды. Тойды өзі сөз алып бастап берді. Алғашында – біраз толқыңқырап, көзіне жас іркіліп, тығылып қалғандай болды. Бұл кісіге не болды, – деп сескеніп қалдық. Бірақ өзінің ерік-күшін тез жинап алды да, қолына домбырасын ұстады. Жиналғандар сілтідей тынды.

– Бәрі жақсы болды, шырақтарым, тойды абыроймен атқардыңдар, өздеріңе ризымын, көп рахмет. Өкінішті-ақ, осы тойды ойдағыдай өткізбеске не шара деп, жар құлағы жастыққа тимей шапқылап жүрген бәріміздің аяулымыз Шәйке бауырымыздың (Ш.Алқамбаев ауылдық Кеңестің төрағасы, өзі журналист-тілші, тойды ұйымдастыру комиссиясының мүшесі) тойға да жетпей мезгілсіз арамыздан аттанып кеткендігі жанымды қатты құлазытып кетті, – деді де, домбырасын қағып-қағып жіберіп:

Жарқын жүзді жайдары,
Еңбегі елге пайдалы.
Ұмтыл ауыл ағасы,
Жыртылғандай жағасы,
Тау мен тасты жаңғыртып,
Жоқтады елдің кәрі-жасы.
Кішіпейіл халықшыл,
Сөзге шешен тарихшыл.
90 жылдық тойымда,
Аянбай еңбек етер ең,
Жүгіріп қонақ күтер ең,
Жетпей кеттің ойыңа.
Үйде жатып төгілді,
Ыстық жасым қойныма.
Тойдан бір-ақ күн бұрын...
Жердің түстің қойнына.
Иманды бол Шәйкем-ай!
Тасқа тиіп қирады-ау,
Алшы менен тәйкем-ай.
Торқа болсын жамбасың...
Тағдыр солай қайтем-ай...

– деп жоқтау-өлең айтты. Тойға жиналғандар атамның бұл адамгершілігіне разы болып, көздеріне жас алып, біраз үнсіз қалды. Той соңында тағы да домбырасын қолына алып:

Атақты Киров колхозы 500 түгін.
Берекелі-пейілді елім-жұртым.
Төрт түлік қоғам малы ызғып жатқан,
Астық, шөп түрлі табыс жайнап мүлкің.
Ұйымшыл еңбек сүйгіш жігер, құтым.
90-ға толғанымда той боп еді,
500 үй қонақ алды үш күн, үш түн.

Шақырған, шақырмаған қаптап кетіп,
Сыр бермей күтіп алды бүкіл халқым.
Баршаңа алғыс айтып, бата берем,
Өркенің өссін ұл-қыз, ұрпақ-ұрқым.
Ешкім жоқ менен үлкен осы ауылда,
Бәрі кетті дүниеден қатар-құрбым.
Отырған белгісімін ескі жұрттың,

– деп аталық батасын беріп, үлкендерге шапан жауып, жастауларына бөрік, тақия кигізіп, балаларға домбыра, кітап сыйлап думандатып таратты.

Енді біраз күннен кейін өзінің бүкіл туыстарын, құда-жегжат, бауырларын, ұл-қыздары мен келін, күйеулерін түгел жинап, мал сойып, той жасап берді. Ойнадық-күлдік, армансыз--ақ ішіп-жедік. Бізге де батасын беріп, алғысын айтты. «Көзім тірі тұрғанда, әрі ескерткіш болсын» деп бәрімізге тойдан тәбәрік берді.

– Достың жолы ауыр да жауапты болады. Адамнан бір, Құдайдан бір сұрап жылап жүргенде көрген Көркемжанымның жұптары жазылмай келе жатқан досысың, қарағым. Әкең марқұм да алдымнан өтпеген аяулы бір жан еді. Жақсыдан қалған тұяқсың ғой, мынаны сен мінгенің жөн болар, риза бол, шырағым – деп, Көркемнің досы Сабырқұлға өзіне сыйға келген ақ түйені жетектетті.

– Түсінген кісіге барлық күйеу балалардың ішінде сенің жолың ерекше, өйткені, біз тәрбиелеп өсіргенімізбен, шындығына келгенде Дағыстан халқының ұлы ақыны Сүлейман Стальскийдің тұқымы Хамсиятқа (біздің қойған атымыз Айша) сен ие болып отырсың, Сенің ана құдай берген балаларыңның бойында Дағыстан халқының қаны бар, – деп, Айшаның күйеуі Нәмет жездеме арғымақ ат мінгізді.

Қалғанымыз да құр қалмадық. Қыздарына бір-бір кілем, күйеулерге бағалы сағат, шапан, келіндерге орамал, көйлек, жиеншар, немерешөберелеріне дейін ешкімді қалдырмай бөрік, тақия кигізді. Екі ұлына еншісін бөліп, анықтап берді. «Осы тұрған үй-жәйім, азды-көпті жиған-тергендерім, мәшинем – Көркемжандікі. Ол менен кейінгі осы қара орман иесі. Ал Алматыдағы үй-жайыма ие – Бақытжан» деп ашық айтты.

Жымия күліп қасымда тұрған күйеуім Тасығанға арнап:

Ардақты балам Тасыған,
Бақ кетпесін басыңнан.
Ұл-қыздарың ұрпағың,
Еркелеп өссін қасыңнан.
Тәрбиелеп, жөн сілтеп,
Балаларға бас болдың.
Түсініп жанын, жағдайын,
Төрткенге адал дос болдың.
Жаңа қала Қапшағай,
Құтты болсын қонысың.
Жарылқасын бір құдай.

Тілегінді тілеп жататын,
Мен бір атаң осылай.
Балалық тұзыңды ақтадың,
Еңбекқор, адал, жаның жай,
Мінезің маған тартқанын.
Балаларды біліп тұр,
Қалай тіршілік етіп жатқанын,

– деп маңдайынан сүйіп, қолына алтын сағат тақты. Анадай жерде іштей толқып, состиып тұрған мені атам шақырып алып, өзгеше бір сарынмен:

Домбырамды сыйлаймын,
Аяулы қызым Төрткенге.
Өн-жырымды орындап,
Әке жолын күткенге.
Ерінбей айтып береді,
Келген менен кеткенге.
Құмар боп өстің жасыңнан,
Көпке қызмет еткенге.

Болса да бөлек тұрағың,
Жанымды ұққан құрағым.
Ризамын мен саған,
Өзгеше туған шырағым.
Мұқам-сазын өзгертпе,
Еліктеп, еріп басқаға.
Аманат саған ән-мұрам,
Домбыраңды тастама!

– деп соңғы «Домбыраңды тастама!» дегенді үш рет қайталап бетімнен сүйіп 90 жас деген жазуы бар домбыраны үлкен бір кілеммен маған берді. Имене барып домбыраны бас салып, атамды құшақтағанда, «қайтсін-ай!» деп көпшілік көзіне жас алды, түсінігі төмен кейбірі «алғанды кім жек көрсін» десіп, күліп жатты.

Бұл күн атамның ауылдастарымен, туыс, бауырларымен, ұл-қыздары, үрім-бұтақтарымен дидарласуының соңы болар деп, әрине, ол кезде ешкім де ойлаған жоқ-ты.

ЛӘТИПА НЕМЕСЕ КЕНЕНДІ МОЙЫНДАТҚАН КЕЛІНШЕК

– Айтыста жеңіліп көрдіңіз бе? – деп сұрадым бір күні әкемнен.

– Е, баламысың деген-ау! Мен пәленнен жеңілдім деп мойындаған ақынды осы жасқа келгеше естіген де, көрген де емеспін. Анау Алатаудың биік шыңдарына қарашы. Бірі – асқар биік, бірі – аласа. Ақындар да сондай қарағым. Оларға баға беретін де, төрелік ететін де халық, содан соң уақыт.

Сондай шыңдардың бірі – ақын Ләтипа деп еді. Әкемнің сондағы айтқан осы бір әңгімесі есімде қалыпты....

...Хантауды бөктерлеп жүріп келеміз. Астымдағы құла қасқа құлақтарын қайшылап, аяқтарын екілене басып, дегбірсізденіп келеді. «Артқы айылдың батқанын иесі емес, ат білер» дегендей, ұзақ жолдан қажыған жануар алдымызда ауыл бар екенін, соған тезірек жетсе, жаны сая табарын сезгендей басын шұлғып-шұлғып қояды.

Осы ауылға жақындаған сайын менің де жүрегім өрекіп, көңілімде бір қобалжу пайда болғандай. Өйткені бұл көзбе-көз жолықсам, отты өлеңдерін өз құлағыммен естісем деп армандап жүретін әйгілі ақын Ләтипаның ауылы. Сондықтан бізге жол көрсету үшін қосып берген жігіттен Ләтипа жайлы әлсін-әлсін сұрап келемін.

Осы елге күштеп ұзатылғандығы, атастырған күйеуі мыңғырған малы бар байдың баласы екендігі, бұған әр көңіл Ләтипаның разы еместігі туралы осы жігіттен естіп білдім. Балуандардың белдесер алдында бір-бірінің айла-тәсілдері, күш-қуаты, осал тұстары жайлы алдын ала сұрап біліп отыратындығы секілді, бұл айтыс ақындарының да бойына сіңген әдеті.

Әсіресе, Ләтипаның атақ-даңқын бүкіл Жетісу өңіріне кең таратқан мына бір оқиға еді. Алдына келген ақындарды өткір тілмен аузын буып, аяғын тұсап, тырп еткізбей қоятын Ләтипаға бір күні алты ақын бірге келіпті. Өзара келісіп алған Қайрақбай, Сауытбек, Көшкімбай, Досмырза, Бәйсімбек, Жидебай сынды ақындар: «Тілі шоқтай дейтін Ләтипаның алдына алтауымыз қоса баралық, не дейді екен, әуселесін керейік, сасқан үйректей болсын» – деп ұйғарысады. Әрқайсысы жұптап келген бірер шумақ өлеңдерін айтып тиісе кетеді. Жастарының үлкендігіне қарамай бәдіктеу сөздер айтады. Сонда желіккен ақындардың тұр – әлпетіне, сыртқы пішініне сынай қарап отырған Ләтипа былай деген екен:

Досмырза, баспаймысыз мұртыңызды,
Боза исі сасытпай жұртымызды.
Екі елі аузыңа келмей әлің,
Алғанын білмеймісің құнтыңызды.

Қайрақбай селдіреген мұртың жаман,
Емшектей салбыраған ұртың жаман.
Ешкіні иіскеген текеге ұқсап,
Аузыңды шошайтасың, шіркін жаман.

Бәйсеке, тары түйдім кебегі жоқ,
Өлеңім ұшан-теңіз, кенері жоқ.
Өзіңнің қатарыңа айтсаңызшы,
Шалдардың аузы сасық керегі жоқ.

Ашадан іздеп келген алты қақбас,
Жастарға өлеңдерің енді жақпас,
Қақпандай салдыры бар, қауқары жоқ,
Түлкіге салмағы жоқ қақпан шаппас...

Ләтипаның ащы сықағына шыдай алмаған ақындар: «Тіліңе теріскен шыққыр, Ләтипа!» – деп, домбыраларын сүйретіп үйден атып шығыпты.

Міне біз бет алған ауыл-өлеңдері ел аузында жүрген ақын Ләтипаның келін болып түскен жері Топар.

Мен Ләтипаны арнайы іздеп шыққам жоқ. Балқаш, Мойынқұм өңірін аралап үш жүз түйе жинап қайту керек деген үкімет жүктеген бұйрық бар. Бұл менің Қордайға «ревком» болып сайланған кезім. «Кенен деген атыңды халық біледі. Әніңді сала жүріп, Кеңес үкіметін насихаттай жүріп, осы шаруаны бітіріп қайт» – деп Ораз Жандосов тапсырған. Жауларға сес болсын деп қасыма Иван Шпагельский деген милиция жігітті қосып берді.

Ауылына қонақ болып қас жауы келсе де, алдынан шығып, ат басын ұстайтын қазақтың дәстүрі бойынша бірнеше жігіт қарсы алып, амандық сұрасқан соң бізді оқшау тігілген сегіз қанатты үйге қарай алып жүрді. «Бұл біздің Ләтипа келіннің отауы» деген соң тұрмысқа қажетті жиһаздың бәрі бар үйден менің іздегенім басына үкі таққан келісті домбыра еді. Ол көзіме түспеген соң қолдан шауып жасаған кер домбырамды керегеге сүйеп, жайлана отырдым. Көңілде толқумен қатар, таңдану да бар.

...Дастарқан мәзірін жасап, әйелге тиесілі қызмет көрсетіп, кіріп-шығып жүрген орта бойлы қараторы келіншектің бойынан ақындықтың ешбір нышаны байқалмайды. Ақын өр мінезді келеді деуші еді. Сонда біз естіген отты өлеңдер осы бір сыпайы жанның қай жағынан өреді екен деп ойға батып отыр едім:

– Кенеке, атыңызға әбден қанықпыз. Мына отырған жұрт әндеріңізді өз аузыңыздан естігісі келеді. Қаумалаған жұрт далада да отыр, деді қымыз ұсынып отырған жігіт.

«Адамның көңілін сақта, пейілін сатпа» дейді екен бұрынғылар. Бар өнердің несін аяймын деп, домбырамды қолға алдым.

Осы жолы үнім де ерекше шықты, әндерімді де ерекше шабытпен айттым, сан өрім әндердің ең жақсы дегендерін таңдап шырқадым. Жұрттың ұйып тыңдағанына, Ләтипаның тырп етпей үнсіз отырғанына қарағанда әндерім бәрінің жүрегіне жеткен сияқты. Жастар жағы қолқалап бол-

маған соң, сонау жігіттік шақта шығарған «Тік шырқау» деген әнімді салдым. Домбыраның ең төменгі сағасынан басталып, екпіндеп барып аяқталатын бұл әнді даусым әбден бабына келгенде ғана айтатынмын.

«Тік шырқауға» салайын шырғақтатып,
Арқам қозса кетермін ырғақтатып.
Сұлу қыз түлкі болып төстен қашса,
Ер жігіт қырандайын алсаң қалқып..
Алма мойын ей, қыздар, жарғызарсың,
Алуа шекер тіліңнен қанғызарсың.
Қамысты терең көлдің сұқсыры едің,
Бір күні ақиыққа алғызарсың.
Қоймасаң бұл сәулетті сұлу қыздар,
Кеудемді оттай менің жанғызарсың...

Бозбалалар жағы өзара жымыңдасып қалды. Ләтипаға қарап едім, қараторы жүзінде болар болмас қызғылт рең байқалғандай болды.

«Па, шіркін жастық шақ-ай! Көңілді не бір қияндарға елітіп әкеттің ау, Кенен. Өркенің өссін, өнерің өрге өрлесін. Әнге жүйрік екенсің, қарағым. Саған салар тағы бір қолқамыз бар. Мына отырған Ләтипа келін де өнер иесі. Өнер де бір, өткір пышақ та бір. Қайрап, жанып отырмасаң кетіледі, тот басады. Бәлкім, бұл айтқаным ерсілеу де болар. «Күш атасын танымас» деген, біраз өнер сынассандар қарсы емеспіз» деп төрде отырған ауыл ақсақалы мені айтысқа шақырған сыңай білдірді. Отырған жұрт «айтсын» – деп, ду ете қалды. Менің де ішкі қаупім осы болатын. Осыншама жұрттың бекерге жиналмағанын жүрегім әлдеқашан сезген еді.

Бозбала кезімде қасына ертіп жүріп талай ақыл-нақыл айтқан ұстазым Балуан Шолақ: «Қошаметті кім сүймейді Кенен, қолпаштады екен деп елеуреп еліріп кетпе. Сыпайы, жинақы бол» дейтін. Сол есіме түсіп, өзімді-өзім сабырға шақырып біраз отырдым. Алдымда талай ақынның шайтанын қағып, төмендеткен Ләтипа отыр. Сырт көзге жұпыны көрінгенмен оқта-текте жалт ете қалған жанарынан бойына біткен ақындықтың ұшқыны сезілгендей еді. Ән салып отырып, оны да байқап қалғанмын. «Айтысуға келгем жоқ, шаруамен келдік, түйе жинап жүрміз» деп қалай айтарсың. Мына жұрт: «Кенен айтысудан жалтарды, Ләтипаның мысы басып кетті» – деуі сөзсіз. «Жігіттің көзге түсіп көрінері де, абыройының төгілері де бір жиын» – дейді екен Кебекбай шешен. Ішімнен аруақтарға сыйынып, домбырамды қолға алдым. Ләтипамен айтыс осылай басталған еді:

...Мен едім Кенен ақын Қордайдағы,
Төгейін өлеңімді таңдайдағы.
Топардың тоғайында сен бір бұлбұл,
Түрлентіп әуеніңе салғайдағы.
Ақиық Алатаудың қыранымын,
Қондырып бұтағыңа алғайдағы.

Бірін-бірі тарпа бас салмай біраз уақыт аңдысып жүріп алатын әккі балуандар сияқты мен де айтысты сыпайы, жұмсақ бастадым. Мұндағы ойым өлеңі емес, осы уақытқа дейін үнін де жөндеп естімеген Ләтипаның әуенін, сөз саптасын байқау еді. Ақынның ішкі толқуы, арыны, мінез-құлқы осыдан аңғарылады. Суырыпсалма ақындардың ерекшелігі де, міне осында.

...Сен бе едің Қордайдағы Кенен деген,
Құлағым «келеді» деп елеңдеген.
Сыртыңнан естуші едім атағыңды,
Ойда жоқ түлен түртіп келер деген.
Алыстан аңсап ұшқан сұңқар болсаң,
Кәнеки, қайымдасалық өлеңменен...

– деп, бір түйіп тастады. Әлгінде ғана дастарқан жайып, шай құйып жүрген қарапайым, бұйығы келіншектен жұрнақ та қалмапты. Жанарынан от шашып, қараторы жүзі алаулап, сұлуланып кеткендей. Ләтипа да өлеңін әдеппен бастады. Арқалы ақын екендігі көрініп тұр. Үні де, әуені де, сөзі де қорғасындай салмақты екен. Әсіресе, «әнші Кенен, ақын Кенен» дейтін қошаметке бойым әбден үйренген болуым керек, Ләтипаның «сен бе едің, Кенен» дегені, «түлен түртіп келген шығарсың» дегені шымбайыма батып кетті. Бұл сөзде асқақтық та, тәкаппарлық та жатыр. Екі жағында отырған қос келіншек Ләтипа айтқан өлеңнің соңғы екі жолын іліп әкетіп қоса табалағандай қайталап шырқайды. Домбыраның орнына қойдың жауырынын ұстап немесе алақанына қарап отырып, тіпті екі тізесін ұрғылап өлең айтатын ақындарды талай көргенмін. Ал мына көрініс өте жарасымды екен.

Ашадан іздеп келген алты ақын,
Айтысып менен көңлі төмендеген...

– деді Ләтипа енді бір тұста. «Алдында кім отырғанын байқап көр, қапыда қалма» дегендей сыңай танытты. Ата тегін, байлығын айтып қыр көрсететін өзге ақындарға мүлде ұқсамайды. Сонда да аузынан шыққан сөздері дөп түсіп, дәл тиіп жатыр. Біршама уақыт өтті, талай сөздер айтылды.

Алайда, тұяғы қызған тұлпардай Ләтипаның арыны басылар емес. Тыңдаушы жұрт екіге бөлінген. Көпшілігі Ләтипа жағында. Оның аузынан шыққан әрбір сөзге ду ете қалады. Бұл да үлкен сеп, ақынға шабыт беретін де осындай қошамет.

...Ләтипамен айтысты еске алғанда мына бір жай ойыма орала береді. Анау бір жылы жас ақындардың айтысын ашып беріңіз деген соң Жамбыл қаласына барғанда, ақындарды топқа бөліп, уақытын белгілеп, тақырыпқа бағыштаттырғанды сонда көрдім. Аяғын тұсап жіберген ат сияқты, кібіртіктеп, еркін көсіле алмай әбден мазалары кетті «ығырым қайнап орнымда әзер отырдым».

Айтысқа түскен ақын жарысқа қосқан жүйрік сияқты. Шу дегенде бәрін басып озып, бара-бара қалып қоятын, керісінше, соңғы лекте келе

жатып денесі қызған сайын қолтығы жазылып, үзіліп алға шығатын аттар болады. Ақындар да осындай. Бес, он жұпқа бөліп, айтыстың береке-сін кетіргенше нағыз суырып салма арқалы дегендерін таңдап еркіне жіберсе, айтысқан ақынның да, тыңдаған жұрттың да айызы қанбас па еді? Шын дарын жасқа қарамайды, жағдай таңдамайды. Табан астында өлеңді тауып айту – ол да туа біткен қасиет. Кейін осы ойынды сондағы басшыларға айттым. «Заман басқа, уақыт сондай» дегеннен басқа татымды ешнәрсе демеді.

Ерте кезде ақындар бір-бірін іздеп келіп айтысатын. Тіпті үстеріне адам кіргізбей бетпе-бет отырып айтысқа түсетіндер де болған. Ондағы мақсат-атақ шығару емес, өз күшін байқау, тәлім алу, үйрену болса керек.

Сүйінбай ақын алғаш рет Тезек төренің алдына барғанда қандай сыннан өткенін жұрт біледі. Аңыз етіп айтады. Сөзден де, өлеңнен де сүріндіре алмаған төре ақынды ертіп тысқа шығады. «Мұны қайтіп жаңылдырсам екен» деп ойлаған Тезек бұлаққа қолын жуып отырған ақынның тақиясын қылышының ұшымен түртіп жіберіп: «Қане, шын ақын болсаң, ағып бара жатқан тақияңа өлең шығаршы», – дейді қылыштың жүзін Сүйінбайдың мойнына тақап. Сонда ақын:

«О, құдай, мен бе едім жек көргенің,
Бастағы тақияма тап бергенің.
Ербеңдеп екі қолым қала бердің,
Кәнеки, шап бергенде, ап бергенің»,

– деп табан асты жауап беріпті. Шарасы қалмаған қаһарлы төре:

«Сүйінбай, өлең сенің сүйегіңе сіңген-ау, бәлкім» деп мойындаған екен.

Ләтипа жайлы сөз еткенде менің көз алдыма жарқылдаған жай оты елестейді. Қазақта ақын қыз да, батыр қыз да, ақылгөй қыз да көп болған ғой.

Ләтипаның бойында осы ерекшеліктер түгелдей тоғысқан еді. Ақын болғаны – ақылдылығы, тайсалмай айтысқа түсетіні – батылдығы. Мұндай пікірге кейіннен, көп уақыт өткен соң келдім. Ол кезде, қызған айтыс үстінде Ләтипаға тек әйел деп қана қараған екенмін. Сонымды ақынның нәзік жаны сезіп қойғандай алғашқыдан да өршеленіп, ширыға түсті.

...Сен бе едің Дулаттағы Кенен ақын,
Көкшолақ атқа мінген сірі тақым...
Сен болсаң кім қорқады Кенен болыс,
Қолында таяғы бар кедей болыс.
Қазақтан бүкіл мынау жолдас таппай,
Қасыңа ертіп апсың сары орыс, – деп салды.

Өзі де желігіп отырған жұрт күлкіге батты да қалды. Қасымдағы серігіме қарап едім, құлағына дейін қызарып кетіпті, басын шұлғып күле

береді. Осы сапарға шығарда: «Маған жөн-жосық білетін қазақтың бір жігітін қосып беріңдер, жер шалғай, қазақы ел» деп едім, «біздің Иван қазақ арасында өскен, тілін де, әдет ғұрпын да жақсы біледі» – деген соң келіскенмін.

Ләтипаның қырағы көзі мұны да қалт жібермеді. «Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады» демекші, менің өмірімді жай-күйімді жақсы білетіні көрініп тұр. Шу бәсеңдеген кезде, даусымды биіктеу алып, шырқай жөнелдім.

...Ләтипа, келтірмегін шайтанымды,
Біліп ем осы сөзді айтарыңды.
Таласқан тар кезеңге мен шығармын,
Тыртаңдап шауып көргін байталыңды...

Бұл жерде «байталыңды» деген сөзде үлкен мән бар. Сол жылдары осы өңірден «көк байтал» деген жүйрік шыққан. Қырғыз-қазақтың бәйгесінің алдын бермейтін еді. Атағы дүйім елге жайылған сәйгүлік болатын. Бірақ одан туған құлын шабан болып шықты. Менің Ләтипаға ұғындырайын дегенім осы еді. Үнім биік, әнім тартымды, алайда өлең сөздерімнің осалдау түсіп жатқанын сезіп отырмын. Соны тап басқандай:

Ей, Кенен, жүйрік емес, жүріскерсің,
Әуен мен өлең сөзге мініскерсің.
Арының қайтпай жүрген ақын болсаң,
Шын қыссам сөз таба алмай тіміскерсің.
Көк байтал күнде шауып бәйге алып жүр,
Артынан олжа берсем иіскерсің...

– деп, жұртты тағы да күлкіге батырды... Күлдіріп отырып-ақ, жоныңнан таспа тілу деген осы болар. Ендігі сөзімді қай жағынан орап әкелсем екен деп мен отырмын. Жолда келе жатып әлгі жігіт айтқан сөздер есіме түсті. «Ләтипа өз тағдырына риза емес, күйеуі тоң мойын, дөрекі адам, бірақ халық ақын қызын қатты сыйлайды, еркелетіп ұстайды» – деп еді-ау.

Әйелдің бақыты от басының беркесінде, көз қуанышы еркелеп мойнына асылатын балада екені ақиқат. «Сабау қамшылы, салт атты Кенен» атанған мен үшін бұл етене белгілі жәй. Баланың жөні бір бөлек, ал ерлі-зайыптылар өзара жарасымдылық таппаса бұдан өткен азап, қасірет жоқ. Мұндай тірлік бұрауы үндеспейтін домбыраның қос ішегі сияқты.

«Әйелің жақсы болса,
Далада отырып дабырла.
Әйелің жаман болса,
Үйіңде отырып сыбырла»,

– деген Сүйінбай ақыннан қалған қанатты сөз бар. Мұның еркектерге де қатысы болса керек.

Көңіл түкпірінде Ләтипаға деген ілтипат сезім де жоқ емес. Алай-да айтыс үстінде жалған айтып, көлгірсуге болмайды. «Заман өзгерді. Әйелдерге теңдік тиді, жол ашылды. Кеңірдегі кетпеннің ұңғысындай күйеуің өзіңді, өнеріңді сыйламаса амал қанша? Арғымақ пен қашырды матағандай бұл не тірлік? Бұған қалай шыдап жүрсің? Бізбен бірге жүр. Қалаға апарайын, өнеріңе жол ашайын, теңіңе қосайын» деп, ағымнан жарылдым. Ақынның нәзік жүрегі менің ақ тілеуімді түйсінсе де, тәкаппар мінезінен тайған жоқ.

...Ей, Кенен, қоқаң сөзден қорықпаймын,
Дүлдүлмін неше таңға зорықпаймын.
Өлеңнің таңдайымда ұясы бар,
Ешкімнен үйренбеймін, тарықпаймын.
Болғанмен ерім нашар, елім жақсы,
Үстінде үш болыс ел қалықтаймын.
Елімнің еркелеткен арқасында,
Дарияда жүзіп жүрген балықтаймын.

Айтыстың өзгеше ірең, бағыт алғанын іштей сезіп, қуанып отырмын. Сол кездегі қазақ әйелдерінің сүреңсіз тірлігін, ой арманын, қайғы мұңын айтып екеуіміз де біраз көсіліп алдық. Сол сәттегі Ләтипаның ширыға айтқан өлеңдерін жазып алар адам болса ғой, шіркін? Арманда кеткен өлеңдер деп соларды айтса керек. Ақпейіл ақын болмысы, бала сияқты аңғал да келеді.

...Ей, Кенен, бұл сөзіңе нана алмаймын,
Шын болса мен соңыңнан қала алмаймын.
«Ақ бата, қызыл қанды бұзбаймыз» – деп,
Байлап, матап ұзатты ел ағайын,
Өзіңдей құрбылармен әзілдесем,
Еркексіп қол жұмсайды жаман байым,

– деп іштегі шерін жайып салды.

Айтыстың соңы жарасымды қалжыңмен, жақсы тілекпен аяқталар-ау деп күткенмін. Кенет: «Мынау не оттап отыр ей!» – деп күйеуі қамшымен Ләтипаны салып қалды. Жұрт дүрлігіп, у-шу болды. Біреулер оны сүйрелеп далаға алып кетті. Ләтипаға қарап едім, төмен қарап, мұңайып отыр екен. Айтыстың шырқы бұзылғанын, бұдан кейінгі сөздің артық екенін сезіп, біз де жайлап үйден шығып кеттік.

... Келген шаруамыз бітсе де, көрші ауылдарды аралап тағы екі-үш күндей аялдап қалдық. Мені мазалаған бір ғана ой қайткенде де Ләтипамен жүздесіп, сөйлесіп қалу. Үнсіз кетуге ар-намысым жібермеді. Менің осы күйімді сезген болу керек, серіктестерім де асықтырған жоқ. Ақыры, ауыл маңындағы Қостөбенің етегінде Ләтипамен кездесудің сәті түсті.

Ұзақ әңгімелестік. «Мүмкіндік болса, расында, қалаға барып, өнер жолына біржола бой ұсынсам» – деген арманын қоса айтты. Мен қоштадым. Осы жолы Ләтипаның суырып салма; дарынды ақын екендігін өз

көзінше мойындадым. Сөйтіп қырық күн дегенде Қостөбенің етегінде ол күтетін болып, мен алып кететін болып келістік.

Жолда тағы бірнеше күн жүріп елге де жеттік-ау. Үй ішімен қауышып, балалардың бетінен сүйіп, жаным байыз тапқандай күйде отыр едім, үйге ауылдың үш-төрт ақсақалдары кірді. Орнымнан атып тұрып төрден орын бердім. Аман саулық сұрап біраз отырған соң: «Кенен, өзіңе айтар бірер сөзіміз бар еді» – деп төрде отырған қария маған ишарат білдірді.

Бұрынғыдан төрт мәтел,
Төртеуі де дөп мәтел:
Көз қараудан тоймайды,
От жанудан тоймайды,
Естуден құлақ тоймайды,
Ағудан бұлақ тоймайды,

– дейді екен. Сені елдің кәрі-жасы киелі ақын, күміс көмей әншіміз деп қастерлейді, құрмет тұтады. Той-томалаққа жиналған жұрт, алтыбақан тепкен жастар алдымен сенің әндеріңді салады, үлгі етеді, жамандыққа қимайды. «Шалғайдағы Балқаштан біреудің жесірін алып келе жатыр» деген қаңқу сөз өзіңнен бұрын жетті. Соның мәнісін айтшы, «Жау қайда деме, жар астында» – демекші, кейбір дұшпан көздер: «Кенен екі әйелдің үстіне тағы бір ақын келіншекті алатын болыпты» – деп көпіртіп жүр. Бұған не айтасың? Мына жаңа үкімет мұныға қалай қарайды екен? – деді.

Осындай бір әңгіме болатынын, әлгінде шай құйып отырған бәйбішенің қабағынан да сезгенмін. «Биыл үкімет Алматыға қазақтың өнерлі жастарын, ақын, әншілерін жинап жатыр, оқытамыз, білім береміз дейді. Соларға Ләтипаны ертіп барып көрсетсем, жол сілтесем деп едім. Менде басқа ой жоқ, қариялар» – дедім.

«Кенен, шырағым, шын көңілден туған ақ ниетіңді біз түсінгенмен, қараңғы жұрт түсіне ме? Кешегі өзіңе тісін қайрап жүрген бай балалары бұл ойыңды отқа айналдырып жүрмесін, абай бол» – деп ақсақалдар қайтып кетті.

Бір адамға тарыдай жамандық істеген емеспін, пәле-жала мені не қылсын деп ойлайтынмын. Ол ойым бекер екен. Қырсықтың құрығы ұзын деуші еді. Соның басы Базар, Назар өлімінен басталды. Құлын тайдай ойнақтап жүрген екі баламның өлімі өзегімді өртеп, қабырғамды қайыстырса да, уақыт емші, оған да төтеп бердік. Бұл Алланың ісі, оған шара жоқ. Ал адамдардың қасақана істеген жамандығына не дерсің?

Сол жылы менің үстімнен үкімет орындарына шағым түсіпті. Онда: «Кенен ескі дүниенің қалдығы, ата бабаларды аузынан тастамайды, намаз оқиды, екі әйел алған, жастарға теріс үлгі көрсетеді...» деген сияқты, жайлар айтылған. Осы шағымға байланысты ауданда жиналыс болды. Ұзақ айтыс тартыстан кейін, соңғы сөз Нәсиқаға берілді. Жұрт алдына бұрын шығып көрмегендіктен қатты қысылып тұр: «Мен Кененге күштеумен келгем жоқ, өз еркіммен шықтым» деп бір-ақ ауыз сөз айтып, сыртқа жүгіріп шығып кетті.

Жиналыстың түйіні де сол болды. «Менен гөрі білімді, көзі ашық жастар бар, ел басқаруды соларға берейік» дегенді сылтау етіп, мен де орыннан түстім.

«Болыстықтан» түсіп,
Ауылға қайттым.
Өнімді шырқап,
Үйімде жаттым,

–дейтін әзіл өлеңімді сол кезде шығарған едім.

Уақытта тоқтау бар ма? Өстіп тіршіліктің иірімінен шыға алмай жүргенде зымырап күндер, ағылып айлар өтті. Ләтипаға берген уәдемді орындай алмадым. Шауып барып келетін жақын жер емес, хат-хабар алысу деген мүлдем жоқ кез. Осылай ішқұса боп жүргенімде жолаушылап келген бір жігіт алақандай ғана қағазды қолыма ұстатты. Өлеңмен жазылған алты-ақ жол Ләтипаның хаты екен.

«Сәлем айт төрт Дулаттың Кененіне,
Ғашық ем өлеңі мен әуеніне
Ер емес, ез екенсің ақын Кенен,
Ләтипаға обал болды-ау демедің де.
Қостөбе көз алдыма елестейді,
Артыңа бір қарамай жөнелдің бе?»

Бар болғаны осы. Басқа еш сөз жоқ. Жүрегіме біреу ине сұғып алғандай болды. Мұңын да, ренішін де, өкпесін де алты жол өлеңге сыйғызыпты. Сол бір аяқталмай қалған айтыстың түйіні осы болар деп ұқтым. Бұл Ләтипаның ең соңғы лебізі екенін білсемші сонда. Бірнеше жылдан соң «Ләтипа қайтыс болыпты» деген хабар естідім.

Көзі ашылмай суы тартылған қайнар іспеттес, «таңдайында өлең-жырдың ұясы бар», «неше таңға зорықпайтын» дүлдүл ақынның ғұмыры қысқа болды. Құлағымда мәңгі үні қалған, жүрек түкпірінде тұнып жатқан қазақтың біртума ақын қызы Ләтипаның жан дүниесі осындай еді.

«Қазақ әдебиеті», 1997, 26 қыркүйек

Арғынбай БЕКБОСЫНҰЛЫ,
ақын, қоғам қайраткері

АҚЫН

Бұралаңы көп тіршілікте атақ-даңқы алысқа кеткен, бүкіл елге әйгілі қадірменді кісілермен кездесудің, аз-кем мәжілістес болудың сәті түсе бермейді ғой. Ал ондайдың орайы келсе, тағдырдың өзі сыйлаған оқшау олжа-сыйы дей беріңіз. Жақсының шарапаты деген де сол болар, жан дүниенің жаңғырып, байып қалғандай сезінесің...

Бұл бұдан ширек ғасыр бұрын, 1959 жылы болған еді. Гүл құшақтаған мерекесі де, күлкісі қосыла жүретін қуанышы да мол мамыр айы аяқталып келе жатқан. Мен ол кезде облыстық радионың тілшісі болатынмын. Бір күні таңертең комитет төрағасы Көкіш Рысбаев шақырды:

– Жақсылықтың (Ж.Сәтібеков) Кенекең жөніндегі радиоочеркі жаман шыққан жоқ. Бірақ бұл аздық етеді. Жетпіс бес жылдығы жақындап келе жатқан ақын атамыз жөнінде күн сайын материал жариялап отыруымыз керек. Сен де барып қайт. Барып қайтуың тез, жазуың шапшаң болсын...

– Анау теректерді көріп тұрсың ба? Киров колхозы сонда, – деді өзім Отар станциясында жолшыбай жолықтырған жүк машинасының шоферы батыс жақты нұсқай тұрып. Апарып тастай алмаймын, уақыт тығыз... Қазір-ақ жетіп барасың. Екі орта екі шақырымдай-ақ қой...

Таудағы құпия кен орнынан Отарға уран тасып жүрген бейтаныс шофер ауыр машинасымен түстікке, өрге қарай тартты да мен оң жақтағы жадағай жолға бұрылдым. Арқан бойы көтерілген күн көзі айрықша шұғылалы екен. Сауылдап құйылған сәулемен айнала тегіс жарқырап, әлі реңін жоғалтпаған көкорайдың қонағы – ертеңгі шық мың-сан көзбен жылы ұшырай ұшқындап тұр. Көгілдір, ашық сары, қызғылтым дала гүлдері кейде бытырап жатса, кей тұста топырлай көрінеді. Жер-жаһанға, көкке еркелейтіндей тербеле теңселеді. Анау бір аласа жотада жайылып жүрген мама биелерді айнала жүйткіген құлын-тайдың кісінеген үні – талай белдің астында қалған балалықтың алыстан жеткен жаңғырығы, сағындырып жеткен сәлемі ме дегендейсің...

Мен бұл өңірде бұрын болмаған едім. Сондықтан бәрі де жап-жасыл бел-белестер де, арғы жағындағы Алатау ақ нар секілденгенде өзі соның ботасына ұқсап кететін, қазір де биіктеріне ақ жеңіл бұлттардан күн өтпесін дегендей күндік орап алған Қордай таулары да мен үшін таң сияқты... Айтпақшы, бұдан жетпіс жыл бұрын мына өзім іздеп келе жатқан Кенен ата алғаш дүние есігін ашқан «Мәтібұлақ» қайда екен?.. Бұлақ таудың төлі болмаушы ма еді. Осыны расқа шығарсақ, Мәтінің де мына қалың қыртыс таулардың бір қойнауында болғаны ғой. Әлде... әлде осы

маңнан сонау Балқашқа қарай созылатын атақты Аңырақайдың бергі бір шалғайында ма?.. Ал, ақынның әдемі бір әнін бәсірелеген «Ойжайлау» қай жақта?

Шыр...шыр...шыр... Еріксіз жоғары қарадым. Аспанның әлденендей биігіне шығып алып, бір нүктеден ауытқымай, шыр-шыр өткен құйттай құстың көмейінде қалай тыным болмаса, кішкентай қанаттарында да сондай дамыл жоқ. Әліне қарамай әншісін қарай көр өзінің! Шыр... шыр... шыр... «Шіркін-ай», дегенге де ұқсап кете ме қалай? Нені аңсайды?.. Бозторғаймысың деген... Тоқтай қал! Кенекеннің алғашқы әні де «Бозторғай» емес пе еді? Япырай, сонда дәл осындай сәбидің жұдырығындай ғана бейкүнә құстың, онысын өзі де сезбестен, жартылай жетім, бейбақ баланың қайғылы жүрегін дір еткізіп, алғашқы әннің тууына, сөйтіп тереңде жатқан өнер бұлағының бұрқырай шапшуына себепкер болған-ау, а? Ал небәрі он бір жасар, бірақ бесіктен бөлі шықпай жатып-ақ күллі өміріне жетерліктей тақсіретті тартып үлгірген бала Кененнің сол бір әнін тұла бойың шымырламай, жанарыңа жас іркілмей тыңдау, «сандалып қой артында әзер кешке» жүрген мұңлықтың туа біткен талантына табынау мүмкін бе? Әндегі қарапайым табиғилық пен данышпан сұлулықтың табысуын, қабысуын қараңызшы. Ғажап қой, ғажап!..

...Атаның құттыханасын алыстан-ақ айырғандаймын: көшенің бас жағындағы онша ауқымды болмаса да еңсесі биік ақ үй көк сырлы шарбағымен қосыла келе көз қуантады екен. Үйдің көлеңкесіне, биіктеу сәкі үстіне жағалай жайғасқан ақшаңқан кимешекті кейуаналар ортасынан отағасының өзі де көрінді. Кесек мұрынды, аппақ ұзын сақал-мұртты, ат жақтылау ашаң қоңырқай жүзі, әлі нұры таймаған, байсалды мейіріммен қарайтын көздері – бала жастан газет-журнал, кітаптар арқылы әбден таныс аяулы бейне!

– Ассалаумағалейкум! – Қысыла берілген сәлемімді ықыласпен алған ақсақал қасынан орын ұсынды. Арғы жағында қымыз құйып отырған ақ жаулықты ана – Кенекеннің бәйбішесі Нәсиқа апамыз екен. Ақын ата: «Нәсиқа, балама қымыз құй, шөлін бассын», – деді де қолына домбырасын алды. Әдемі бір әуенмен шырқап қоя берді. Жарықшақ араласпаған бүтін, мақпалдай жұмсақ қоңыр дауыс. Дастарқан басында отырған көзкергендердің бас-басына бір-бір ауыздан сыбаға тарта бастаған өлең тап қазір туып жатқан секілді. Ақынның жарасымды әзілімен араласа сонау алыс қиырда қалып кеткен жас дәуреннің жақсы да қызыққа толы қимас сәттері көз алдына елестеп кетті ме, әйтеуір, қариялар жағы күлумен отыр. Айта кететін жәйт – мен бұл өлеңді одан кейін ешқашан естіген емеспін. Бәлкім, бір жола ұшты-күйлі жоғалған болар. Ал Кенекеннің ұзақ ақындық өмір жолында мынадай тез туып, тез ұмыт болған ән-жырлары қаншама! Әлгі әнді заматында магнитофонға жазып алмағаным әлі күнге өкінемін... Әнге де, қымызға да қанған қариялар үй иелеріне алғыс айтып тарасты.

– Иә...ә, Нәсиқа, – деп ақсақал зайыбына күле сөйледі, – біздің мына замандастарымыздың бет-жүзінен баяғы әдеміліктің ізін де таппай қалдым-ай? Өлеңді босқа шығын қылғам жоқ па өзі?!.

– Пай-пай, жазған-ай, әуелі өз түріңе қарасаңшы... Іздегеніңді тауып қаларсың, бәлкім! – деп Нәсиқа апай қалжыңның қарымтасын қайтарғандай болып еді, Кенекең қиялай тартты:

– Менің жөнім бөлек қой, әйел емеспін... Бірақ, қайткенде де шын сұлулық беттің әрінде емес, жан жүректің нәрінде болуы керек, – деп әлгінде әзілмен басталған әңгімені байыппен аяқтап, маған бұрылды.

– Шырағым, шал болғанда көресің әлі, ән айтсаң, әңгіме айтсаң да, әйтеуір, бұ жарықтық кемпірлердің көңілін аулап қоймаса болмайды. Күшті құдырет қой бұлар! – деп Кенекең қуақылана жөткірініп, жайраңдай күлді. Күлген өзіне де, күлгенін көрген өзгеге де күншуақ сыйлайтын таза, кінәратсыз күлкі.

– Иә, жол болсын, балам?

– Мен қысқаша жөн-жосығымды айттым.

– Дұрыс, келгенің жақсы. Мейман боласың. Жата-жамбастап әңгімелесерміз. Түрлі газет-журнал, радиодан, кинодан бірсыпыра балалар келіп кетті. Менің жасымды сыйлап, естеріне алған кісілерге рахмет. Әйтпесе ана бір жылдары біздің үйге бас сұғатын адамдар азайған да кез болған...

Қарт кейінгі сөздерін біртүрлі мұңдана айтты. Кейін білсем, оның себебі де бар екен. Кенекең елуінші жылдардың бас кезінде қатты сырқаттанады да алты жыл бойы төсек тартып жатады. Ол кезде үйі Отарда болады. Елге ес болар, ізет-ілтипатты білер дейтіндей жергілікті кісілер, өкінішке қарай, ақынның жайсыз жағдайын бірте-бірте ұмыта бастайды, тіпті басқасы былай тұрсын, табалдырықтан аттаудың өзін сиретеді. Бірақ қарт жырауды қазақ әдебиетінің классиктері Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов естерінен шығармайды. Келіп тұрады, қажетті жәрдемді беріп тұрады. Сол аяулы азаматтардың тікелей араласуымен Жазушылар одағынан қаржы бөлініп, Кенекеңе арнап Ұмтыл ауылынан (қазіргі Кенен ауылы) үй-жай салынады.

Таудың саф таза ауасы, туған табиғат, ең бастысы, ел көңілі бірте-бірте ақын денсаулығын қалпына келтіреді, жанын серпілтеді, шабытын қайта шалқытады. Жаңадан ән-жыр туа бастайды...

– Өзің қай жерліксің, балам? деп сұрады Кенекең. Аз-кем үнсіздіктен кейін.

– Свердлов ауданындағы Суханбаев колхозынанмын.

– А...а, Ағаділ батырдың ауылынан болдың ғой. Дұрыс екен.

Атамзаманнан бері әр халық өз батырларын қадір тұтқан, мақтан еткен. Қазір де солай. Өйткені халықтың өзі де әр түрлі қан-құйлы жаулардан аман қалғаны үшін де ер боп туған перзенттері алдында қарыздар ғой. Қобыланды, Алпамыс, Едіге, Қарасай, Қазы, Бөгенбай,

Қабанбай, Райымбек секілді батырлар заманынан бері арада қанша ғасыр өтті. Сөйтсе де қасиетті халқымыз олардың бірде-бірін ұмытқан жоқ қой. Ерлер жөніндегі ел аузындағы дастандар қаншама! Халықтың қаһармандарына деген қадыр-құрметі осы да! – деп Кенен ата үлкен бір толқу үстінде сөйлеп кетті. «Ақынның жыр толғайтын шабытты шағы осындай болар ма, бәлкім, – деп ойлады мен.

– Тіпті мына сөздерінің өзі өлең емес пе!» – Ал Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің ерлігі ерекше. Өйткені олар бір ғана халықты емес, бір ғана ұлтты емес – ондаған халық пен ұлттың ортақ Отанын – біздің Кеңес елі дейтін Ұлы Отанымызды кеудесін бораған оққа тосып қорғап қалды. Балам, сен Ағаділ секілді ағаларыңды мақтан етуге тиіссің! Батырдың топырағы торқа болсын!... Ақсақал қос алақанымен жүзін сыйпап өтті. Аз үнсіз қалды да енді баяу, бәсең дауыспен сөзін қайта жалғады.

– Байқауымша, әр заманда батырлар мен ақындар қаһармандық пен жыршылық дәстүрге айналған елден көп шығатын секілді еді. Ақаділге дейін, ертерек кезде ауыл, аймақтарыңнан көпке танымал батыр немесе ақын шыққан ба еді? Содан хабардармысың, шырағым?

– Ақындар жағын қайдам, марқұм әкемнің айтуынша... айтпақшы, тірі болғанда о л кісі де жетпіс беске келетін еді...

– Мен атаңмен құрдас болып шықтым ғой онда. О кісі қашан қайтты, кім болған еді?

– Ілгерірек дәулеттілеу екен, кейін колхозда жылқышы болған, қырық екінші жылдың қысында моңғолдардың қызыл әскерге жәрдемге берген жылқыларын айдап келе жатып суыққа ұрынып, сырқаттанады да содан айыға алмастан дүние салған.

– Иә...ә, онда барлық жерде майдан еді ғой... Шүкірлік, жарықтықтың өмірі өздерің арқылы жалғасып жатыр екен. Ал сен өзің біздің Көркемжанмен қатар көрінесің, «әкесі құрдастың баласы құрдас» деген, дос-жаран бола жүріңдер, қарақтарым... Иә, сонымен жаңағы әңгімені жалғастыршы, атаң не айтатын еді?

– Біздің елде ертеректе Қосы деген батыр бабамыз болған екен.

Жоңғарлардың шапқыншылығы кезінде талай ерлік көрсеткен көрінеді.

Батыр бабаның ақ сауыты мен қара шаңырағы әлі күнге дейін де тракторшы болып істейтін Сайлау дейтін ініміздің үйінде сақтаулы тұр.

– Қосы батыр деймісің? Бәрекелді-е-е... Тұра тұр, балам... Естігеніне немесе көргеніне көп заман өткен бір жайларды еске түсіргісі келді ме, әйтеуір, Кенекең бірталай уақыт үніз отырып қалды да, кенеттен серпіле сөйлеп кетті.

– Туу, әрең еске түсірдім ғой! Ұмытпаппын ғой!

...Бәріміз де Бәйдібектен, оның ішінде Дулаттан тараймыз ғой. Ал Шымырдан шыққан Қосы батыр Сәмбетұлы менің алғашқы ұстаздарымның бірі, атақты Балуан Шолақтың арғы атасы еді ғой! Міне, қалай! Бабасы жөнінде Балуанның өзі талай рет айтқан еді ғой!...

Әлгіндегі бір толқулы күй Кенекеңді қайта тапқандай. Көзінен бір ардақты асылын қапияда жоғалтып ап, қайта қолы жеткендей қуаныш оты ұшқындайды. Бірақ, оның есесіне менің санама бір жымысқы ой ұрланып кіре бастағандай: құрметті ақсақал бұл тұста адамдарды шатастырып отырған-ақ шығар. Бірақ, бұған ол кісі кінәлі ме, жетпіс бес деген оңай жас емес қой... Өмір озады, адам тозады...

Мен ақын атаға өз ойымша мейірбандылықпен кешірім де жасағандаймын... Балуан Шолақты өзім де жақсы білемін, – тамаша ақын, композитор, күміс көмей әнші, бүкіл қазақ сахарасына әйгілі, жауырыны жерге тимеген балуан. Өткен ғасырдың аяқ кезінде аты шулы Қоянды жәрмеңкесінде орталықтан келген цирк балуаны Каронмен күресіп, қарсыласының қабырғасын сындырғанын кім білмейді. Оның үстіне Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесін оқымаған қазақ бар ма. Міне солардың бәрінде де Балуанның өмір сүрген, өскен ортасы Көкшетау оязы демеуші ме еді...

– Ата, Балуан Шолақ Көкшетау өңірінен емес пе еді? Ол кісі қалайша Қосы батырға ұрпақ, сізге ұстаз болды? Әлде осы жаққа да келген жайы бар ма еді?

– Келгені былай тұрсын, бұл аймақ оның ата мекені ғой...

О, бұл бір үлкен тарих. Бәрін айтып беремін. Ал қазір үйге кірейік, мына жер ысып барады. Көлеңкеңнің өзі де... қарт кісінің өміріндей азайып бара ма, қалай... – Осыны айтып орнынан тұрды. Мен бірінші рет ақын атаның тұтас бой тұлғасын көрдім. Үстіне кигені кереге көзді жейде, балағы жеңіл хром етіктің қонышына сұғылған қара шибарқыт, шалбар, тақияның сыртында ши қалпақ. Сәл еңкіштеу болғанымен, биік те ашаң тұлғасы сымбатты-ақ. Жасындағы кербездік, сал-серіліктің белгісіндей баяулау қимыл мен тұлғасының туасы әдемі бітімі әлі де үйлесімді, жарасымды көрінді.

– Қалы кілем, оюлы сырмақ төселген кең де салқын бөлме жайлы тыныс жай ғана емес, еркін, ұзақ әңгімеге де бейімдегендей екен. Құшаққа сыйғысыз мол ақ жастыққа жантайған ақсақал папирос тұтатып, бір-екі рет құшырлана сорды. Барқыттай жағымды, баяу дауыспен әңгімесін қайта жалғады.

– Өзің білетін де шығарсың, біздің халықтың бостандық тілеп, бақыт іздеген жолы ұзақ та, азапты да болды ғой. Азаппен қоса мазақты да көп көрген қазақ қой ол!.. Өткен ғасырдың ортасы ауған шаққа дейін Қазақстанның оңтүстігі зұлым да зымиян Англияның қолжаулығы Қоқан хандығының қол астында қалып келді емес пе. Мұндағы елдің күні қараң болатын: күнде қорлық, күнде зорлық. Шаңқай түсте шабыс, табанға басылған намыс... Ел сорлы не көрмеді!... Жамбыл атаңның «Сұраншы батырын» оқыған шығарсың?

Мен үнсіз басымды изедім.

– Онда есінде ме, дастанның бір жерінде Қоқанның қылқан мойын сарбаздары тоғыз қыз, тоғыз жігітті өкшелей қуып, әлгі бейбақтардың

қолға түсіп қор болғанша өлгенді артық көріп, бәрі бірдей Шудың суына батып кеткені айтылушы еді ғой?

– Иә, есімде. Ондай сұмдық есте қатып қалады ғой.

– Ал, сондай қасырет-қаза о заманда әр ауылда-ақ боп жататын. 1864 жылдың көктемі жаңа шыққан кезде Қоқандық жаналғыштар өздерінің кезекті зорлық орны етіп соның аз-ақ алдында ілгеріде аталары кеткен Арқадан көшіп келіп Хантауының батыс жақ етегінде отырған Баймырза ауылын таңдайды. Қару-жарағы сай бес жеңдет малды талап алған соң жас қыз-келіншектерге қиянат жасамақ болады. Міне, осы шақта ауыл адамдарының да төзімі таусылады. Ер азаматтар зорлықшылардың бәрін өлтіріп, Шудың суына батырып жібереді. Баймырзаның ерен-жарандарына енді туған өлкеде қалу өлімге бас тігумен бірдей еді. Тоқпақтағы, Бішкектегі немесе Меркі мен Әулиеатадағы қоқандықтардың бекінісінен жеңдеттер жедел жетіп, бүкіл ауылды қырып тастауы әбден мүмкін болатын. Ол жағын ойластырған көреген Баймырза бүкіл ауылымен сол күннің кешінде-ақ теріскейге – Көкшетаудағы қайын жұртына үдере көшеді. Қауіп-қатері мол осынау ұзақ та ауыр жолда Баймырзаның ұлы, Қосы батырдың ұрпағы бір жасар Нұрмағамбет те кете барады.

Кенекең өшіп қалған папиросын қайта тұтатып, көк түтінді сораптады. Темекі тартуының өзінде бір маңғаздылық, сыпайылық байқалғандай.

– Міне сол Нұрмағамбет араға қырық жыл салып, осы ғасырдың бас кезінде тұңғыш рет ата мекеніне келді. Құдіретті күшіне орай халық сыйлаған Балуан Шолақ есімімен келді. Бұл тұста патша әкімдері мен жергілікті ұлық-төре жуандармен үнемі жұлқыста, қақтығыста жүргеніне қарамастан, оның даңқы бүкіл Сарыарқаны дүрілдетіп тұрған болатын.

Өзінің тоғыз жолдасымен келген Балуан Жетісу өңіріндегі әйгілі шешен Ноғайбай Дәулетбақұлынан кейінгі белгілі кісі Еркебай Базарұлының үйіне түседі. Әжептеуір сауатты, көкірек көзі ашық қадірменді Еркебайдікіне кезінде ұлы Абай, атышулы ақындар – Шөже мен Майкөт, Жамбыл мен Шашубай, Майлықожа мен Құлыншақ, қырғыз ағайындардың мақтанышы Тоқтағұл секілді небір дүлдүлдер болған. Балуан Шолақ ағамыздың Жетісуға келуі тұсында мен әлі жап-жас жігіт едім. «Бозторғай», «Ри, қойым», «Көкшолақ» секілді әндерім кең даланы шарлап кеткеніне қарамастан, мен сол далада әлі бай қойын жайып жүруші едім. Міне, сондай кезде, күзгі бір кеште Еркебайдың көмегімен алғаш рет атақты Балуан Шолақты көрдім...

Шіркін ол кісі құдіретті қара күштің ғана иесі емес, ән-жырдың да сұңқары еді ғой. Мен сол жолы Балуанның өз әндерімен қоса тұңғыш рет Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, Әсеттің бой балқытар сыйқырлы әндерімен таныстым. Балуан Шолақтың бір-екі әнімді тыңдап болып құшағына қысып, бетімнен сүйгені, ағалық ақ батасын бергені күні бүгінге дейін есімде... Көп кешікпей Балуан аға, Еркебайдың жәрде-

мімен қойшылықпен де қош айтыстым. Балуанның Жетісуды, Әулиеатаны, Шымкент жағын, мына қырғыз елін аралаған талай сапарларында серік болдым. Жалпы, сол тұстарда ән айтуда Балуан Шолақ пен Әсетке, өлең шығаруда өзіміздің Сарбас ақынға еліктеуші едім... Иә... менің ұстаздарым ұлы кісілер еді ғой. Мұның өзі тәңірдің маған сыйлаған үлкен бақыты болар...

Осыны айтып, Кенен ата домбырасына қол созды. Салалы саусақтар қос ішектен өзгеше әуенді, кейде нәзік, кейде серпінді үн шығарды...

– Ата, енді Жамбыл жәкеңіз жайлы айтыңызшы, – дедім мен Кенекең домбырасын жанына қойған соң.

– Мен ол кісі жайлы тап қазір біраз жайларды айтып та тастағаным жоқ па, – деді ақсақал қулана жымыиып. Жаңағы естігенің Жәкеңнің сүйікті сарыны ғой... – Иә, мен Жәкеңе елу жылдай серік болған кісімін.

Інісіндей, баласындай десе де болады, қатты жақсы көруші еді. Дүниеге сирек келетін Жәкең секілді алыптар жайлы айту да оңай емес, қарағым. Тіпті ақындар үшін де қиын... Айтпақшы, мен о кісі жөнінде бірдеме жазуды көптен бері ниет қылып жүруші едім... Осыны айтты да есік жақтағы шкафтан қалың дәптерді алып маған ұсынды. Араб әріптерімен жазылған екі-үш беттен ең алғашқы «Жамбыл – жыр» деген сөздерді әрең шығардым. – Жәкеңнің алдында мен өле-өлгенше борыштармын – деп, Кенен ата тағы да ойланып қалды...

Бұл жерде алдын ала айта кетейік, парызға адал Кенен ата ұлы ақынның рухы алдындағы борышын абыроймен ақтады: он жылдан кейін, сексен бес жасында өзінің таңдамалы шығармалар жинағында «Жамбыл – жыр» атты өзінің тамаша дастанын жариялады.

– Жәкеңді де мен алғаш рет осы ғасырдың бас кезінде қырғыз ағайындардың үлкен бір тойы үстінде қос халықтың небір саңлақ ақындарының арасынан көрген едім. Сол кезде алпысты алқымдап қалған кісі екен. Қоңырқай, шабытты жүзі өлең айтқан кезде оттай жанатын қос жанары әлі күнге көз алдымда қалып қойыпты. Ал ол кісінің өлеңін көкке, күнге самғаған самұрыққа да, таудан құлаған тасқынды өзенге де ойша теңегенім әлі есімде. Шынында да, Жәкеңнің жыры жыр емес, қара нөсер еді ғой, мына қиын да күрделі дүние туралы, адамның адамдығы мен надандығы туралы айтылатын сұңғыла сырдың селі еді ғой. Жәкеңнің ақыл-ойының алғырлығы мен тілінің ұстарадай өткірлігіне таңқалмасқа болмайтын. Егер ол кісі біреуді сөзбен сынаса, ол ендігі жерде елдің көз алдында тірі жан емес, тірі өлік қана болып көрінетін, ой, несін айтасың, шырақ, баяғыда талай менменесі асқандар Жәкеңнен армансыз-ақ сазайын алды ғой!... Ал Отан соғысы жылдарында ұлы отаншыл Жамбылдың аузынан шыққан қаһарлы сөздер Мәскеудің босағасында, Ленинградтың іргесінде фашистермен шайқасты! Оны ел біледі, әлем біледі...

Міне, сол алғашқы кездесуден кейін Жәкеме әнім ұнады ма, жаным ұнады ма, жас айырмашылығымыз қырық жылдай болса да жиі көрі-

сіп тұратын болдық. Ұстазымның қайғысына да, қуанышына да ортақ болған жайларым көп. Ол кісіге атқосшы бола жүріп, қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен алғашқы онкүндігіне, грузиннің баяғыда өткен ұлы ақыны Шота Руставелидің әйгілі «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдығына арналған Тбилисидегі салтанатқа қатыстым. Жәкеңнің Кеңес үкіметінің басшыларымен кездесуінің куәсі болдым. Ақындар атасының талай өлең, жыры менің көз алдымда туды. Жәкең, шіркін, аса парасатты кісі еді ғой. Сонау отызыншы, қырқыншы жылдары атақ-даңқының айдай әлемге жайылғанына қарамас-тан, сол қарапайым, кішіпейіл қалпынан титтей де тайған жоқ. Ол кісінің ойда жоқта? Базар, Назар атты екі ұлдан қабат айырылып, қарс ұрып қалғанымда жұбатқаны да, кейініректе, отыз тоғызыншы жылы Көркемжан туғанда Иірсуға арнайы келіп, Нәсиқа екеумізді өлеңмен қуана құттықтағаны да әлі есімде!.. Қазір кітап баспаларында, осы күнгі ақындардың өздері де өлеңді жол дейтін бірдеңемен өлшейтін көрінеді, – деді Кенекең аз-кем үнсіздіктен кейін күліп. Ал біздің Жәкең сондай жолдардың қаншасын шығарды екен? О, миллион, миллиард шығар. Көпшілік Жамбылды бақыты жанған ақын дейді. Ал егер әлгі ең болмаса есеп-қисабы алынбай, жоғалып кеткен жолдарды еске алсақ, онда қалай? Бақытты ма, бақытсыз ба? Мол мұрасынан айрылғанына кім кінәлі? Мүмкін, ақынның ғасырлық өмірінің төрттен үші еткен ескі заман, қараңғылық кінәлі болар... Ол кісі өзінің өлең-жырларынан өзге қазақтың барлық батырлар хиссаларын, қырғыздың «Манасын», «Көрұғылыны» Фирдаусидің «Рүстем – Дастанын» күні-түні жырлауға бар еді. Ал олардың қанша жол болатынын кім есептеп көрген?! Жәкеңмен салыстырғанда біз – далбасамыз ғой!..

Осылай деді де Кенекең қайтадан темекі қорабына қол салды... «Иә, Жамбылдың суырып салушылық дәстүрі атам заманнан қалыптасқан, үлкен биікке көтерілген қазақтың халықтық поэзиясындағы Эверест шыңындай заңғар тұлға екені рас. Бұл ешқашанда күдік тудырма-са керек... Осындай бір ой келгенмен ақсақалдың кейінгі сөздерінің ақиқаттығына іштей қарсыласа бастадым...».

«Бірақ, таулар жалғыз ғана биік шыңнан тұрмайды ғой. Олардың басқа да әртүрлі шоқылары, құздары болады. Қазақ поэзиясы мен музыкасындағы сондай әдемі биіктердің бірі – Сізсіз. Сондықтан өзіңізді-өзіңіз кеміте беруіңіз келіспейтін нәрсе, қымбатты ата. Олай етуге тіпті негізіңіз де жоқ қой. Кішіпейіл болуды қанша қалағаныңызбен, өзіңіздің бай шығармашылық қазынаңыз тым кішіреюге мүмкіндік бермесе керек. Сіздің «Әли батыр», «Қырғызбай», «Он алтыншы жыл» секілді тамаша дастандарыңызды, талай кітаптық өлеңдеріңізді, айтыстарыңызды кім білмейді. Ал, қазақ музыкасының достары, композиторлар Александр Затаевич, Борис Ерзакович, Латиф Хамиди, Сергей Шабельский өзіңізден жазып алып, нотаға түсірген 160-тан астам әніңізді қайда жасы-

рамыз? Тіпті оларды жасырудың өзі мүмкін емес қой. Өйткені әндеріңізді бар жерде халық айтып жүр. Өзіңізді сүйетін, төбесіне көтеретін туған халқымыз айтып жүр. Енді, ата, өзіңіз-ақ төрелігін айтыңызшы: менің осыларым уәж бе, жоқ па?... Жоқ, Сіз ешқандай да далбаса емесіз, Михаил Шолохов өзі білетін негіздерге сүйене отырып, ұлы халық деп атаған қазақ халқының да жарық дүниеде өмір сүріп жатқанын планетамыздың талай еліне мағлұм еткен ұлы Жамбылдың лайықты шәкіртісіз, сенімді ізбасарысыз...».

Менің Кенен атаммен осылайша іштей пікір таластыруым созыла берер ме еді, кім білсін, егер бөлмеге енген Нәсиқа апа:

– Тамақ дайын болды, дастарқанға келіңдер, – дегенде... Дастарқан басында отырып, Көркемжанның Алматыға Төрткен әпкесіне кеткенін білдім. Ал Төрткеннің есімі де, дауысы да таныс болатын – Кенекең әндерін айтқанын радиодан талай рет естігенім бар. Нәшіне келтіріп айтады. Әкенің әншілік таланты белгілі дәрежеде балаға да ауысқан секілді. Несі бар, табиғи жай ғой...

– Тамақ ал, балам, ұялма. – Мезгіл-мезгіл Нәсиқа апа бұлай десе де, мен қысылып отырмаған сияқтымын. Кейбір үйдің есігін жүз мәртебе ашсаң да, жатырқай беретінің болады. Ал мұнда мүлде олай емес. Оң жағымдағы Кенен ата кейде туған әкеме ұқсап кеткендей ме, қалай... Мүмкін бұл тым ерте көз жазып қалған әкеге деген санадағы сарытап сағыныштың әсері шығар. Бәлкім, мына қос қарияның кіршіксіз көңілдерінен болар...

– Бақытжан әлі бастаудан келген жоқ дедің бе осы? – деп Кенекең Нәсиқа апаға бұрылды.

– Иә, баламысың деген, балыққа ұқсап судан шықпайды... Дегенмен, қазір бірер сағат демалғаннан кейін, біз де барып жуынып қайтпаймыз ба? Сөйтсек қайтеді, балам?

– Мақұл, ата!..

...Теңбіл көк тай мен торы биені ерттеп ауылдан тауға қарай беттегенімізде, күн бесінге таянып қалған еді. Түстің отпен тыныстаған аптабы басылайын депті. Қордайдан ескен майда самал бет-жүзді аймалап, еркелететін секілді. Жаныңды желпіндіріп, қарымтасына өзіңнен әнші болмасаң да ән тілей ме, қалай. Және үнсіз, нәзік қылығымен-ақ дегеніне көндірмей қоймайтын да сияқты.

Кенекеңе қатарласа бере бір әуен естілді. Ән салып келеді екен. Таныс ән. Әсіресе, қайырмасы. «Қордайдың сағындым ғой, шіркін-ай, қоңыр желін!» мұңға толы, аңсауға толы «Ой бұлбұл» әні ғой. Құлағым әнде болғанымен, көңілдің көк дөнелі алыс бір шалғайларды шарлап кеткендей...

1916 жыл. Азап пен тозаққа төзе-төзе төзімі таусылған қазақ халқы патша өкіметі мен жергілікті әкімдерге қарсы көтеріліске шығады. Торғай даласында ардагер Аманкелді семсер суырса, Жетісуда ереуіл атқа ер салған елді Бекболат батыр бастапты. Меркіде Ақкөз батыр мен Тұрар

Рысқұловтың сарбаздары майдан ашады. Қордайдың бейнеткештері Әли батырдың туы астына жиналады. Сол атойлы топқа Кенен де қосылып, жалшыларды жалынды жырымен жебейді.

Алайда, күштердің ара салмағы тым кереғар еді. Патшаның мұздай қаруланған жазалаушы отрядтары көтеріліс ошақтарын бірінен соң бірін өшіріп, елді басып жаныштайды. Шірік құрылысқа, отаршылдыққа қол көтергендердің көпшілігі Октябрь төңкерісінен аз-ақ бұрын атылады, асылады. Кенекеңнің қырғыз ағайындарды паналап, аман қалуының сәті түседі...

– Біздің ауылдың көлі осы болады, – деген Кенен атаның сөздері мені бір қорқынышты түстен құтқарғандай әсер етті.

Құрылысшыларға рахмет, былтырлары суды бөгеп, осыны салып берген. Әсіресе, балаларға таптырмайтын рахат болды.

Көлдің көлемі де тереңдігі де әжептеуір көрінді. Кенекең су сақалына жеткенше ілгерілеп барды да бет-жүзіне су себелеп, асықпай жуына бастады.

– Ата, суға сүңгіп, біраз малтысаңыз жақсы салқындайсыз.

– Мен жүзу білмеймін ғой, балам. Оның үстіне салқындайтындай кәрі денеге қызу көп болмайды...

«Жарайды, онысын жетпіс беске келгенде көрерміз!» деп мен іштей күлдім де өзімнің туған Қарасуымдағыдай көл құшағына алаңсыз кіріп кеттім. Осы бір рахат тірліктің қаншаға созылғанын қайдам, бір уақытта өзімнен үш-төрт метрдей жерде тұрған Кенекеңе көз салып едім – жоқ. Жағада да жоқ. Жүрегім су ете түсті. Ақсақалдың тұрған тұсына қарай суға қойып кеттім. Абырой болғанда қимылдап жүрген сұлбасы көзге тез шалынды. Жандәрмен қолынан жұлқа тарттым.

– Атаңды су түбіндегі Сүлейменге барар жолынан қайырдың ғой, қарағым. Алла риза болсын! – деді ақсақал жағаға шығып, демін алған соң.

Байқаусызда аяғым тайғанап, бір шұқырға түсіп кеткенім. Шығайын деп тырбансам әлгі текпішек кір сабындай жылпылдап табанымды басқызсайшы кәнеки... Өлім хақ қой, одан қорқып қайтейін. Аз жасаған жоқпын. Бірақ бұлайша қайту келіспейтін-ақ шығар. Оның үстіне ертеңгі күні тойға келетін мың-сан ел, әсіресе, Есдәулет ақын секілді өз қатарым: «Ау, мына Кенекеңнің қонағынан қашып кеткені несі?» деп күліп жүрсе, ұят қой құрысын!...

Әзіл сөзге екеуміз қосыла күлдік. Сөйтсек те мені бір ой мазалай берді: «Егер енді бірер секунд кешіккенімде, не болатын еді?... Қой, мұндайды, жалпы жаманшылық атаулыны әсте ойламау керек». Мен онда қымбатты Кенен атамыздың әлі де он алты жыл бақытты өмір сүретінін, сөйтіп, тоқсан екі жасында барып мәңгі тыным табатынын да ойлаған жоқ едім, әрине...

– Иә-ә, сонымен мен су түбіндегі Сүлеймен патшаға сәлем бере жаздадым-ау жаңа, – деп Кенекең көңілдене сөйледі, ауылға қайтып

келе жатқанымызда. Бірақ, оның өкініші жоқ. Ақиқатын айтсам, Жәкең сияқты мен де еш қандай патшаны – судың астындағысын да, жердің бетіндегісін де онша сыйлаған емеспін. «Патша» дегеннен шығады, он үшінші жылы Романовтар тұқымының таққа отырғанына үш жүз жыл толды, соның тойы болады деп жеті ояз елді Алматыға жинасын кәні. Баяғы Еркебайыма ілесіп мен де бардым. Ұлықтардың ұясын көргенім де сол. Көпшілігі қабан қияқ, қасқыр тіс болады екен. Тігілген үй, қаптаған халықта қисап жоқ. Шоқтай боп нөкерімен жандаралдар тұр. Сарыала қылыш асынған кілең ояз, стражник, старшын, приставтар мойнына знак таққан болыс-билер... Бір уақта ақындарға: «Ақ патша екінші Николайды, ұлы князь Алексейді өлеңмен мақтаңдар!» – деген жарлық қылды. Ортаға жасы үлкен Жәкең шықты. «Не дер екен?» деп біз тұрмыз. Жәкең бөгелген жоқ, жыр бұлағын селдетті-ай келіп. Бірақ, патшаны мақтап емес, қақтап жатыр!

– Патшаның тойы бұл болса
Жоқ-жітікке қараспай,
Неменесін мақтайын,
Ағзам патша адасты-ай!..
Осылай сойсын-ақ келіп!...

Үш жүз жыл бойы шені биік шерменде жағымпаздар жалықпай жапсыра берген ақ патшаның абыройы айрандай ақтарылды да қалды. Ұлықтардың төбе шашы тік тұрды. Жамбылды халық мақтап, болыс біткен боқтап жатыр. Стражниктер алпыс жетідегі ақсақалымызды алдына салып айдады да кетті. Ақыры қазақ, орыс, ұйғыр боп, қалың халық наразылық айтып, Жәкеңді түрмеден әрең босатып алды. Әйтпесе, кім білсін патша ақсақалдың ақтығына қараушы ма еді, қырғыздың ұлы ақыны Тоқтағұлға ұқсап Жәкең жарықтық Сібірдің ну қарағайында кісенін сылдырлатып жүрер ме еді, кім білсін!..

Тыңдаған сайын өмірде ешбір мектептің есігін ашып көрмеген, өз талабымен-ақ сауатын ашқан Кенекеңнің ұланғайыр біліміне, алғыр ақылына, жалпы өте зерек ойлау жүйесіне сүйсіне қайран қалумен болдым. Сондай халде оның айта қаларлықтай мазмұнды өміріне ойша бойлап кетсем керек... Мінеки, жиырмасыншы жылдардың басы. Кенен – ауыл кеңесінің төрағасы. Кенен – Қордай болыстық революциялық комитетінің төрағасы. Міне, ол Лениннің қазасын естісімен жасты көзбен халық алдында азалы өлеңін айтып тұр.

1934 жыл. Кенекең Қордай жеріне келген Сергей Миронович Кировты дәм-тұзбен, әнмен қарсы алып, дос-жаранның әңгімесін шертіседі.

1941 жылғы 3 шілде. Радиодан И.В.Сталин сөзін аяқтады. Тап сол жерде, репродуктордың түбінде елге қарап тұрып Кенен «Біздің Отан жеңеді» әнін шырқайды.

1944 жылдың қара күзі. Біздің Қарасуауылы. Жар басында Қызыл жұлдызды пилотка киіп, қызыл погон таққан жеті жасар бала – мен тұрмын. Өзекте ми батпақты кеуделеп американдық «Студебеккер» машинасы зорыға үн салып, өрлеп келеді. Қорапта балғын жүздері әбден тотыққан менің айналайын жеңешелерім – майданда қаза тапқан, яки батыстағы алыс бір қиырларда жаумен жағаласып жатқан бауырларымның жаны жаралы жұбайлары. Бәрі қосыла ән салып келеді, сағынышқа толы аса мұңды ән. Әсіресе:

– Е-ей, күйгенім-ай,

Есен-аман жүрмісің, сүйгенім-ай! – деген сөздер аһ ұра от-жалынмен айтылып, сай-сүйекті сырқыратады. Кейін білдім, осынау әнді келіндеріне арнап шығарған да Кенен Әзірбаев екен.

...Кешке Кенен ата қолқамызды жерде қалдырмастан көп ән айтты. Олардың әр түрлі сезім бояуы қаншама мол әрі қанық десеңізші! Мен өзіме-өзім ол әндерді тыңдап емес, өзіме де беймәлім бір тәсілмен ішіп отырған секілдімін. Иә, ішіп отырдым. Басқадай айту, сондағы әсерді өзге сөзбен жеткізу мүмкін емес! Осындай күйде алдымдағы атама көз алмастан қарап отырып, бір түйінге келгендеймін: халқының халі қашан да, қас қағымдай сәтке де көңілінен өшпейтін, бойындағы, ойындағы бар асылын соған ғана арнайтын Қорқыт ата, Асан қайғы, ертедегі гректің Гомері мен ежелгі ұлт-ұлысы мәлімсіздеу Боян секілді абыздар дәл мына кісі тәрізді емес пе еді! Бірақ бұл кісі елінің де, біздің де бақытымызға қарай, қазіргі заманның абызы! Кенен ата – кен ата!..

Кеш дамылдасақ та көпке дейін көз ілінбеді. Бір ғана күннің еншісіне тиген осыншама әсер, данышпандық пен шынайы рухани сұлулықты тым жақыннан сезіну ойды оята берді. Тағы бір түйткіл және түрткілейді, бар естіген білгенді сана сарқа сіңіре алар ма?

...Сәскелік дәмнен соң ендігі шақта мен үшін де аса бір қымбат, қимас жандарға айналған үй иелеріне алғысымды айтып, жүруге ұлықсат сұрадым.

– Тойға кел, балам, – деді Кенекең қолымды алып. Одан кейін де, біз секілді шалдарға сәлем беру үшін болса да кеп тұр, қарағым.

Мен уәде еттім...

Бірақ мен онда абызбен кездесуімнің басы да, аяғы да осы екенін білген жоқ едім. Тағдырға жөн болған шығар, о жолғы тойына да, сексенге, тоқсанға толған тойларына да бара алмадым. Шыңғыс Айтматов, секілді заңғар жазушылардың атамызға арнаған асыл сөздерін өз ауыздарынан естуге де мүмкіндік болмады. Өкінішті, әрине. Әйткенмен, жұбаныш та жоқ емес екен. Осы ретте аудан басшыларының әдебиет пен өнерді терең сезіне байымдайтын Саттар Жанәбіловтің: «Кенекең туып өскен өңірге жұмысқа келгелі бері маған мына тау мен дала тынбас-тан сол кісінің әндерін салып жататын сияқтанады да тұрады» дегені бар. Шыншыл ой. Қазір Кенекеңнің әндері ғана емес, ол кісі жөнінде

туып жатқан ән-күйлер де үзілмейді. Менің құрдас досым композитор Әбдімомын Желдібаев алдымен «Көкшолақ» күйін шығарса, кейін облыстық кәсіподақ ұйымының басшысы, ақын ағасымен көп жыл дәмдес, пікірлес болған Әнуарбек Жүнісалиевтің сөзіне «Алатаудың ақиығы» атты ән жазды. Ақын Жақсылық Сәттібеков атасына арнаған «Әнші дала» поэмасынан өзге композитор Алтынбек Қоразбаев екеуі «Сағындым Кенен атамды» атты сұлу әнді дүниеге келтірді. Шертпе күйдің шебері Боранқұл Көшмағанбетов өз күйін «Ешкілі таудың етегінде» деп атады. Журналист Базар Қилыбаев «Бозторғай» атты драма жазды. Республиканың әдебиет және музыка зерттеушілері, оның ішінде өз жерлесіміз, белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков те бар, атаның мол мұрасы жайлы толымды ғылыми еңбектер жариялауда. Осылайша, біздің Кенениана қазірдің өзінде-ақ жасалды. Оны алдағы уақыттарда Кенекеннің дарынды өрендерінің жаңа, мархабатты ұрпақтары одан әрі толықтырары, жалғастырары күмәнсіз. Сөйтіп Кенекенді ақын десек – мәңгілік жырға, әнші десек – мәңгілік әнге айналдыратын болады!

*«Хауа ананың аманаты» атты кітабынан.
Алматы, «Қайнар», 1966, 170-185 б.*

Бақытжан ӘЗІРБАЕВ,
журналист

КЕНЕННІҢ КЕМЕЛ КЕЗДЕРІ

Қазақ халқының бір туар ақыны, сазгер, әнші, Кенен Әзірбаевтың биыл туғанына 125 жыл толғалы отыр. Осыған орай Министрлер кабинеті оны республика көлемінде атап өтуді көздеп, ауқымды шараларды қолға алып отыр. Осы ретте ақынның бүкіл өмір жолын оймен шолып отырсаңыз елеулі, аса ірі оқиғалар ғұмырының соңғы кезеңіне дөп келеді екен. Жетпіс бес жасқа дейін ақынның бірде-бір мерейтойы кең көлемде аталып өтілмеді. Уақыт тезіне қарай оның да өз себептері бар. Ресми құжаттар бойынша ақын 1884 жылы дүниеге келіп, 1986 жылы тоқсан үшке қараған шағында қайтыс болды. Ғасырға жуық ғұмыр кешкен ақынның көзі тірісінде үш рет – 75, 80 және 90 жылдық мерейтойлары ғана тойланыпты. Өмірінің басқа кезеңі кеңес дәуірінің ең қиын, қолайсыз кезіне тап келіп отырған екен.

1924 жыл. Бұғанасы қатаймаған кеңес үкіметінің аласұрып жатқан шағы. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындай емес атыс-шабыс біршама бәсеңсіген сияқты еді. Бұрынғыдай ашық ту-талапай жоқ. Енді

оның есесіне «банды» деген шықты. Атқа мінген топ-топ әскерлер аяқ асты сап ете қалады. Үйді тонайды, малды айдап әкетеді, қарсылық білдірсең атып тастап кете береді. Халық әбден есеңгіреп, жауының қайсы, досының қайсы екенін білмей әуре.

Осындай аласапыранның ішінде домбырасын безеп, күндіз-түні жыр төгіп, елді сабырға шақырған қырық жасар Кенен де бар еді. Ақынның ревком болып ел басқарған кезі де, екі ұлдан бірдей айырылып ақ ешкіге зарын қосатын, Ләтипа сынды дүлдүл ақынмен айтысатын, «Соқсоқ байларды», «Батырақтар әні», «Балдай бол» дейтін әндерін шығаратын кездері де осы кезеңге дөп келіпті. Халықтың көңілі қаяулы, уақыт болса мынадай! Той тойлайтын кез бе бұл?

1934 жыл. Елуде – ел ағасы дейді. Жігіттің ақылы толып, кем-кетігі толыса түсетін кезі бұл. Өткеніне көз жүгіртіп, өзіне де, өзгеге де сын көзбен қарайтын, тұрмыстың етек-жеңін қымтап, салиқалы, салмақты болатын шағы. Ал елуге енді келген, атақ-даңқтан кенде емес ақынның жайы қандай еді?

«Ақын Кенен, ақиық Кенен», «Дүлдүл Кенен, бұлбұл Кенен» дейтін атағына қоса, «Сабау қамшы, салт атты Кенен», «Жалғыз тұяқ, жалаңаяқ Кенен» дейтін атаулары да қатар жүретін кез. Бір кезде ақ ешкіге мұңын шағып зарлаған ақын, ендігі жерде бұлбұлға әнін қосып, сырын айтты. «Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл, қаңғыртқан екеумізді тұрмыс құрғыр» деп Алатауды жаңғырта әнін салды. Аштықты да, қайғы-қасіретті де жұртымен бірге бөлісіп еді.

Ұжымдасу кезеңінен өтіп, есін енді-енді жинай бастаған елге «мен елуге келдім» деп жар салудың қисыны бар ма? Ондай ой ақынның өзінде де, ел басқарып отырған азаматтарда да болмағаны ақиқат.

1944 жыл. Соғыс басталған күннің ертесінде-ақ домбырасының бұрауын келтіріп, халық алдына шыққан ақынның үні жас қыранның дауысындай саңқ ете қалыпты. Өйткені «Біздің Отан жеңеді» деген әнін дәл солай салмаса, басқаша айту мүмкін емес. Әннің бойында зор күш, асқақтық, қатты екпін бар. «Аттан!» деп басталуының өзінде үлкен мән жатыр. Ал оны тік шырқата айту үшін қаншалық күш, қандай дауыс керектігін айтып жатудың қажеті болмас.

Ақынның сол жылдары шығарған «Қайран, Шөкем!», «Жалғыз қайным», «Сағындым-ау, Жапарбек», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән» дейтін туындылары соғыстың бар ауыртпалығын мойнына алып, майдандағы ерлерінің аман-сау келуін ғана ойлап өмір кешкен ауыл адамдарының көңіл-күйін тап басып көрсететін дүниелер. «Осының бәрі менің ғана басымнан өткен жоқ, әр отбасының қайғы-қасіреті, – деп еске алады. – Мен соларды әнге, жырға айналдырып халықтың өзіне қайтарып бердім. «Қайран, Шөкем!» дейтінім бүкіл Қасқараудың еркесі, суырып салма ақын Шолпанқұл Сейітов. Маған әрі іні, әрі шәкірт болып жүретін. Өнерінен көп үміт күттіретін ақын

еді. Оның соғыста жүріп жазған өлең-жырлары әлі күнге ел аузында жүр. Елге қайтып оралмайтынын білгендей туған жермен, ағайын-туыстарымен, замандас құрдастарымен қош айтысқан өлең-хаты соғыс аяқталған соң көп жылдан кейін жетті. Оқушы дәптеріне толтыра жазған сол дүниесін майдандас бір жолдасына: «Қордайға барсаң Кенен деген ақын бар. Соның қолына тапсыр» деп аманат етіпті. Беттері жыртылып, тозығы жеткен дәптерден сау-тамтық жоқ. Көп тұстары өшіп қалған. Шолпанқұлдың көзіндей болған осы өлеңдерін түгел жаттап алып ел арасында айтып жүрдім. Шолпанқұлдың өз мұқамына салып айтамын. Тыңдаған жұрттың айызы қанып, бір сергіп қалатын еді.

Балам Жапарбекті де соғысқа шығарып сала алмай қалдым. Жалғыз қайным, шешелеріңнің артынан ерген жалғыз інісі Қыдырбекті шығарып салуға кеткенде маған білдірмей майданға аттанып кетіпті. Кейін білдім бұл екеуі де өз еріктерімен сұранып кеткен екен. Екеуі де қайтып оралған жоқ. Екеуінен де ұрпақ қалмады...

Қарт ақын осылай деп өткенін еске алатын еді. Алпысқа келген ақынды өмір осылайша тағы бір сыннан өткізіп алды. Алда тағы не күтіп тұр? Ол жағы енді бір құдайға ғана аян!

1954 жыл. Осының алдында ғана Сталин көз жұмды. Дүниенің бәрі сілтідей тынып, дел-сал күйде. Ақыр заман орнағандай үрейленген жұрт. Біз ол кезде Отар станциясында тұрамыз. Мен үшінші сыныпта оқитын едім. Ұлы көсем өлген күн менің санамда мәңгі қалып қойғандай.

Көсемдердің көсемі Сталин өлді дегенді радиодан хабарлады. Әкем сақалын сипап, дұға оқыды. Терең күрсініп, бет орамалымен көзін сүртті. Нақ сол сәтте ақынның не ойлағанын кім біледі? Бізге ол жылап отырғандай көрінгені рас.

Көп сөйлемейді. Ұзақ күнге жалғыз отыратын да қоятын. Емдемеген тәуіп, жасалмаған ем қалған жоқ. Нендей науқас екенін ешкім дөп басып айта алмайды.

Әкемнің осындай күйге ұшырағанына екі жылдай уақыт болған. Анау жолы қаладан арнайы келген дәрігерлер ары-бері тексеріп:

– Бұл кісінің науқасы аса қауіпті емес. Асқазаны, қан қысымы бәрі қалпында. Бірақ жандүниесі әбден шаршап, ағзалары қатты қалжыраған. Бәлкім, жосықсыз көп ән салғаннан болуы мүмкін, жүрек қабы кеңіген, – деді. Жүрек қабы кеңіді дегенді шешем аса ұқпай қалған болу керек:

– Күні бойы бір сөйлемей жата беретіні несі? Бір адамға, тіпті өз балаларына шырай білдірмейтіні қалай? Кейде тіпті ұшып кететіндей өз-өзінен аласұрып, көзі алақтап үрейленетіні неліктен? – деп шешем дәрігерден қайта сұрады.

– Бұл жағын білмедім, жеңгей. Әлденеден шошып, бойын қорқыныш билейтін сәттер адамда болады. Сондықтан бұл кісіге тыныштық керек, ұзақ уақыт тынығу қажет, – деген. «Ұлы көсемді» бүкіл ел болып жоқтап, аза тұтып жатқан кездегі біздің үйдегі сүреңсіз жағдай осындай болатын.

Сол күні мектеп ауласында үлкен жиын өтті. Бастарына қара орамал жамылып, дауыс шығара жылап жатқан әйелдер. Қыздардың шаштарында қара бантик. Мойындағы пионер галстугіне дейін қара матадан жиектеп тігіп алыпты. Директор ұзақ сөйледі. Сөйлегенінен жылағаны көп болды.

«Сендер де жылаңдар! Ұлы асыраушымыз, жол бастаушымыз Сталин өлді. Енді не боламыз?» – дейді мұғалім тәте. Өзі солқылдап тұр. Байыбына барып жатпасақ та, әйтеуір бір сұмдық болатындай бала жүрегіміз үрейлене соғады. Мұрнымыз пысылдап, әлгілерге қосыла үнсіз жылаймыз. Бар даусымен бақырып жылап жатқандар да көп.

Сол күні Отардағы бүкіл пойыздар ұзақ уақыт, үздіксіз айғайлап тұрды. Бірін-бірі іліп алып, кейде қосыла шыққан әлгілердің ащы даусы зәре құтыңды алады. Бір жақтан топан су қаптап келе жатқандай, әлде өрт тақалып қалғандай үрейлі. «Қара бұқа» деп аталатын паровоздардың аңыраған даусы менің құлағымда әлі тұр.

Сол жылдары атам кітапханадағы бүкіл қазақ кітаптарын түгел оқып шықты. Тіпті сасқанымнан география, тарих, жаратылыстану секілді мектеп оқулықтарына дейін әкеліп беретінмін. Атам асықпай жатып солардың бәрін мұқият оқиды. Кейде аса түсінбеген тұстарын менен сұрап отыратын еді.

Бәріміздің қарап отырғанымыз әкемнің зейнетақысы мен тәтемнің азын-аулақ жалақысы. Оның өзі күнделікті ішіп-жемнен, киім-кешектен, одан қалса әкемнің дәрі-дәрмегінен артылмайды. Сырттан табыс үзілген соң қорадағы азын-аулақ малдан да береке қалмады. Бірі сатылды, бірін сойып азық еттік. Құңкіл, өсек-аяқ күшейіп, ақынның жүрегін жаралайтын сөздер көпіршіп жатты. Аурумен қоса келген мұндай әлекке ақынның төтеп беруі неғайбыл еді.

1956 жылдың күзі болатын. Біздің үйге Сәбит Мұқанов бастаған бір топ ақын-жазушылар келді. Бұл Сәбеңнің бірінші келуі емес. Әкем науқас болғалы қасына Мариям апайды, кейде балаларын ертіп бірнеше рет келіп кеткен. Сәбит аға келген сайын біздің үйде кішігірім той болады. Әншейінде көп бас сұға бермейтін көрші-қолаңдар, ауылдың ақсақалдары, теміржолдың басшылары да келеді. Сәбит аға келген сайын әкемнің де жүзіне қан жүгіріп, «ұйқысынан» оянған адамдай өзгеріп сала беретін.

Әкемнің қуанышында шек болған жоқ. Көңілі сергіп, қонақтармен ұзақ отырды. Үлкендер мұнысын жақсылыққа жорып, ырымдады. Оның себебі де жоқ емес. «Көп жылдар өзін жұртта қалғандай, қайнаған тірліктен шеттеп, ұмыт болғандай сезінген екен-ау!». Қонақтар өзара осылай деп әңгіме айтады.

Сол жолы Сәбең әкемнің жаңадан баспадан шыққан шағын өлең кітабын ала келіпті. Мұқабасы теңіздің түсіндей көгілдір кітапты Сәбит аға қолына алып, жұрттың бәріне көрсетіп шүйінші сұрады.

– Кенекем, ауырған жоқ, аунап түскені ғой. Алда көретін талай қызығы бар. Кенекемнің, ән-жырын ел-жұрты шөліркей күтіп отыр, – деді. Әрі жұбатып, әрі қайрат бере айтқан жазушының сөзіне әкем кәдімгідей босап қалды. Еті қашып, сүйріктей болған салалы саусақтарымен аяулы Сәбитін құшақтап: «Разымын, Сәбит!» дегені әлі есімде.

Ертесіне әпкем екеуі оңаша отырып ұзақ әңгімелесті. Өлгінде мені де қастарына шақыртып алған. Көп жайды сұрап білген болу керек. Менің басымнан сипап:

– Мына балаңыз тәп-тәуір ән салады дейді. Бәлкім, Алматыға апарып, оқыту керек шығар? Жүр өзіммен ала кетейін, барасың ба? – деді күліп. «Балаңыз» дегені көңіліме ұнамай қалды. Иығымды қиқаң еткізіп үндеген жоқпын. Менің орныма әпкем жауап беріп жатыр:

– Қайдам, Сәбит? Бұл кемпірге тән бала. Көзі тірісінде жібере қоймас. Оның үстіне Кенен де балаларды көз алдынан шығарғысы келмейді. Ауырғалы бері Төрткен де қасында. Тірі болса оқу қайда қашар дейсің? – Әпкем әлдебір құпиясы бардай даусын ақырын шығарып сөйлеп отыр.

– Сүреңсіз тірлігімізді көріп отырсың. Балалар болса әлі жас. Кененнің жанына бататыны да осы болар? Құдайдан зарлап жүріп тілеп алған осылардың қызығын көрмей кетемін бе деп ойлайды-ау деймін? Туған жерін адам жек көре ме? Алайда осы жердің ауа райы науқас адамға тым қолайсыз. Аңызақ желмен қоса шаң борағанда кірерге жер таппай қаласың. Ақпанның ақ түтек боранындай көз аштырмайды. Алдындағы бес қадам жерді көрмей қалатын кездер болады. Мұндай жерде адам сауыға ма? – деді. Сәбит аға басын изеп қойып үнсіз тыңдап отыр. Ара арасында «айта беріңіз» деп қоштап қояды.

– Айналайын, Сәбит, саған айтпағанда кімге айтамын. Балалар шошып қалмасын деп тісімнен шығарған емеспін. Кененнің тіпті өлмек те ойы бар екен. «Бүйткенше, у ішіп өлгенім жақсы ғой» дегенді талай айтты.

Бір жолы көрші үйге барып біраз отырып қайтсам Кенен орнында жоқ. Аулаға таза ауа жұтуға шықты ма екен деп ойлағанмын. Үйді айналып шығып таба алмадым. Қарсы тұрған қораның есігін тартып қалсам бұрышта Кенен тұр. Мені көріп қолындағы қаңылтыр ыдысты лақтырып жіберді. Өңі сұп-сұр болып кетіпті. «Әй, Нәсиқа-ай, жаным қиналды ғой!» дейді. Қаңылтыр ыдыстағы балқытылған қорғасын екен. Денем түршігіп, шошып кеттім. Әпкем басын төмен салып жылап қалды. Көпті көрген ел ағасы біраз отырып орнынан тұрды. Жүзінде әлденеге абыржу байқалатын сияқты:

– Жеңгей, бұл әңгіме осы жерде қалсын. Құдай сәтін салса жақын арада тағы келіп кетермін. Кенекемнің жан азабы маған да оңай тиіп тұрған жоқ. Сабыр етейік. Әйтеуір ойыма бір келгені Кенекеннің отбасында да көп жақсылық болатын секілді. Жүрегім соны сезеді – деген. Оның нендей жақсылық екенін тап сол жерде ешқайсымыз пайымдап

жатпаған да шығармыз. Бірақ сол жолы Сәбит ағаның көңілге көп нәрсе түйіп кеткені ақиқат еді.

Сәбеңнің дуалы аузынан шыққан сол қуанышы көп күттірген жоқ. Осы оқиғадан соң екі-үш ай өтпей-ақ біздің үйге аудан, облыс басшылары келуін жиілетті. Келген сайын жақсы-жақсы тілектерін айтып, әрнәрседен хабардар етіп қайтады. «Кенекеңнің өлең-жырларын қайта қолға алып жатыр екен, бүкіл әндерін нотаға түсіруге арнайы адамдар бөлініпті, әндері жазылған пластинкалар шығаратын болыпты» дегенді сол келгендерден естиміз. Әкем бұл әңгімелерді үнсіз отырып, сабырмен тыңдайды. Анда-санда: «Әруақтар жар болсын! Кенен естеріне енді түскен екен ғой!» деп бетін сипап дұға етеді. Онысын кімге айтып отырғаны белгісіз.

Бір жолы үйге екі-үш адам келді. Құрылыс мамандары екен. Құлаштай-құлаштай қағаздарын жайып әлденені түсіндіріп жатыр. «Бұл болашақта Кенекеңе салынатын үйдің жобасы. Үкімет арнайы ақша бөліпті. Бір жылда салып береміз» дейді әлгілер. Бұдан артық қуаныш бола ма? Шешем қуанғаннан көзіне жас алып: «Айналайын, Сәбиттің тірлігі ғой бұл» дейді.

– Осы үйді қайда салдырғыңыз келеді, Кенеке? Алматыға десеңіз сонда саламыз. Жоқ ауылдың өзінде десеңіз осында салып береміз. Соны сізден сұрағалы келдік. Осы мәселеге келгенде әкем біраз ойланып қалды.

– Япырай, кіндік қаным тамған жер Мәтібұлақтан кетсем ағайын-туғандар не дер екен? Реніш білдіріп, өкпе артып жүрмей ме? Оның өзі де Отардан қашық емес, тиіп тұр. Табиғатында де еш айырмашылық жоқ. Жазы ыстық, күзі аңыззақ. «Сізге ауасы кең, таулы жерге бару керек. Жүрегіңізге бірден бір шипа сол» деп дәрігерлер де қатты ескертіп еді. Енді қартайғанда Алматының да реті жоқ секілді. Өмір бойы халық арасында қарапайым тірлік құрып келдім. Қаланың қауырт, шапшаң тірлігіне етене араласып кетуім де екіталай. Талай барып жүріп екі-үш күннен артыққа шыдай алмай ауылды аңсап тұра қашқандай болушы едім. Қаланың ауасы да бұл жерден асып тұрған жоқ .

Бұл түйіннің шешуін шешем тапқандай болды. Асықпай, баппен сөйлей отырып, әкеме мынадай уәж айтты:

– Кенен-ау, қартайған шағыңда қайынсақ атанамын деп қорқып отырсың ба? Түбін қусаң бәрі де аталас туыстарың емес пе? Бергісі бүкіл жастық шағың өткен Ойжайлау, Шұбарбайтал, Иирсу жатыр, аржағында қырғыз елі. Қалай болғанда да тау сағасы емес пе? Қордайдан ыңғайлы жер табылмас. Оның үстіне үш ауылды біріктіріп Киров деген үлкен ұжымшар құрып жатыр екен. Неде болса сол жерге табан тірейік, – деген. Шешемнің осы сөзі бәрінің де көңілінен шықты, әкем де осыны мақұл көріп еді.

1958 жылдың көктемінде біз осы ауылға көшіп бардық. Ол кездің өлшемінде алты-жеті бөлмесі бар ақшаңқай үйдің хан сарайындай көрінері хақ. Біздің қуанышымызда шек жоқ. Осында көшіп келген соң

әкемнің де көңілі көтеріліп, басқа бір күйге енгендей болды. Шай үстінде басымыздан сипап, әңгімеге тартатын болды. Ұзақ жылдар әке мейірімін көрмей, салқын тартып қалған біздің балауса көңілімізге осының өзі де жетіп жатыр. Балапан жүрегіміз лүпіл қағып, әке құлағына ұмсына түсетін едік.

Бір күні сабақтан келсем аулада жүрген әкемді жолықтырдым. Қолында күрегі бар. Бақты аралап біраз жүрді. Одан соң мал қораға кіріп, ондағы бұйымдарды жеке-жеке ұстап керіп жүр екен. Ауырып тұрған адамдай емес, қимылы да ширақ көрінді.

«Жаратқанның кеңдігінде шүбә жоқ. Жарылқаймын десе басыңа бүкіл бақ-дәулетті бір сәтте-ақ үйіп-төгіп бере салады». Бұл күн сайын жатар алдында әкемнің маған айтатын өсиет сөзі. Сол сөз рас болуы керек. Біздің отбасына қуаныш та, бақыт та қат-қатымен келіп жатты. Әкем көп ұзамай науқасынан құлан таза жазылып кетті. Алты жыл бойы ілулі тұрған кәрі досы домбырасын қайта қолына алды. Ішінде шөгіп қалған өлең-жырдың көзі қайта ашылғандай, күміс көмей әншінің үні қайта жаңғырып, асқақтай түскен сәті еді бұл.

«Ардақты елім, шүйінші, мен жазылдым!» деп өлеңімен жар салған ақынның көңіл-күйін айтып жеткізу қиын. Бір жағы қырғыздан, енді бірі бүкіл Жетісудан, Алматыдан, Жамбылдан арнайы келіп, құтты болсын айтқандар қаншама? Хатпен құттықтап, сәлем жолдағандарда есеп жоқ. Оның ішінде еңкейген қарттан бастап, мектеп оқушыларына дейін бар. Осының бәрі ақынның көңілін шаттандырып, бойына жаңадан күш-қуат құйғандай болғаны ақиқат. Ақын қайта түлеп, өмірге қайта келгендей күй кешті. Тұғырына қайта қонған ақынды бұдан да үлкен қуаныш сәті күтіп тұр еді. Оған да жеткізер күн бар екен. Ол үлкен белес, атақты 75 жас болатын.

1959 жыл. Осы жылдың маусым айында Қордай төсін дүбірлеткен той өтті. Кененімен қайта қауышқан жұрттың қуанышында шек болған жоқ. Мұның өзі кеңес үкіметі құрылғаннан бергі алғаш рет халық ақындарына көрсетілген құрмет, жаңаша бетбұрыс болғаны рас.

Тойға аз уақыт қалғанда Сәбит қасында бірнеше адамы бар арнайы келіп кеткен. Тұңғыш рет тойланғалы жатқан мерейтойының қалай өтетінін әкем:

– Айналайын, Сәбит. Тойдың болғанынан боладысы қызық. Бұл өңірде бұрын-соңды болмаған той өтеді деген сөз шартарапқа жайылып кетті. Мұны естіген жұрттың тай-тұяғына дейін қалмай келетіні сөзсіз. Солардың ретін қалай келтіреміз? Ауыл болса әлі етек-жеңін жинай алмай жатыр. Ағып тұрған ауыз суы да жоқ. Кененің тойында шөлден қаталап өле жаздадық деп кетпей ме жұрт? Шақырмай қойсам ағайынның кеудесінен итергендей болмаймын ба, – деді. Бұған Сәбит ақжарыла күліп алды.

– Кенеке, қауіпіңізді түсініп отырмын. Ауыз суды арнайы мәшинамен таситын болдық. Жұрттың тамақтануы үшін көше бойына шағын

дәмханалар орнатылады. Қаладан келетін қонақтар сол күні келп, кешке қарай қайтып кетеді. Ағайын-туыстарыңыз тым көп келіп сиыспай жатса, жаз айы ғой бақтың іші де жетіп жатыр. Бір күнге шыдар, – деді.

Бәйгеге ат қосатындардың алдын ала келетіндері бар. Олардың жәй-күйін ойластырғандар бар ма? Ел арасы тентексіз болмайды. Ұрыскеріс, ұрлық шығып жүрмесін. Елге де, бізге де үлкен сын болайын деп тұр, Сәбит. Әйтеуір тойдың дау-дамайсыз өткені абырой, – деп тағы бір күдігін айтты. Мұны да жайлап түсіндіріп берді.

– Олардың бәріне сөре басында арнайы қазақ үйлер тігіледі. Ат қосатындар, көкпаршылар, сайысқа қатысатындар, тағы басқалары сонда жайғасатын болады. Тәртіп сақтау үшін де милиция қызметкерлері, әскери адамдар шақырылып отыр. Барлық жауапкершілік солардың мойнында. Құдай қаласа бәрі де ойдағыдай өтеді, Кенеке, – деді. Сәбит осылай деген соң ақынның да көңілі орнына түскендей болды.

Екі күнге созылған ақынның мерейтойына шақырылғандар да, өз бетімен келгендер де көп. Әкемнің күдігі де, Сәбит ағаның айтқандары да дәл келді. Атшылап, жаяулап, қала берді арбаға бүкіл бала-шағасын салып алып жеткендер қанша ма? Біздің үйдің маңы қарақұрым адамнан көрінбей қалды. Тәртіп сақшылары болмағанда бір-бірін таптап кететіндей екен. Бәрінің де айтатыны бір сөз:

– Сонша жерден келген соң Кенекеңнің дидарын бір көріп, қолын алмасақ не болғаны? Енді біреулері мына балама бата сұрайын деп едім. Онда тұрған не бар тәйірі? – дейді. Тіпті алдында тұрған күзетші жігіттерге бой бермей ентелеп әкем отырған үйге кіріп кеткендері де болды. Мұндай арқалы тойдың өз тәртібі, алдын ала әзірленген бағдарламасы болатынын қарапайым жұрт қайдан білсін? Соны сезе қойған Сәбит көпшілік алдына шықты. Жұрт атақты жазушыны көріп тыныштала қалған. Өзінің жұмсақ сәл қырылдаңқырап шығатын даусына салып сөйлеп кетті:

– Қадірлі көпшілік, осы тойды басқару маған жүктелген. Анау мінбе тұрған алаңды көрдіңіздер ме? Қазір сол жерде үлкен жиын болады. Кенекеңді сонда алып барамыз. Ат бәйгесі, басқа да ұлттық ойындар ауылдың сыртында өтеді. Оны де Кененмен бірге тамашалайтын боласыздар. Ал қазір үйдің маңын босатыңыздар. Алыстан келетін ұятты қонақтар бар. Олар келгенше Кенекеңді баса-көктеп, өлтіріп алсақ не бетімізді айтамыз, –деп сөзінің артын қалжыңға айналдырып жіберді. Сәбиттің осы сөзінен кейін ақынын сағына күткен аңғал жұрт сабасына түскендей болып еді.

Мінбеге шығып сөйлегендер өте көп болды. Облыс, бүкіл аудан басшылары, ақын-жазушылар, әкемнің қырғыз достары, өзбек, қарақалпақтан келген қонақтар ел алдына шығып құттықтау сөздерін, өлең-жырларын айтып жатыр. Әр мекеме, шығармашылық ұжымдар атынан берілген құттықтау папкілерде қисап жоқ. Шапан жауып, бөрік сыйламаған ешкім қалмады-ау, деймін?!

Менің есімде қалғаны халқымыздың біртуар ұлы, атақты композитор, академик Ахмет Жұбанов сыйлаған қызыл қоңыр түсті домбыра. Беткі жақтаулары түгелдей мүйізбен көмкерілген, мойны қынадай қызғылт домбыраның үні де ерекше екен. Әкем өзінің осы мерекеге арнап шығарған «Жетпіс бес» деген әнін тұңғыш рет осы домбырамен орындап еді.

«Сайра тілім, шырқа үнім,
Сайрамасқа қоймайды ардақты елім»

– деп құйқылжыта шырқады.

Бұдан кейін де ақын көзі тірісінде осы домбыраны қолынан тастаған емес. Қайда барса да, қандай сапарға шықса да өмірінің соңына дейін осы домбыра жан серігі, сырласы, қимас досы болғаны ақиқат. Тоқсанның торғынына оранғанша үніне үн қосып, ақынның, өзімен бірдей жасасқан ақ ниет домбыра еді бұл. Әкемнің:

«Ән салсам үнің бірдей үнімменен,
Сөйлесем тілің бірдей тілімменен.
Өлгенде көріме қой деп айтар ем,
Қызым бар тартатұғын ұлымменен»

– дейтін жүрекжарды өлеңі нақ осы домбыраға арналып айтылғандай болады да тұрады. Ақынның дәл өзіндей дөп басып айта алмасымыз белгілі. Әйтсе де өзімен ала кетуге жүрегі қимаған сол домбыра әкемнің көзіндей, өмірінің жалғасындай болып ақынның мұражайында ілулі тұр.

Екі күн бойы өлең-жыр, сан-алуан өнерпаздардың салған әндері бір сәтке толастаған жоқ. Күндіз ұлттық салт-дәстүрімізді тамашалаған жұрт, кешінде алтыбақан тепкен жастардың өнерін тамашалады. Тойдың басы-қасында Сәбиттің өзі жүргенін, астындағы су жорғамен осының бәрін қадағалап, қыздырып, сауық-сайранның ұйытқысы болғанын жұрт көзбен көрді. Ол кезде екі-үш қана көшесі бар шағын ауылымыздың сол күнгі көрінісі он төртке енді толған менің көңілімде осылайша қалып қойыпты.

Көптен күткен мерейтойы аяқталар сәтте бүкіл ауылдың, жиналған ағайын-жұрттың алдында көңілі толқыған ақын Сәбитке қаратып бірер шумақ өлеңін айтты. Иығына шапан жауып, басына құндыз бөрік кигізді.

– «Дос адамның белгісі қарлығаштай, қас адамның белгісі қара тастай», – деген. Сенің ақ пейіліңе менің отбасым ғана емес, бүкіл ел-жұртым риза. Бүгінгі той мен өткерген жетпіс бес жыл ғұмырымның ең шуақты сәті, түйіні болды. Басыңа бақ қонсын, балаларыңның қызығын көр, Сәбит, – деді.

Қарапайым ғана айтылған осы сөздерден ақынның Сәбитке деген риясыз көңілі, жүрек тебіренісі айқын сезіліп тұрды. Артынша Қарақал-

пақтан өзіне сыйға әкелінген ер-тұрманы түгелдей күміспен күптелген сүліктей сәйгүлікті жетектеп әкеп Сәбиттің алдына көлденең тартты.

1964 жыл. Мектепті бітіріп үйге келгеніме бір жылдай болды. Ауылда құрылыс бригадасында жұмыс істеймін. Ол кезде не көп, қой көп. Біздің бір ғана Киров ұжымшарында алпыс мыңға жуық қой болатын. Қойшылардың түкірігі жерге түспей тұрған уақыт. Солардың қора-қопсысын жөндейміз, үйлерінің төбесін жауып береміз. Қазіргідей емес, көбіне қамыспен, қала берді шимен қоршалатын еді ғой. Қамыс ору, оны баулап тасып жеткізу біздің мойнымызда. Үш-төрт бозбала осы бригадаға кіргенбіз.

1963 жылдың күзінде құжаттарымды сол кездегі ҚазМУ-дің филология факультетіне өткізіп, конкурстан өте алмай елге қайтқанмын. Арманым журналист болу. Емтиханның қорытындысын хабарлаған ағай менің бетіме мұқият қарап алды. Даусын салмақтай отырып:

– № 12 қазақ орта мектебін бітірген екенсің, інім. Аттестаттағы бағаларың да жаман емес. Бір балың жетпей тұр. Журналистика деген бөлек факультет жоқ. Ал оған түсу үшін екі жыл өндірісте жұмыс істеу қажет. Баспасөз беттеріңде шыққан мақала-материалдарың болуы тиіс. Онсыз журналист бола алмайсың, – деді. Ар жағын айтпаса да түсініп тұрмын.

Қалада оқып оқуға түсе алмағаныма намыстанып үйге түнделетіп келдім. Әкем бұған аса мән берген жоқ. Шешем «оқасы жоқ, жассың ғой әлі» деген де қойған. Бір апта бойы елдің көзіне түспейін деп ешқайда шықпай жатып алдым.

Ертеңгі шайға жаңадан отырып жатқанбыз, әкем басымнан сипап жай ғана халімді сұрады. Артынша:

– Ұзатылып қайта келген қыз сияқты мұның не? Жігіт емессің бе? Бұл жолы орайы келмесе келесіде болады. «Колхозға» адам қолы жетпей жатыр. Өзің қатарлы балалардың бәрі істеп жүр. Үйден шықпай үйкүшік болып кетерсің. Бригадирмен келісіп қойдым, ертең жұмысқа шық, балам! – деді. Үні жұмсақ, іштарта сөйледі. Менің алғашқы еңбек жолым осылай басталып еді.

Бұрындары «балам» десе ыршып түсетіндей едім. Ондайда балалық жасап үлкен кісіге (әжеме) айтып қояр ма екен? – деп қатты қысылатын. Сексеннің сеңгіріндегі адамның «балам» деуінде ешқандай сөгеттігі жоқ. Оған құлағым үйрене бастаған да, жылы тиетін де еді. Гәп, онда емес.

Мен 13 жасқа келгенше шын әкем кім екенін расында білмей келдім. Ешкім тіс жарып көрген емес. Кейде жеңгелерім әзілдеп:

– Бақытжан, осы сен қай елдің баласысың, әкеңнің түрін көрдің бе, өзің? – дейді.

– Қай ел болушы едім. Мүлкәмәнмін. Әкем Қыдырбек соғыстан қаза тапқан. Апам екеуіміз тұрып жатырмыз, – деймін.

– Онда жездеңе неге тартқаның дейді әлгі қулар.

– Үй, кетші әкең... деп жүгіріп кетіп қалатын едім.

Қыдырбек 1943 жылы Курск, Орел қаласының түбіндегі Вязовоск деген мекенде қаза болыпты. Артеллерист екен. Кейін өзім де әскер

қатарында болып Мәскеу арқылы барып, ағаның бейітіне дұға оқытқаным бар. Сол жердегі мектептің үлкен бөлмесінде пионерлер ұйымдастырған шағын музей бар екен. Дәл төрінде менің әкемнің суреті ілулі тұр.

Бет орамалыма сол жердің топырағын түйіп алдым. Әжем әлгі түйіншекті басына жастап талай күн жылады. Кейін осы жайлы «Лениншіл Жас» газетінде журналист Ақкөл Отарбаевтың «Бір уыс топырақ» деген жүрек тебіренерлік мақаласы да шығып еді.

Көзімді ашқаннан «Қыдырбектен қалған жалғыз тұяқсың. Соның түтінін өшірме» деп әжем құлағыма құйып өсірген мен үшін мұның қаншалықты мәнді екені айтпаса да түсінікті. Бала күнгі үлпілдеген жүрегімде өзгедей ойдың болмағаны да ақиқат. Кейін ер жеткенде әкем осы жайдың қалай болғанын әңгімелеп берген еді. Ол былай болған екен.

...Қыдырбектен қара қағаз келгеннен бері де бірталай күн өтті. Ауыл басшысы кеңсеге жеке шақырып алып:

– Кенеке, қайғылы хабар келді. Жалғыз ұлының қазасы үлкен кісиге оңай тимесін білемін. Ебін тауып өзіңіз естіртіңіз деген. Соның ебін қалай келтірерімді білмей жаным қиналады. Бар айлам домбыраны сұңқылдатып тарта беремін. Сұңғыла сырмінез Насиха соны сезіп жүр екен:

– Осы бір сарынды қайдан тауып алғансың? Тартпашы өзін! Адамның көңіліне үрей салатын ән екен. Әлде бір жамандықты сезіп жүрсің бе? – деді.

Айтпасқа амалым қалмады. «Сорлы бауырым-ай!» деп талықсый берген Насиханы қапсыра құшақтап ұстап қалдым. Сондағы сұңқылдаған азалы «Жалғыз қайным» әні осылай дүниеге келген.

Нысбала енем мен Сақыпбала келін ол кезде Иірсуда тұрады. Оларға қайғылы хабарды естірту тіпті қиын болды. Қыдырбектің қазасын естігеннен кейінгі олардың жұртта қалғандай жай-күйі әлі көз алдымда. Барған сайын екеуінің екі жерде шоқшиып отырғанын көріп көңілім қан жылап қайтатын едім. Мұндай күйді Насиха екеуіміз талай бастан кешірдік емес пе? Бір амалын табу керек болды. Көшіріп әкелуге енемнің тәкаппар мінезін білемін, «қартайғанда күйеудің босағасында сықсыңдап не бар?» дейтіні сөзсіз. Ары ойлап, бері ойлап Насиха екеуіміздің тапқанымыз «Көркемжанды қастарына берейік. Ермек етіп қайғы-қапасын ұмытар» деген шешім болды.

Бес жасқа толып, есін біліп қалған Көркемжан оларға жарытып бала болмады. Екі-үш күн сайын, ең арысы апта сайын қашып келетін. Алдап сулап, айтқанын істеп қайта апарып тастаймыз. Сөйтіп әлек болып жүргенімізде 1945 жылдың шілдесінде сен дүниеге келдің. Үш айға толтырып барып сені Сақыпбала келінге «телуге» тура келді. Өзі де бір ақжарқын, қабағы ашық, әзіл-оспаққа шебер адам еді. «Сендердің Көркемжандарың әлі-ақ менің баламның қойын бағып, отын-суын тасып жүреді» дейтін күліп.

Сен төрт жасқа келгенше кемпір екеуінің алданышы болдың. Бірте-бірте Қыдырбектің де қайғысы ұмытыла бастады: Жиырма алтыға енді келген жас адамның өміріне қалай балта шабасың? «Мен де теңімді табайын ел қатарлы тұрмыс құрайын» деген соң ақ батамызды беріп, ақ жол тілеп Сақыпбала шешенді ұзатып салдық . «Менің әйей шешем қайда?» деп көпке дейін жылап жүргеніңді сен қайдан білесің? Біз соның бәрін көрдік. Кейін Отарға көшкенде кемпір екеуіңді бірге ала кеттік. Сенен жасырып келген құпиямыз осы, балам. Қалған жайды өзің де білесің.

Он үш жылдан кейін ғана айтылған осы сырдың менің жан-дүниемді қалай астан-кестен еткенін мұндайды басынан кешірген адам ғана сезінеді.

Отардағы ағайындар асар салып тұрғызған біздің үйдің өзгелерден еш айырмасы жоқ . Бір-біріне жалғастыра салынған төрт бөлмелі қоржын там. Оны теміржол бойында өскен балалар «вагон там» дейді екен. Расында тура жолаушы пойызындағыдай бір бөлмеден екіншісіне өте бересің. Соның шеткі үлкен бір бөлмесі апам екеуміздікі. Есік-терезесін әдейі бөлек салған. Келген адам алдымен біздікіне кіріп, апам сәлемдесіп, содан кейін ғана Кененнің үйіне баратын. «Кененнің» деп ірі сөйлегеніме ғафу өтінем, әрине. Бұл сол кездегі әкемді «жезде», шешемді «әпке» деп өскен ерке баланың тілі.

Қазан-ошағымыз да, дастарқанымыз да бөлек. Арнайы шақырғанда ғана жездемнің үйінен тамақ ішетін едік. Осы тәртіп көп жылдар бойы қалтқысыз сақталып келді. Әжем ертегіні көп білетін. «Хан ордасын шаң қылып, қақпа алдын қан қылып» деп басталатын ертегінің сан түрін тыңдап жатып ұйықтайтын едім. Қазір ойласам соның көбісін әжем жанынан шығарып айтады екен ғой. Сол естігендерімді әлі күнге ұмытқан жоқпын. Енді бірде менің аталарым жайлы, соғыста өлген әкем Қыдырбек туралы сыр шертеді. Бәрі шетінен батыр, жаужүрек. Даусын мың құбылтып, көзім ұйқыға кеткенше айтатын апамның бір сарынды үні, аңыз-әңгімелері құлағымда әлі тұр.

Ақиқат, 2009, №6, 64-71-бет.

ЖАН БАУЫРЫМ

*Тірі болсаң 70 жасқа толар едің
(Еске алу)*

Өнерімен де келбетімен де жастай көзге түскен Зүлхия деген қызынан, Болысбек, Тұрсын, Базар, Назар, Қырғызбала деген ұлдарынан айрылып, зарлап жүрген шерлі Кененнің, 1939 жылы дүниеге келген ұлы Көркемжанның орны ерекше еді. Бұл кезде әкем елудің белесінен асқан еді, атағы ел арасына кеңінен таралған кезі. Балалары тұрмай жүрген Кененге ақыл айтып, ес беріп, әрдайым қуанышына да қайғысына да ортақ болып жүретін Жамбыл бабамыз осы жолы біздің үйге арнайы келіп, құтты болсын айтып, баласының атын Көркемжан қойып, үш күн бойы ел-жұртты өнерімен тамсандырғанын көрген адамдар әлі де баршылық. Сол жолы Жамбыл атаның:

– Кененім келіп қалдым қуанған соң,
Тұйғының үйрек-қаз бен қу алған соң.
Келінжан бата берем, қолыңды жай,
Құдайдан өлгеніңе құн алған соң.
Құтты болсын Көркемің,
Өсе берсін өркенің!

Кенен туды дейтіндей,
Ұлы болсын өлкенің.
Жігіт болып жеткенше,
Бетін қақпа еркенің.
Өзі болсын өскенде,
Қой бастайтын серкенің.
Ғашық етсін қыздарын,
Қордай, Шу мен Меркінің...

– деп ұзақ жырлаған екен. Ол туралы әкемнің өзі де:

Сен туып ең Жамбылдың батасынан,
Суырып әпергендей қалтасынан.
Мұңдар қу бас атанып жүргенімде,
Сені берген айналдым,
Қордайымның жотасынан, Көркемжан...

– деп жырлап қуаныштарында шек болмады. Қысқасы Көркем туғандағы шілдехана тойы, тұсаукесер, тілашар тойы, сүндетке отырғаны, атқа

мінгені, оқығаны – бәрі-бәрі тойлана берді. Той тойға ұласып, қуаныш қуанышқа жалғасады. Көркемнің тез ер жетуін, оның үйленіп Кененге немере, шөбере сүйгізуін тілемеген адам қалмапты. Көркем де көптің көңілінен шығуға тырысып баққан көрінеді. Мектепті аяқтап, жоғары білімді сырттай оқып-ақалатыны, үйленуге қарсы еместігін айтады. Мұны білген біздің үйдің адамдарынан маза кетті. Қай ауылда жақсы қыз бар деп естісек, соны барып көріп, бірін мақтап, бірін қоштап дегендей, әлекке түстік те кеттік. Сөйтіп жүргенде Алматыдан Көркем өзі сүйген қызы Динаны алып келді. Әдемі-ақ екен, екі беті топ-толық алмадай, кірпіктері ұзын, көздері жайнап тұр. Аяқ-қолдарының тырнақтары алқызыл түрмен боялған, шашы бұйра, үстінде тізеден сәл ғана төмен қара юбка, ақ кофта. Аяғында өкшесінің биіктігі бір қарыстай ақ босоножка. Ең қиыны ана тілін түсінгенімен, жөнді сөйлей алмайтыны болды. Қалалы жерде бұл аса көзге түсе қоймағанымен, орысы да қазақша сөйлейтін біздің ауылға Динаның бұл келісі көзге түрпідей тиді десем асыра айтқандық емес. Ел ішінде: «Япыр-ай, Кенен сорлының қартайғанда көрген келінің түрін-ай. Бұл қайтіп мынадай атақты үйге келін болып, жетістірер дейсің» деушілер көбейді. Күбір-күбір, сыбыр-сыбыр ауылдың ендігі жердегі әңгімесі де, аңдитындары да Дина болды. Әкем мен шешем өз қолдарын өздері кессін бе? «Не көрмеген бас дейсің, мұны да көрелік, Құдайдан тілегеніміз осы емес пе еді. Бұл да біреудің әлпештеген баласы ғой», – деп бір біріне ес беріп, шүкіршілік етті. Ел-жұртты шақырып үлкен той жасады. Келіннің бетін ашарда атам беташар ырымын біреуге бергізіп, екі баласын қатар тұрғызып қойып, келіннің бетін өзі ашты. Ақылын, өсиетін айтты, осы күнде ұзақ күткендерін еске алды. Сондағы:

Құтты болсын келінім аяғынан,
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.
Мал-мүлікке ие бол, арнап жиған,
Өсекшілдің сақ болғың саяғынан.

Құтты болсын келгенің Дина келін,
Өзіңе арнап дүние жинап едім.
«Базар-Назар» ән салып жылай-жылай,
Талай-талай жанымды қинап едім.

Халқым тілек әперген Көркем едің,
Көк желкеме мінгізген еркем едің,
Алғаныңмен қоса ағар бірге қартайып,
Елу беске келгенде көрген едім.

Келін келді дегенде қуанғаным,
Қуанғаннан орнымнан тұра алмадым.
Дүйім елді шақырып той жасадым,
Қуаныш қып бастарын құралғаным.

Кейбір жастар бұл күнде күлкі боп жүр,
Бірін бірі алдайтын түлкі боп жүр.
Ғашық болып қосылып, ертеңгі күн,
Кеңселерге сүйресіп күлкі боп жүр.
Тау текедей та- тасқа аттап кетпе,
Кір жастықты басыма жастап кетпе.
Колхозыңда театр, кино жоқ деп,
Баламды ертіп қалаға бастап кетпе.
Қуанышым, қайтар күшім, Көркемжан
Қуанышым жігер күшім келінжан.
Асқар белім, шалқар көлім, Көркемжан,

– деген ұзақ толғауы бұл күнде халық арасына кеңінен таралуда. Сөйткен Көркемжаннан әкем бес немере сүйіп кетті. Дина апамның тәрбиесіне көне білді. Бірде бүлдірсе, бірде күлдірді. Сөйте-сөйте ана тілін үйреніп алды. Ауыл тірлігіне біртіндеп қалыптаса бастады. Басынан орамалын тастамайтын бесаспап келін болды. Әжелікке де жетті.

Жасырары жоқ , әкем үшін баласының ішінде Көркемжаны бір төбе де, қалғанымыз бір төбе едік. Көркем көзінен таса болса, қатты маза-сызданатын. Әсіресе 1961-1964 жылдары Көркемжан әскерге шақырылып, Отан алдындағы міндетін абыроймен атқарып келді. Әскерге кеткенде ол үйленген, бір балалы еді. Мен тұрмыс құрып кеттім, Бақытжан студент, Ақтамақ пен Ақбілек тым жас. Барлық ауыртпалықтар 80-нен асқан әжеміз бен қарт анамызға түскен. 1964 жылы Көркемжан әскерден келгенде:

Көркем келді, Көркем келді
Отан шегін күзетіп.
Еркелетіп жүрген шақта
Ілезімде ер жетіп,
Армияға аттанып еді,
Ата-анасы жүдетіп.
Жас жеткенде, күш кеткенде
Бола ма деп кем-кетік.

Күндер өтіп, түндер өтіп,
Шыдай бердік күнделетіп.
Ай аяңдай, жылдар жылжып,
Ел-жұртымды қуат қып,
Отанына адал еңбек
Көркемжаным қылды деп.
Тәртіпті қып өсіріпсіз
Кенен ата ұлды деп,
Бастығынан алғыс алдым,
Үйде отырып үш рет.

Тұғырына бір жас қосты,
Қондырды да түлетіп.
Балапан қанаттанбай,
Қала берген ыз етіп.
Келші Көркем шолжаң еркем,
Мейірім қанып, құшаққа алып
Бір сүйейін тербетіп...

– деп жырлап ақтарыла сыр шертіп, тебірене толқып, қуанышында шек болмағандығы бүгінгідей есімде.

Сол әкенің 55 жасқа келгенде көрген Көркемжанының өзі де дәл 55 жасында сырқаттан соң мәңгілік көз жұмды. Мезгілсіз келген ажал, әсіресе 90-ға келіп отырған анамыз Насихаға өте ауыр тиді.

Көркемжанның бүкіл саналы өмірі әке-шешеміздің қасында өтті. Сол кісілердің дегенінен шықпаған, қас-қабағына қарап, бағып-қаққан әкемізді, әжеміз Мысбаланы арулап өз қолымен аттандырған сүйікті ұлы еді. Кейін де әке мұражайының алғашқы кірпіші қаланған күннен өмірінің соңына дейін мұражай директоры болып жүріп, оның көркеюіне көптеген жұмыстар атқарған, қыруар шаруалар тындырған. Әке мұражайының шырақшысы да, қара орман иесі де өзі болды. Дүниеміз түгел, жанымыз тыныш, еш алаңсыз жүргеніміз де Көркемжанның арқасы екендігі, уақыт өткен сайын сезілуде. Ол керемет әнші, сымбатты, мінезге бай, арманшыл еді. Бергенінен берері көп, қайран бауырым, арманда кетті.

Тірі болсаң биыл әкең, Кенен Әзірбаевтың 125 жылдық мерейтойымен қоса, сенің 70 жасқа толған мерейтойыңды да бірге тойламас па едік, аяулы бауырым. Амал қанша!

Өз басым Көркемді еске алған сайын кассетаға жазып алған ақын Тұманбай Молдағалиевтің «Бауырды сағыну» деген өлеңін әнші Нұрлан Өнербаевтың орындауында қойып қоямын да қосылып жылап отырамын.

Соны тағы бір тыңдап, Көркемжан жайындағы таусылмас ойымды тәмамдайын.

Алыста аяулы қалды ауылым,
Аңсаумен күтеді ол да ұлым.
Қалдық-ау қапыда қоштаса алмай,
Мен сені сағындым, жан бауырым!

Қайырмасы:

Бір жүрген күндерді ұмыта алман,
Бір жола етті ғой үміт-арман.
Елеңдеп жүремін ертелі-кеш,
Кездесіп қалардай өзің алдан.

Бауырым жан едің, жанып туған
Анаң да айырылды-ау сүйікті ұлдан.
Сен едің соңымнан ере шыққан,
Сен едің Көркемжан киік қуған.

Қайырмасы.

Қордай шамшырағы, 2009, 26 қыркүйек.

Көркемжан КЕНЕНҰЛЫ, *Кенен Әзірбаевтың
әдеби-мемориалдық мұражайының директоры*

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЕДІ

25 желтоқсан 1992 жылы «Қазақ әдебиеті» газетін оқып отырып, сонау 1938 жылы 2 наурызда Алматыда Берденов Тайжан, Жандосов Ораз Қиқымұлы, тағы-тағылар, яғни айналдырған 4 күннің ішінде 89 адам атылғанын білдік.

Жандосовтың атылғанын оқығанда, әкем Кенен Әзірбаевтың айтқан мына бір әңгімесі ойыма орала кетті.

...1937 жыл еді. Ол кезде менің отбасым Киров колхозында – «Иір су-да» тұратынбыз. Бесін уақтысында әскерше киінген екі адам салт атпен келіп түсті. Иықтарына асқан мылтықтары бар. «Кенен атаның үйі осы ма?» – деп сұрай келді. Ата, бізді Ораз ағай жіберді, ол кісіні арбамен Ташкентке алып бара жатырмыз, қазір Тарғапқа келіп қалған болар, сол жерге қонып, ертең Қордайдың асуына келіп қалар.

Командирімізден «Иір су» – Киров колхозында Кенен деген досым тұрады, соған мені алып келе жатырмыз деп хабарласаңыздар, ең болмаса қоштасып қаламын деп өтінді. Командиріміз екеумізді жіберді, келгендегі мақсатым осы, ата, – деп әңгімесін айтты. Ауылдың жігіттеріне хабарландырып, түнімен малымызды сойып, тоқаш, анау-мынауларымызды дайындап, 7-8 адам болып Қордайдан Оразды күтіп алдық.

Командирімен сөйлесіп, бір түнге Оразды қондыруға рұқсат алдық. Солдаттарды бір үйде, өзіміз бір үйде дастарқан жайылып, түнімен құрметтеп, «Хош аман бол, Оразжан» деген әнімді өлеңімен арнап, ерте-сі күні Оразды Қордайдың асуынан асырып шығарып салып, жылап-сықтап қайтып кеттік.

Соғымның кезі, сыбаға беруге әр үйге шақырады. Елібай деген азамат шақырып, әйеліммен бірге (Төрткен қызым емшекте) шақырған үй-

де болып, түннің бір уағында үйге келе жатыр едім. Оразбен қоштасқан әнімді біреу орындап жатыр. Дауысы естіліп тұр. Ол кезде электр жарығы жоқтың қасы. Баланы Насиқаға ұстаттым да, ән шыққан үйдің терезісінен сығалап қарасам, екі жағында екі әскери адам, әлгі Оразды шығарып салғандағы жігіттің біреуі...

Ойда ештеңе жоқ, бәрі ұмытылып кеткен, бір айдай уақыт өтті-ау деймін шамасы, бір күні екі милиция келіп. «Ата, сізді алып кел деді» деп тұр. Танитын балаларым сияқты. Содан мені Алматыға алып келді де, абақтыға жапты да тастады. Не себеппен отырғызғанын білмеймін, анда-санда сұраққа шақырады. Ананы сұрайды, мынаны сұрайды. Оразды қалай шығарып салғандығымды сұрайды да, камераға қайтарып жібереді. Жанымда болған адамдардың кейбіреулері камераға қайтып оралмайды. Содан жата бердім.

Сұрап қалғанда Тақыр жетіммін, таза кедеймін, кедей деген мендей-ақ болар. Жамбылмен 1936 жылы Москваға бірге бардым, биыл ғана Шота Руставелидің күніне байланысты Москвада, онан кейін Тбилисиде болып келдім деймін. Құжат жоқ.

Ал, осы арада ауылдағы ағайындар, «Ойпырмай, мына Кенен қайда кетті, хабар-ошарсыз» деп Айтқұл ағамыз Насиқаны ертіп, Төрткенді көтеріп, артынып-тартынып Алматыға келді. Алматыда атайдың бөлелері тұратын. Бөлелері «Насиқа, шырағым, біздің қолдан не келеді түсінесің ғой, ел аяғы басылған соң ғана үйге келерсің», – деді. Ал күндіз ағаштың көлеңкелерін паналап, 5-6 күн Кененді іздедік. Бөлелер де іздесті, ешқандай дыбыс жоқ. «Көрдік, білдік деген еш пенде кездеспеді. Содан жылай-жылай ауылға қайттық.

Ал, Кенекең сол жатқаннан 6 айдан аса жатады. Бір күні «сұраққа шақырып жатыр» деген соң «сол баяғы үйренген есікті ашып, кіре бергенім сол еді, төрде отырған әскери киінген кісі орнынан атып тұрып, маған қарай ұмтылды.

– Кенеке, қашаннан бері жатырсыз, неге?» деп сұрақтың астына алды. Мен «6-7-ай болып қалды жатқаным» деп жатырмын.

– «Иттің балалары мына Кененді отырғызған соң бұл заман не болып барады?» – деп ашуланды.

– Қазір сақал-шашын алдыртыңдар да, үйіне жеткізіп тастаңдар», деді.

Міне, балам. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген осы, мен де еш жазықсыз 6-7 ай абақтыда отырып шыққанмын», – деді.

Мен абақтыда отырған уақытта қызым Ұлтайды комсомолдан шығарып жіберіпті, «Халық жауының қызы» – деп.

«Ата, сізді босатқан кісі сонда кім болғаны?», – деп сұраймын.

Сөйтсек, әкем Мәскеуге он күндікке барғанда, Қызылордадан поезға отырып еді, қызмет бабымен бе, әйтеуір. Мәскеуге дейін бірге барғанбыз деді. Аты-жөнін айтып еді, кінә менен, ұмытып қалыппын, сонда да Серікбаев па еді, әлде Сармолдаев па еді, есімде жоқ, деді. Бұл әңгімені бала кезімде естіп едім.

Өшірәлі АЙТАЛИЕВ,
Қырғыз ССР-нің еңбек сіңірген артисі

АҚЫНДАР БАС ҚОСҚАНДА

1946 жылы қырғыз-қазаққа бірдей танымал, қазақша да қырғызша да жыр нәсерлеткен, өзі қазақтың жиені Оспанқұл Бөлебалаевтың үйіне атақты Үмбетәлі Кәрібаев пен Кенен Әзірбаев келіп түсті. Мен ол кезде ұстазым Оспанқұлдың үйінде тұратынмын. Оспанқұл көршісі атақты ақын Халықты шақыртты. Ақындар сол күнді қызу әңгімемен өткізіп, ертеңіне қаладан қырық шақырым жердегі «Ыстық ата», ол кезде «Арасан» деп аталатын курортына аттанды.

Біз келгенде қырғыздың киіз үйі тігіліп, ел күтіп отыр екен. Ақындар төрге жайғасып, қымыз ішіп сусындады. Киіз үйдің керегесінен биік таулардың қарағай, аршалары көрініп тұрды. Кенен ақсақал бұл жерде талай болып, талай жырлаған екен. Елді де, жерді де жақсы білетін ақын ойға шомып, есіне бір нәрсе түскендей, керегеден көрінген арша, қарағайларға қарап толғанып, домбырасын қолға алып, қоңыр дауысымен былай деп қоя берді:

Қарашы, керемет қой, қырғыз жерін,
Бұлтсыз, теңіз сынды аспан көгін.
Көрініп керегеден қарағайы,
Адамның бой сергітіп, ашты көңілін.
Үмбеке, жаңа келдің «Арасанға»
Айтайын білгенімнің енді жөнін.

Бұл жерді өткен кезде билеп манап,
Жанына жан жолатпай ұрып, сабап,
Пайдалы ыстық судың нарқын білмей,
Айнала шетін былғап, малын қамап.
Қиратып қарағайын отқа жақты,
Аршасын отап-бұтап түйеге артты. ыы
Ен жатқан жылы суға қолы жетпей,
Ауырған бейшаралар азап тартты.
Үмбеке бізге бауыр жалпы қырғыз,
Мінеки қонақ болып келіп тұрмыз.
Ортада ойын-күлкі халқы тосып,
Төрінде жыр төгілтіп біз отырмыз.

Таулары арша, қайың жері бай да,
Тұп-тұнық жарып аққан Қапшағайда.

Ауасы иіс майдан айнымайды,
Жұтқаны денсаулыққа түгел пайда.
Айналам заманамнан, партиядан,
Ие қылған еңбекшіні осы жайға.

Үш ақын отырсыңдар менен басқа,
Әйгілі қырғыз, қазақ қарындасқа.
Оспанқұл, Халық ақын, Үмбетәлі,
Ал енді төгілдіріп өлең баста,

– деп бір қайырып тастап, Үмбетәліге қарады. Үмбетәлі толғанып, қазақ әуендерінің бірімен жорғалатып қоя берді.

Аман ба, бауырласым қырғыз халқым,
Салты бір, санасы бір, ділі алтын.
Қонақты құт келгендей күтетұғын,
Көнеден келе жатқан ата салтың.
Көрмесем аңсап жүрем көріңізді,
Көп келіп, көп татып ем дәміңізді.
Жас кезде араласып жырлап-жырғап,
Көргенмін көшіп, қонған шағыңызды.
Тек жиен Оспанқұлға келген жоқпыз,
Қырғыздар келдік аңсап бәріңізді.
Бұрын да өтті сайрап алуан ақын,
Еріксіз жүзін төмен салған ақын,
Әділетсіз заманды көзбен көріп,
Айта алмай іші оттай жанған ақын.
Аса алмай сұлтанменен зұлымдардан,
Қамығып қанды жасы тамған ақын.
Ел жыласа күңіреніп бірге жылап,
Күш, қуат күй мен жырдан алған ақын.
Толқып келіп, томсарып кете берген,
Тоқтағұл, Сүйінбайдай қайран ақын.
Ал біздер ел еркесі жайраңдаған,
Партия өсиетін жайған ақын.
Келеді артымыздан дүбірлетіп,
Дарыны асып-тасып жанған ақын.
Ауылдың алты ауызын айтып өттім,
Сөйлей бер, шебер Халық, балуан ақын,

– деп Үмбетәлі тоқтағанда ел дуылдап, ақынға зор ықылас білдірді. Халық баппен қобызын күйлеп, жосылта жөнелді:

Айтып өттің Үмбеке,
Ауылдың алты ауыз қарызын.
Атағы елге танылған,
Қар жақ төкпе кәрісің.
Домбыра шертіп жырласаң,
Толқытар жанды дауысың.
Өзгеше мені ойлантаң,
Еске салып ескіні,
Қайғылы, мұңды күндерде,
Езілгеніміз тағы шын.
Тоқтағұл, Сүйінбайлардың
Томсартқан бізді зары шын.
Тырп еткізбей тұқыртқан,
Бай, манаптың кәрі шын.
Алыстап кеткен келмеске,
Ол күндердің бәрі шын.

Ақсақалым Кененім,
Төселген шайыр, шеберім.
Үлкен-кіші жиынды,
Естілген соң келерің.
Кешеден бері қамданып,
Күтініп отыр арнайы
Кенжеқара бөбегім.
Келіңіз қонақ, келіңіз,
Келіңіз, міне төріміз.
Жұқармас бір ай жатсаң да,
Меймандос қырғыз еліміз.
Ауасы, суы тап-таза,
Алатау мекен, жеріміз.
Тойымыз болған қаралас,
Асымыз болған аралас.
Басынан бірге шегіміз.
Қыз алысып жарасқан,
Құдандалы елміз тегі біз.

Нағашыларым келді деп,
Танып кетсін елді деп,
Көріп кетсін аралап,
Өпкесі өткен жерді деп,
Алып келді аулына,
Оспанқұл ақын жиеніңіз,

– деп Халық ақын бір тоқталды. Ел ақындарға разы болып, «бәлі» десті. Сонда Оспанқұл қомызын күйлеп, Кененге бұрылып:

Болғанда әкем қырғыз, шешем қазақ,
Қойыпты жаратқаным ақын жасап,
Қолға алсам домбырамның екі ішегі,
Қиялды қияларға ала қашат,

– деп, қазақша бір ауыз өлең айтты да, ары қарай қырғызша жырлады:

«Ішкі су», «Норус», «Арасан»
Кеше әпкең Айша келген жер.
Бөлебала жездеңіз,
Үйлену тойын берген жер.
Сағынып жүріп төркінін,
Салтына елдің көнген жер.
Келіні болып қырғыздың,
Жиеніңіз мені көрген жер.
Туып-өскен аймағым,
Ойы менен қырына,
Жас кезде қозы жайғамын.
Қапшағайын аралап,
Қай жеріне бармадым.
Жетіліп жігіт болғанда,
Талант беріп тау-суы,
Татқанмын жырдың қаймағын.
Жасырақ бала күнімде,
Жаманқұлды жандадым.
Азды-көпті ағадан,
Ақындық жолын алғанмын.
Кейін Халық болды,
Хакемнің алдым нұсқасын.
Қара жорға, Үмбеке,
Сүйікті мендей жиенге,
Амандық біле келгенің.
Сый құрметін көрсетіп,
Күтеді толқып елдерім,

– деп тоқтады. Ақындар таң атқанша жырлады. Ел риза болып, оларға зор алғыс айтып тарады. Ешкімнің көңілін қалдырмай, толға десе тоқтамай толғаған, қазақ, қырғыздың алтын сөз қазыналарының иелері, жырдың кендері, төрт алыптың бейнелері менің де көз алдымнан кетпейді. Сол бір күндер бауырлас екі елдің арасындағы терең тамырлы туыстық, достықтың жарқын көрінісі еді.

«Жұлдыз», 1986, №9

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,

қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН

Мен Кенен Әзірбаевтың даңқы жер жарған, абыройы асқан, аңызға айналған кезінде он жыл бойы жанында болғанымды, өз аузынан Отан, халық, ынтымақ, адамгершілік туралы баталы сөздерін құлағыммен естіп, көзінің тірісінде ол кісі туралы біраз мақала-зерттеулер жазып, телехабарлар өткізгенімді, сөйтіп ризашылығын, батасын алғанымды өзіме үлкен бақыт санаймын.

Баласындай әлпештеп, інісіндей қастерлеп, кейде тіпті құрдасындай әзілдеп отыратын. Араға аз күн түссе, айлар араласпағандай, көптен көріспегендей, жылдар жолығыспағандай, сағынысып ұшырасатын. Мұндайда Кенекең мейірбан, кең құшағына алып, маңдайдан иіскеп қана қоятын. Сонда аппақ сақалы желбіреген тірі аруақтың құшағында тұрғандай сезінетінсің. Жалпы, үлкен болсын, кіші болсын ол кісінің біреумен әдеттегідей сілкілесіп қол алысып жатқанын: шылпылдатып я ауыздан, я беттен сүйіп жатқанын тіпті көрген емеспін. Сәлемдесуінде үлкен парасат, салмақ, сабырлылық, өзіне ғана тән бір салтанат болатын.

Бас салып сүю әбестік. Адамның лебі болады, жақсы көрсең, сағынсаң, құшағыңа ал, арқасынан қақ, маңдайынан иіске – деп отырушы еді жарықтық. Осынысы маған әдептіліктің, мәдениеттіліктің ғасырлар бойы қырда қалыптасқан дала мектебі тәрізді көрінетін.

– Өнерпаздың еншісі ел ішінде деген емес пе, заманында алып та, беріп те жүрдім, оң қолыммен алып, сол қолыммен бердім. Екі жүзді алаяқты, жан аяр жалқауды, жағымпаз жылпосты жек көрдім. Өсек-өтірік айтқаным жоқ, қулық-қиянат жасағаным жоқ, ораза-намаз ұстағаным жоқ, онан өзгенің бәрін істедім, – деген еді ақын бір сөзінде.

Шынында да Кенекең аз сөйлеп, көп тыңдайтын сабырлы, ұстамды, адамды ұлтына, руына, жасына бөлмейтін көпшіл, аңқылдаған ақкөңіл, сауықшыл, қонақжай, адал, таза, әділ кісі еді ғой. Көңілі түссе қатты құлайтын да, көңілі бір қалса, көндей қатып, сілтідей тынып, сараңнан да сараң боп тамбай қалатын. Ақынның бұл қасиеттері елеңдерінен айқын көрінеді. Өте-мөте көңіл-күйін білдіретін лирикаларынан анығырақ сеземіз.

Жауызға зорлық пенен ұрлық оңай,
Өтірік, өсек-аяң, қулық оңай.
Әділет, адалдықпен жұмысы жоқ,
Шындықтан тез үйренер сұмдық оңай.

Баз адам қара жүрек, қара ниет,
Қайдағы шаргейдікті көңілі сүйед.
Басының бадырайған мінін білмей,
Біреудің кемшілігін қайдан білед.
Кей адам ешбір тоймас, құйсаң толмас,
Қақпанға ондай адам түспей қоймас,
Әділ жұрт ғасыр бойы сынап келген,
Жақсының ел сыйлаған атын жоймас.

Кенекеңнің өнерпаздық өмір жолы – өнеге мектебі туралы мен бұдан бұрындары жазғандарымда біраз әңгіме еткенмін. Бұл мақалада онда айтылмаған бірқатар жайларды – ақынның тоқсан, жүз жылдық тойларынан ойда қалғандарды: Жетісу жерінің сөз жүйріктері, жыр жампоздары туралы айтқан қайсыбір әңгіме-аманатын еске түсіріп, шама келгенше оқушыға жеткізуді жөн көрдік.

Кенен 1911 жылы «Әңгіме туралы» дейтін өлең шығарған:

Кейбіреу әңгіме айтса көп айтады,
Аузыма ел қарасын деп айтады.
Біреуге біреудікін ауыстырып,
Дәлелсіз білмеген соң неге айтады.

Кейбіреу дәмді-тәтті сөз айтады,
Кейбіреу құрт-малтасын езе айтады.
Қызықсыз күнде айтылған бір әңгіме,
Құлаққа мазасыз боп тез қайтады.

Кенекең біреудің сөзін біреуге ауыстырмай, әңгімені баппен, нақты, дәл, дәмді, тартымды етіп айтушы еді. Әңгіме арасында домбыраға Қордайдың жайлап ескен самалындай өзінің әдемі құлақ күйін шертіп қосып отырушы еді. Задында Кенекең тарихты, аңыз-әңгімені, шежірені жетік білетін және тамсандырып, қызықтырып дәлелімен айтатын аса әңгімешіл кісі еді.

Алпысыншы жылдардың аяғында Кенекең қатты сырқаттанады. Сонда білімсіз бір емші: «Ақсақал, аз қимылдаңыз, көп жасайсыз» деп ақыл айтыпты. Сексеннен асқанша жайдақ атқа секіріп мініп жүре беретін ақкөңіл қайран ақын әлгі емшінің сөзіне иланып, қимылды азайтып, тез толысты да, денесі ауырлап, ауылдан ұзап, ешқайда шықпайтын болды. Сондықтан біз – қызы Төрткен, күйеу баласы Тасыған, келіні Мария төртеуіміз – ақынға Алматыдан ат ізін суытпай жиі барып тұрдық.

Кенекең сонда көңілі түссе, заты қазақ, қырғыз өнерпаздары, көбіне Жетісу өңірінің бұрын-соңғы жыраулары, ақындары, жыршылары, шешендері, әншілері, күйшілері жөнінде аңыздай ғып ғажап әңгімелер айтушы

еді. Соның бірқатарын мен қағазға түсіріп отырдым... Сонда көбірек әңгімелейтіндері Кебекбай, Бердібек, Ноғайбай, Бөлтірік шешендер, Сыпатай батыр, Дәуренсал, Тілеміс, Сарбас ақын, Байсерке күйші болатын. Балуан Шолақтың Жетісуға келгенін, ілесіп жүріп серінің өнерін үйренгенін де жырдай қылып айтушы еді. Ертеректе сол әңгімелердің біразын жинастырып «Аңыздар сыры» деген атпен әдебиетші Нысанбек Төреқұлов жеке кітапша етіп бастырып шығарды, бір қатарын біз де кезінде жариялаған болатынбыз. Неге екені белгісіз, сол өнерпаздардың көбі әлі жиналмай, зерттелмей жатыр, бүгінде оларды іздестіріп жүрген де ешкім көрінбейді.

Кенен Әзірбаев солардың бірінен жыраулықты, ақындықты, бірінен салдықты, әншілікті, бірінен шешендікті, енді бірінен күйшілікті үйренген. Мәселен, Кененнің Жамбыл сияқты күйші екендігін, оның өзі шығарған оннан астам күйлері болғандығын жалпы жұрт біле бермейді. Сонда Кенен бұл өнерді кімнен үйренген? Бұл ретте Кенекең ең алдымен Жетісу өңірінің атақты күйшісі Байсеркені атаушы еді.

Кенекеңнің айтуынша, жолаушылап келе жатқан Бердібек шешеннің құлағына күй естіледі. Тұра қалып тыңдаса, атақты күйші Байсерке Майбұлақты өрлеп күй тартып барады екен. Бердібектің жасы кіші.

– Ассалаумағалейкум, аға, – деп Байсеркеге сәлем беріпті, бірақ сәлемін алмапты. Соңынан ілесе берсе керек. Ұзақ жүріп, Майбұлақтың басына жеткенде ғана:

– Қарағым, қай баласың, «Ұран» күйдің басында кез боп ең, міне, жаңа аяқтадым, – деген екен. Не деген ғажап! Сонда қанша жер жүріп, арада қаншалықты мезгіл өтті екен, деп ойлайсың.

Әзірге тарихта аты сақталып жеткен Жетісу күйшілерінің ең ұлысы да – осы Байсерке. Ол күй шалғанда, тау теңселіп, бұлт көшіп, қанатты, тұяқты біткен тұра қалып тыңдайды екен. Көбіне аңыз-күйлер шығарып, олардың әрқайсысын сала-салаға бөліп тартады екен. Бізге жеткен күйлерінен «Ұран», «Ат ойыны», «Қалипа Қалыш», «Қоңыр», «Жекпе-жек», «Төрт қарға», «Тұл қатын», «Жетпіс бұтақ» аталады. «Жетпіс бұтақ» күйін, жыраулардың дастан-жыр айтқанындай, кешке бастап, ертеңіне аяқтайды екен.

Кененнің күйшілік өнерінде осы Байсеркенің әсер-ықпалы анық сезіледі. Кенен де көбіне аңыз-күйлер шығарған. Олар: «Сарбарпы», «Алып қара құс», «Ботаң қалды, Қарқарау», «Жаудан қашқан өгіз», «Қызыл әскерге». Солардың ішінде көбірек әрі жалықпай тартатыны «Құлақ күйі» еді. Кенекең ән, өлең шығарарда жыр кернеген абыздай, өзімен-өзі болып, оңаша толғанып, осы «Құлақ күйін» жалықпай ұзақ шертетін, қиялымен шарлап ой кезіп, өлең іздеп отырған Кенекең бір кезде қолын аспанға бұлғап шырқап ала жөнелетін. Сонда бізге осы «Құлақ күйі» ән, жыр, өлең тудыратын құдырет тәрізді көрінетін. Жоғарыда айтылған күйлерді белгілі композитор Борис Григорьевич Ерзакович пен оның көмекшісі

Асқан Серікбаева екеуі жазып алып, өнеріміздің қымбат қазынасына айналдырды.

Қазақ халқының бағзы замандардан келе жатқан сан-салалы байтақ өнерінде ешбір елге ұқсамайтын ерекшеліктер, қасиеттер көп-ақ. Сол өнердің өзгеше бір қызықты саласын сал-серілер құрайды. Олардың ең соңғы үздігі – Кенен Әзірбаев. Кенекең бұл ретте өзіне Дәурен салды ұстаз тұтатын. «Іленің арғы жағасына өткенде, Дәурен салдың белбеуінің бір ұшы Іленің бергі бетінде қалады екен» дейтін сөз ел ішінде әлі бар. Ол жайындағы бірқатар әңгімелерді белгілі жазушы, көрнекті журналист Балғабек Қыдырбекұлы айтады, көбірек, кеңірек әңгімелейтін де Кенекеңнің өзі еді:

«Дәурен сал Жетісу, Әулиеата өңіріне, Оңтүстік өлкесіне даңқы тегіс жайылған белгілі батыр, айтулы әнші, ит жүгіртіп, құс салған көпшіліктің сәні, салтанатты сері болса керек. Дәурен салдың даңқын естіп, салдық салыстырамыз деп, бірдей киінген, бірдей ат мінген, әбден жасанған күрең төбел, қамысқұлақ, қаз мойын арғымақ мінген өздері жас алты сері іздеп келіпті. Дәурен сал алыстан келген алты салды ту бие сойып, қазы-қарта жал-жая, құймақ-қымыз беріп сыйлайды, құрметтеп қонақ етеді. Олар да бар өнерін аямайды. Еліне қайтатын мезгіл жеткенде, алтауына ер-тұрманымен құлағын шашақтаған, құйрығына үкі таққан жез қоңыраулы алты арғымақ мінгізіп тұрып Дәурен сал:

– Кезінде азды-көпті салдық құрдым. Алыстан іздеп, ат арытып, тон тоздырып келіпсіңдер, бар мәзір осы, барға разы боласыңдар, – депті.

– Біріміз ойдан, біріміз қырдан сізден салдығымызды асырамыз деп келіп едік, кісілігіңізде, жомарттығыңызда шек жоқ екен, ризамыз. Сізден үлгі алайық, біздің елді аралап қайтыңыз – депті әлгілер. Сонда Дәурен сал: «Сендер мен салдықты тастағанда кез болдыңдар. Салдықты он сегізімде бастадым, отыз жетімде тастадым» – дейді. Сонда алты сал бірдей шулап: «Себебі не?» – деп сұрайды.

– Айтқан серт, алысқан қол бар еді. Салдықтан жеңілгенім жоқ, бір қыздан жеңіліп, тастап едім», – деген екен Дәурен сал. Алты сал мұның мәнісін сұрайды, сал түсіндіреді.

Қырғыздын екі ауылы ай жоқ, шай жоқ көшіп келіп Дулаттың Сусамыр, Меркі, Аспара жайлауына шаңырақ, көтеріп, үйлерін тіге бастайды. Мұны естіп, оларды көшіргелі жолдастарын ертіп, салдық бұрмасын киіп, қырғи қара атқа мініп, Дәурен сал келеді. Екі жігіт шаңырақ көтеріп жатыр екен, тігіліп жатқан үйдің жанындағы көк шатырдан құндыз бөркін шекесіне қисайта киген күміс дауысты әсем қыз шығып, қонақтардың атын байлатып, ішке кіргізеді. Келген қонақтарды терге отырғызып, дастарқан жайып, сырлы тегенеден алтын ожаумен сапырып бал қымыз құяды. Бұлар Дәуреннің салдық салтын, ел-жұртын сынағалы көшіп келген қырғыздың Қырмызы сал деген ерке қызының ауылы болса керек.

Он саусағынан өнері тамған айтулы өнерпаз, байсалды, сабырлы сал Қырмызы салдықтың белгісі ретінде алтын алқа тағып, басына зер тақия киеді екен. Қомызын кер жорғаның әсем шалысындай, сүйріктей әдемі ақ саусағымен қағып тартады. Бір ауыз әзіл-қалжың айтыспай, жөн де сұраспай, сойған малына қарамай, қонақтар атқа қоныпты. Қыздар да үн-түнсіз қала береді.

Келе жатып ылғи ақтан түйе, боздан жылқы айдаған, ақ шатырдай киінген бақташы қартқа жолығады. Ол Қырмызының қойшысы екен, жөн сұрасады.

Бұл алты қабат Алатаудан асып қазақтың Дәурен салымен салдық салыстырғалы көшіп келген қырғыздан асқан Қырмызы салдың малы. Жасы он алтыда. Өзі ақын, өзі әнші. Сұлулығына – мінезі, ақылына – адамгершілігі сай, қолы ашық, жомарт, бір байдын ұлы да, қызы да – өзі ерке, еркін өсіп келеді, еркі өзінде. Жалғыз болған соң әке-шешесі еркекше киіндіріп, ұл баладай етіп өсірді. Асық атып, көкпар тартты, ит жүгіртіп, құс салды, жиын-тойда өлең-жыр айтып салдық құрып, серілікпен келеді. Он үш жасқа келгенде ата-анасына боз бие шалдыртып, той істетіп, шүлен тараттырып, ел-жұртқа қыз екенін әйгілетті, «Мені малға сатпаңдар. Өз еркіме жіберіңдер. Еркек болып көпке атым қалмады, салдық құрамын, серілік жолына түсемін, тым болмаса қыз атағым қалсын» деп, әкесі мен шешесінің уәдесін алып, дегенін істетті. Міне қыз осылай, он үшінен бастап салдық құрды. Мына жағы – Талас, мына жағы – Ыстықкөл, Жаркент, Қарқара, Шу елдерін тегіс аралап келген беті бұл. Көшті бастайтын да, сұрағанға жөн айтатын да – өзі. Мен қыздың өкіл әкесі едім, Қырмызы болсын деп атын қойған мен едім. Жасымнан әкесімен дос едім. Әкесі Исақ – Дулан батырдың тұқымы, атақты батыр, шешесі Айша сұлу – атақты Төрегелді батырдың қызы. Міне, Дәурен сал шырақ, Қырмызы сенің атақ-даңқыңды, дақпыртыңды есітіп, жүзіңді көргелі, салдығыңды сынағалы келді, әңгіме осы, – дейді ақсақал.

Дәурен сал ел-жұртын жинап: «Ер намысы – ел намысы» деген, елімен ақылдасып, бір сазға ақ үй тіктіріп, мама ағаштарын күмістетіп, керме арқанын жібектен тарттырады. Үйге түрікпен кілем төсетіп, есіктен төрге дейін кестелі атлас көрпе жайдырып, үйдің бау-басқұрларын зерлетіп, уық-керегенің басын күмістетіп, саба сайын қос күміс піспек салып, түйемойнақ оншақты сабаны оң босағаға қойдырады. Сөйтіп Әулиеатадан бергі жердегі сері жігіттерді: Майкөт, Майлықожа, Сарбас, Тоқтағұл ақындарды, Балқыбек, Сауытбек, Жиенбай секілді шешен, жырау құрбыларын шақыртып, Қырмызы салды ауылымен күтеді. Қырғыз, қазақтың ортақ жайлауы Сусамыр төрінде жұрт түрлі сауық-салтанат құрып, тамашалап жатады. Күйші күйін тартып, сал-серілер салдығын құрып, ақын-жыраулар төгіліп жыр айтады. Әсіресе:

Қолға алсын домбырасын Майлықожа,
Өнерге неше алуан сайлы қожа.
Дәурен сал туысыңа ризамын,
Қазақтан шыққан едің жампоз таза,

– деген Майлықожаның:

Атамыз Ботпай, Шымыр, Сиқым, Жаныс,
Төрт Дулат атпен жүрсе алты ай алыс.
Төбемді көкке елі жеткізбедің,
Маңдайым сені берген кере қарыс,

– деген Сарыбастың:

Асыл туған Дәурен сал,
Жегіздің шекер, бал мен жал.
Алты қабат Алатау,
Қазығұрт пен Қаратау,

Көрмедім сіздей жомарт, дәу, – деген Тоқтағұлдың сөздері жұрттың көкейінен шығады. Қырмызы қыз сүйріктей нәзік ақ саусағымен шаң қобызын шалып, қомызын тартады. Той тарқап, еліне аттанар алдында:

Аспара, Меркі жеріңіз,
Дулат-Ботбай еліңіз.
Дәурен даңқың жер жарып,
Көкейден кетпеп едіңіз.
Келіп едім даңқыңа,
Разымын халқыңа.
Жыр шығарып, күй төккен,
Өнерлі қауым-жалпыңа.
Мейманды жақсы күткендей,
Еліңнің жақсы салтына.
Қырмызыдай құрбыңның,
Жеткендей баға-парқына.
Көздерің жетсе деп едім,
Қырмызының нарқына.
Тілегімді айтайын,
Тоқтасаң қыздың шартына:
Іздеп кеп ем айылдан,
Атағыңа жайылған.
Жігіт қызды іздейтін,
Ата салты байырдан.

Ағалықтың жолын бер,
Аман болғын асыл ер.
Ата-анамды барып көр,
Мен бір сұңқар тұғырда,
Томағамды алып бер,

– деп ризашылығын білдіріп тілегін айтады. Қыздың сән-салтанатына, ақыл-парасатына әбден риза болған Дәурен сал жауап қатады:

Аспанның таң шолпаны, жұлдызым-ай.
Қош, сау бол, сал қарындас, Қырмызым-ай,
Сәлем де ата-атаңа сені туған,
Ұжмақтың райхан гүлі үр қызындай.
Барамын тірі болсам ат арытып,
Атақты ақ қалпақты қырғызың-ай.
Қазақтың ортасында Дәурен салмын,
Өнердің арқасында жүрген жанмын.
Беріп кет бір белгіні ұмытпасқа,
Шырағым сендей қызға мен де зармын.

Қырмызы:

Туған жерім Атбашы,
Жүрегім дейді айтпашы.
Ертең елге көшеміз,
Дәурен сал, қош бол, топбашы.
Мен тұлпардың құлыны,
Түседі кімнің ноқтасы.
Мінеки, алтын жүзігім,
Көзімдей көріп сақташы,

– деп, сақинасын Дәурен салға беріп, қимастықпен еліне қайтады.

Дәурен сал кейін Қырмызыны іздеп барып, қырғыздардың арасында бір жыл тұрып, отыз күн той жасап, қызды еліне алып қайтады. Жүрерінде ата-енесі:

– «Шаруа түбі – кеніш, саудагер түбі – борыш, таздың шашы сұйық, салдың аты сұйық» деген қазақ қырғыздың мақалы бар, енді екеуің де салдықты тастаңдар, деп өтінеді. Еліне келген соң, Сыпатай батырды шақырып батасын алып, екеуі де салдықты біржолата қояды.

Дәуреннің салдықты тастаған себебі осы екен. Бұл әңгімені тыңдаған алты сал таң-тамаша қалып, еліне қайтыпты».

Кенен Әзірбаев дәл осылай Сарбас, Әлмен, Әмір ақындар туралы да құлақ құрышын қандырғандай керемет қызық әңгімелер айтушы еді, амал не, солардың көбі хатқа түспей қалды.



1972 жылы Жамбылдың 125 жылдығы тойланды. Осы тойға Кененді алып келуге мен арнайы тапсырма алдым да, Төрткен, Тасыған, милиция полковнигі Манан Иманбаев төртеуіміз Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Киров колхозындағы ақынның үйіне келіп жеттік.

Атамыз киіз үйдің оң жақ төрінде қалың төсектің үстінде көпшікке шынтақтап отыр екен, кіріп сәлем бердік. Сәлемімізді салқындау қабылдады. Әдеттегідей аман-саулықты, жай-жапсарды қазбалап сұраған жоқ. Сәл кідірістен кейін Нәсиқа шешейге қарап:

– Неғып отырсыңдар, мына баладар (балалар дегенді осылай айтушы еді – М.Ж.) жолдан шөлдеп келген шығар, сусын бермейсіңдер ме? – деді. Қымыз келді, шөл басылған соң:

– Ата, – деп мен сөз бастадым, естіп жатқан шығарсыз, ертең емес арғы күні Алматыда Жамбылдың 125 жылдық тойы өтеді, осыған шақыртушы болып келіп отырмыз, бүгін салқын түсе жүруіміз керек, ертең тынығасыз, арғы күні жиынға қатысасыз, тапсырма осылай, – дедім.

Киіз үйдің керегесінен алысқа көз тастап Кенекең біраз үнсіз отырды да:

– Тойларың құтты болсын, қарақтарым, Алматыдағылар Кененді баяғыдай айтса шауып жетіп келеді деп ойлайды- ау сірә, бүгінде қарға адым жер мұң болып отырған жоқ па, жолға жүрегім шыдамайды, өзім оңып тұрғандай, оның үстіне мына дәрігерлер де жарты күн жұлмалап көкпар қып тастапты, бара алмаймын, – деді.

Бәріміз де дағдарып қалдық Сәлден соң Нәсиқа шешей:

– «Әй, Кенен, ауылға жете алмай, жолда өліп қаламын деп қорқып отырсың ба, өлмейтін пенде жоқ, өлмесе ата-бабаң қайда кетті, Кебекбай қайда, Ноғайбай қайда, Сүйінбай қайда, Жамбыл қайда? Өлсең балаларың «Атамай, атамайлап», жылап алып келіп көмеді. Шақырып отырған ел-жұрттан ұят емес пе, балаларыңның сағын сындырма, жолға дайындал», – деді.

Бір жағынан күліп айтқанмен, шешеміздің даусы әжептеуір салмақтылау шықты. Ақын не айтар екен деп біз тағы дағдардық. Біраз үнсіз отырдық. Жарайды дей қоймаған соң, мен сөзге тағы да араластым:

– Кенеке, есіңізде ме, 1937 жылы Жамбыл тоқсан екі жасында жердің түбіне – Тбилисиге Шота Руставелидің өз тойы да емес, оның «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген поэмасының 750 жылдығына барды. Сонда қолтығынан демеп сіз жүрдіңіз қасында. Үйдің іргесінде – Алматыда өтіп жатқан бабаңыздың тойына бармаймын дейсіз, Қордай түгіл бұл тойға жер-жерден, тіпті итарқасы қияннан – Бангладештен де кісілер қатысқалы жатыр, сіз тірі Жамбыл емессіз бе, не ойлайды, халық не дейді, мұныңызды партия қалай түсінеді, – дедім.

– Бармаймын деп отырмын ба, қу кәрілік кімді оңдырған, шідерлеп, матап, шемеңдеп отырған жоқ па түге, дегенмен болмас, әй Нәсиқа, тәуекел, киімді өзірле, өзің де жолға қам қыл, – деді.

Бәріміз маз-мейрам болдық, киімдерін әкелді. Кенекең кейінгі кезде әбден толып кеткен, киімдерінің бірі дәл келмей әлек болдық. Ордендерін тағып, әйтеуір сағат төрттерде жолға шықтық. Кенекең өз «Волгасына» мінді, машинаны Тасығанға айдатты, қасына Нәсиқа шешейді және мені отырғызды.

Үйден шығарда: «Осы ауыл Кенен қашан тәуір болады деп отырған жоқ, қашан өледі деп отыр, бой жазып барады дейтін шығар, ауылдың ішінен тезірек өт, ағайын-туғанның көбі бүгінде Тарғапта, көрмегелі көп болды, аңсаған ел білсе жүргізбейді, Тарғапқа тоқтама», – деп Тасығанды пысықтап жатты.

Машинаға мініп, үлкен жолға түскен соң, көптен көрмеген Шұбарбайтал, Қопа, Ойжайлау, Отар өңірі көзіне оттай басылып, ақынның көңілі көтерілді. Машина бір жүріп кетсе қоя ма, жердің апшысын қуырып, әніміне дегенше Тарғапқа да кеп қалдық.

– Шіркін, зулаған заман-ай, бұл ара Жамбылмен талай жүрген жолым еді, біздің ауылдан Қастекке екі қонып жетуші ек, енді міне көзді ашып-жұмғанша Тарғапты да басып өттік, – деп, бір күрсініп алды да, Жамбыл жайында бірде өлең, бірде қара сөз араласқан үзік-үзік байтақ әңгімені бастап кетті:

– Мен Жәкеңді ең алғаш қырғыздың манабы Шабданның асында кердім:

Кісі екен алпыс жасты алқымдаған,
Салдықтың самалымен салқындаған.
Домбыра ап төңірекке қарағанда,
От болып екі көзі жарқылдаған.
Ауызда айтар сөзі іркілмеген,
Қызынса қияғынан мұртын жеген.
Ақырып домбыраны сабағанда,
Шіркіннің екі иығы бүлкілдеген.
Сөйлесе досын мақтап, қасын даттап,
Нөсердей дүркін-дүркін дүркіндеген.

Сол асқа не бір ақын, айтулы әнші, күйшілер келді, домбыраға, қияққа, сырнайға, сыбызғыға қосылып айтады, таңның атысы, күннің батысы ақынға да, әншіге де, күйшіге де дамыл болған жоқ. Солардың ішіндегі ең даңқы асқандары: Жамбыл, Қалмырза, Тоқтағұл, Өмірзақ, Кенжеқара, Арқабай еді. Арқабай Майкөттің баласы, мен сол жолы «Көпшілік, тыңда әнімді» деген өлең айтып, әншілігім мен ақындығым қырғыз, қазаққа бірдей тарады. Тоқтағұл мен Қалмырзадай қырғыздың әйгілі ақындары, Сағымбайдай аруақты манасшыны арнайы шақырып, жас бүлбүл – деп қолпаштап, үнімді тыңдады, Жамбылдың оң батасын алып, тұсауым кесіліп, жолым да, бағым да ашылды. Содан бастап өле-өлгенше Жамбылдың соңына еріп, қолтығынан демеп жүрдім, жақын шәкірті, үзеңгілес серігі болдым.

Жамбылдың бірге жүріп сырын алдым,
Үлгісін, өнегесін жиып алдым.
Болсақ та Шапырашты, Дулат – екеу,
Ат қинап ауылымнан жиі бардым.

Сөзіме айтсам менің сенесіңіз,
Екеуміз ескі жырға төрешіміз.
Өнердің тұнығынан қалқып алып,
Екеуміз келешекке бересіміз.

Жамбылдың бір мінезі – мақтанбайтын,
Бой тартып сайысудан сақтанбайтын.
Қажырлы қайратынан қайрақ істеп,
Үскірік борандатып ақпандайтын.
Әжуа, қалжыңға да қапелімде,
Шап етіп шауып қалар қақпандайтын.
Бір сөзден әділ айтқан танбайтұғын,
Өмірде адалдықты таңдайтұғын.
Жақпаған, жақтырмаған адамына,
Сараңнан да сараң боп тамбайтұғын.
Адамды алғаш сөзден танитұғын,
Қанжардан өткір тілді жанитұғын.
Қатты құрт, қара бидай ниет қылса,
Қарық боп соған түгел жаритұғын.
Сенгіш еді досына ауырғанда,
Ем болып айтқан сөзің даритұғын.
Өмірден жазатайым опық жесе,
Бір күнде бір жылғыдай аритұғын.

Кенекең тұсауын алған жорғадай дамылсыз жырлап келеді, біз ұйып тыңдап келеміз, бір сөзі бір сөзінен асып жатқан, таусылмайтын ұзақ дастандай көрінді бізге, сөйтсек бұл Кенекеңнің ұстазына арнаған ескерткіші – парыз жыры – «Жамбыл жыры» екен. Самсыға да келіп қалған екенбіз.

– Жәкең күлкішіл еді ғой, деп Кенекең тағы бір әңгімені бастап кетті.

Бір күні екеуміз осы Самсыда Шынжырбай деген мұғалімнің үйіне қондық. Түнімен өлең айттық. Ертеңіне аттанғалы жатқанымызда жұмысқа кетіп бара жатқан бір топ колхозшы әйелдер бұрылып келіп, Жамбылға өлең айтыңызшы деп жалынып қоймаған соң, Жәкең домбыра алып былай деді:

Өлең айтып бер дейді келіндерім,
Келген екен шырағым келімдерің.

Өлең айтып келінге бермей қойсам,
Сыртқа шығып бұртитар еріндерін.

Өксігенмен келмейді баяғымды,
Қымтап салар кемпір жоқ аяғымды.
Балалар кемпір алып бермей қойды,
Босаңсыды деді ме таяғымды.
Жасымда жорға мініп, сұлу құштым,
Несін мақтан қылайын өткен істің.
Ұзынынан қысқасы озып кетіп,
Мәнісі де болмады-ау бұл байғұстың...

– дегенде, мұны естіген әйелдер тұра қашты.

Жамбыл бір күні Түрген жақтағы жекжаттарын аралап қайтып келе жатып шөлдейді. Жол шетінде тұрған бір отауға келсе, үйдің көлеңкесінде толық келген бір жас әйел теңкиіп жатқан көрінеді. Жамбыл:

– Қарағым, жолаушы едім, шөлдеп келемін, сусының бар ма? – депті.

Әйел теріс қарай бір аунап түсіп, үндемей жата беріпті. Жауап қатпаған соң Жамбыл әріректегі тұрған үлкен ақ үйге келеді. Іргені түріп қойып бірталай адамдар шәй ішіп отырады. Бұл белгілі Саймасай болыстың үйі екен.

– Жамбылдың атын ұстаңдар, аттан түсіріңдер – дейді Саймасай.

– Анау үй кімдікі? – деп сұрайды Жамбыл.

– Ол біздің ініміз Алмасайдың үйі, – дейді. Ішке кіріп Жамбыл жайғасады.

– Шәй қайнағанша сөйлей отырыңыз, – депті Саймасай. Сонда Жамбыл:

Жолаушылап алыстан шөлдеп келдім,
Бір жұтым сусыны бар ел деп келдім.
Ақ отауда теңкиген біреу жатыр,
Тілі жоқ, жөн білмейтін көр деп келдім.
Жиреншедей сөзі бар Ер Қосайдың,
Қызғалдақтай жүзі бар Саймасайдың.
Үйіне кісі келсе жақтырмайтын,
Кесірлі қатыны бар Алмасайдың.
Қайран ерлер сондайға қор боп жүр-ау,
Ышқысы жоқ дәміндей ішкен шәйдің.
Қызыр шалған ерлерге қырсық болып,
Кесірі тиер ме екен осындайдың,

– депті. Саймасай ұялғаннан жер болып, ат-шапан айыбын тартып, елге жая көрмеңіз деп, жалынып, жалбарынып қалыпты. Айтпа, айта көрме

деген сөздің әдеті емес пе, бұл әңгіме ертеңіне-ақ төңірекке түгел тарап кетіпті.

Ұзынағаштың тұсына келгенімізде, Кенекөң: «Мына оңға бұрылған жол Жәкеңнің мавзолейіне барады-ау, тап осы жерде баяғыда базар болушы еді. Базар, Назар екі балам қатар өліп, жылап-еңіреп жүрген кезім еді, бір күні осы Ұзынағаштың базарына келдім. Ойда жоқта Жәкең жолыға кетті:

– Кененжанбысың-әй, атыңның бұты тыртыып, өзіңнің мойның қылқиып, не боп кеткенсің, ер-азамат болған іске берік болу керек, құдайдың өзі берді, өзі алды, әлі жассың, бүйтіп жасық болма, – деп қайғымды бөліп, көңілімді көтерді. Көркемжан туғанда арнайы құтты болсын айтып келіп, екі-үш күндей өлең-жырға кенелтіп кетіп еді, жарықтық», – деп бұрынырақ өткен Жамбыл тойын еске түсірді.

Осыдан тура отыз төрт жыл бұрын 1938 жылы Жамбыл ақындығының 75 жылдығы болды. Көршілес қырғыздан бұ тойға апрельдің он бірі күні кешкісін Қуанышбек Маликов, Халық Әкиев бастаған он екі адам Жәкеңнің үйіне келіп түсті, оларды Диқан Әбілов, Қалмақан Әбдіқадыров үшеуіміз қарсы алдық. Елдің ежелгі салтымен Халық пен Алымқұл қайымдасып, Жамбылға қырғыз халқынан құтты болсын айтып, сәлемін жеткізді.

Халық:

Ақ қалпақты қырғыздан
Құтты айтып келген шақ.
Аман-есен жүрмісің,
Қария Жамбыл, денің сақ.
Әтір ауа, тұнық су,
Төрден сәлем береміз.
Ай жүзіндей жайнаған,
Келден сәлем береміз.

Алымқұл:

Бұлбұлдай үні сайраған,
Жерден сәлем береміз.
Ақ қалпақты қырғызың –
Елден сәлем береміз.

Халық:

Алтын жазу Одақтың
Тудан сәлем береміз.

Астанамыз Фрунзе,
Шудан сәлем береміз.
Бауырластық, туғандық,
Сүйген сәлем береміз.

Алымқұл:

Қазақта Жамбыл ақсақал,
Жырдың кенін ашқансың.
Бүгінде қайта жасарып,
Қайғы-шерің басқансың.
Заманында Лениннің,
Балқып нұрға батқансың.

Халық:

Құрметтеп еліңіз,
Ленин орден тақтырған.
Парқыңа жетіп партия,
Балапандай бақтырған.

Алымқұл:

Бұлбұл еді Тоқтағұл,
Өзіңіздей сайраған.
Айыпты қылып бай-манап,
Алты айлық жерге айдаған.

Халық:

Алдында Жамбыл қария,
Сайрап тұрған шағымыз.
Сізге бала болсақ та,
Кейінгі жасқа кәріміз.

Алымқұл:

Лениндік дәуірде,
Бақыттымыз бәріміз.
Халық ақыны байқасақ,
Ашылған екен бағымыз.

Халық:

Қазақтың сізсіз Жамбылы,
Қырғыздың Тоқом даңғылы.
Жырларыңды жаттаған,
Еліміздің барлығы.

Алымқұл:

Міне келіп сізбенен,
Сәлемдескен шағымыз.
Ұзақ өмір тілейміз,
Ардақты Жамбыл қартымыз.

Халық:

Ильичтің салған жолында,
Жасардық қайта бәріміз.
Жарқырай берсін қарт Жамбыл,
Әлемге жаққан шамыңыз.

Тоқсан үш жастағы Жәкең сағынысқан қонақтармен құшақтасып көрісіп, сөздеріне әбден риза болды, қанаттанып, қуанып, жиналғандарды күлдіріп отырды. Бие сойылды, ел жиналды, кешке қарай:

Айқай салсам алысқа үнім барар,
Күйге салсам құйқылжып күйім барар.
Жиылған жұрт, сөзімде жалған бар ма,
Тоқсандағы Жамбылда арман бар ма,
Мендей қылып асқақ ән салған бар ма?

– деп, Алатаудан асырып мен де ән шырқадым, ел риза болысты. Менен кейін кезекті Халық Әкиев алды:

Ежелден қырғыз, қазақ табысқан ел,
Көп ықылым ескілікте барысқан ел.
Жазығын жарлы, жалшы, дихан тартып,
Ер өлсе күн үшін қыз алысқан ел.
Бүгінде қырғыз, қазақ қандай елміз, –
Өшпейтін асыл гауһар шамдай елміз.
Ильичтің, партияның нұры ішінде,
Ай батпай, ашық атқан таңдай елміз.
Тоқсаннан Жамбыл міне жасың өтті

СССР өлкесіне даңқың кетті.
Бақытты қарияның бірі екенсің,
Аңсаған арманыңа келіп жеттің.
Одан соң Алымқұл жырлады.
Халық, Алымқұл, Қуанышбек:
Жалы болса ат болады,
Жағасы болса тон болады.
Қызыл өрік бұл қомыз,
Қолға тисе сөз болады,

– деп Жәкеңе қырғыздың қомызын ұсынып, ақ қалпағын кигізіп, шапанын жапты. Сонда Жамбыл:

Басымда ақ қалпағым қызылдан шоқ,
Бұл сияқты қалпақты кигенім жоқ.
Кигенім үстімдегі алтын тоным,
Тоқсан жасқа келгенде болды жолым,

– деп меймандарды айналып-толғанып, оларға жолын берді. Сөйтіп, таңның атысы, күннің батысы екі күн жыр төгілді.

Әңгіме де аяқталды, біз де Алматыға келіп жеттік. Кенекең сәл шаршағаны болмаса, қиналған жоқ, ертеңіне, июннің тоғызы күні астананың Ленин сарайында ұлы ұстазы Жамбылдың 125 жылдық тойының салтанатты мәжілісіне қатысты, құр келген жоқ, әлгінде біз тыңдаған, аса бір махаббатпен өрнектеген «Жамбыл – жыр» атты дастанын тарту етті. Тойға талай елден өкіл қатысты. Жамбыл туралы баяндаманы ақын Әбділдә Тәжібаев жасады.

Келесі күні, июннің оны күні, тойдың жалғасы Жамбылдың ауылында, алма бағының ішінде өтті. Баққа көп үй тігілген екен, Кененді біреуіне түсірді, біз қасында болдық. Денсаулығының нашарлығына әрі шаршағанына қарамастан Жәкеңнің аруағы үшін келген Кенекең, Жамбылдың баласы Тезекбайға әкесінің тойына құтты болсын айтты. Дәм ауыз тиген соң кешікпей «Көк дөненіне» от алдыртып, Қордайға тартты да кетті. Бұл Кенен Әзірбаевтың аяулы Алматыға, ұлы ұстазының ауылына соңғы рет келуі еді...



Жамбыл тойын өткізе салысымен іле-шала республика жұртшылығы тағы бір жыр мейрамының – Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығының қамына кірісті. Той қарсаңында екі жыл бойы көптеген теле-радиодан хабарлар беріліп, оқу орындарында, аудан, облыс орталықтарында ақынға арналған әдеби кештер, жиындар, айтыстар, конкурстар өткізіл-

ді, газет-журналдарға естелік мақалалар жарияланды, ақындар жарыса өлең арнады.

Осы оқиғаға арнап «Жазушы» баспасы Кененнің бір томдық таңдамалы жинағын шығарды. Әбділдә Тәжібаев, Шерияздан Елеуенов, Әбілмәжін Жұмабаев және осы жолдардың авторы (кітап менің құрастыруыммен және алғы сөзіммен шыққан еді. М.Ж.) төртеуіміз тойдың алдында сыры кеппеген жыр жинағын әкеліп ақынға табыс еттік. Кітапты қолына алып, кеудесіне қысып сүйді де: «Өлмеді деген осы да, көсегелерің көгерсін қарақтарым, көп рахмет. Көрмесендер де естігендерің бар шығар, қазақта ілгеріде не бір айтулы ас берілген, жиын өткізілген ғой, бірақ ешбір ақынға мұндай той жасады дегенді естіген де, көрген де емеспін. Осының бәрін жасап отырған халқыма мың алғыс, партияма шексіз алғыс. Армансыз адам жоқ дейді, мына мен армансызбын, армансыз адам алдарыңда отыр. Сіңірі шыққан, діңкесі құрыған кедей едім, өнердің, жаңа заманның арқасында осынша жасқа, осынша бақытқа жеттім, бәрін де көрдім, енді менің ешқандай арманым жоқ» – деп, аса бір сезіммен, даналықпен тебіренген еді.

Ақынның өзі айтқандай: «Көкшолағы Кененнің дүлдүл болған, өзі совет халқына бұлбұл болған», аталы жасқа жеткен, даңқы асқан, аты аңызға айналған заманы еді бұл шынында.

Қазақ жері импровизацияның туын тігіп, қанатын жайған жер. Сондықтан да жырдың тойы – елдің, туған жердің тойы. Дүниежүзі мәдениеті тарихында бұрын-соңды болып көрмеген бір тойды – Жамбыл ақындығының 75 жылдығын – қазақ халқы бұрын да дүрілдетіп, дуылдатып өткізген. Сондай жарқын өнердің мейрамы – Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығы, өнер жолының 75 жылдығы – ақынның туып-өскен жерінде, Жамбыл облысы, Қрасногор ауданы, Киров атындағы колхозда, Бөлдек тауының етегінде 1974 жылы 22-23 июнь күндері өткізілді.

Той халық мерекесіне айналды. 217 үй тігілді. «Мәтібұлақ», «Бозторғай» аталатын дала ресторандары салынып, дүкендер орналастырылып, кең алқап жәрмеңкеге айналды. Табаны қызған небір сәйгүліктердің жорға жарысында, тай, құнан, дөнен, бесті, ат бәйгесінде бағы сынға түсті (бәйгеге бас-аяғы 172 ат қосылды). Палуандар белдесіп, ұлттық ойындар өткізілді. Үш күн бойы әншілер тамылжытып ән салып, күйшілер күйін төгіп, ақындар жырын ақтарып, суырылып айтысқа шықты. Әбден делебесі қозған ақындар қиқу салса ауыздықпен алысқан, табаны қызған тұлпардай, өлеңнің селін ағызып, жырдың топанын қапдатқандай болды. Бибігүл Төлегенова, Ғарифолла Құрманғалиев, Серке Қожамқұлов қатысқан Қазақстан өнер шеберлерінің мерекелік концерті болды. Айтысқа түскен ақындардан Әсімхан Қосбасаров пен Мұқаш Байбатыровтың, Өмірбек Қабылов пен Әбдіәкім Жәйімбетовтың, Қазыбай Бижанов пен Сағатай Оңғарбаевтың, Асылқұл Бұрбаев пен Манап Көкеновтың сөздері көңілден шықты. Жамбылдың немере-

сі Әлімқұл мен Кененнің шәкірттері Қазыбай Бижанов, Аяз Бетбаев, Асылқұл Бұрбаев қарт ақын Мұқаш Байбатыров арнау өлеңдер айтып, елді де, Кенекемнің өзін де риза етті.

Жиырма үшінші июнь күні таңертеңгі сағат онда салтанатты жиналыс басталды. Үш күн бойына жан-жақтан мұнда ағылып келіп жатқан машина мен адамда есеп болған жоқ, халық өте көп жиналды. Совет әдебиетін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін Кенекең Ленин орденімен наградталды. Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Министрлер Советінің, КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д.А.Қонаев жолдастың қарт ақынға жолдаған құттықтау хаты жарияланды. Онда: «Құрметті Кенеке, Сіздің дарқан дарыныңыз, творчестволық жолыңыз және қоғамдық жемісті еңбегіңіз партия мен халыққа адал қызмет етудің, жарқын болашағымыз коммунизм орнату күресіне азаматтық, ақындық тұрғыдан белсене ат салысудың өнегелі үлгісі боп саналады. Сіздің асқақ шабытыңыздың шалқар көзі – жаңарған Қазақстан, Коммунистік партия мен совет халқының ерлік жеңістері. Сізді халықтың зор сүйіспеншілігіне бөлеп, жұртшылыққа әйгілі еткен тамаша өнеріңіз бен жырларыңыз бұл күнде социалистік мәдениетіміздің алтын қорына еніп, оның рухани қазынасына, мақтанышына айналып отыр. Торқалы тойыңыз үстінде, Сізге берік денсаулық, ұзақ өмір тілеп, туысқан совет әдебиеті мен өнерінің игілігіне әлі де жемісті еңбек ете беруіңізге тілектестік білдіреміз» – делінген.

Жиналыста ақынның өмірі жөнінде Әбділдә Тәжібаев баяндама жасап, СССР Жазушылар Одағы Басқармасының бірінші секретары Георгий Марков, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, әйгілі совет жазушысы Шыңғыс Айтматов, ақындар Асқар Тоқмағамбетов, Сапарғали Бегалин, композитор, өнер зерттеуші Еркеғали Рахмадиев тағы басқа да көптеген адамдар тебірене сөз сөйледі. Соның бәрін қарт ақын зор ризашылықпен ұйып тыңдады.

Георгий Марковтың: «Совет оқушылары Кенен Әзірбаевтың есімін халық әдебиетінің аса ұлы алыптары Сүлеймен Стальскиймен, Жамбыл Жабаевпен қатар атайды. Кененді бүгінгі Жамбыл, екінші Жамбыл деп біледі» дегені, Шыңғыс Айтматовтың: «Кенен ата, осы ұлы тойға жиналған қалың көпшілік! Бүгінгі күн Қазақстан тарихында, оның мәдениеті тарихында мәңгі қалатын ғажап күн болды. Коммунистік партияның рухани мұраға, ұлттық мәдениетке жасап отырған қамқорлығының жарқын куәсіне, тамаша көрінісіне айналды. Мен Сізге Алатауда қанаттас жатқан, бір туған қырғыз елінің шын жүректен қайнап шыққан жалынды сәлемін жеткізу үшін, ұлы талантыңызға бас иіп, төж ету үшін әдейі келдім. Сіз, Кенен ата, қазақ-қырғызға тең ортақ ұлы адамсыз. Сіздің тойыңыз – біздің тойымыз, Сіздің мерекеңіз – біздің мерекеміз.

Бүгінгі ұлан-асыр той ұрпақтарымыздың ұрпақтары аңыз етіп айтып жүретін ғажап той болды. Қырғыз елі Сізді өзінің ең таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дәмдес болған, Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жарған Оспанқұл, Алымқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, солардай ардақ тұтып, Сізді өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі асқар Алатауымыз деп есептейді. Ел бақытына туған қадірменді ата, тоқсан жылдық торқалы тойыңыз құтты болсын. Өміріңіз ұзақ болып, қазақ-қырғыз халқының ақ жолтай ретінде Жамбылдай жүз жасап, жарқылдап жырлай беріңіз», – деген сөздері Кенен Әзірбаевқа, оның өлмес мұрасына берілген дәл, биік баға еді.

Сөйтіп, Шыңғыс Айтматов айтқандай, Кененнің тоқсан жылдық тойы жырдың жарқын мейрамына, халықтар достығының айқын салтанатына, совет заманындағы рухани мұраға, өнер қайраткеріне жасалып отырған қамқорлықтың тамаша куәсіне айналды. Тойға қатысушылар кешкісін Кенекеңнің өз үйінде болып, қарт жыраудың қолынан дәм татысып аттанысты.

Халқымыздың пейіліндей кең, жеріндей байтақ, теңізіндей терең, тауларындай биік, ән-жырдан туған данадай ақын атамыз Кенен Әзірбаев бәрімізді өзінің саф алтындай таза өнеріне, сұлу келбетіне мәңгі ғашық етіп, ежелгі аңыздар адамындай, 1976 жылдың көктемінде тоқсан екі жасында Сұлутөрдің етегінде, Қордайдың баурайында дүние салды.

Кенекең болмыс-бітімі де, жүріс-тұрысы да бөлек, табиғи дарын-таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың шыңындай ойы да биік, бойы да биік, әсем үнді, ділмәр тілді, мінезге бай, көпшіл, қонақжай ерекше жан еді. Кенекең ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен, аққудың қанатындай әдемі, әппақ жібектей сақалымен, бәйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін.

Қайран ақын мәңгілікке көз жұмды, артына өлмейтін, елімен бірге мәңгі жасайтын жарқын із, байтақ мұра қалдырды. Кененді ақындар – жырында, әншілер – әнінде, күйшілер – күйінде жоқтады.

Үкімет пен партия Кененнің есімін мәңгі сақтап қалдыратын шаралар белгіледі: Жамбыл облысы, Красногор совхоз техникумына, Қордай ауданындағы қазақ орта мектебіне, Жамбыл қаласындағы жаңа кинотеатрға, Алматы көшелерінің біріне ақынның есімі берілді, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы мен әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының студенттеріне Кенен Әзірбаев атындағы стипендия тағайындалды, тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды.

Туған Отаны, халқы 1984 жылы сүйікті ақынының жүз жылдығына арнап тағы да ұлан-асыр той жасады. Июнь айының 16-18 арасында қазақ мәдениетінің қара шаңырағы М.Әуезов атындағы драма театрында ақын-

дар айтысы өткізілді. Халқымыздың сүйегіне біткен, ежелден бірге жаса-сып келе жатқан осы бір ғажайып өнердің қайта өрлеп, қайта дәуірлеп келе жатқандығының куәсі болдық. Жер-жерден, республикамыздың түкпір-түкпірінен әрқилы ақын-жыраулар, әншілер, бишілер қатысты, жас таланттар бой көрсетті, сөйтіп халық өнерінің үнемі дами беретінді-гін дәлелдеп берді – біз осыған қуандық.

Салтанатты жиналыс астанадағы Ленин атындағы мәдениет сарайын-да июннің 6-күні өтті. Жиналысты Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Н.Ә.Назарбаев ашты. Академик Зәки Ахметов Кенен Әзірбаевтың өмірі мен творчествосы туралы баяндама жасады. Июннің 29-30 күндері той ақынның туған ауылында өтті.

Коммунистік партия, совет үкіметі Кенен Әзірбаевтың еңбегі мен өнерін жоғары бағалады: Ленин, Еңбек Қызыл Ту, екі рет Құрмет Белгі-сі ордендерімен, көптеген медальдармен, жеті рет Қазақ ССР Жоғар-ғы Советінің Құрмет грамотасымен наградады. Қазақ ССР-ның Халық ақыны, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген өнер қайраткері атағы берілді, СССР Жазушылар Одағының, СССР Композиторлар Одағының мүше-сі еді. Өзі айтқандай, партияның қамқорлығы арқасында, кедей Кенен өнердің дәл осылай, атақты перзенті болды.

Ақынның он жеті дастан, жүзге жуық ән, оннан астам айтыс, мыңға тарта өлең, халық қазынасын жинаған том-том қолжазбалары қалды. Ән, жыр жинақтары баспадан үздіксіз шығып тұрды: «Өлеңдер жинағы» (1947), «Әли батыр» (1951), «Өлеңдері мен дастандары» (1953), «Әндер» (1955), «Өлеңдері мен дастандары және ән текстері» (1961), «Өмірімнің әндері» (1961), «Шығармалар жинағы» (1967), «Аңыздар сыры» (1969), «Таңдамалы шығармалары» (1974), «Кенен Әзірбаев» (Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, 1984), «Шырқа даусым» (Әндер жинағы, 1984), «Песни горы и степей» (орыс тілінде, 1984) т. б.

Екі бірдей ғасырды басынан кешкен Кененнің өмірі – өз халқының өмірі, оның тағдыры – өз елінің тағдыры еді. Ол ескінің соңы, жаңаның басы болған ежелгі замандардан келе жатқан баба жыраулар дәстү-рін жаңғыртып, оған жаңа мазмұн, жаңа сипат берген, жаңа дәстүрге айналдырған ұлы Жамбылдың ең үздік шәкірті болды, сөйтіп, ұстазы-ның жыраулық, жыршылық, ақындық мектебінен өтті. Өмір бойы совет халқының ізгі арманын жырлады. Отанды, социалистік дәуірді эпика-лық көлемде жырлайтын Жамбыл сияқты эпостық дәстүрді ұстанды. Сүйінбай, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Сарбас, Жамбыл, Өмірзақ, Қалмырза, Тоғалақ, Тоқтағұл, Төкпе, Халық, Алымқұл, Османқұл секілді қырғыз-қазақ тілінде бірдей жырлады.

Кенен Әзірбаев – сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз: жырау, әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші, әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткер. Оның байтақ мұрасын халқы-мыздың биік эстетикалық мұраты есебінде ұрпаққа үздіксіз қызмет

ете береді, ғалымдар тарапынан зерттеле береді. Қашанда оның аты ұлы Жамбылдың есімімен егіздің сыңарындай бірге аталатын болады. Жамбыл мен Кенен маңдайындағы қос шырақтай, халық поэзиясының айы мен жұлдызындай, мәңгі бірге жасайды, домбыраның қос ішегіндей бірге күй шертеді, жыл асқан сайын арман, құдырет, аңыз адамдарына айнала береді, алыстаған сайын Алатаудай сұлуланып, биіктей береді. Өйткені, ол «өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп, данышпан Абай айтқандай, артына өлмейтұғын сөз, өшпейтұғын өнеге қалдырған ақын.

*«Жұлдыз», 1984, №4,
185-193 б.*

ЗЕРТТЕУ, МАҚАЛАЛАР

Ахмет ЖҰБАНОВ

КЕНЕН

«Екейде елу бақсы, сексен ақын» дегендей, Жетісуда Сүйінбайдан, Жамбылдан келе жатқан ақындық дәстүр дүниеге көптеген таланттар берді. Олардың бәрі бірдей тек сөз қуып қана кеткен жоқ, ішінде жыршылары, әншілері болды. Ақындық, айтыс дәстүрі әлі күнге дейін бұл өреде сол қалпымен келеді. Тіпті жаттап алған өлеңдері болса да еркек демей, әйел демей, той-топырда айтысып жүре береді. Ол дәстүр тек егде тартқан адамдарда емес, жастарға да ауысқан. Сондықтан да, Жетісу өресінде сөз қуу, айтысу дегендер кең жайылған дәстүр.

Міне осы топтың ішінен ала-бөле көзге түсетіні – Кенен. Ол бір жағынан суырып салма ақын да, екіншіден жақсы әнші, ал үшінші жағынан өзі көптеген ән шығарған халық композиторы. Кененнің өмірінде кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай кезеңдер көп. Ол творчествосында адам бақыты үшін күрестің жырын жырлады, бері келе, жеңістің, туысқандықтың, шын мәнісіндегі бақыттың жырын жырлады.

Кенен Жамбыл облысы, Қордай ауданы, осы күнгі Киров атындағы колхоз тұрған жерде 1884-жылы туды (Бұдан ширек ғасыр бұрынғы деректе туған жылы 1888 болатын да, жерінің аттары Қоңырадыр, Мәтібұлақ еді). Жыл жағынан болмаса, жер шамасының бәрі біріне-бірі жақын сияқты. Әкесі Әзірбай айтарлықтай өнері болмаса да, ол да ауыл арасында ән салып, домбыра тартып жүрген. Бірақ аты шығып не ақын, не әнші болып жайылған емес. Ал, шешесі, Ұлдар үлкен әнші, ақын адам болады. Ұлдардың ол өреде атағы кең жайылады. Кішкене күнінде Кенен шешесінің өлеңін, әнін есітеді. Бірақ мейірбанды ана, өліп-талып көр-

ген (Ұлдар ұл көрмей көп зарығып жүреді) Кененді баулып, тәрбиелеп, мәпелеп өсіруге тағдыр құрығы оған ерте түсіп, Кененнің жасы жетіге келе бергенде Ұлдар қайтыс болады.

Ұлдардың өлімі Кененге де, ол кезде жетпісті алқымдап қалған Әзірбайға да оңай тимейді. Үй ішінде үлкен қайғы-қасірет жас бала мен көрі әкенің басына төнеді. Оның үстіне Әзірбайдың мал дегенде екі-үш ешкіден басқа малы болмайды. Кенен қабырғасы қатпай жатып байдың қойын бағады. Аз да болса аужал болсын дейді. Күндіз қой бағып, кешкілік ауыл шетінде кішкене итарқаның астында әкелі-балалы екеуі жоқшылықтың мұң-зарын тартып, айран-шалабын ішіп отыра береді. Айлар, жылдар тізбектеліп, көңілсіз өте береді. Күндіз далада жүріп шаршап-талған Кенен көбіне ауыл жастарының түнгі ойындарына да қатыса алмай, ұйықтап қалады. Кейде оның күнұзаққа күнге күйіп талып келгеніне қарамай бай оны түні бойы қой күзеттіріп қояды. Бірақ жас, қажырлы дене оның бәріне де төтеп беріп, тіпті оннан асқасын сол бір ауыр бейнеттің ортасында жүріп, Кенен соның арасында домбыра тартуға, ән салуға да уақыт табады. Баяғы бала кезінде шешесі Ұлдардан алып қалған аздаған ән жобалары, жыр нұсқалары енді жас талапкердің көңілінде қайта қозғалып, біртіндеп оларды есіне түсіреді. Кешқұрым ауыл жастары қыр басына шығып, ақсүйек ойнап, алтыбақан тепкенде, Кененнің әндеткен әсем дауысы көп кәстәрдың буынын босатады. Байдың топас, ерке-шөлжіңдері болмаса, ауылдың құбатөбел дәулеті бар адамдарының балалары Кененнің осындай ауыр жайда жүргенін сезеді, аяйды, бірақ оған қол ұшын беретін жағдай өздерінде де бола қоймайды.

Жоғарыда айтылғандай, Жетісу дәстүріндегі ақындықтың жайылуы Кененге жақсы әсер етеді. Бай ауылына келген, қона жатып жыр жырлаған, өлең айтқан әнші, ақындар Кененнің санасында үлкен із қалдырады. Қабілетті бала есік алдында, кейде үй сыртында жүріп-ақ олардың маржандай сөздерімен, аңыраған әндерін көкірегіне түйіп алады. Көбіне Кененнің оларды тыңдайтын жайы да болмайды. Өйткені, Кенен күндіз далада қойда болады. Тек қона жатқан, түні бойы өлең айтқан, айтысқан ақын, әншілерді тыңдауға ғана мүмкіншілігі болады. Оның өзінде де түнгі ұйқыны соларға беріп, ертеңінде күнұзаққа қалғып-шұлғып жүреді. Әрине, ұйықтап қалса, қойына қасқыр шапса, Кененнің басына байдың әңгір таяғы ойнайды.

Кенен осылай жүріп, өз әндерінің санын көбейтеді. Қойшылармен кездесіп олардан ертегі, нақыл сөздер есітеді, кейде сыбызғының үніне қосылып бала дауысымен Қордай даласын жаңғырықтырып ән салады. Кейде белбеуіне қыстырып жүрген домбырасын алып, оған өзінің сазды, қоңыр дауысын қосып, ән шығару талабында болады. Ал өлеңді Кенен ерте шығара бастайды. Ол сол бір далада жүрген кезінде-ақ жаратылыстың не бір әсем көріністерін өлеңіне қосады. Өзімен қатар жүрген қойшыларға айтып береді. Олар Кененнің мұндай қабілеті барлығын сезіп, осындай таланттың қой соңында, ең далада күні өтіп бара жатқанына қынжылады. Бұлардың да одан басқа қолдарынан келері жоқ, тек мына бір теңсіздік заманға қосылып лағнет айтумен бітеді.

Кенен болса ол тағдырдың жазғанынан басқа амал жоқ, соған бас иіп жүре беру керек деген ойдан аулақ болады. Ол күші болмаса да, табиғат берген мына бір сыйлықты қалай да даланың шаңына бастырмай, желіне ұшырмай, жаңбырына шайдырмай таза қалпында сақтап, реті келген жер болса іштегі шерді өлеңмен, әнмен сыртқа шығарғысы келеді. Өлең-әннің күресте өткір құрал екенін анық біліп болмаса да, оның сезімді жүрегі бір нәрсені аңдайды. Кенен далада жүргенде есітетін дыбысы: судың сылдыры, торғайдың шырылы, желдің гуілі тағы сол сияқтылар болады. Ол сол бір даланың дыбыс симфониясын құлағына іле жүре, солардың ішінен де өзіне рухани серік, мұңдасатын дос тауып алады. Ол аспанда шырылдап жүрген бозторғайдың емін-еркін шарлап жүргенін көріп, жаратылыстың оған берген сыйына қызығады. Боз торғайдың қайда барам десе де жететінін, аспан әлемінде кезіп жүруге мүмкіндігі бар еркіндігін, басқа күш-қуаты шамалы болғанымен қанаты болғасын күн көруге оның да жәрдемін ойлап, біраз кідіреді. Өзінің қойшылық өмірі, мына бір бай қойына байланып, ешқайда қозғала алмайтын еріксіздігін, аспанға ұшпақ түгіл, жер бетінің өзінде барамын деген жеріне бара алмайтынын ойлап, налиды. Бірақ торғайда бар қанаттың өзінде де барын, оны да жаратылыс сый етіп бергенін есіне алады. Ол қанаты – өлең, ән шығару, өнер қанаты, ол құстан да алыс ұшпай ма. Ол Қордай түгіл анау Алатаудан асып та кетпей ме, сөзді, әнді кім оның «етегінен» тарта алады. Міне, өнердің осындай қасиетін толық жетіп білмесе де, жас Кенен өзінің қабілет қылын қозғап, дүниеге бірінші рет жаңа бір туынды береді, жанынан жаңа ән шығарады. Әнді аспандағы бозторғайға қарап айтады, әнінің атын да «Бозторғай» қояды.

Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке шейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолға ұстап,
Сандалып қой артында азар кешке-ай.

Келемін қойды жайып Қоғалыға,
Шығады бүркіт салған Обалыға.
Қой соңында жүрсең де кешке дейін,
Қарамайды бай, манаптар обалыңа.

Қойшылар қой жайғанда кеш батпайды,
Отырсам мал күзетіп таң атпайды.
Қарайтын қабағыма бір пенде жоқ,
Бел шешіп төсегіме бір жатпаймын.

О, Бозторғай!
Шырылдайсың шіркін-ай.
Құтылар күн болар ма,
Қой бағудан бір күні-ай?!

– деп келеді әннің сөзі. Бұл ән радио толқынындай, баста қойшылар, малшылар арасында, кейін халық арасына тез тарқап кетті. Әннің әсем сөзі де, қорлық көргеннің, зорлық көргеннің, бейнет тартқанның бәрінің де жүрегінен орын алады. Әрине, байларға, оның сойыл соғарларына бұл ән ұнай қоймайды. Бірақ халық дуылдап көтеріп алып кеткенсін ән қанатын самғап сол өлкені шарлап кетеді. Енді Кенен қойшы Кенен ғана емес, «Ақын Кенен» деген атақтар алады. Ол атақты да өнерді баулып, қамқорлық етіп отыратын үкімет жоқта тағы да сол халқынан алады. Кененнің өлеңдері аузынан шықса болды, лезде елге тарап кетеді. Оның мұқтаждық өмірді суреттеген бірнеше шумақ өлеңі ауыздан ауызға көшіп, ауыл жастары айтып кетеді.

Қозы жайған жерім бар Мәтібұлақ,
Шешемді ойлап зарланам күнде жылап,
Күн шықпастан дірдектеп мен жүргенде,
Шешесі бар балалар жатыр сұлап.
Шешемді ойлап далада айқай салсам,
Талқан шекер татиды шайнай қалсам,
«Қу жетім» – деп қуады қозы иесі,
Тілін алмай кей күні бармай қалсам.
Қарт боп қалған әкем бар жетпіс жаста,
Байғұстың баласы жоқ менен басқа.
Жалғыз ұлын баға алмай жасы жетіп,
Жыласа көзі толған қанды жасқа.
Бірге отырсақ сыймадық туысқанға,
«Қу жетім» – деп қуады ұрысқанда,
Үш ешкі мен бір қойдың басын ұстап,
Әкеме сауғызамын мыс құманға.
Алты уық баспана етіп тігіп алдық,
Баяғы үш ешкі мен жалғыз саулық,
Бір жағына қамалып кіріп алдық.
Әкем байғұс артымнан кеп тұрады,
«Шаршаның ба, шырағым», – деп тұрады.
Қой, серкешке жүргізіп, жылдығына
Аяқ-лау алсам деп еп қылады,

– деген өлеңі Кененнің басындағы ауыр халін жеткізе суреттейді.

Басқа кірме сөзсіз, таза тілмен айтылған өлең Кененнің ақындық жағынан да жоғары екенін көрсетеді. Кененнің өлеңдері түсінікті, қарапайым болып келеді. Оның мәнісі терең бола тұра оқуға жеңіл, ешбір түсініксіз, жұмбақты жері жоқ болады. Екіншіден бұл өлеңде кешегі заманның тек Кенен емес, жарлы-жақыбайларының бәрінің де басына салған трагедиясы суреттелген.

Әзірбай шынында ептеп, тырнақтап жинап жүріп, бір-екі жылдан кейін бір ыңыршағы айналған арық, өзі сәуірік көкшолақ, ат сатып алады. Бұрынғыға қарағанда енді едәуір жақсы болып қалады. Әзірбай да

тайы бар адам болып, оны бағып-қағып оңалтй алады. Ауыл арасында қандай жақын да болса жаяу жүруді ар көретін қазаққа, мына көкшолақ аттың тақымына түсуі үлкен бір байлықтай болып көрінеді. Кенен көкшолақтың басқа аттармен салыстырғанда мүсіннен жұрдай түрін де өлеңге қосады.

Сатып алдық Тоқпақтан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ шоп-шолақты.
Өзі сәуірік көктемде байтал қуып,
Бір жағынан азынап құдай атты.
Айғырлармен таласып жауыр болды,
Бағып міну әкеме ауыр болды.
Күндіз қойға мен мініп, бағып-қағып,
Әйтсе де аяқ-лау тәуір болды,

– деп, қалай дегенмен де қылқұйрықтың үлкен көлік екендігін айтады. Кенен атына тек өлең арнап қоймай оған ән шығарады. Ән Жетісудың дәстүрінде, халықтық интонация негізінде шыққан. Аздаған қалжыңның элементі бар. Ол әсіресе қайырмасында көбірек көзге түседі. «Көкшолақ» әні де тез жайылып кетеді. Орындауға да жеңіл, музыкалық жағынан аса мазмұнды, қоңыр ән, өлеңнің сөзіне сай келеді. Кенен бұл әнде де тақырыбы, аты жануарға арналғанмен шыншыл суреткер сол бір сыртқы атаулар арқылы езілген таптың өкілдерінің жан дүниесін, үйішілік «қуанышын», аяқ-лау бола тұра, көп мініліп, ығыр болған Көкшолақтың жал-құйрықтан айрылып, шабан болғанын поэзия мен музыканың сиқырлы тілдерін қолданып, кедейдің «күрмеуге келмейтін қысқа жібіне», «шолақ тонына» теңейді. Әсіресе:

Мінгенім астымдағы Көкшолақты,
Жалы жоқ, құйрығы жоқ шоп-шолақ-ты.
Әй қыздар, қойшысынбай өлеңіңді айт,
Тұсыңа мендей құрбың келіп қапты,

– деп, малға кедей болмағанымен, жаны бай, әні көп Кененнің қадірі күн санап халық арасында арта береді.

Сол өредегі Бибол дейтін бай екі болыс елді шақырып той қылады. Ол тойға, қойын біреуге уақытша бақтырып кетіп, Кенен де барады. Байдың балалары жолда Кененді келекелеп:

Әй байғұс, тойға барар сәнің бар ма,
Қызбенен айтысатын әнің бар ма?
Кеуденді өрге айдайсың сорлы кедей,
Сарапқа салысатын малың бар ма?
Үстіңде тіккен сенің үйің бар ма,
Айт пенен той қуатын күйің бар ма?
Атты мен тондынікі емес пе олар,
Басыңда аз да болса миың бар ма?

– деп өлең айтады. Кенен: адамның қасиеті малмен өлшенбейтіндігін өлеңмен ағызып айтып береді. Оларға ерегісіп, Биболдың қызының тұсына келіп, жоғарыдағы: «Әй, қыздар, қойшысынбай өлеңінді айт, Тұсыңа біздей құрбың келіп қапты» деп жетіп барады. Өзі ақын, өзі әнші – кімнен қорықсын, Көкшолағын тебініп, бай балалары өзін де, атын да кеміткен сайын екіленіп, Көкшолағымен сөйлескендей:

Жылдам жүрші, Көкшолақ,
Шапшаң жүрші, Көкшолақ.
Олай жүрші, Көкшолақ,
Былай жүрші, Көкшолақ.
Жамандатқыр, Көкшолақ,
Діңке құртқан, Көкшолақ,

– деп, атының дүлдүл емес екенін паш ете, өлеңіне қоса жүре, қыздың үйін кимелей береді. Бірақ Кенен қыздардың өзінің әндерін, өлеңдерін айтып жүретінін, жақсы көретінін біледі, мырзалардың құтын қашыру үшін осындай улы қалжыңға барады. Кенен қыздың тойында өлең айтып, ән салады. Оның әдемі дауысы, өткір сөздері тойдың басқа қызығын ұмыттырып, оған жиналған халықтың көбін өзіне қаратады. Осы күннен бастап Кененнің ақындығы, әншілігі Қордайдан басқа жерлерге де жетіп, Кененнің қойшылық өмірден басы біржолата босатып алуына себептің басы болады.

1910 жылдарда Еркебай дейтін болыс Кененнің дабылын есітіп, оны ат жібертіп шақыртып алады. Байдың қойы жайына қалып, Көкшолақты әкесіне міңгізіп, Кенен Еркебай ауылына кетеді. Енді қырық тебінгенде бір өлең етпейтін Көкшолақтан басқа атқа да тақымы тиеді (әкесі Өзірбай осы шамада дүниеден қайтып, Кененнің қайда барса да қарайлай қоятын ешнәрсесі болмайды). Біреулер Кенен жасынан қой бағып, таптық сезімі ерте оянып, байларға, болыстарға қарсы болып, туғалы олардың қасына жолаған жоқ деген сияқты аңыздарды айтады. Ол шындықпен жанаса қоймайтын әңгіме. Өйткені ешкім де туғаннан бай мен болысқа қарсы болып тұмайды. Одан кейін байлардың, болыстардың ішінде кедей табына бойтамыры елжіремегенімен, қадірлі адамдарды, ақын, әншілерді көтеріп, мадақтап, кейде қасына ертіп, екінші бір елдің немесе болыстың ақындарымен айтыстырып, өз жағының ақыны жеңіп кетсе көтеріліп жүретіндері сөзсіз болды. Кенен де ол бір жайдан сырт қалды деу тарихқа қиянат болады. Екіншіден, Еркебайдың қасына ергеннен Кененнің адамшылық қасиетіне де, ақындығына да, әншілігіне де, таптық сезіміне де ешбір нұқсан келмейді. Қайта Еркебайдың шақырту себебімен Кенен мойнындағы қойшылықтың лағнет қамытынан босайды.

Осы кездерде Кенен өзінің «Қос қалқа» деген әнін шығарады (кейін өзі «Қызыл қайнар» деп те атап жүр). Ән Кененнің Еркебай ауылында болғанда Естайдың Хұсни-Хорланы сияқты апалы-сіңлілі екі көркем қызды көріп, солармен әңгімеге келеді. Көркем сөздің, әнші жігіттің қадірін

Ауылың алыс кеткенде сұлу Мөртай,
Өшпейтін от жанады жүрегіме.
Сен де арманда, Мөртай жан, мен де арманда,
Екі ғашық қосылар заман бар ма?
Қалың малға сатылып сен кеткенде,
Зар еңіреп мен қалдым амал бар ма.
Туған жерің Қызылқыр,
Сұлу Мөртай қайда жүр,
Анда-санда көрсем де,
Сүйген қалқам аман тұр,

– деп, домбыраға қосылып, өзінің «Мөртай» атты әнімен осы өлеңді үнемі айтып жүреді. «Мөртай» да бас-аяғы жинақы, тиянақты ән. Басынан аяғына шейін бір ырғақтан ауыспайды. Дауыстың орта регистрі мен төменгі регистр айналасында басталып, сонда бітеді. Ән жұмсақ, жүрекке жылы тиеді.

1916 жылы 25 июнь жарлығы бойынша қара жұмысқа патша қазақ сияқты халықтардан жігіт жиғанда көп жерлерде көтерілістер болғаны оқушыға мәлім. Міне сол көтерілістің үлкен өрті Жетісуда болды. Ол жөнінде Мұхтар Әуезовтің «Албан көтерілісі» атты үлкен прозалық шығармасында оқиғаның суреті толық берілген болатын. Кенен Әли Нұрғожаевтың отрядында болып, осы көтеріліске қару алып қатысды. Ол көтерілісшілер ішінде не бір ерлікке шақыратын, «ақ патшаның» жауыздық қимылдарын әшкерелейтін өткір, өлеңдермен рухтарын көтеріп, ауызбіршілік, күш сақтауға шақырады. Патшашылдықтың ауыр салмағының елге батқан үлгілерін келтіріп, өзінің өткір сөздері арқылы отрядтың дауылпазы болады. Бірақ патшаның қарулы күші отрядты жеңіп, көтерілісті басады. Оған қатысқандарға қара күн туғызып, неше алуан жазалар ойлап тауып, берекесін қашырады. Сол кездерде көтеріліске қатысқандардың бір қатары Қытайға, екіншілері басқа губернияларға өтіп кетеді. Кенен ежелден өзінің творчестволық қатынасы үзілмеген қырғыз ақындары – достарына қашып кетіп, сол жақта біраз уақыт жүріп қалады.

Бауырлас қырғыз елінде жүргенде де Кенен жай қыдырып, бас сауғалап, уақытты бос өткізбейді. Ол творчестволық күшінде, шабытында болып, белгілі көтерілістің басшысына арналған «Әли батыр» деген поэмасын жазады. Кененнің жас кезінде өзінің зеректігінен, молданың алдында көп бола алмаса да, хат танып қалғаны, келешегі үшін үлкен роль ойнайды. Ол өлеңді үнемі тек құлақты қағып қойып айтпай қағазға жазып та шығаратын. Ал, поэма сияқты үлкен өлең, дастан әрине жазуды талап етеді.

Кенен қалай дегенмен де туған жерін қатты сағынады. Жерін де, суын да, тауын да, адамын да, аңын да деген сияқты аузынан тастамайды. Жас кезіндегідей, тағы да жалғыз отырғанда мұңдас дос іздейді. Жырлап тұрған бұлбұлды көріп, сонымен мұңдасады, тілдескендей болады:

Ей бұлбұл, сен де бұлбұл мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр.
Айрылып ел мен жерден жүрген шақта,
Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр.
Ер жігіт шетте жүрген ел сағынар,
Елден соң туып-өскен жер сағынар,
Туған жер, өскен халқым орның бөлек,
Сыйласар қырғыздан да ер табылар.
Ер жігіт тірі шақта нені көрмес,
Ер болса қасіретке бойын бермес.
«Ел кегі – жауға кетпес» деген бар ғой,
Дегенге кек қайтпайды көңіл сенбес.
Алатау, аңсадым-ау самал-лебін,
Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін,

– деп, сырласар жанында жан болмағаннан емес, Махамбет Өтеміс-өвтің:

Ей қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Сені көлден айырған,
Лашын құстың екпіні.
Мені елден айырған,
Хан Жәңгірдің тепкіні,

– дегені сияқты, қазақтың от-жалынды ақындарының табиғат дүниесімен бір мезет сөйлесіп, мұңдасып кететіні сияқты, Кененнің «Бұлбұлы» да бір үлгі. Алдыңғы әндеріндегі аяқ алыстан «Бұлбұлда» басқа бір ерекшелік бар сияқты. Басында Кенен бірнеше ұстамды, сабырлы, созымды ноталар арқылы іштегі шерін шығарып алғандай, тек содан кейін ғана сөзге бағынған қысқа әуенді музыкалық сөйлемдер арқылы ойын «айтады». Сондай-ақ: «Алатау аңсадым-ау...» – деп басталатын қайырмасында да үлкен дем бар. Ән шын мәнісінде туған, өскен өлке-сін, адамдарын сағынудан шыққан екендігін танытады. Кененнің сол бір кездегі творчестволық туындыларының ішінде «Бұлбұлы» музыкалық тілінің анықтығынан, байсалдылығынан, ырғақтық жан-жақтылығынан ерекше орын алады десе болады.

Кенен 1916 жылдың көтерілісіне арнап «Егіз ән» деген әнін шығарады.

Есіттік Алматыда Сәтті алды деп,
Қожамбет, Асқар, Дәулет қартты алды деп.
Баланы әлдилеген бермейміз деп,
Қалың ел ұрысуға саптанды деп.

Бекеттің ішіндегі алпыс солдат,
Халықты оқ жаудырып атқаны кеп.
Үш жүз қолмен Маисов келеді деп,
Біздің ел Қолқамысқа ат қойды тек,

– деп, көтерілістің барысынан, оның нашарлауын, көтерілісшілердің қамысқа кіріп жасырынуын, Маисов бастаған қарулы қолдың келуінен зәресі ұшқан елдің бас сауғалауынан хабар береді. Бұл өлең көтерілістің аяқ жағында Кенен әлі қырғызға кетпей тұрғанда шығарылған болу керек.

Октябрь революциясынан кейін Кенен еліне қайтады. Басына күн туып, елінен ауып кеткенімен Кенен ол жақтан «олжалы» қайтады. Қырғыздың алып ақындары Тоқтағұл, Қалмырзамен жақын болып, олардың жалынды өлеңдерін, әндерін ала келеді. Қырғыз арасында да Кененнің өлеңдері, әндері кеңінен жайылады. Октябрь революциясы алдымен Кенен сияқты бұрынғы заманда қорлық көрген адамды қатты қуантады. Кенен шалқып, өлеңді де, әнді де бұрынғыдан көбейтеді. Күнінің енді туғанын көрген ақын-әнші совет үкіметінің сан жетпес қасиеттерін айтып әнге қосады.

1919 жылы Алматыда болған ақындар кездесуінде Жамбыл, Үмбеталы ақындар болады. Сол жиында Кенен де қатысып, өзінің жаңадан шығарған «Октябрь» атты әнін айтады. Бұл әнде Кенен:

Құл мен күнді құтқарып,
Ерік берген Октябрь.
Жер жүзіне нұр төгіп,
Көрік берген Октябрь,

– деп, термелеп, екпінді, жарқын мелодия арқылы жаңа күннің нұрын жыр қылады. Кененнің бұл әні сол кездің өзінде-ақ көп жерге белгілі болады.

Кенен енді тек әнші ақын болып, совет өкіметінің жақсылығын жырлап жүруді місе тұтпайды. Ол Совет құрылысына қолынан келгенінше тікелей, іс жүзінде жәрдем еткісі келеді. Сонымен 1921 жылы Кенен Қордай ревкомының председателі болады, советтендіру жұмысына қызу араласады. Ол кезде республиканың шығыс-түстік жағында ерте ұйымдасқан «Қосшы одағының» жұмысына да Кенен араласады. Одақтың еңбекші шаруа, дихандардың басын қосудағы жетістіктерін Кенен басқалармен бірге тойлайды. Оған да арнап ән-өлең шығарады. Ол әні халық арасында «Шаңқ етпе» атанып кетеді.

1924 жылы совет халқының басына үлкен қаза кездеседі. Ұлы Ленин қайтыс болады. Кенен осы оқиғаға арнап «Ленин бабам» атты ән шығарады. Бұл әнде қазақтың байырғы жоқтауының әуенінде Лениннің өлімінің ауыр қаза екендігін суреттейтін кезеңдер беріледі.

Ленин жер жүзінің тірегі еді,
Өмірдің қуаты мол жүрегі еді.
Бабамның дана сөзі, жолы өлмейді,
Тірлігі еңбекіш елге керек еді.
Ой бабам-ай!
Ер жүректі данам-ай!
Туған елді тапсырып,
Компартия – балаңа-ай!

– деген сөздерге лайықты ауыр дыбыстар әнде үнемі кезектесіп отырады. Онда Лениннің ерте кетуін айтып қайғырумен қатар, көсемге деген махаббат, шексіз сүю, құрмет әуендерімен ән толы.

1925 жылы Кененнің басына үлкен бір қайғының қара бұлты төнеді.

Кенен әдетінше ел аралап, өлең айтып жүріп, қайтып келгенде, оның Базар, Назар деген екі ұлы бірден қайтыс болыпты. Мейірімді әкені бұл жағдай қатты күйіндіреді. Кененнің бұл трагедиясын естіп, көршілес қырғыздың бір топ адамдары, ақындары келіп, оған өлеңмен көңіл айтады. Мұндай екі бауырлас халықтың бірдей азаматтарының қайғыға ортақ болуы Кененнің болған іске болаттан да берік болуы керек екенін ескертеді. Кенен сүйікті бағландарына арнап, кейін «Базар-Назар» атанып кеткен, қайғы-шерге толы, шын жүректі тербеп, түкпірінен шыққан үлкен туындысын жарыққа шығарады.

Зарланайын-ақ ешкі лағыңа,
Емшегіңнен емізген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып зарланайық,
Жетер ме екен Құдайдың құлағына.
Жалған дүние,
Салдың күйге
Жүрегімнен үзіліп түсті
Екі түйме.
Базарым-ай, Назарым-ай!

– деп ақын ұзақ күндер жылап жатып алады. Тек, жоғарыда айтқандай, екі елдің адамдары келіп, жұбатып, Кененнің басын көтертеді. «Базар-Назардың» сөзі қандай болса, әні одан да өткір тыңдағаныңда сай-сүйегіңді сырқыратады, ақынның сол мезгілдегі ауыр қайғысына ортақтастырады.

Кенен сүйікті балаларының қазасынан кейін бірқатар уақыт ауыр уайымда жүреді. Қалай дегенмен де екі ұлдың бірдей қаза табуы оңай болмайды. Бірақ халқы сүйген Кенен, тағы да ел аралап, жаңа өлеңдер, әндер шығарып, өзінің рухани қаруын үшкірлей береді. 1933 жылы Алматыда республиканың колхоз екпінділерінің бірінші съезінде болып онда өзінің осы топқа арнаған «Колхоз әні» деген шығармасын естіртеді. Бұл жылдарда да Кенен, бұрынғысындай қайда жүрсе де өлеңі, әні арқылы партияның кезекті қаулыларын үгіттейді, халықты социалистік құрылыстың қызу еңбегіне, ауыл шаруашылығы ерлерін мол дән, мал өнімін алу жұмысына шақырады.

Кенен республиканың қандай тарихи оқиғалары, жиындары болса, соның ортасында жүрді. 1936 жылы Москва қаласында болған өнер онкүндігіне қатысты. Онда Кенен өзінің «Ленин мавзолейі» деген әнін шығарды. Жамбыл бастаған ақындар тобымен Москваға барғанда үлкен абыроймен қайтты.

Кенен Ұлы Отан соғысы кезінде өзінің өлеңі, әні арқылы Отанның жеңуіне үлкен күш қосты. Ол «Біздің Отан жеңеді», «Елімнің ерке жастары» сияқты үлкен патриоттық әндер шығарды. Кененнің бұл әндері майданда да, тылда да орындалып жүрді. Кененнің өзі де ел аралап, біздің қарулы

күшіміздің неміс басқыншыларын жеңіп шығатынын уағыздап, халықтың партияның айналасында топталып, қарулы күштерімізге қолдан келген жәрдемдерін үзбей беріп отыруына шақырды.

Соғыс бітіп, біз жауды жеңгеннен кейін Кенен «Ел қуанышы» деп аталатын біздің ұлы жеңісімізге арналған жарқын қуаныш әнін шығарды. Онда шексіз шаттық, үлкен елдің жүрегінің соғуы бар.

Кененнің негізгі тақырыбы – біздің заман. Ол осы майданда үзбестен шығармалар беріп келді. Қандай жаңа оқиға болса да Кенен оны әнде, өлеңде халық арасына үгіттеуде республика композиторларының ішінде бірінші орынның бірін алады. Кененнің: «Жайнады тыңым», «Жас малшылар әні», «Қазақстан», «Бейбітшілік жыры», «Партияға алғыс», «Күләшқа», «Батыр Москва» (астананың 800 жылдық тойына барғанда шығарған) деген әндері тек тақырыбы жағынан алғанның өзінде де совет топырағында болып жатқан үлкен оқиғаларды қамтиды.

Кенен совет әдебиетінің 1949 жылы Москвада болған онкүндігінде, 1958 жылы болған Москвадағы әдебиет пен өнердің онкүндігінде, ауылшаруашылығы көрмелерінде үнемі болып жүрді. Ол 1960 жылы Москва қаласында өткен бүкіл жержүзілік шығыс зерттеу конгресінде болып, онда өлеңмен өзінің сөзін айтты. Қазақ халқының совет тұсында бұрынғыдан да қомақты, жаңа сапада өркендеп келе жатқан ақындық-әншілік өнерінің озат үлгісін көрсетті.

Кенен тек өзінің туып-өскен жерінде бола бермей, өлеңмен, әнмен Қарағандының көміршілерінің, Балқаштың мыс-мырышшыларының, Шымкенттің қорғасыншыларының, мақташыларының, Каспийдің балықшыларының, Гурьевтің мұнайшыларының, Қызылорданың егіншілерінің араларында болып, совет халқының шаруашылықта, мәдениеттегі жетістіктерін уағыздады. Ол туысқан қырғыз елін үнемі аралап тұрады.

Кененнің репертуары кең. Онда әндерден, өлеңдерден басқа қазақтың «Қобыландысы», қырғыздың «Манасы», түрікпеннің «Көрұғлы» сияқты үлкен эпикалық дастандар бар. Оның үстіне революциядан бұрын Кененнің Балуан Шолақ Жетісуға келгенде, онымен бірге көп жылдар жүруі, одан көптеген арқаның әндерін үйренуі, Кененнің ән қорын байытты, ал Жамбылдан тараған ақындық дәстүр Кененнің жанынан жастайынан-ақ орын алған. Кенен халық ақыны, әнші Шашубаймен де жақын дос болды. Онымен де өнер жағынан кең түрде «алыс-берісі» болды. Бұл жағдай да Кененнің репертуар шеңберінің кең болуына себептің бірі болды.

Кенен 1961 жылы Алматыда М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұйымдастырған ақындар айтысына қатысып, онда ақын Өтеғалиева Халимамен қағысты. Кенен өзінің Халимаға айтар сөзін:

Батырым Компартия жол бастаған,
Бұлжытпай нұсқауларын ел қостаған.
Ақ отау Отан тіккен орда мынау,
Отанның ақынымын ойқастаған,

– деп бастаса,

Сен бе едің Қордайдағы ақын Кенен,
Құлағым «Кенен» десе елеңдеген.
Түсімде үш ұйықтасам бар ма менің,
Кенеке, қатарыңа келем деген,

– деп өлеңдете келіп, аяғында Кененге сөз тастап:

Ішінен осынша жұрт мені қалап,
Отырмын мен де сізді ерге балап.
Әркімнің өз қатары өзіне алтын,
Мен үшін жас жігітсің жаңа талап,

– дегеніне Кенен өзінің ежелгі қалжыңқойлығына басып және отырған жұрттың көңілін бір көтеріп қояйын деп:

Өлеңің, Халимажан, қандай тәтті,
Қартайған жүрегімнің шамын жақты.
Дөңбекшіп төсек жайын айта кеттің,
Болсыншы сол уәдеміз енді нақты.
Сөз табылса айтайын,
Қуатыңды байқайын.
Жұмыртқа бол Халима,

Бауырымда шайқайын, – деп, айтысқа қатысқандардың бәрін бір күлдіріп қойды. Бұл әлі күнге Кененнің өлең-әнінің сарқылмас қоры барын, әлі де өнер даңқын арттыруда күшінің көп екендігін сипаттайды.

Кенен әндерінің ерте уақыттан бері белгілі болуының айғағы А.Затаевичтің жинақтарында Кенен әндерінің жүруі. Ол өзі көрмесе де, Кененнің ақын-әнші екенін кітабының түсінік сөзінде жазып кеткен. Кенен әндерін композиторлар Л.Хамиди, С.Шабельский 1934 жылы нотаға түсірді. А.Затаевич жазуындағы әнді композитор Е.Брусилковский өзінің «Қыз Жібек» операсында пайдаланды. Ол ән сөзсіз Балуан Шолақтың ықпалымен шыққан сияқты. Арқауында Арқа әндерінің «тіні» көрініп-ақ тұр. Салған жерден әннің шалқуы осы жәйді көрсетеді. Кененнің әндерін көп жиған адам Б.Ерзакович. Ол Кененнен 150-ден астам ән жазып алса керек. Кенен творчествосы осы әңгіменің контекстінде айтылғандай, халық тұрмысы, еңбекшілер арманымен байланысты. Ал совет тұсындағы шығармаларының бәрі де – Ұлы Партияның саясатын өнер тілімен үгіттейді. Кенен шын мәнісінде прогрессивті, озық ойлы өнер иесі. Ол елуінші жылдарда ұзақ уақыт төсек тартып ауырып тұрды. Соның өзінде де Кенен ешуақытта творчестволық шабытын, өзінің жақсы көретін, ардақтайтын совет шындығын жырлауын тоқтатқан емес.

1959 жылы Кененнің 75 жасқа толу салтанаты өтті. «Той десе қу бас домалайды» дегендей, Алматыдан, Жамбылдан, басқа қалалардан, көршілес қырғыздан көптеген адамдар жиналды. Ол күні Кенен бұрынғысынан да жасарып үнемі жаңа бір әуендерге құрылған шығармалар айтумен болды.

Сонымен қатар, жандылықты көркем ізсіз қалдырмайтын ақын, өзінің осы бір кезеңіне, асуына арнап «Жетпіс бес» деген жаңа әнін айтып берді. Кененнің тойы ұлтаралық достықтың, сарқылмас өнердің салтанаты болды. Бір кезде байдың қойын бағып, анадан ерте айырылып, аспандағы бозторғаймен мұңдасып, тағдырға налып жүрген Кенен, енді міне, совет халқының ардақты адамының, суреткерінің бірі. Ол әлі де творчестволық қажырында, әлі де бір емес, бірнеше «шабары» бар тарлан. Ол әлі де совет адамдарының ұлы коммунизм құру жолындағы талай-талай ерлік істерін жырлайды, талай өнер бәйгесіне де түсіп, талай жүлдені алатын қарт.

*Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары»,
Алматы, Жазуғы, 1967*

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ

ЭПОС САРЫНЫ

Әнші, композитор, жыршы, ақын Кенен Әзірбаевтың өмірі мен творчествосы фольклористер қызығып зерттерлік аса сирек құбылыстың бірі. Бір басына осыншама өнер қонған және сол өнердің әр саласында елеулі іс қалдырған адам кешегі сахараның ұлы дарындары Біржанның, Ақанның, Мұхиттың, Балуан Шолақтың, Әсеттің шын мұрагері, әмбебап өнерпаздардың соңғы бірегей өкіліндей әсер қалдырады. Халықтық өнерді бір саласында қызмет етіп, артына жақсы дәстүр қалдырғандар еңбегі де бағалы. Ал «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерпаздың орны мен тағлымы, әрине, өзгеше. Біз К.Әзірбаевтың азырақ сөз болып келген творчестволық саласы – жыршылық репертуары, айтқыштығы туралы сөз қозғаймыз. Мақсат жыршының ұзақ өмірінде айтқан жырларын тізіп тексеріп, олардың саны мен сапасын, идеясы мен мазмұнын ашу емес, оның жырлаған шығармаларының өзгелерге ұқсамайтын кейбір ерекшеліктеріне көңіл аудару. Кененнің жыршылығы деген өз алдына тексеруге тұрарлық сала деп білемін. Біздің мақаламыздың нысанасы осы салада кейбір байқаулар жүргізу, мәселені күн тәртібіне қою ғана.

К.Әзірбаевтың туғанына тоқсан жыл толуына байланысты шыққан «Алатау шыңы» (1974, «Жазушы» баспасы) жинағына енген көлемді шығармалары ішінен екі жыр өзіндік тақырыптық, мазмұндық сипатымен оқшау көзге түседі. Олар: «Төкетай мен Мәнікер», «Ер Төстік» жырлары. Бұлардың алғашқысында қырғыздың «Манас» эпопеясында кездесетін эпикалық қаһармандардың аты аталады, соңғысында халқымызға кеңінен таныс «Ер Төстік» ертегісі сөз болады. Міне, осы екі шығарма К.Әзірбаевтың жыршылық өнерінің мазмұны туралы әңгіме көтеруге дәлел бергендей. «Төкетай мен Мәнікер» (көлемі 1000 жолдай) жырының мазмұны өзге қазақ жырларынан бөлек. Бұл тұста оның үш ерекшелігін атап көрсеткіміз келеді. Біріншіден, мұнда әрекет ететін қаһармандар қазақ пен қырғыз еліне ортақ кісілер, Манас

батыр дәуірінің адамдары (Көкетай, Ер Қосай, Әлмембет, Ер Көкше, т.б.), екіншіден, балаларына қыз іздеп, «Күнбатыста Ақжелек, Күншығыста Көкжелек» елдерінің арасын кезетін Төкетайдың жолы Ертістен Қырымға дейінгі жерлерді мекендеген бір замандағы Алтын Орда империясының аймағын қамтиды, үшіншіден, жырда ертегінің әйгілі қаһарманы Ер Төстік Қырым елінің батыры ретінде көрінеді. Осы айтылғандардың өзі, «Төкетай мен Мәнікердің» арнап зерттеуге тұрарлық екенін аңғартса керек. Жанрлық жағынан алып қарағанда мұнда батырлық эпостың да, тарихи жырдың да, ертегінің де элементтері араласып келіп отырады. Бір тараптан қарағанда «Төкетай мен Мәнікер» ертедегі бірнеше жырдың сарынынан құралған туынды секілді. Кітапта бұл жыр аяқталмай қалған үзінді ретінде ғана берілгендігі оның генезистік немесе жанрлық сипаты туралы тұжырым жасауды қиындатады. Сондықтан, әңгіме жырдың дәл кітаптағы нұсқасы және оның кейбір көңіл аударатын елеулі тұстары туралы ғана болмақ.

Енді жырдың мазмұндық желісіне келейік. Жыр басындағы «Манас батыр тұсында, Көкетай деген хан болған» (333-бет) деген жолдар өткен дәуірден бірден эпикалық тұжырымдылықпен хабар береді. Мұнан кейін сол кездегі елеулі адамдар ескертіледі. Ағайынды Көкетай мен Төкетайдың екі ұлына сай келетін қалыңдық қырғыз бен қазақтан табылмай, Төкетай Мәнікер атқа мініп шығыс пен батысты кезеді, Қырымға дейін жол шегеді, ақырында Қырымға, Ақжелек ханның еліне жетіп, сол жерден лайықты қыздар табады. Бірақ Қырымның батыры Ер Төстік қызғаншақтық, әділетсіздік жасап, жалғыз жүрген Төкетайды өлтіреді. Төкетайдың дүлдүл аты Мәнікер иесін «арқасына салып» алып жаудан құтылып кетеді. Мәнікер аттың жырдағы шабысы, иесі мерт болғандағы әрекеті оның эпикалық бейнесін толықтыра түседі. Қазақтың әйгілі жырларындағы Байшұбар, Тайбурыл, Тарлан ат, Қарақасқа ат секілді Мәнікер де халықтың бай қиялынан көркемделіп сомдалған тұлға екенін көреміз.

Жырда қазақ, қырғыз фольклорында кездесетін эпикалық қаһармандардың араласып жүруі өте көңіл бөлерлік құбылыс. Қазақ жырларының кейбіреулерінде («Ерсайын», т.б.) өзге эпостың кейіпкерлері қатысып отыратын. Мына тұста «Манас» жырының қаһарманы Көкетай ханның қазақ, қырғызға бірдей хан болып көрінуі де, оның інісі Төкетайдың Жетісудан Қырымға дейінгі жерді еркін аралап жүруі де белгілі тарихи кезеңдердің шындығын елестетеді. Бұл өлкеде ежелден тілі, тегі, тарихы жақын халықтар өмір сүріп келгені мәлім. Жырды айтушының осы регионның өзен, көл, шаһар аттарын және олардың географиялық межесі нақтылы білетіндігі таң қалдырады. Мүмкін бұл көне жырға совет заманының ақыны Кененнің өз қоспасы болар.

Бірақ К.Әзірбаев Таластан Қырымға дейінгі аралықтың жер аттарын дәлдікпен беруге еңбек сіңіргенімен, жырдың түп негізін мүлде өзгертіп жіберген деуге дәлел жоқ. Жырдың түпкілікті оқиғасы мен қатысатын кейіпкерлері ертеден солай айтылып келе жатқаны кәміл. Бұл арадан біз эпостың эволюциясын аңғартарлық аса қызғылықты өзгерістің

куәсі болып отырмыз. Осы аталған кең атыраптың халықтары тарихтың көп кезеңдерінде түрлі хандықтар қарауында, бір-бірінен оқшау өмір кешкенін білеміз. Бірақ, олардың өзара қарым-қатынасы ешқашан да тоқталмағанын, Қытайдан Қырымға дейінгі алқаптың елдері замандар бойында өзара туыстығын ұмытпай, құдандалы, бауырлас болып келгенін мына жыр өз тарапынан куәландырады. Мұның өзі қазақ, қырғыз, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары тек Алтын Орда секілді ұлан ғайыр мемлекет құрамында болған кезде ғана емес одан бұрын да, кейін де белгілі дәрежеде экономикалық мәдени байланыста болғанын дәлелдей түседі. Мәнікер аттың шабысы Тайбурылдың жүрісін еске салады.

Сырдан өтті сырғытып,
Шудан өтті шүйілтіп,
Іледен өтті ырғытып,
Ылди-өрден орғытып,
Қараталдан қарғытып,
Ақсудан өтті аттатып,
Көксудан өтті көсілтіп,
Ертістен өтті есілтіп,
Есіл менен Нұрадан
Іңірде өтті ыршытып,
Сарыарқаны аралап,
Сан сұлуды саралап,
Көкшетауды көктеді,
Көз жұмғанша өткені.

Эпикалық кейіпкерлердің бірсыпырасы жырда аталуы терең мәні бар көрініс. Рас, жырда олардың іс-әрекеті айтылмайды. Бірақ, бұл арада мәселе жырды алғашқы жаратушының түркі халықтарының бірсыпыра батырын бір дәуірде жиып көрсетуінің себебін анықтауда. Қалай болған күнде де біз бұдан қазақ, қырғыз эпосының қаһармандары тек осы екі елге ғана емес, өзге халықтарға да ортақ батырлар болып танылғанын көреміз. «Алпамыс», «Қобыланды», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Едіге» жырларының көп халықтардың ауыз әдебиетінде сақталғанын біз бұрыннан білетінбіз. Солардың қатарында қырғыз-қазақ эпосының ортақ кейіпкерлерінің де тұратынын көреміз. Демек, «Төкетай мен Мәнікер» түркі халықтарының эпосындағы ұқсастықтар тарихын, олардың идеялық-көркемдік табиғатын кең көлемде, салыстыра қарау керектігіне тағы да бір нақтылы дәлелдеме береді.

«Төкетай мен Мәнікерде» Ер Көкше, Ер Қосай, Әлмембет, Келмембет аттары аталуы кездейсоқ деп қарауға болмайды. Мұндай сарын, түрлі халық өкілдерінің достасып, белгілі бір мақсат жолында бірлесіп әрекет ететіні «Манас» жырында да лайықты орын алғаны белгілі. Жалғыз «Манас» емес, қырғыздың басқа жырларын қарасақ та, көптеген ұқсас сарындар мен оқиғалар кездесіп отырады. Қазақтың «Ер Қосай» жыры мен «Манас», «Манас» пен «Төкетай мен Мәнікер» арасында қандай байланыс бар? Бұл және басқа сұрауларға тек арнаулы зерттеулер нәтижесінде

ғана жауап беруге болады. Сол үшін қазақ-қырғыз эпосының өзара ұқсас тақырыптарын арнайы тексеретін уақыт жетті деп білеміз. Әлбетте кең, терең мағынасындағы типологиялық зерттеу тек бірнеше жыр тексін салыстырумен ғана шегерілмесе керек. Кейде салыстырулар тиісті, қажет деректер бермеуі мүмкін. Сол үшін эпос зерттеу ісіне тарихтың, археологияның, этнографияның, тілдің, музыканың материалдарын да тиісті дәрежеде пайдаланып отыру абзал. Фольклористер кейде Манас, Алып Манаш, Алпамыс деген атаулардың бір тектен шығуы мүмкіндігін де ескертіп жүр. Жеке жырлар, олардың идеялық-көркемдік дәрежесі, жанры, текстологиясы жөнінде еңбектер керектігін түсінеміз. Бірақ эпос тарихының генезисін, даму ерекшеліктерін, типін, поэтикасын ғылыми негізде зерттеп, үлкен қорытындылар жасау үшін түркі-монғол ауыз әдебиетінің, соның ішінде эпосының табиғатын қарастыруға бармай болмайды. Ежелден Байқал мен Балқан аралығын жайлаған түркі елдері фольклорының байлығы сонда ғана танылмақ.

«Төкетай мен Мәнікер» жырындағы қаһарманның бірі – Ер Төстік дедік. Бұл ертегінің кейіпкері Ер Төстікпен негізі бір екені анық. Мұнда ол Елеместің (ертедегі Естеместің емес) отыз ұлының кенжесі, мұның да жүйрік аты Шалқұйрық деп аталады. Жырдың аңғарына қарағанда, Ер Төстік Қырым ханы Ақжелекке бағынғысы келмейтін, елді өзі билеуге ұмтылатын адам. Жетісудан барған, Ақжелек ханмен тіл тапқан жалғыз жолаушы, жеке батыр Төкетайды өлтіртіп жіберуі – Ер Төстіктің айбаты мен қайраты ханнан да жоғары екенін сездіреді. «Төкетай мен Мәнікер» жырының тарихи негізі қаншалық екенін тексеру өз алдына жеке мәселе. Дегенмен, мұнда тарихи оқиғалардың жаңғырығы бар деп топшылауға болады. Алтын Орда дәуірінде сол ұлан-байтақ ұлысты жайлап жатқан елдердің жергілікті өз билеушілері болғаны, олар өзара дауласып, соқтығысып отырғаны белгілі. Кейде ондай билеушілер хандардың айтқанына көнбейтін азулы батырлар мен ру басылар болатын. Бұған тарихтан аты мәлім Ноғай, Мамай, Едігелерді мысалға келтірсек те болады. Эпоста жол-жөнекей ескертілген жайлардың тасасында халықтың тарихи тәжірибесі мен естелігі, түрлі оқиғаларға көзқарасы мен бағасы жататынын мойындасақ, «Төкетай мен Мәнікердің» де өткен замандардың әлеуметтік қайшылығынан өз дәрежесінде көркемдік хабар бере алатындығын көреміз.

Сөз реті келгенде айта кетейік, қырғыз халқында «Ер Төстік» атты көлемді жыр бар. Сол жырмен қазақ ертегісін немесе Жетісу жерінде айтылып келген «Ер Төстік» жырын салыстырып қарап өту де бір қажетті жұмыс болар еді. Түркі-монғол халықтарының эпосын бірлікте, өзара байланыста қарайтын үлкен жинақтау, көрші халықтар ауыз әдебиетінің байланысын жанр-жанр бойынша тексеретін түбегейлі монографиялар қажет екені де өзінен-өзі түсінікті.

«Төкетай мен Мәнікер» өзінің құрылысы, поэтикасы жағынан қазақ эпосының дәстүрлі үлгісі негізінде жасалғанын көреміз. Мұндағы батыр мен оның мінген аты да эпостық жырлардың сарынын сақтайды, қаһармандардың диалогтары да дағдылы жыр кестесінен алшақ кетпейді. Мәселен, Талас жерінен Қырымға Ақжелек ханға келіп, сәлемдескен Төкетай былай сөйлейді:

...Қызы сұлу Қырым деп
Қызыққаннан мен келдім.
Ұлы сұлу Үрім деп
Ұзақ жолдан мен келдім.
Рудан мойны озған деп
Өзіңді іздеп мен келдім.
Көкетай ханның інісі.
Төкетай сал мен едім.
Екеуімізде екі ұл бар
Арттан ерген өренім,
Елден асқан сұлу қыз
Өперейін деп едім.

Жырда Қырым хандығының ішіндегі өзара ала ауыздықты, хандық тақтың өлсірегенін аңғартатын өте дәл детальдар кездеседі. Ақжелек ханның өз ішіндегі мән-жайды тақпақтап айтуынан көп шындық аңғарылады.

Хан – мұнара болады,
Халық – дұғадар болады.
Хан – қайық болады,
Халық – теңіз болады.

Әдетте қазақтың эпикалық жырының қаһарманы – идеалдық қаһарман болатын. Олар қанша қиыншылыққа кездессе де, кедергіге кідірмей, түбінде мұратына жететін. «Төкетай мен Мәнікерде» Төкетай Ер Төстік қолынан өледі. Мұның өзі жырдың кейініректе туған «кенже эпостар» қатарына қосылатынын анықтайды. «Кенже эпостарда» эпикалық, тарихи, тұрмыстық жырлар сипаттары аралас келетін. «Төкетай мен Мәнікердің» бас идеясы тұрмыстық сарын болып келуі де мұны дәлелдей түседі. Мұнда негізгі мәселе батырлардың Отан үшін ерлігін көрсетуге емес, түркі халықтарының екі ханы Көкетай мен Ақжелек елінің арасындағы дәстүрлі құдандалық қарым-қатынастары төңірегінде құралған.

Жырдың тілдік кестесі көркем. Оның кейбір тұстары эпосымыздың ең таңдаулы жолдарын еске салады. «Төкетай мен Мәнікердің» талай жыршының аузымен айтылғаны, табиғи екшелу, жетілу жолынан өткені аңғарылады. Мұнда терең ойларды тұжырымдап, қанатты нақыл сөздей қалыптастырған шумақтар аз емес.

Батыр болар жігіттің
Аты кетер руға,
Тұлпар болар жылқының
Тұлғасы тұрар құлында.

Немесе:

Боз торғайға бақ қонса,
Бидайық, қыран бағынар.
Шымшық құсқа бақ қонса,
Самырық келіп жағынар,

– деген қатарлар осы ойымызды дәйектей алса керек.

К.Әзірбаев аңыз, ертегі негізінде «Ер Төстік» жырын да айтып келген. Бұл жырда халықтың көне дәуірдегі мифологиялық түсініктерін әйгілейтін деректер бар. Мәселен, үш қат әлем-жер, жердің асты, көк туралы ұғым бұл жырда анық байқалады. Жер бетінің тұрғыны Ер Төстік жер астына түсіп, көп тосын оқиғаларға душар болады.

Тағы да бір ескертерлігі, Ер Төстік жырда жер астына «ажалдан қашып» түскен болып суреттеледі. Бұл арадан Қорқытқа байланысты аңыздардың идеясы елес береді. Жер астындағы елдің ақсақалына Ер Төстік былай дейді:

Мен өзім Елеместің еркесі едім,
Бір қыз бен отыз ұлдың кенжесі едім.
Өлмек бар жер үстінде тірілмек жоқ,
Сол үшін жер астына келіп едім.

Өкінішке қарай бұл идея бұдан әрі өрбітілмей, келте қайрылған. Көп ұзамай Ер Төстік жер үстіндегі елін, үйін сағынып, отанына қайтуды армандайды. Мұны жер бетіне алып шығушы алыпқара деген құс болады. Төстіктің жер үстіне шығу әрекеті, алыпқараның балапандарын аман сақтап қалуы, құстың қанатына отырып жерге көтерілуі ертегідегімен қарайлас.

Сонымен, «Ер Төстік» жырының үзіндісінен де кейбір соны мәселелер ұштығын аңғарамыз. Түбінде К.Әзірбаевтың бұл жырын да толық қалпында жарыққа шығару қажет болады.

Біз К.Әзірбаевтың мол мұрасы ішінен үзінді түрінде берілген екі жырына ғана тоқталдық. Бұл жырлардың тегі, табиғаты, орындалу мәнері жөнінде толық тексерулер алдағы кезде болар деп сенеміз. Біздің назарымызды ерекше аударған – бұл жырлардың қазақ эпосын өзге түркі халықтарының, әсіресе, іргелес қырғыз халқының эпикалық дастандары әлемімен байланыстыратын жанды сарындардың, терең тамырлардың молдығы. Болашақта түркі-монғол халықтарының ауыз әдебиетін салыстыра зерттеу фольклористикасының өзекті мәселелерінің бірі екенін есте тұтсақ, сол проблеманы түрлі тарапта көтере бастау қажеттігіне ден қоямыз. Үлкен ғылыми қорытындылар қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ, алтай, өзбек, түрікмен, башқұрт, құмық секілді тілі мен тегі жақын халықтар эпосының материалын түп нұсқадан нақтылы зерттеу барысында ғана тұмақ. Бұл салада фольклористердің күшін біріктіретін, қажетті проблемаларды бірлесе, ақылдаса отырып шешетін талқылаулардың, кездесулердің көп керек болатыны да белгілі.

*Халық поэзиясы және бүгінгі өмір.
Алматы, 1976, «Ғылым», 68-83-б.*

ТАС БҰЛАҚТАЙ ТАЗА ӨНЕР

Ұлттық өнер, оның ішінде халық творчествосы бөлшектеуге келмейтін, уақыт пен табиғаттың, ел мен мекеннің өзі тұлғалаған алтын ескерткіш қой.

Мұнан туатын ой мынау: яки, Кенен Әзірбаев Жетісу өңірі шеңберімен шектеліп қалған әнші-композитор емес, себебі Кенекең ұстанған өнердің өзегі әріде, тамыры тереңде; дәлірек айтар болсақ, уақыттың өзі тұлғалады деген жаңағы алтын ескерткіштің тұғырынан бой көтеріп тұр.

Кенекең, біріншіден – қазақ топырағында ықылым замандардан келе жатқан халық творчествосын өткен дәуірден бүгінгі кезеңге дейін ұластырушылардың бірі. «Сегіз қырлы, бір сырлы» сал-серілердің соңғы тұяғы іспетті. Және сол көштің ауыр жүгін арқалаушы. Кенен әндерінің саңқылдаған сарыны сонау VIII-IX ғасырда өткен Қорқыт баба қобызының еңкілдеген, еңіреген әуеніне барып қосылып жатқандай да болып көрінеді.

Кенекең беріде екі бірдей одақтың, СССР Жазушылар одағы мен СССР Композиторлар одағының мүшелігіне үлкен құрметпен қабылданғанымен, ол нағыз халық ақыны, нағыз халық композиторы. Халықтың бел ортасынан шыққан әрі халық музыкасының сыр-сипатын терең сезініп, оны өз ән-жырына творчестволықпен шебер сіңіре білген өнерпаз. «Екі Кенен тумайды, Алатауға ексең де», – деп өзі айтпақшы, Кенекең қазақ топырағында қайталанбайтын құбылыс.

Біздің көбіміз Кенекеңнің «Көкшолақ», «Бозторғай» сияқты әндерінің мазмұнын тура қабылдап, Ұлы Октябрь революциясы жеңіске жеткенше оны қой соңында біржола маталып қалғандай көреміз. Шындығында ақын Кенен, әнші Кенен, күйші Кенен сал-сері Кенен сол кертартпа заманның өзінде өз өнерінің еркіндігін жүрген ортасынан тартып ала алған. Бұл еркіндік оның би-болыстарға жандайшаптығынан туған кеңшілік емес, елдің өнерге деген орнықты құрметінен, өнерліні сыйлау салтынан келіп шыққан. Немесе, Кенекең де, Кенекеңе дейін де өмірден баз кешіп өткен қаншама сал-серілер де әдетте бай-шонжарлардың суын ішіп, отын оттамаған. Нағыз өнерлінің орақ тілі мен отты аузынан төгілген өлең-жыр уыты қай заманда, қай кезеңде болмасын, «тұл-жетімдердің» еншісіне тиген. Сондықтан да «Ел салдықты мін көреді, серілікті жын көреді» деген жаңсақ пікір сол бай-шонжарлардан қалған сөз. Яки, сал да, сері де жарлы мен кембағалдардың жырттысын жыртып, жанын жадыратушылар. Сал-серілер өнерінің жалпы халықтың сипат алу себебі де осы қасиетінен, көпшілдігінен, өмір сүйгіштігінен.

Сал-серілерге тән өмір сүйгіштік, көпшіл қасиет Кенекеңнің өнерінен де тебіндеп тұратын. Ол – алғашқы әні «Бозторғайдан» бастап, кейінгі әндерінің бірі «Тыңға сапарға» шейін ұласып жатыр.

Қазір Кенекеңнің бізге 120 әні, 11 күйі белгілі. Әрине, бұл ән-күйлердің ішінде өз уақытында өз жүгін көтеріп, қазір өнер сұранымы үшін тек деректемелік мәнге көшкендері де бар шығар. Мейлі, соншама

дүниенің ішінара қайсыбірі кезеңдік ғана шығармалар болған күнде де, ол туындыларды бір ғана сипатының өзімен-ақ бүгінгі творчестволық жастарымызға үлгі-өнеге етуге болады. Өйткені, тағы да қайталап айтамын, ол ән-күйлер уақыт талабын кезінде қара нардай қайыспай көтере алған айтулы туындылар еді.

Кенекең қалың бұқараның қақ ортасынан шыққан нағыз халық композиторы дедік. Олай дейтініміз – Кенен өнерінің қыр-сыры халық творчествосымен біте қайнасып жатыр. Меніңше, халық творчествосынсыз ұлттық өнерімізді толық тұрпаты қалпында танып білу, елестету мүмкін емес. Сондықтан халық творчествосының барлық түрінің кең етек алуына дер кезінде мүмкіндік жасап отыруымыз керек.

Өз басым, Кенекең қарайлас аға буынды әманда мақтаныш етемін, ұстаз тұтамын. Олар Советтік Отанымыздың нағыз жыршысы болды.

Олар – партия ісіне жан-тәнімен берілген, оның халық ішіндегі сенімді өкілі, шынайы насихатшысы еді. Партиямыз бен үкіметіміздің әр кезеңдерде алға қойған саясатын шын мәнінде терең түсінетін. Оған дер кезінде үн қосып, жалпы бұқаралық сипат беріп отыратын. Мұны Кенекеңнің «Октябрь», «Ленин бабам», «Колхоз әні», «Біздің Отан жеңеді», «Жас малшылар әні», «Қазақстан», «Батыр Москва» және тағы басқаша болып түрлене беретін тақырыбынан-ақ айқын байқай аласыз.

Күні кеше Кенекеңнің Қазақстан композиторларының үшінші және төртінші съезін суырып салып, тақпақтап өлеңмен ашқанын көрген болатынбыз.

Осы орайда, Кенекең тағы да еріксіз еске түседі. Композиторлар одағы 1939 жылы Кенекеңді Москваға «Мелодистер» курсына жіберіпті. Сол кездің өзінде Кенекеңнің 56-ға келген кезі екен. Кенекеңнің осы бір жаны жайсаң өмір сүйгіштік мінез ерекшелігі өз творчествосынан да көрініс береді.

Соған қарағанда Кенекең табиғатында сезімтал, сергек кісі болса керек. Өз басым Кенекеңнің осы көзі ашық көрегендік қасиетін ән-күй творчествосы арқылы сезінемін. Мысалы, бір ғана «Тыңға сапар» әнін дер кезінде жазуының өзі неге тұрады. «Бейбітшілік жыры», «Елімнің ерке жастары», «Халықтан сансыз алғыс партияға», «Жайнады тыңым, жайнады» атты әндері де қырағы сергек көңілден шыққан, халыққа рух беретін, ел қуатына қуат қосатын, жасампаз жастарымызды еселі еңбекке, жеңімпаздық пен қаһармандыққа шақыратын әндер.

Кенекеңнің күйлерінде де өз қолтаңбасы, өзіндік өрнегі бар.

Кенекең композитор ғана емес, әнші де ғой. Ол өз әндерімен қатар, ел ішіне көп тараған «Жетісу», «Мәүкім сал» секілді әндерді ащылау болғанымен ашық тенор дауысымен жеріне жеткізе орындап жүрген. Халық творчествосын, оған қоса жаңа өмір, жаңа саясатты насихаттаған, «Көкшолақ» пен «Бозторғайды» айта жүріп коллективтендіруді жырлаған, жаңа өмір салтын әнге қосқан, атқа мініп белсеніп ел басқарған. Ұлы Отан соғысы жылдары өлеңмен батасын беріп, жастарды жеңіс сапарына аттандырған. Бір сөзбен тұжырымдағанда, ел игілігі үшін еселі еңбегін сіңірген, әрі сіңірген еңбегінің рахатын, заманының бақытын көрген кісі. Өнері өзінен кейінгі ұрпақ творчествосына айрықша ықпал еткен композитор.

Кенекең қай кезеңде болмасын өз өнерінің бағасын түсінген, өзі-өзі пір тұта білген, көңілі ханға бергісіз дархан өнерпаз болған. Қазақта Кенен сөзінің ұғымы шалқарлық пен дархандықты да білдіреді ғой. Ақсақалдың өнері мен көңілінің кең жазиралығы өз есімі секілді кенендікке келетін. Оның өмірі мен өнері бізден бұрын қаламы жүрдек жазушы ағайындардың туындыларында, музыка зерттеушілеріміздің еңбектерінде жазылған, әні мың сан рет қайта жазыла да бермек. Сондықтан біз екінің біріне мәлім жайттарды қайталап жазуды қажет деп таппадық. Қажетсінген оқырман тиісті жерлерден арнайы оқып алар. Мен тек Кенекеңнің композиторлық шеберлігіне қысқаша ғана тоқтала кетпекпін.

Кенекеңнің композиторлық творчествосын, оның ішінде «Бозторғайын» және «Көкшолағы» мен «Базар-Назарын» естімеген, оған бірде сүйсініп, езу тартпаған, бірде елжірей отырып, егілмеген қазақ және де табылмайды. «Бозторғай» тұнып тұрған зар ғана емес, онда келешектен бақыт пен бақ күткен асқақ арман да бар. Немесе, «Көкшолақта» құйрық-жалдан тұлдырсыз мініс аты тура мағынасында жадақ әңгімеленіп қалып қоймайды, кедей қолының қысқалығы, заманның мешеулігі астарлы уытпен әдемі мінеледі.

Сөз басында айтып өткеніміздей, Кенекең қазақ топырағында ықпалым замандардан келе жатқан халық творчествосын, халық творчествосы болғанда, профессионалды халық творчествосын өткен дәуірден бүгінгі кезеңге дейін ұластырған ақ иық өнерпаздарымыздың бірі. Кенекеңнің әндерінен қазақтың атадан мирас болған ертедегі «жоқтау», «сыңсу» секілді салт-жора әуенінің сарыны өзіндік жаңа бір қыр-сырымен ашылып жатады. Мысалы, Кенекеңнің «Базар-Назары» жоқтаудан бастау алатын, бертінірек Мұхиттың «Зәурешінен», тіпті Рамазан Елеубаевтың «Жас қазағынан» көрініс беретін дәстүрлі ұлттық музыка тілінің өрнегін сезінгендей боламыз. Осы сипат қазақтың ән өнерінен музыканың тұлғалы, тұрпаты түрлерінің бірі – аспаптық музыкаға дейін етек алған.

Кенекеңнің әндері жеке жинақ ретінде алғаш рет 1955 жылы және онан кейін әлденеше рет жерияланған болатын. Енді, міне, әнші-композитордың жүзге толу тойына «Өнер» баспасы елу әнін өнер сүйген халқымыздың игілігіне ұсынып отыр. Іргелі елдердің музыка тарихында халықтың өнерді қуаттау, дамыту дәстүрі бар. Осы жақсы дәстүрді жалғастыру ниетімен Кенекеңнің ізін қуған інілері композитордың осы басылымға енген әндерін өзіндік өрнек-нақышына нұқсан келтірмей үстінен қарап шықты. Әріптестеріміздің Кенекеңе сіңірген осы бір азынаулақ еңбегін олардың Әзірбаев творчествосына деген сый-құрметі деп түсінемін.

Кенекең жүзді алқымдап барып өмірден өтті. Екі заманның бірдей куәгері болды. Бұл – композитордың адам, азамат тұрғысындағы өмірі. Оның ендігі өмірі – өнерінде. Кенекең өнерінің халықпен қатар, қоян-қолтық өмір сүріп келе жатқанына да ғасырға жуықтап қалды. Халық жүрегіне жақын өнер ғана осылайша келешекке қарай қанат қағып, ұзақ ғұмыр кеше бермек!

*«Қазақ әдебиеті»,
1984, 22 июнь*

ӘН МЕН ЖЫРДЫҢ КЕНЕНІ

Ұлы дүрмекте бәйге атындай ойқастаған, сөзбен кесте тоқыған зергерлердің үлкен бір тобы жұптарын жазбай, көктемде келген қаздай қатар түзеп, біздің советтік дәуірімізге жетті. Жыр алыбы Жамбыл бастаған халық ақындарының ішінде қолдарына домбыра, гармонын алып, табан астында өлеңді суырып салатын ақындардың ішінде неше алуан саңлақтары болған. Қазір туғанына 90 жыл толып, қарт бурадай бұрқанып отырған Кенен Әзірбаев ақсақалымыз халық поэзиясы көгіндегі ең жарық, ең жарқын жұлдыздардың бірі.

Кенен ақсақалды қазірде бүгінгі тірі Жамбыл деп атаушылар бар. Жамбылды да, Кененді де сүйгендіктен айтады. Кенен ақсақалдың Жамбылдың шәкірті болғаны рас, мұның да жыры ел ішінде қадірлі. Әйтсе де халық поэзиясы тарихында екеуінің де өз орындары айрықша. Қатар жанған екі жұлдыздың өз жарықтары бар, өз тарихтары бар.

Сондықтан да халық поэзиясында Жамбыл – Жамбыл, Кенен болып аталады. Ешкім Жамбыл бола алмайтыны сияқты, ешкім Кенен де бола бермейді. Өйткені Кенен қарттың өзі көтерер жүк оның бір басында аз емес. Кенен талай жыр төккен, сыр төккен жүйрік ақын. Ақын Кенен 90-ға келсе, тек сол ақындығы үшін оны құрметтеп, туған күнін атап өткен болар едік. Кенен – тамаша композитор. Оның «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақ», «Ой жайлау», т.б. көптеген әндері музыка өнері тарихында орны өзгеше. Ендеше, композитор Кенен 90-ға келсе, оның осы туған күнін құрметтеп, атап өткен болар едік. Осы екі үлкен қасиетінің үстіне, Кенен көмейінде күміс қоңырауы бар әнші де. Әнші Кенен 90-ға келсе, оның осы туған күні атаусыз кетпесіне де кепілдік берер едік. Міне, бір ғана Кенен Әзірбаевтың бойында ақындық, композиторлық, әншілік өнер тұтаса тоғысып, оны халық поэзиясы мен мәдениетінің жарық, жарқын жұлдыздарының біріне айналдырып отыр. Ақындығына композиторлығы, композиторлығына әншілігі ұштасып, үлкен өнер танытқан сонау Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Иманжүсіптер сияқты өнерпаздардың қазақ мәдениеті мен әдебиеті тарихында өз орындары бар. Бүгінгі біздің Кенен ақсақалымыз өне бойы өнерге толған сол салдар мен серілердің жолын ұстаған, айрықша талант иелерінің бірі. Осы бір өнер жолына ол жастай араласты.

*Жасымнан-ақ қиялшыл, ойшыл болдым,
Қарамай ат-тоныма тойшыл болдым,*

– дейді ақын. Тағы бір өлеңдерінде он жасынан қолына домбыра алып, суырып өлең айтып, ән салғанын айтады.

Кенен кедей болған. Оның әр жылдары жазған өлең, жыр, толғаулары, айтыстары мен дастандарында ақынның өз өмірбаяны қоса шертілгенін байқаймыз.

Жаямын бірде қозы, бірде қойды,
Іздемеймін шілдеhana, күнде тойды.
Болғанмен киім жаман, әнім тәуір,
Боламын жас өспірім ұзын бойлы,

– деп ақын 1897 жылы толғаған.

Жас өмірін жалшылықта, жоқшылықта, жетімдікпен өткізсе де, өнерінің арқасында Кенен ел қатарына ерте қосылады. Ақындықты ардақ тұтатын, әншілікті айрықша бағалайтын халық сұңғақ бойлы, ер мұрынды, қырғи тілді, қаз дауысты Кененге төрінен орын берген жас, балапан бүркіттей баулып, балақ жүнін түлетіп алтын ұясынан ұшырған.

Белгілі «Бозторғай» әнін Кенен 1895 жылы он бір жасында шығарған екен. Сол кез түгілі, бүгінгі күннің талабынан қарасақ та, ақынның өзі сияқты жалшы бала өмірін барынша шыншылдықпен және барынша тапқырлықпен, өлеңдік кестелік жүйемен, жүрекке әсер етер сезімімен жеткізіп бере білген ғой. Болашақ әнші, ақынның алысқа тартар жолы осы бір бала өлеңнің өзінен-ақ айқын көрініп тұр. Өлеңнің мазмұнына әсем әуені, сұлу ырғақты қайырмасы келіп қосылғанда бір жүрек, бір көңіл, бір демнен шыққан ой, сезім, сыр, әуен, ырғақ бөле жарылмай, тұтастық тауып, «айналасы теп-тегіс, жұмыр» шыққан. Бұл өлең сол кездің өзінде-ақ сырлас, мұңдас, тағдырлас жалшы-малшылардың арасына тарап, ақырында қалың қауымның сүйікті әніне айналып кетеді. Осындай қызық тағдыры бар, тапқырлығымен, өткірлігімен, шыншылдығы, сынағыштығымен ел аузында жиі айтылатын әннің бірі – «Көкшолақ». Кедейсің деп менсінбеген бай қызына жалбыр тонды қойшы бала жігіт әбден сілікпесі шыққан, жаман мәстегі Көкшолағымен жанаса келіп, табан аузында айтысқа шақыруы тек ақындық мінезді ғана танытса керек. Және ақын жігіттің мірдің оғындай өткір сөздері қыз қытығына тисе, титықтаған Көкшолаққа арнаған сөздер де ақынның өз тағдырына айтқан ащы әзілі, қатты қалжыңы.

Драмалық, тіпті комедиялық сипаты бар осы айтыс ән-өлеңнің ішкі мазмұны, сыртқы формасы да іштей қабысып, үлкен дарынды танытады. Осыдан кейін Кененнің ақын, әншілігіне жұрт қол соғып, ол жиын-тойдың қызығы, мәжілістің базары болып таныла береді.

Кенен ақсақал қазақтың сал-серілерінің дәстүрін сақтаумен қатар, ескіден келе жатқан ақындық, жыраулық дәстүрін, соның стильдік сипатын берік сақтаған ақындардың бірі. Атақты Жамбыл, Сарыбас, Шашубай сияқты жүйріктерді өзіне ұстаз тұтқан, солардың өнерпаздық үрдісіне бас иген. Сонымен бірге, іргелес отырған туысқан қырғыз халқының жырышыларымен де еркін араласқан, ақындар жиналатын мәжілістеріне үнемі шақырылып, достық, творчестволық байланысын үзбеген. Әсіресе, Тоқтағұл мен Қалмырзаның жырларына қатты сүйсініп, өзінің өнеріне нәр алып отырған. «Көкетай мен Мәнікер» дастанын ертеден жырлаған, онда қырғыз жырларының бояу-нақышы, сазы, ырғақ-екпіндері анық сезіледі.

Міне, қазақтың дәстүрлі поэзиясының аясында жырлап келген ақынның әр кез шығарған өлеңдері күнделікті тұрмыстық, тіршіліктік жағдай-

ды дидактикалық, публицистік сарында баяндайды, өзі куәсі болған елеулі оқиғалар, өз жүрегін толқытып, көңіліне қозғау салған құбылыстарға, ол үн қатпай қалған емес. Бұл, ең алдымен, оның азаматтық борышы саналғандай. Жеке бастық сезім, толғаныстар жалпы халықтық мәні бар ірі, мол құбылыстарға ұласып, жалғасып кетіп отырады. Еңбекші ел басындағы ауыртпалық ,1916 жылғы халық басында болған дүрбелең де ақын назарынан тыс қала алмаған. Содан кейін революция әкелген ұлы жаңалық, социалистік құрылыстың жетістіктері, Отан қорғау, достық-ынтымақтық, еңбекке көзқарас, жаңа заманға жарастықты мінез-құлық т.б. барлығы да ақын жырының негізгі өзегіне айналған. Ақын өлең жаза ма, айтысқа түсе ме, дастан шығара ма, осының барлығында да ол халық ақындарының дәстүрлі жырларының үлгілерін сақтай отырады, жырларының үгіттік-насихаттық маңызы, дидактикалық, публицистік сипаты үнемі басым болып келеді. Жақсылықты, жетістікті көре білген, оған көкірек аша қуана білген ақын, көңілге көлеңке түсірер жат мінез, жат қылықты байқағанда, ымырасыз айқасқа дайын, аямай бетке айтудан тайынбаған. Бұл да шын ақындық мінез. Уақыт талап еткен, халықтық мұрат қажет еткен істерге үн қату, өз көзқарасын таныту арқылы ақынның азаматтық сипаты анық көрінді дедік. Ал, сол мәселелерді қалай жырлай алды дегенге жауап іздесек, біз оның ақындық өнерінің қуатын, тегеурінін байқауға тиіспіз, шеберлігін тануға міндеттіміз.

Кенен ақынның ертеректе шығарған өлеңдері, жырлары, айтыстарында тез тұтанып, табан аузында тауып айтқыштық, ойды шашыратпай, жүйе-жүйесімен келтірушілік, сөздің өз орнын тауып, мағына көтергіштік сипаты айқын танылған-ды. Ондай жырларды ақын ертеде көп шығарған болса керек, бірақ, кезінде хатқа түспей біразы ұмытылып кеткен. Негізінен, ауыз әдебиеті дәстүрінде жырлаған ақынның ғасырлар бойғы қалыптасқан стильдік сипатты іштей байытсам деген талабы жеміссіз де емес.

«Шота тойына» арнаған толғауында Кенен жырдың дыбыстық үндестіктерін, лепті, сұраулы мағынаға толы суреттеу, бейнелеу ерекшеліктері де татымды, кәдімгі дәстүрлі жырдың жақсы, тартымды үлгісін танытады.

Балға дәулет ұстаға
Етікшіге біз дәулет,

– деп келетін шешендік, дидактикалық сапа ақын жырына жат емес. Мағынасыз ділмарлық емес, дәстүрлі бояу, нақыш, өрнек.

Дәстүр де қатып-сеніп қалған құбылыс емес. Ақын оны да жаңғыртады, жаңартады. Даңғыл жолға түсіп алып, қасқайып тарта беру ақынға да мұрат емес қиядан жол іздейді, қиыннан сөз қиюын табады.

Көп көрген ақсақалым – Алатауым,
Аспанмен ғасыр бойы бітпей дауың.
Көк тіреп, биік бойың шоқтықтанып,
Лебімен бұлтты тартып алған дәуім,

– дейтін ақын тау туралы. Бұлттарды лебімен тартып алған Алатауды қазақ ертегілерінде кездесетін дәулерге ұқсатуы тапқырлық. Тау мен аспанның «дауы бітпейді» деуі де өзінше, өзгеше айтсам деген талап.

Ақын үнемі баяндаушы емес, қиыннан қиысқан бейнелерді жасаушы, бейнелеуші.

Шұқыр жерім теңеліп,
Бетегелі бел болды.
Советтік жаңа заманда
Жұртта қалған жарғағым,
Домалап келіп қой болды,
Сайда қалған тулағым
Ойнақтап келіп тай болды.

Осындағы жансыз дүниеге жан бітіп, құрап қалған тулақтың ойнақтап, тай болып шыға келуінде қаншалықты астар, мағына, ой жатыр. Ишарамен ақын жаңа заманның пәрменділігін тапқыр айта білген жоқ па?! Немесе самолетте ұшып келе жатқан ақынның:

Сарыарқаның сар белін кесіп ұштық,
Сары желін бұрғыдай тесіп ұштық,

– дегені де шын ақын ғана тауып айта алатын тапқыр бейнелеуі.

Алатау өркеш-өркеш түйе құсап,
Жамылып ақ жабуын қала берді,

– дегенде де біз тау үстінде самолетпен ұшып бара жатқан ақынның қазақ екенін оны осы бейнелеу тілінің өрнегінен айқын сезінеміз. Кенен ақсақалдың 1929 жылы жазған «Болат тұяқ тұлпарым» өлеңінде паровоз туралы:

Тамағы от, сусыны су біздің тұлпар,
Желгенде тау жаңғырып, жер солқылдар,

– дегені, немесе 1933 жылы жазған «Мереке жырлары» өлеңіндегі:

Туған елге май келді,
Жасыл киіп, гүл ұстап,

– деген жолдарда уақытқа жан беріп, нақтылы суретке айналады.

Ақын творчествосынан іздей берсек, ауыз тұшытар сәтті, тапқыр өлең жолдары мен шумақтарында, дер кезінде үн қатқысы келген жақсы ниетпен туған өлең-жырларында көргендеріне ғана қызықтап қарайтын кездері аз емес. Бұл әсіресе халық ақындарына және осы дәстүрді ұстанған жазба ақындардың біразына тән құбылысқа айналған шындығы бар-ды. Әйтсе де жаңа құбылыстың жаңалығын ескі дәстүр үлгісінде жырлай

бермей, жаңаша жырлау, дәстүрдің өзін жалғастырып, жаңартып отыру шарты Кененге де, Кененнен басқа да халық ақындарының алдындағы творчестволық міндет болып қалып отырды. Мысалы, «Кек алу» өлеңіндегі майдангер жауынгерді мадақтаймын деп, баяғы эпос батырларының ерлігін суреттейтін сарынды қайталаушылық ізденістің нәтижесі емес-ті.

Опасыз сұмырай фашисті,
Қуып кетіп барады.
Қанын судай ағызып,
Қырып кетіп барады
Шетінен есін тандыра
Ұрып кетіп барады.
Жерге таптап тепкілеп
Тығып кетіп барады,

– деген жолдар соның куәсі бола алады. Әдетте ауыз әдебиеті өкілдері дәстүрлі тәсілдерді, сөз тіркестерін еркін пайдаланатыны аз болмайды. Бұны да біз сол дәстүрді талғамай қайталаушылықтың салдары деп қарауымыз керек.

Кенен ақын жастайынан айтысқа да қатысқан дедік. Айтыс – табан аузында ойдан өлең қоздататын жүйріктердің ғана үлесі. Демек, мұндай өнерден Кенен де құр алақан қалмаған. Ерте кезде Шәлипа қыз, кейінірек Ләтипамен, Кенжеқожамен айтысқан. Соңғы кездегі қызықты айтысы Әбдіғали Сариев екеуінің арасында өтеді. Үлкен сүрелі айтысқа бармағанмен, өлеңмен сәлемдесіп, қағысып қалған кездері Бөдене, Шәйнек деген жеңгелері, атақты Шашубай Қошқарбайұлы, ақын әйелдер Халима Бапина және Есдәулет ақындар арасында болған. Кененнің Шәлипамен айтысында кәдімгі ой, пікір қақтығысы, сөз жарысы анық көрініп, айтыстың драмалық сипаты танылғандай болады. Әйтсе де, ол әріптесін іздеп жүріп айтысатын ақындардай мінезді бұл салада танытпайды. Кішігірім жауап тасу, жеңіл-желпі қағысудан бой да қашырмайды.

Кенен ақсақал творчествосының өнімді бір саласы – дастандары. Жасында ептеп жыршылықпен айналысқан ақын кейін оқиғалы сюжетті дастандар шығарып, оны жатқа айтуды да машық еткен. Кенен дастандарының біразында («Шөпке барғанда», «Құдалар») биографиялық сипат болса, енді біразы («Қырғызбай», «Әли батыр») шын тарихи деректері бар адамдардың өмірінен алынған, болған оқиғаның негізінде жазылған. Ал, тағы бір топ дастандар ел аузындағы аңыз-ертегі, эпостық жырдың жыршы өзі орындаған варианттары.

«Қырғызбай», «Әли батыр» дастандары тарихи оқиғаны жырлауы ғана емес, ақынның ел басындағы ауыртпалық, дүрбелеңді ел намысы үшін күрескен ерлердің бейнелерін көрсетуімен бағалы. Кәдімгі эпостық туындылардың дәстүрлі тәсілдерін еркін пайдаланған. Басқа поэмалар көбіне-көп моральдық, дидактикалық сипатта көрінеді. Өз дәстүрінде, өз деңгейінде бұлар ел ішіндегі басқа да көптеген қисса, хикая, дастандармен іштей сабақтасып, жалғасып жатқан ауыз әдебиетінің жақсы үлгілері.

Кенен Өзірбаевтың жырлары, айтыстары, дастандары өз алдына бір төбе болса, оның әндері, өзі шығарған әндеріне жазған өлеңдері өз алдына мол дүние. Жалпы, ақын Кенен ел ішіне ақындығымен қоса, ең алдымен, әншілігімен кең танылып, үлкен қадір-құрметке айналғандығын айтуымыз керек. Мұны ақынның өз творчествосынан да айқын байқауға болады.

Ақын ұстаздарымен бірге, композитор, әнші ұстаздарын да Кенен ерекше бағалап, қадірлеген.

Өзіңнен ән үлгісін алайын деп
Кеп тұрмын, бір жүруге тамашалап,

– деп 1912 жылы Жетісуға келген Балуан Шолаққа өлеңмен сәлем берген. Бірге жүріп, Арқаның әндерін үйренген.

Кененнің ертеректегі әндерінің біразы өзінің кедейлігінен көрген қорлығына арналса, енді біразы жас жігіттің серілік мінезін аңғартады. Қыздарға, жас сұлу аруларға көз қиығын тастап, әзіл-қалжыңмен бірге, жаз білдіре, жүректің нәзік сезімдерін қозғайтын үн, сөз таба біледі. Осылардың өзінде Кенен тек жеке қара басы емес, жалпы қазақ жастарының жақсы мінез, жақсы қылықтарын, қызықты, мазмұнды өткізген жастық шақты жырлайды. Ауылдың көрсе қызар, өзімшіл көкірек, тойымсыз нәпсіқұмарлығы емес, жастыққа тән сән-салтанаты, асқақ арман мұраты көрінеді.

Кененнің өлеңдері оның жырларымен тақырыптас, мазмұндас, асылы ол әнімен қоса жырын, жырымен қоса әнін қатар алып, екеуін де домбыраның қос шегіндей бұрап, үнемі құлақ күйін келтіріп отырған. Айтайын деген ойы ән болып төгіліп, жыр болып ағылып, қатар жарыса қажетке жараған. Өнге деген Кенен ықыласы айрықша. «Жүрсем де сабау қамшы, салт атты боп, таралған ел ішінде әнім қалсын», – деп текке армандамаған.

Ол жүзге жуық ән шығарыпты, соның өлеңін өзі жазып, орындаушы да өзі болған. Өнер деген санымен емес, сапамен өлшенеді ғой. Бір «Қорлан» әні үшін Естайға бүкіл ұрпағы риза. Ал, Кененнің «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақ», «Ақ ешкі» сияқты тозу білмес, тотықпас, сұлу әндерінің өзі-ақ оның атын ең тамаша әнші-композиторларымыздың қатарына қосады. Оған жырларын жалғасақ Кенен ақсақал қазақтың халық поэзиясының ең көрнекті өкілдерінің бірі екенін үлкен құрмет, ілтипатпен атаймыз.

*Халық поэзиясы және бүгінгі өмір.
Алматы, «Ғылым», 1976, 61-68 б.*

БАЛУАН ШОЛАҚ ӘНДЕРІН ЖАЗЫП АЛУЫМНЫҢ ТАРИХЫ

Балуан Шолақтың Мақан Қалапбергенов айтқан екі әні және Бекен Ахметовтен естіген бір әніне қоса, мен сол жылы Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілер ауданында Дәулен Қамкеновтен «Ей-ай-яй» (қайырмадағы сөз) әнін, Семей облысында Шайхы Мұқашевтың орындауынан «Жастық» әнін жазып алдым. Бұдан кейін менің соғысқа дейінгі сапарларымда жинап алған 200-ден аса әндерімнің ішінде Балуан Шолақтың бар жоғы бес әні бар-тын, олар негізінен бұрын жазып алғандарымның әр түрлі нұсқалары еді. Осылайша Петропавлда 1939 жылы Жамал Жетпісбаевадан «Балуан Шолақ» әнін, Қарағанды облысының Теңіз ауданында Қосымжан Бабақовтың орындауында «Ғалия», «Сентябрь» әндерін жазып алдым. Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданының Еңбек колхозында 1940-жылы белгілі ақын әрі әнші-композитор Молдахмет Тербиевтің айтқанынан «Балуан Шолақ», «Ғалия» әндерінің жаңа нұсқаларын жазып алдым.

Алайда, Мұхит, Біржан сал, Ақан сері, Абай және басқа да халық композиторларының жазылып алынған әндерімен салыстырғанда Балуан Шолақтың шығармалары жоқтың қасы еді, мұның өзі мені Балуан Шолақ творчествосының көпшілігі жоғалып біткен екен деген ойға қалдырды. Бірақ, бақытымызға орай, арада 12 жыл өткен кезде, тіпті аяқ астынан, Балуан Шолақ туған өлкеден мүлде жырақта, оның бірталай өлеңдері шыға келсін. Ол былай болған еді.

1952 жылы шілде айында, ол кезде мен Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президиумы жанындағы көркемөнер секторында ғылыми қызметкермін, Академияның вице-президенті Нығмет Тінәлиевич Сауранбаев мені үйіне шақырып, сол арада қонақ боп отырған ақын, әнші әрі композитор Кенен Әзірбаевпен таныстырды. Кенен жөнінде айтып тұрып, оның әндері халыққа кең тарап кеткенін, енді соларды жазып алып, зерттеп, жарыққа шығару керек деді. Болашақ жинақтағы материалға қажетті өмірбаяндық деректерді өзім беремін деді.

Сол кеште Кенен бірнеше әндерін орындады, ол әндер өзіндік ерекшелігімен, ал әнші болса күміс тембрлі сұлу үнімен әрі орындаушылық шеберлігімен қызықтырып әкетті. Келесі күні Кененнің 40 әнін жазып алатын болып шарт жасастық, сондай-ақ секторда Кенен творчествосын зерттеу тақырыбы белгіленіп, ол маған тапсырылды.

Келісім шартты орындау үшін Кенен анда санда Алматыға өзінің баспаға байланысты жұмыстарымен 2-3 күнге келгенде, кешкілік маған соғып, қонып қалып жүрді. Ондайда екеуміз бір-екі әнді нотаға түсіріп аламыз. Ол кезде менде магнитофон деген жоқ, нотаға әнді тыңдап отырып естуім бойынша түсіремін, мұның өзі уақытты көп жеп қояды.

Кенен әндерінің әуені, әсіресе, революцияға дейінгілері үндік, ырғақтық жағынан өте күрделі боп келеді, оның үстіне кешке қарай екеуміз

де күндізгі шаруалардан шаршап-шалдығып зорға жетеміз дегендей. Сондықтан да мынандай күймен белгіленген мерзімде жұмысты бітіре алмайтынымызды байқаған соң, Кенен әнді жазу үшін Отардағы өзінің үйіне келгенімді жөн деп тапты. Сауранбаев Кененнің ұсынысын құп алды. Маған кешікпей іссапар қағазын, Кененге тиісті қалам ақыны түгел берді, мен оны Кененге жазып біткен соң табыс еттім.

Сөйтіп біз Кененнің Отар станциясындағы кішігірім үйінде 15 күн бойы, таңертеңнен түске дейін, одан түн ортасына дейін, жетілік керосин шамының жарығымен жұмыс істедік.

Бірде осындай жұмыс арасында, біз шартта көрсетілген әндерді әлі түгел жазып бітпеген кезімізде, Кенен «Балуан Шолақтың әндерін де жазып қалшы» – деп өтініш айтты. Мені бұл өтініш әуелі таң қалдырды.

– Балуан Шолақ болса Жетісудан мүлде алыс жатқан басқа өлкеде туған, сен оның әндерін қайдан білесің? – деп сұрадым. Сонда Кенен маған төмендегі жайтты баяндап берді.

Ол 15 жасқа толып ел алдына енді-енді шыға бастағанда Жетісуға Балуан Шолақ келген. Достарының кеңесімен Кенен Балуан Шолақтың алдына келіп, салтты сақтап бір тізерлеп отырған күйі «Балуан Шолақпен кездескенде» деген әнін шырқаған. Балуан Шолақтың әндерін де өзінің онымен кездескендегі әнін де Кенен өте жақсы біледі. Кенен маған сондағы өз әнін салып берді.

Мен келдім сәлем беріп батыр аға,
Атағың кең жайылған Сарыарқаға.
Бала едім жаңа талап іздеп келдім,
Өзіңнен сұрайын деп ақыл аға.

Атыңа ардақты аға құмар едім,
Нашарға саяң түскен шынар едің.
Қасыңда тоғыз жігіт жолдасың бар,
Жақтырсаң мен де бірге шығар едім.
Көзіңнің қырын салшы Балуан аға,
Даңқыңыз талай елге кеткен дара.
Бала едім жаңа талап ақын, әнші,
Өніңді үйренейін алуан аға...

Балуан Шолаққа, шамасы, жас әншінің қолқасы ұнаған болу керек, оған өзінің әндерінің бірнешеуін орындап беруін сұраған көрінеді. Кенен сол арада «Бозторғай», «Көкшолақты» шырқайды. Балуан Шолақ Кененді шын ұнатып, өз қасындағы жігіттердің тобына қосылып жүруіне рұқсат етіпті. Сөйтіп, Кенен он жылға жуық Балуан Шолақпен жиі кездесіп жүріп, оның әндерін тыңдап жаттап үйреніп алған. Ол Балуан Шолақтың басқа ақындармен айтыстарының да куәсі болған, бірақ өзі онымен айтысқа шықпаған.

Жайлауда, таза ауада, киіз үйде, яки қыстаудағы жылы бөлмеде ән шырқалып болған соң Кенен және басқа да жас әншілер Балуан Шолақтың өміріндегі әр алуан оқиғалар жайында оның өз аузынан та-

лай қызық әңгімесін түннің бір уағына дейін тамсана тыңдайды екен. Өз әңгімесінің соңында Кенен маған: «Менің ұстаздарым Сарыбас, Жамбыл және Балуан Шолақ...» дегенді. Осылай деп сөзін аяқтаған соң, Кенен нотаға тусіріп алу үшін Балуан Шолақтың он бір әнін шырқап берді, бұл әндер жинақта тұңғыш рет жарияланып отыр.

Сөйтіп Кененнің арқасында Балуан Шолақтың артында қалған мұрасының ішіндегі едеуір бөлігін жазып алуға мүмкіндік туды. Мұның бағалы жағы сол, Балуан Шолақтың тура өз аузынан естіп үйренуінде ғой, ал Кененнің өзінің ғажап музыкалық қабілет-дарынын еске алатын болсақ, ол айтып берген әндерді Балуан Шолақтың тура өзі шырқап тұрғанда жазып алынды деп қабылдауға әбден болады демекпін.

*Аударған Кәмила ҚҰДАБАЕВА,
«Балуан Шолақ». Құрастырған
Берікбай ОСПАНОВ. «Жалын»,
1998 жыл, 291-294 беттер.*

Нұрғиса ТІЛЕНДИЕВ

ДҮЛДҮЛІ ЕДІ ӘННІҢ ДЕ

Тума талант Кенен атаның ұлттық иірімдерге бай әндерін тебірене тыңдамау мүмкін емес... Олар өнершінің өзіне ғана тән өрнектерімен сонадайдан-ақ «Мен Кенен әнімін» деп «паспортын» ұсынып тұрады. Ес білгеннен естіп өскен атаның атақты «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базар, Назар» әндері іштей үндестігімен, сырттай алшақ нақыш-ырғағымен таңтамаша қалдырушы еді. Сол таңырқау сәттерінде Кенекең, ешқандай композиторлық тәлім-мектебін өтпеген болса да құпия-жұмбақ болып көрінетін. Өскен ортамыз, жер-суымыз іргелес болғанмен кешегі Ұлы Отан соғысы бар, одан кейінгі туған жерден жырақталып білім қуып жүрген жылдар бар, оқудан кейін құштар көңілмен қоян-қолтық араласып кеткен қызмет бабы бар – көп уақытқа дейін өнерлі атаның алдына келіп, қолын алуға мұрсат болмап еді. Оның үстіне өзің сырттай құдірет тұтқан ұстазға құр қол бармау керектігі де есте болатын.

Менің әкемді ол кісі жақсы білетінін де еститінмін. «Ал, Тілекемнің баласы, енді сенің өнеріңді көрейік» деп домбырасын ұстата салса, сол сәт өзіңнің төл туындымен оның көңілінен шықпай жатсаң, «қалай болғаны?» деген ой да жоқ емес. Соншама себептер тежеу болды ма, Кенекеңе барып қайтудың сәті ұзара беріп еді.

Ақыры, сонау бір жылдары қазақтың белгілі композиторы, аяулы ағамыз Бақаң (Бақытжан Байқадамов) екеуіміз Кенекең ауылына арнайы жолға шықтық. Жол бойы ақын-жыраудың республика композиторларының бірінші съезін ашып, сөзінің соңында:

Өрлесін бұл съезден
күй мен өлең,
Көркейсін көркем
өнер ел тілеген.
Съезін әнші-күйші
аштым міне,
Ал, енді Бақытжанға
Сөзді берем!

– деп шырқағанын еске түсірді. Мен болсам Бақаң ағаға Кенекеңнің менің әкемді тануы тиіс екенін ескертіп, егер кәріе мені сұрастыра қалса, аты-жөнімді айтудан бұрын әкемнің сарын-тәсілімен бір күй орындап берейін, Тілекеңнің өнері есіне түсер ме екен деп өтіндім. Солай келісім жасадық та, түске таман Кенекең үйіне келіп түстік. Бұл май айының бас жағындағы қос-қабат мерекелі күндер өтіп, Қордай бауырында көктемгі қызу еңбектің қанат жайған шағы болатын. Кенекең де сол көктемгі самалды даладай сергек бір күйде екен. Біздерді әсіресе, ескі танысы Бақаң ағаны бауырына қысып, маңдайынан сүйіп, қуана қарсы алды. Сөзшеңдігіне салып, Алматының амандығын, композиторлар одағындағы жаңалықтарды сұрастырып отырды. Жайғасып болған соң біз жол бойы «тон пішіп» келгеніміздей-ақ «өзіңді болса-болмаса білемін, ал енді мына баланы таныстыра отыр, Бақытжан» деді амандықтан кейін.

– Бұл балаңыз менің бір шәкіртім еді, – деді Бақаң.

– Жөн, жөн. Ал, Бақытжан шырақ, өзің не бітіріп жатырсың, жаңа әндер бар ма?

Бақаң аға таяуда шығарған әндері жайлы әңгімелеп, кейбіреуін орындап та берді. Кенекеңнің де жаңа әндерін айтқызып отырды. Мені шыдамсыздандырып отырған талай-талай радиодан естіп жүретін Кенекеңнің жоғарыда айтылған көкей хошын жаңғырықтырар әндерін өз ауызынан есту еді. Бақаң ағаға сыбырлап соны айттым.

– Кенеке, ілгерідегі «Көкшолақ», «Бозторғай» сияқты әндеріңізді өз ауызыңыздан естімесек, сағынып қалатын болдық. Мына балаңыз да сол әндерді естігісі келіп, мені түрткілеп отыр, – деді Бақаң.

– Әлгінде шәкіртім деп едің, болса болар, өзің сияқты көп сөйлемейтін бала көрінеді. Айтсам айтып берейін.

Әлгінде байсалды отырған Кенекең «Көкшолақты» салған сәттен бастап «жанын жұлып жеген» артистке айналды да кетті. «Мінгені-і-і-м» деп екі көзді тарс жұмып, алға қарай бір итініп алды да, ащы даусын созып жөнөп берді. Сонан әннің қайырмасына келгенде төрт аяқтап тұрып қалған қыршаңқы шабанды басқа-көзге қамшылағандай күректтей салалы алақанымен біресе домбыраның шанағын, біресе жамбасын сабалап, әлекке түсті де кетті. Бейне, төрт қабат көрпешенің үстінде емес, баяғы ашамай ер салған шолақ құйрық көк дөненнің үстінде отырған сияқты. Қайырманың бебеу қаққан жолдарын төгіп-төгіп келіп «Кедейлік!» деп түйіп тастайтын тұста «аһ» ұрады, көкіректің тереңінен арман ақтарылады.

Музыкалық шығарманың қай-қайсысын болмасын радиодан немесе өзге орындаушыдан тыңдаған бір бөлектағы, автордың өз орындауында тыңдаған мүлде бөлек болатыны сүйсіндіріп қана қоймайды, тұла бойыңды табындырып әкетеді екен. Мұндайда, әсіресе, өнерге, музыка өнеріне жақын адамның делебесі қозып, өзін-өзі ұстай алмай кететіні сөзсіз. Мына отырыста Кенекең өнеріне қаншалықты сүйсініп отырғанмен, менің де «алақаным қышып, жүрегім өрекіп, денемдегі қан атаулы ыршып ойнап, құмарлық-құштарлық жүйкелерімді қытықтап», ертерек домбыра қолыма тисе екен деп дегбірім кетіп, тықыршып отырдым.

Кенекең әнін аяқтап, домбырасын іргеге сүйей бергенде, қарттың өнер-серігін қағып алуым да сондықтан болса керек. Менің көңіл-күйімді манадан бағып отырған байқампаз, сезімтал Бақаң аға да: «Ал ендігі кезек сенікі, аямай төк өнеріңді», – дегендей басын изеп қалды. Сол сол-ақ екен, әлгіндегі Кенекең бойындағы «жын» менің желкеме ауысып мінгендей күйге көштім. Өнерге шын берілген адам кей кезде өзін-өзі ұмытып та кетеді. Мен өз репертуарыма әкемнен ауысқан, сол кісінің өз күйі «Аққуды» орындау үстінде сондай күйге тап болсам керек.

Әкем көрші қырғыз елінің шебер қобызшылары сияқты домбыраны қолында сан-саққа жүгіртіп, шыр-көбелек айналдырушы еді. Бүкіл денесінде домбыра жанаспайтын жер қалмайтын, қыза-қыза келгенде оң аяқтың башпайларымен шекті қағып, оң қолының саусақтарын демалдырып алатын. Сол асыл әкеден жұққан өнерді өзім аса риза болып отырған Кенекең алдында аямай-ақ төксем керек. Тым-тырыс бөлмеде қос шектің ғана үні бірде сыңсып, бірде сыбырлап, бірде серпіле естілсе керек. Күйді аяқтап, тарс жұмған көзімді ашып Кенекеңе қарасам, жасты көзімен бетіме бажырайып қарап қалыпты. Әлден уақытта есін жинағандай:

– Сен Тілекемнің баласы емеспісің, мына күйің Тілекем жарықтықты тірілтіп жібергендей болды ғой, деп бас салып құшақтай алды. Менің көкірегімдегі әкеге деген сағыныш сазы көмейіме келіп кептеліп, көзімнен жас болып тамшылап кетті де, үнім шықпай қалды.

– Атың кім еді, шырағым? Жаңылуым мүмкін емес, Тілекемнің баласың ғой, сен.

– Дұрыс, таныдыңыз, Кенеке, бұл Нұрғиса деген балаңыз, өзіңіз айттып отырған Тіленді кәриенің ұлы Москвада консерватория бітірген, халқымызға белгілі бола бастаған композиторымыз. Қазір Құрманғазы атындағы оркестрімізді басқарып жүр, – деді Бақаң аға.

– Білем, білем. Естуім де бар, Тілендінің баласы Мәскеуде оқып жүр дегенді. Қайран Тілекем-ай, күйдің дүлдүлі еді ғой, кешегі Байсеркенің аруағы қонған күйші еді. Бұл атыраптың топырағынан жаралғандардың ішінде арыда Байсеркеден, беріде Тілендіден өткен күйшіні естіген емеспін. Байсерке күй тартқанда қарт Қордай солқылдап кетеді екен. Оның да Есім, Сарша сияқты ұстаздары болған ғой. Осы ғасырдың бас жағында дүние салған Байсеркенің өз күйлері көп болған. Оның күйлерінде көңілді көріністер, жүректі желпіп отыратын самалды суреттер басым болушы еді. «Ат ойын», «Жекпе-жек», «Жетпіс бұтақ», «Қоңыр», «Қалипа», «Қалыш», «Төрт қарға», «Ұран күй», «Тұл қатын», тағы басқа

да күйлері болған. Жарықтық күйлерін тартқанда оның шығу тарихын, мазмұнын асықпай әңгімелеп айтып отырады екен. Осында қоныс аударып келген казак-орыстарымен тамыр-таныс болып, алыс-беріс жасап тұрады екен. Өзі күйші, өзі шабандоз болса керек. Таңдап мінген жүйрігіне де түрлі ойынды үйретсе керек. «Ат ойыны», «Жекпе-жек» деген күйлері содан шыққан. Ал «Жетпіс бұтақ» деген күйін ақындардың дастан айтқанындай ымыртта бастап, келесі күні таңертең зорға бітіретін көрінеді.

Кешегі өткен әйгілі күйші Байсерке жөніндегі Кенекеңнің мына толғау-әңгімесі оның «Құпия-жұмбақ» адам екенін тереңдете түскеніне қоса, тағы бір қырын-шешендік, шежірелік қасиетін де атқарып салғандай еді. Әйтсе де, өз кәсібіме бір табан жақын болғандықтан ба, оның бойындағы өнердің басқа қырларына қарағанда композиторлық, әншілік, күйшілік қасиеттері көп ойландырды. Жас Кененді өнердің биігіне алып келген соқпақты ой-қиялымен шарлап іздей бастадым. Шытырман ойдың шүйдесін тарқатуға да, әрине, Кенекеңнің өмірі, өмірі жайлы өзі айтқан әңгімесі себепші болды.

Кенен Әзірбаев ақындық өнер-жырда ұстазға кенде болған кісі емес. Басқаларды былай қойғанда ұлы Мұхтар Әуезов «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» атаған Сүйінбай мектебі, сол мектептің дүлдүл жүйрігі Жамбыл – Кенекеңнің ет жақын бауыры, кемеңгер ұстазы болды. Жамбыл арқылы жыршылықтың тағлымын, Жетісу топырағында туындаған тасқынды өнердің өнеге-үлгісін балғын шағынан бойына сіңірді. Өнер, әсіресе, ақындық өнер асыл құрыш сияқты қақтығыс-қайрауда шыңдалатынын ескерсек Кенекең таланты өзі тұстас-замандастарымен, Жамбыл төңірегінде шоғырланған үркердей ақын құрбыларымен өнер сайыстары кезінде үнемі шыңдалып, шымырланып отырғанын байқаймыз. Көрші қырғыз елінің төкпе жырауларымен таңды таңға қосқан ырчы-манасшылары Кенен өнеріне қосымша қыр, соны сипат қосты. Міне, осылардың бар-баршасы Кенекеңнің ақын, жырау ретінде қалыптасуына үлкен ықпал жасады.

Ал енді Кененнің композитор, әнші, күйші болып қалыптасуына ықпал жасаған қандай құдірет? Жетісу өңірінің арғы-бергі тарихына көз жүгіртер болсақ, ән өнерінде үлкен мектеп боларлық дәрежеге көтерілген бірегей тұлғаларды бөле-жара атай алмайтын сияқтымыз. Бірер ән шығарған кейбір өнершілердің ол әндері де ауыл арасынан ұзай қоймаған. Сондықтан да ол бірлі-жарым ән біртіндеп халықтың ортақ қазынасына айналып, авторлары да біртіндеп ұмытыла берген. Бұған мысал ретінде бүгінде халық әні болып айтылып жүрген Шу бойының тамаша ақыны Сауытбектің «Ақбөпе» әнін келтіруге болады. Ал, Жетісу топырағында жаралып, әлі күнге дейін ауыздан ауызға көшіп бүгінгі сауатты да көлемді музыкалық шығармаларға арқау-күзеу боп пайдаланып жүрген, о бастағы толғақ тебіреністің қияметін көрген авторлары не жұрттың жадында, не хатқағаздың бетінде қалмаған иесіз әндер мен күйлер қаншама?

Осы тұрғыдан қарағанда жас Кененнің ән өнеріндегі алғашқы ұстазы, өзі айтқандай, сүйікті анасы Ұлдар шешейден бастап, сол өзі өскен сауықшыл халық ортасы, сезімтал түйсігіне үнемі сыбырлап сыр

ақтарып тұратын сол өзі өскен табиғат аясы деуіміз керек. Шын талант – табиғат перзенті. Ал, табиғат – өнердің түгесілмес кені. Анасының әлди-әуенінен ән-өнердің әліппесімен жүздескен, халықтан, табиғаттан – осынау мөлдір бұлақтардан елегізген көңілдің емін тауып, алғашқы әндерін шығарған Кенен ат жалын тартып мініп, елмен араласа бастаған шағында құлағын алысқа тігетін болады. Осындай сәтте Арқаның ақиығы Балуан Шолақтың Жетісуға келуі Кенен кеудесінде бұлқынған бұлақтың көзін ашып жібергендей еді. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай сынды Арқа ардагерлерінің әндері де Жетісуға, оның Кенен сияқты өнерлі жастарына сол Балуан Шолақ арқылы жетті. Бұған ақынның «Балуан Шолақпен кездескенде» деген өлеңіндегі:

«Көзіңнің қырын салшы,
Балуан аға,
Даңқыңыз талай елге
барған, аға.
Бала едім жаңа талап
ақын-әнші,
Әніңді үйренейін алуан,
аға»

немесе «Менің ұстаздарым» деген өлеңіндегі:

«Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын,
Ұстазым Сарыбас ақын дүрілдеген.
Шашубай мен Шолақтың әнін естіп,
Мен де сондай болсам деп дірілдегем»,

– деуі куә.

1864 жылы Шу өңірінде, Хан тауының баурайында дүниеге келген Балуан Шолақ Баймырзаұлының туғанына да биыл жүз жиырма жыл толады. Ән мен жыр өнерінде, күш сайысында тұтастарынан шоқтығы биік болған Балуан бабаның Жетісуға жергілікті патша үкіметі әкімдері мен жуан қоныш озбырларынан бой тасалап келген кезі табиғатына біткен бар өнерінің толысып тұрған шағы еді. Өзін хан көтеріп қарсы алған Жетісу еліне Балуан ақын сол өнерін сарқып беріп кеткен болатын. Сонысымен ол Кененге де әншілік, композиторлық жолда үлкен ұстаздық өнеге бола алды.

Тарихи деректерден, Кенекеңнің өз айтуынан біз Балуан Шолақ алғаш қойшы баланың айдалада аңырата салған әнін естігенде оның екі бірдей өнердегі қасиетіне – әншілігі мен композиторлығына зейін тоқтатып, мән бергенін білеміз. Ол кезде, музыкалық грамота деген атымен жоқ кезде әлгі екі қасиетті бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес еді. Сол егіз қасиет қос-қабат дарыған Кененді көріп, әнін естіген Балуан Шолақтың: «Кененнің болашағы зор, бұл жалғыз Қасқараудың, Кенені емес, бүкіл елінің Кенені болғалы тұр, өз орталарыңдағы балғын өнерді бағалай біліңдер», – деуі сондықтан болса керек.

Балуан Шолақ сол сапарында Жетісуда, көрші қырғыз елінде оншақты жыл болады. Балуан ағасы алғаш келгендегі балаң Кенен де сол оншақты жылда өнер ортасында бой түзеген жігіт болады. Жайдақ желөкпелікпен, құр топ құрап жүрген жоқ, өнерлі ағаның аузынан шыққанын қағып алып, құрметті қонақтың думанды отырысына «қолы жетпеген» былайғы қалың топтың көңілін аулаумен болды. Бір ғана Балуан Шолақ емес, ол айтқан Біржанның, Ақанның, Жаяу Мұсаның, Ыбырайдың әндерін, Арқа елінің басқа да көптеген әндерін үйреніп алған еді. Міне, бұлар жас Кененнің композиторлық, әншілік жолындағы алғашқы баспалдақтар, демеуші үлкен күш болғаны сөзсіз.

Ақын Кененнің, әсіресе, композитор Кененнің пешенесінің ашылып, «бағының жануына» Ұлы Октябрь революциясының нұрлы сәулесінің әсері өте-мөте ерекше. Отызыншы жылдардың бас жағында-ақ біздің сауатты композиторларымыз, музыка мамандары Кенен әндерін зерттеп, нотаға түсіре бастайды. Оның бір топ әндері алғаш А.Затаевичтің жинақтарына енді. Одан әрі Л.Хамиди, С.Шабельский, Б.Ерзакович сияқты композиторлар Кенен әндерін қағаз бетіне түсіріп жүрді. Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» атты кітабында Б.Ерзаковичтің Кененнен жүз елуден астам ән жазып алғаны айтылады.

Аталған жолдастар Кенекең әнін жазып алып қана қоймай, оны белгілі қалыпқа түсіруге де еңбек сіңірігенін айта кеткен жөн. Кенекеңнің кей шығармалары үлкен полотнодағы музыкалық еңбектерге арқау болды. Мысалы, Е.Брусиловский оның А.Затаевич нотаға түсірген бір әнін «Қыз Жібек» операсында пайдаланған. Республика композиторлар одағы, музыка қайраткерлері Кенекеңнің өмірінің соңғы күндеріне дейін ол кісімен тығыз байланысын, қарым-қатынасын үзген емес. Солардың ықпалымен Кенекеңнің революциядан кейінгі әндерінен өзгеше сарын, дәуір тынысы, патриоттық рух айқын аңғарылатын болды. «Октябрь», «Колхоз әні», «Ел қуанышы», «Қазақстан», «Батыр Москва», «Жайнады тыңым, жайнады», «Алға ұшқан ақиық» сияқты әндер социалистік замандағы ұлы оқиғаларға Кенекеңнің қосқан үнін-үлесін аңғартады. Олар – тақырыбы жағынан да, музыкалық мазмұны мен көркемдігі жағынан да дербес те толымды дүниелер.

Кенекең әнмен қоса бірнеше күй де шығарған. «Жаудан қашқан өгіз», «Алып қара құс», «Сарыбарпы», «Қызыл әскер маршы» және басқа күйлері авторға тән ырғақ-өрнегімен, балладикалық құрылымымен ерекшеленеді.

Жүз жылдығын мерекелегелі отырған елінің жыршысы, шежірестарихшысы, Кенекең есімі, Кенекең бейнесі бүгінде өнерлі ізбасарлары мен өрендерінің көркем туындыларына арқау болар объектіге айналып отыр. Кенекең жайлы жыр-дастандар, прозалық шығармалар, әндер, күйлер жазылуда. Олардың көркемдік дәрежесі әр деңгейде болуы мүмкін, бірақ, өнерлі бабаның рухына көңіл-ниет білдіру қуанарлық та, құптарлық іс екені сөзсіз. Бұл – азаматтық өміріне дақ түсірмей өткен мәртебелі адамға құрметтің ең үлкені.

«Еңбек туы», 1984, 30 июнь.

Ақселеу СЕЙДІМБЕК,
филология ғылымдарының докторы,
жазушы

КЕНЕН ӘНДЕРІ

Ақ бас тарихтың әртүрлі кезеңінде ғұмыр кешкен ұлы ақындардың өмірі мен өнерінде бір ортақ қасиеттер болады. Ол – халықтың жүрек сөзін асыл өнер тілінде сөйлете алатын күрескерлік қасиеттер болса керек. Бұл ретте, Кенен Әзірбаевтың барша мағыналы өмірі мен арқалы өнері туған халқының тағдырымен біте қайнасып жатқанын алдымен еске лау жөн. Оның әні мен жырына, мұңы мен сырына туған халқының асыл арманы мен мұраты арқау болады. Сондықтан да оның алмастай жарқыраған алуан қырлы арқалы өнері өзі өмір сүрген заманның тозбас шежіресіндей болып, әлі талай ұрпаққа ден қойғызады. Уақыт өткен сайын Кенен творчествосындағы адам бақытын ту етіп көтерген әлеуметтік асқақ үн тұлғаналып, халқымыздың рухани өрісінде ғасырлар қабатынан көрінетін болады. Кенен Әзірбаев – қазақ халқының әстүрлі өнерпаздығын тал бойына дарытып, екі ғасыр жапсарына, өткен мен бүгіннің арасына көпір болған санаулы саңлақтардың бірі. Бір сәт қазақ топырағында дүниеге келген дарыны тасқын, арқалы ақындардың тағдыр талайына зер салып көрейікші. Қобызы күңіренген Бұқардың, көкірегі шерлі Абайдың, жүрегі жалын Сүйінбайдың, жырдан семсер соққан Махамбеттің, жезтаңдай Жамбылдың асыл өнері қандай. Уақыттың үзілмейтін тозбайтын ескерткіші сияқты сол асыл өнерден соғылған көпір Бұқардың, Абайдың, Сүйінбайдың, Махамбет пен Жамбылдың еңселі иығын көктей өтіп, Кененнің де иығына енді. Өйткені Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі сал-серілік, синкретті өнерпаздығының соңғы биігі, жаңа заман жыршыларының басы да бола білді. Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі өнерпаздығы мен бүгінгі мәдениетінің арасындағы еңселі шындардың бірі сияқты санамызға орныққан. Сондықтан да ақынның:

Екі Кенен тумады,
Алатауға ексең де!

– дейтіні өзінің дарын тегеуріні мен тарихи орнын терең сезінуден туған түйінді сөз. Өмір өзінің сабақтастығымен мәнді. Ілгерідегі буын бастаған өміршең іс пен өнегелі дәстүрді кейінгі буын жалғастырып жатса, өмірдің де, өнердің де мән-мағынасы сол болмақ. Жанағы келтірген жыр маржанынан соғылған көпір бір кезде Кененнің еңселі иығына сүйенсе, бұл күнде жалғасын табуда. Осынау асыл өнерден соғылған көпірмен қазақ халқының рұхани көш-керуені бақытты болашаққа қарай шеру тартып бара жатқандай.

Тал бойына сала-сала өнер қонған Кенен туралы өрбітуге болар ой желісі де алуан түрлі. Ой желісі Кенен Әзірбаевтың әншілік-композиторлық творчествосы туралы өрбімек. Жетісуда Сүйінбайдан, Жамбылдан келе жатқан ақындық дәстүр дүниеге көптеген таланттар берді...

Міне, осы топтың ішінен ала-бөле көзге түсетіні – Кенен. Ол бір жағынан суырыпсалма ақын да, екіншіден жақсы әнші, ал үшінші жағынан өзі көптеген ән шығарған халық композиторы. Кененнің өмірінде кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай кезеңдер көп. Қасиетті Жетісу топырағынан небір дүлдүл ақын, бұлбұл әнші жезтаңдай жыраулар шығып баққан ғой. Солардың ішіндегі әйгілі Сүйінбай, Жамбыл сияқты ақиық ақындармен терезесі тең, керегесі көктес жан – осы Кенен Әзірбаев. Әрине, бұл ақындардың дарын тегеуріндері шамалас-ау десек те, олардың әрқайсысы Алатаудың әр шаңының бір-біріне ұқсамайтына секілді, өнері де дара бітімдерімен ерелекшеленеді.

Бұл ретте Кененнің де ешкімге ұқсамайтын творчестволық тұлғасы, ерекшелігі бар. Сол ерекшеліктің бірі – оның әншілік өнері. Кенен әндері дегенде өзекті-өзекті екі мәселе алдымыздан шығады. Бірінші, Кенен әндері оның өзі өмірінің шежіресі ғана емес, сонымен бірге өзі өмір сүрген заманның да шежіресі деген мәселе. Екіншіден, ән өнеріміздегі Кенен әндерінің өзіндік орны, ерекшелігі деген мәселе. Өйткені, Кенен әндерін оның өмірінен, ал өмірін еш уақытта әндерінен бөліп қарауға болмайды. Кененде себепсіз, бейсауат, жай әшейін, көңіл көтеру үшін шыққан ән жоқ. Оның қай әніне құлақ түрсеңіз де өзі көрген, білген, араласқан жағдайлардың күйініш-сүйінішінен туып отырады. Демек, ғасырға жуық ғұмыр кешкен Кененнің әндері, зерделі тындаушы үшін уақыттың, кезеңдердің, замананың көркем шежіресі болып шығады.

Осы ойдың мысалы ретінде Кененнің ең алғаш шығарған әндерінің бірі «Бозторғайды» еске алуға болады. Осында Кенен тағдыры ғана емес, Кенен сияқты қой соңында зарлаған мыңдардың тағдыры бар. Демек, Кенен творчествосын өзі өмір сүрген уақыттың көркем шежіресі десе әбден орынды. Ал, арқалы асыл өнерінен заман дәуір шындығы шалқи есіп, бір өзі мыңдардың болмысын білдіріп отыру тек қана дарыны тасқындардың ғана маңдайына жазылған қасиет. Кенен өнерінен сол алғашқы әнінде-ақ адам бақыты үшін күрестің жырын жырлап, сол алғашқы әнінде-ақ әлеуметтік үнінің айқын естілгенін көреміз. «Бозторғайды» тыңдағанда мынадай бір ой келді. Қой соңында жүріп көрген осы ауырлық, осы мұң-шер Кененнен басқа да талай қойшының басынан өтті ғой. Бірақ сол мұң-шер, ауырлық сол қойшылармен бірге із-түзсіз дүниеден өткендей. Ал Кенен болса келмеске кеткен отаршылдық бұғауындағы заманға лағнет қарғысындай етіп өлмейтін, өшпейтін әнін қалдырды. Және де ән болған да қандай! Бұрынғы өткен қойшылардың өмір тіршілігі, тұрмыс жағдайы, әлеуметтік психологиясы осы әнде мейлінше айқын да әсерлі көрініс тапқан. Бос егілу, дәрменсіз түңілу де емес, сол ауыр еңбек қапас тұрмыстан құтылғысы келген, еркінді-бостандықты көксеген азатшыл үні басым.

Туа бітетін дарын бар да, оны ұштап қанаттандыратын орта бар ғой. Осы орайда ісі Жетісуды ән мен жырдың ұясы десек, оның ішінде Кененнің туып-өскен ортасы сөз қадірін мейлінше түсініп, әспеттей білген.

Ақиық Сүйінбай айтыпты дейтін әдемі сөз бар ғой: «Қасқарауда тоғыз құт бар, соның бірі – бес «жалаңаяқтар», – дейді. Сол «бесжалаңаяқтардың» бірі Маңдабай деген кісі екен. Маңдабайдан – Әзірбай,

Ниязбай, Әбденбай деген үш ұл туған. Бұлар қанша жалаңаяқ атанғанымен, шетінен зерделі сөз қонған, жауға алдырмайтын, дауда шалдырмайтын, таңдайларында ән мен жырдың ұясы бар, кедейлігінен басқа міні жоқ жандар болған. Әлгі Сүйінбайдың бір құт санайтыны да содан.

Кененнің әкесі Әзірбай ғана емес, шешесі Ұлдар да сауықшыл, ән-жырға құлағы түрік жан болған. Жанынан өлең шығарып айтатын, ұрымтал жерде сөзден ұтылмайтын болған. Әрине, Кененнің бойындағы ақындықтың бастауын іздегенде оның өскен ұясындағы осындай қасиеттерін де аттап өте алмаймыз. Бұл ойдың айғағын Кененнің өзі де айтып кеткен ғой:

Кәсібім он үш жастан ән мен өлең,
Ән салсам қалың топқа көрік берем.
Әкем де ақын еді, шешем – әнші,
Солардың көрмегенін көріп келем,

– дейтін өлеңінде сондықтан айтылса керек. Әлгі Кенен өмірінен өнерін бө

ліп қарауға болмайды деген пікірдің бір айғығы осы. Егер осы ойды тереңдетсе, Кенен өнерінің әлеуметтік салмағы, тарихи мәні жоталанып көрінер еді. Өйткені, нағыз асыл өнер қай заман, қай дәуірде де қоғам болмысының ең бір шыншыл шежіресі, жаңылмас айнасы бола білген ғой. Сондықтан да «Бозторғай» әні Кененнің өз басынан өткен шын өмірдің айғағы болумен де аса қымбат. Көпшілікке белгілі, Кенен жеті жасқа келгенде шешесі Ұлдар дүние салып, «байдың әйелі өлсе, төсегі жаңғырады, кедейдің әйелі өлсе, басы қаңғырады» дегендей, Кененнің де, әкесі Әзірбайдың да тіршілігінде қуанышы жоқ, қайғысы көп кедейліктің қиын-қыстау күндері басталады. Дәлірек айтсақ, «Бозторғайды» тудырған қиын күндер Кенен өмірінің бір бөлшегіне айналады. Бұл ән қаршадай Кененнің қой соңында қызыл аяқ қар кешіп, жалаң аяқ жар кешіп жүрген кезінің куәгері. «Бозторғай» Кененнің зармен өткен жастығының ғана куәсі емес, запыран кештірген заманның да куәсі.

Сондықтан да мұндай әндерге, ең алдымен, халықтың өмірбаянының бір бөлшегі деп қараған жөн. «Бозторғай» әнін күні бүгінге дейін халықтың елжіреп, егіліп тыңдайтыны да сондықтан. Өлі де талай ұрпақ бұл әнді ынтығып тыңдай беретініне күмән жоқ. Өйткені өзінің өмір шежіресіне, дәстүріне немкетті қарау – халықтық қасиетке жат. Өткенін, өз өмірін ұмытқан халық – халық болып жарытпайды.

«Бозторғай» әнімен үндес, тақырыптас келетін әлеуметтік шыншылдығы әсте олқы түспейтін Кенен әнінің бірі – әйгілі «Көкшолақ» әні.

Кененнің бозбала болып қалған шағы болса керек. Көршілес ауылда Бибол деген бай қызын ұзатпақ, болып той жасайды. «Той десе қу бас домалайды» демекші, маңдайына біткен Көкшолағын тепеңдетіп Кенен де жолға шығады.

Жолай сән-салтанаты келіскен, жорға мініп, жібек киінген Шалипа деген байдың, қызы ұшырасады. Төңірегі Шалипаның шашбауын көтеру-

ші құрбылары екен. Ерігіп келе жатқан әлгілер аяқ астынан ұшырасқан қаудыр тонды, жалбыр тымақты, жіп ноқталы Көкшолағын тепеңдеткен Кененді көріп қақпақылдай жөнеледі.

Әй, Кенен, тойға барар сәнің бар ма?
Қызбенен айтысатын әнің бар ма?
Желігіп Көкшолақпен көтерілген,
Қолында мұнан басқа малың бар ма?

– деп біреуі тиіседі.

Оның сөзін байдын қызы Шалипа қағып әкетеді:

Арғы атаң атаныпты жалаңаяқ,
Әкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ.
Қойды жөндеп бақсаңшы сандалмай ақ,

– деп ол күледі.

Кенендей арқалы жаңға керегі де осындай арқа қоздырар сәт қой. Сол жерде «еруліге – қарулы» дегендей, өзінің әйгілі «Көкшолақ» әнінің санқылдатып қоя беріп еді дейді. «Көкшолақ» әнінің иірім-нақыштары сергек, ойнақы болып көрінгенімен, бұл әннің болмысында мұң басым. Ол – көлеңкедей ербеңдеп бозбала Кененнің қасынан қалмаған кедейліктің мұңы, жоқшылықтың зары.

Байыптап зер салған адамға Кененнің бұл әні күліп тұрып жылағандай, шалқып тұрып шамырқанғандай әсер береді. Мұндағы:

Олай жүрші, Көкшолақ,
Былай жүрші, Көкшолақ,
Жамандатқыр, Көкшолақ,
Мені құртқан Көкшолақ,

– деп отырған – жеңіл әзіл, бос қалжың, мәнсіз ыржақ емес, Кененнің «кедейлік» атты тағдырдың темір қамытына деген лағнеті ретінде қабылдану керек. Кенен әндерінде осы сияқты әлеуметтік ахуалдың ғажайып мазмұн-мағынасы бар.

Сондықтан да бұл әндерді ойсыз желпілдетіп айтуға әсте болмайды. Көр заманның зіл-заласын көкірек көзінен өткізе отырып айтса ғана бұл әндердің бағы ашылады. Сонда ғана өмірден түйгені көп, өнерге талғампаз Кененнің аруағы риза болады. Осы екі әнге – «Бозторғай» мен «Көкшолаққа» қатысты тағы да бір мындай пікір қосуға болады. «Бозторғай» әні – ақын Кененнің, әнші Кененнің тұсаукесері болса, «Көкшолақ» әні – сал-сері Кененнің тұсаукесері.

Өкінішке қарай, қазақ халқының рухани шежіресінде салдықтың, серіліктің тарихи тамыр-тегі түбегейлі сараланып болған жоқ. Сол сал-серіліктің рухани әлемімізде ғасырларға созылған кезеңдерде өшпес із қалдырғаны да, ерекше еліктіргіш өнерпаздықтың мектебі болғаны да, биік өнердің өшпес дәстүрі болғаны да түбегейлі зерттеліп, бағасын ала қойған жоқ. Әрине, ол келешектің ісі. Бірақ бір шындықтың басы ашық.

Ғасырлар тұңғығынан басталатын салдық-серілік дәстүрдің ең соңғы шыңы Кенен Әзірбаев екенін мойындау керек.

Мәселен, Еуропа мәдениетінің тарихында үлкен кезең. Қайта өрлеу дәуірі ақын Дантеден басталып, ақын Байронның дүниеге келуімен аяқталады деп есептелетіні секілді, халқымыздың салдық-серілік дәстүрі де ту-у сонау әрідегі Кендебай салды, одан бергі Төлебай салды, Ақан серіні, Жетісудағы Құдабайұлы Дәурен салды көктей өтіп келеді де, осы Кененнің творчествосымен аяқталады.

Өйткені, сал-серілік те белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың сұраныстары дүниеге әкелген рухани дәстүр болатын. Мәселен, Еуропа рыцарьлары семсер-сүмбінің шығуынан бастап мылтықтың шығуына дейінгі аралықта ғана пайда болғаны секілді, сал-серілер де біздің халықтың белгілі бір қоғамдық құрылысында, әлеуметтік жағдайында ғана салтан құрған. Әрине, қазақтың сал-серісін әлгі айтқан рыцарьлықпен, диуаналармен немесе сайқымазақ-шуттармен салыстыруға өсте болмайды.

Қазақ сал-серілері олардан мүлдем бөлек. Өйткені, сал-серілерді дүниеге әкелген тарихи әлеуметтік себеп бөлек, көшпелілер қоғамындағы өмір салты бөлек, моральдық-этикалық қатынастар бөлек қой. Демек, аққудың, көкқұтанға ұқсамайтыны секілді бұлардың болмысында оқшау ерекшеліктері бар.

Қазақ сал-серілерінің көп белгі-нышандары бар. Соның бір парасы қазақтың сал-серілері әрі ақын, әрі жырау, әрі ән шығарушы, әрі сол әнді келістіріп айтушы, зерделі қарасөздің де көсемі болып келеді. Міне, осы аталған қасиеттердің қай-қайсысы де Кенен бойында тамаша көрініс тапқан.

Қысқасы, сал-сері Кенен, әнші Кенен ғасырға жуық ғұмыр сүргенде ел өміріндегі небір ересен оқиғаларға тек куәгер болып қана қоймаған, сол оқиғаларға белсене араласып отырған. Кешегі 16-шы жылғы дүрбелең, Қазан төңкерісі жасаған тарихи-әлеуметтік сілкіністер, алғашқы бесжылдықтар кезіндегі жаңғыртулар, Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, одан кейінгі бейбіт заман, міне, осының қай-қайсысына да Кенен Әзірбаев жастық жігермен, жалтақсыз сеніммен белсене араласып отырады. Сонымен бірге өлмес өнерімен із тастап, төңірегіне ықпал ете білген. Кененнің «Он алтыншы жыл», «Октябрь», «Қайран, Шөкем!» (бұл ән ақын-інісі Шолпанқұлға арналған), «Ой, бұлбұл» сияқты әндерінің қай-қайсысының астарында да уақыт тынысына қоса, ең алдымен, Кененнің өзінің тарихи түйсік-зердесі, жалтағы жоқ сенімі аңғарылады. Шынында да ғажап қой!» Қазақ даласының алыс түкпірінде жүрген қойшы Кененнің сол бір саяси-әлеуметтік ахуалдың, судай сапырлысқан заманында ең бір дұрыс бағытты таңдай білуі, сол бір талай сұңғыланы қателестірген алмағайып заманда ең прогресшіл бағыттан таймауы оның ғажайып зердесін, азаматтық бағдарын, ақындық көрегендігін аңғартса керек.

Немесе кешегі күндей күркіреген Отан соғысының алғашқы күнде-рінде-ақ Алатаудың ақиық қыранындай саңқылдап, «Біздің Отан жеңеді!» деп жар салуы – ерге лайық жалтақсыз сенімнің, ақынға лайық оптимизмнің, ақылғөйге лайық көрегендіктің айғағы.

16-шы жыл дүрбелеңінің қарсаңында Кенен өзі төңірегіндегі жуан сіңір, зорлықшыл байлардан қысым көреді де, іргелес жатқан қырғыз ағайының ішіне кетті. Бұл сапарында қырғыз Халқының Төкпе, Халық, Османқұл сияқты ақындарымен табысып, ән-жырын жарастыра жүргенімен, туған жерге деген сағыныш, зорлықшыл байлардың қиянатшыл қысымына деген жүрек қыжылы дүниеге «Ой, бұлбұл!» әнін әкеледі.

Бұл әннің де ішкі болмысында, мақам сазында бос күйреп егілуден гөрі замана тауқыметіне деген ашық қарсылықтың, бүкпесіз кектің, бұқпанасыз лебі есіліп тұр. Шынында да бұлбұлмен мұңдаса отырып, «Қаңыратқан екеумізді патша құрғыр» деген сөзді 16-шы жылғы толқудан көп бұрын айта алу үшін ыза-кекке қоса, сол кездегі іріп-шіріген саяси ахуалды түсінетін көреген зерде керек қой. Міне, Кененнің бұла дарынына қоса халықтың ой-арманының көш басында бола білген осындай қасиеттеріне бүгінгі болашақ ұрпақ, ең алдымен, мән бере білуі керек.

Кененнің қай әнін тыңдасаңыз да азғана аяда әсерлі әуен мен ұрымтал сөз өрімдей жымдасып, ғажайып сезімнің жетегіне ноқтасыз ілестіріп жөнеледі. Өнер атаулының, оның ішінде ән өнерінің қуат-күші алдымен адам жанына әсер етуімен өлшенеді. Өнердің биік мақсаты сол өлшемге сай келсе ғана жүзеге асады. Ал, Кененнің көздеген нысанасына тимейтін әндері жоқ десе әсіре сөз болмайды. Сондықтан да ол кісінің, ең бір жеке бастын мұң-шерін, шаттық қуанышын білдіреді-ау дейтін әндерінің өзінде көпшіл сезімдер, көпке ортақ көңіл-күйлер, көпке өнеге кісіліктер бел алып жатады. Мәселен, «Ақ ешкі» әніне ден қойып көрелік. Сырт қарағанда жеке бастың мұң-сыры сияқты. Алайда осы әні арқылы Кенен адам басында болатын, болуға тиісті ең асыл сезімді айта білген. Ол – іштен шыққан балаға деген махаббат, өкше басар ұрпақтың амандығына деген іңкәрлік, өмірдің үйлесім жарастығын аңсағандық.

Бұдан артық хас-өнерге қандай асқақтақырып керек, қандай мұрат керек? Бұл әнді жылауық, боркемік ән десек, жеке бастың ғана мұңы десек, терең қателесер едік. Мәселе бұл әннің тыңдаушысын егілтіп жылатуында емес, мәселе сол егіліп жылаған жүректердің әлдеқайда таза болып, әлдеқайда мейрімді болып шығатынында. «Ақ ешкіні» тыңдаған жүректің мейіріміне мейірім, кісілігіне кісілік қосылатынында.

Кенен әнші-композитор ретінде қай өрістен нәр алды, қай бастаудан сусын қандырды дегенді ойлап көрдік пе? Кенекең шыққан орта қандай еді, үлгі-өнеге алған өнер саңлақтары кімдер еді дегенді сөз етпей, оның әндерінің парқын тану қиын. Тақыр жерде шыққпайды, құнарлы топырақтың өнімі де мол дейтін бір сөз бар ғой. Кененді, ең алдымен, әнге бөлеп, жырмен құндақтап, күймен тербеткен орта – Жетісудың өнерпаздық дәстүрі. Сол төл топырақтағы әншілік мектеп, әншілік дәстүр. Кененнің жүзіп жүріп сусын қандырған тұнығы да сол.

Анау Сүйінбай, Бақтыбай, Құлманбет, Жамбыл, Сарбаз, Бармақ, Үмбетәлі, Өзбек, Орақбай, Қарабек сияқты айыр-көмей ақындар; Кебекбай, Сапақ, Ноғайбай, Бөлтірік сияқты от ауызды, орақ тілді шешендер; Қанадан, Байсерке, Бердібектер сияқты дәулескер күйшілер; Дәурен-

сал, Қырмызы, Жидебай, Балқыбек, Сауытбек сияқты жұртшылық өнер қылықтарына тәнті болған сал-серілір; Ұлбике, Әлмен, Ақкүміс, Ләтипа, Жаңылдық сияқты жезтаңдай ақын қыздар.

Міне, осынау бірінен-бірі өткен еңшең жылжыған жорға, жымиған жүйріктер сөз жоқ Кененнің дүниетанымына, өнерпаздығына, серілігіне, әсіресе әншілік өнеріне ықпал еткені күмән тудырмайтын шындық.

Кенен бойындағы алмастай жарқыраған дарынның сыр-сипатын жеке-дара алып тамашаламай, оның өнген топырағымен бірлікте төңірегімен байланыста, небір дүлдүл өнепаздармен сабақтастықта қараса ғана нағыз ақиқат шындық шалғайынан ұстатса керек.

Егер, әсіреқызылсыз немесе жалтақсыз, шындыққа жүгінер болсақ Жетісудың әншілік мектебінен Кененнен ірі тұлғаны табу қиын. Өйткені, Кенен Жетісудың ән дәстүрін, әншілік мектебін әуендік-интонациялық жағынан байытып қана қойған жоқ. Сонымен бірге әннің түр-тұлғасын тың биіктерге көтеріп, тақырыбын соны өрістерге алып шықты.

Мәселен, анау «Бозторғай», анау «Көкшолақ», анау «Ой, бұлбұл», «16-шы жыл» сияқты әндердің әуенін былай қойғанда, түр-құрылысы мен тақырыбы Жетісудың бұрынғы дәстүрінде тұяқ тимеген соны өрістер ғой. Бұл ретте өз дарынының шама-шарқын Кененнің өзіндей айтқан ешкім жоқ.

Екі Кенен тумады,
Алатауға ексең де,

– дейтіні, немесе

«Көк шолағы Кененнің дүлдүл болды,
Өзі туған халқына бұлбұл болды,

– дейтіні Кененнің кездейсоқ, бос мақтан мен айта саған сөзі емес. Өзінің тарихи орнын терең сезіну ден туған өнердегі өзіндік үнінің барына сенімнен туған толғамдар.

Кененнің ақындық өнеріне, әсіресе, әншілік өнеріне шапағаты тиген, ықпал еткен екінші бір арна бар. Ол – ісі қазақтың ақындық, әншілік дәстүрі.

Кененнің қаршадай кезінде-ақ бойындағы буырқанған қабілетті ең алғаш танып, өзінің ақ домбырасын силаған белгілі өнерпаз Еркебай Базарұлы айтады екен: «Осы Кененнің әні – Әсетке, жыры – Сарбасқа ұқсайды», – деп. Сол тегін сөз емес. Шынында да Кенекең ән салғанда домбыра қағысынан бастап, ән әуендерінің иірім-қайырымдарына дейін ісі қазақтың әншілік мектебін терең меңгергені, ел мектептер өнегесін тұғыр ете отырып, өзіндік үнін тапқаны мен мұңдалап-ақ тұрады.

Кененнің ақындық-әншілік өнеріне айтарлықтай ықпал еткен тағы бір арна бар. Оны аттап кетуге болмайды. Ол – әрісі Орта Азия Республикаларындағы халықтардың берісі бауырлас қырғыз, қарақалпақ жұртының өнер-дәстүрі. Кененнің Халықтар достығына дәнекер болған творчестволық жолы әлі зерттелмей жатқан, бір қызық сала.

Кенен өзге жұрт ақындармен сырттай, қағаз-кітап жүзінде табыспаған, көбіретте тағдыр ортақтастырып өнер жарыстырып, шынайы туысқандықтың айғағындай бар тұлғасымен көрініп отырған. Бұл ретте интернационалдық, достық деген қасиетті дәстүрге Кенендей үлгі-өнеге боларлық өнерпазды таба қою оңайға түспейді. Бір ғажабы, Кененнің өзге жұрт өнерпаздарымен достығы ұдайы өнегелі мінезді, кісіліктің, ең бастысы, асыл өнердің дүниеге келуіне себепші болып отырған.

Бауырлас қырғыз ағайындардың Төкпе, Халық, Әлімқұл, Османқұл сияқты ақындармен арадағы Кенекеңнің ғажайып достығына, сол достық шабыт берген өнегелі өнерлеріне тебіренбей, толқымай зер салу мүмкін емес. Мұндай тамаша қасиеттің ізі Кенен творчествосында әсіресе ән өнерінде сайрап жатыр. Бір ғана мысал келіруге болады. Белгілі «Қайран жастық» әнінде Жетісу өңірінің сезім оятқыш, сазды әуені қырғыз ағайындардың ойнақы, ерке әндерінің бітім-қасиетімен мінсіз жымдасып еліктіргендей әсер береді. Сөз жоқ, бұл – бере алатын өнерпаздың ала да білетін асыл қасиетін танытады.

Қазақ халқының ақындық өнерінде бір ұлы дәстүр болған. Ол – ірі ақын-жыраулардың адалдық пен адамдықты ту етіп, әлуметтік әділдіктің жақтаушысы болып отыратындығы. Бір сәт көктей шолып, еске түсіріп көрейікші: сонау қарт Бұхардың Абылай алдындағы айтатын даналыққа толы толғаулары, Махамбет пен Шерияздың Баймахамбет сұлтанға айтатын уытты сөздері, Сүйінбай мен Түбектің Тезек төреге тайсалмай тура айтатын тапқырлықтары, Жаяу Мұсаның Шорман тұқымын әшкерелейтін өлеңдері, Біржанның Азынабай болысқа айтатын ашулы сөздері, міне, осының қай-қайсысында да жеке бастың күйініш, сүйінішінен де, әлеуметтік сыншылдық басым жатады.

Бәлкім, Бұхар, Сүйінбай, Шөже, Шернияз, Абыл, Жанақ, Түбек сияқты арқалы суырыпсалма ақындардың, Біржан, Ақан, Естай, Жаяу Мұса, Шашубай сияқты айыр көмей, жезтаңдай әнші-ақындардың, Марабай, Мұрын, Нұрпейіс сияқты даңғайыр-эпик жыраулардың халық қалаулысы болуы қашанда адам бақыты үшін күрестің жырын жырлай білгендігінен, әлеуметтік үнінің айқындығынан болар.

Міне, осы дәстүрдің айқын белесі – Кенен Әзірбаев творчествосы десек қателеспейміз.

*Кенен ӘЗІРБАЕВ
Жан серігім, домбыра
Алматы, «ӨНЕР» 2009 3-96.*

ЖАҢҒЫРТҚАН АСҚАҚ ӘНМЕН КЕҢ ДАЛАНЫ

Халқымыздың ән өнерін сөз еткенде өзінің дара, оқшау бітімімен көзге түсетін жанның бірі – Кенен Әзірбаев. Кенен даланың ғасырлар бойы жалғасып келген сал-серілік дәстүрін жаңа заманға жеткізуші алтынның көзі, асылдың сынығы. Бір ғасырға жуық өмір сүріп, саналы тіршілігінде, халық тағдырын, партияны, Отанды жырлап өткен заманның ақылгөй шежірешісі.

Кенен – ауыз әдебиеті мен өнерін дәріптеп таратумен қоса оны мазмұн, түр жағынан байытып қана қоймай саяси-әлеуметтік танымы айқын творчествоның тамаша үлгісін жасаған ірі тұлға.

Кенен – ең әуелі, халықтың өкілі. Сондықтан да әнші-композитордың өнері мен өміріне зер салғанда ой сауып, тұяқ тірер тұсы – Кенен өмір сүрген орта Жетісу топырағында қалыптасқан ежелгі әншілік-жыршылық мектептің төңірегі болса керек. Жер бауырын тінтіп, Алатауды көктей өтетін жеті өзендей, Жетісу өңірінің тіршілік өзегінде ақындық, әншілік, күйшілік сал-серілік тағлымы ертеден халықтық сыйпат алғаны белгілі. Сол өнер дәстүрі дами келе: Сүйінбай, Бақтыбай, Құлманбет, Жамбыл, Бармақ, Үмбетәлі, Қалқа, Қуат, Балтағұл, Өтеп, Қылышбай, Қуандық, Тілеміс, Өзбек, Орақбай, Қарабек секілді сөзден алтын сарай тұрғызған ақындарды, Кебекбай, Сапақ, Ноғайбай, Бөлтірік сияқты ділмар шешендерді; Байсерке, Бердібек, Дәурен сал, Қырмызы, Жидебай, Балқыбек, Сауытбек тектес әнші-күйші сал-серілерді туғызды.

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Жетісу ісі қазақ даласының бас қосар өнер жәрмеңкесіне айналады. Атырау – Жайықтан, ту сонау Арқада, Сыр бойынан, көршілес Қырғыз елінен не бір саңлақ жүйріктер арнайы ат басын тірейді. Абай, Балуан-Шолақ, Құрманғазы, Әсет, Естай, Шашубай, Біржан, Түбек, Майлықожа, Майкөт, қырғыздан: Тоқтағұл, Әлімқұл, Оспанқұл, Күреңкей қияқшы секілді әр елдің ішіндегі өнердің алыптары Алатауға иек артып, өнер шашуы соның айғағы. Сүйінбай, Жамбыл, Кенен бастаған сай-салада дүрілдей көтерілген өнердің әр қыры асқақ үнімен айналысын елеңдетеді. Бұл жәрмеңке сол кездегі халық өнерінің тарихи-әлеуметтік дамуына елеулі әсерін тигізеді. Кененнің дүниеге келген жері, нәр алған бастауы да осынау киелі жұрттың ортасы болды.

Кенен өзінен бұрынғы сал-серілер тектес өнерді ән салудан бастаған. Халықтың ән мұрасын санасына мейлінше сіңіріп, бойындағы табиғат берген әншілік құдіретті барынша шыңдап, қалыптастырған. Әннің стильдік формасы, көркемдік сыйпаты, сөз бен үннің мазмұн бірлігі болатынын әнші-орындаушы ретінде зерделей ұғып, өзі естіп келген әндердің денін саналы, жүйелі қалыпқа түсіріп, тыңдаушысын тамсандырған. Бала Кененнің атағының ел ішіне тез тарап, кең жайылуы да сондықтан. Оның шарықтаған сұлу үні, шамырқанған жүрек лүпілі, естіген жанның санасына сағыныш ұялатып, үміт сауғызғаны анық, ыстық көкіректе тортадай тұнып жатқан өзге асыл әнмен құндақтап іштей баулыған еді.

Ән туғызған асыл сөз туғызған жанның бәрі керім әнші болғандығын және де сол тамыры бір өнерінің ішінде әншілікті алабөтен қадірлегенін білеміз. Сал-серілердің ақындық, композиторлық өнерінің алтын емел тиегі де тереңіне ой сұғынтып жеткізбейтін әншілігінде жатыр.

Ұлы Абай:

«Шырқап қалқып сорғалап тамылжиды,
Жүрек тербеп оятар баста миды»,

– дейді.

Сұлу ән, сырбаз әнші оятқан жүрек пен ойдың берері, ұсынары бар. Ақын Сара Біржанға:

«Құланның көмейіндей даусың бар,
Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына»,

– десе, Әсет:

– «Күңіrentкен аспан көкті қайран даусым,
Саған да уақыт жетті қарлығытын»,

– деп өзінің керемет әнші болғанын әйгілейді. Фазиздің;

«Әнші жоқ Қараөткелде менен асқан»

– деуі де, тегін емес. Ал «Оралдан ән оздырған Мұхит ағаң» тағы бар.

Ең әуелі, ән дейтін қыранды қонақтатқан, әншіліктің алтын тұғыры. Дала желіндей қыр-сыры көп қобыз әнші. Қобыздың үні, абыз даланың бесік қоңырауы.

Кенен – халықтың әншілік дәстүрінің бұзылмаған, ешқандай қоспасы жоқ ең соңғы өкілі. Үнін естігенінде дала оянып бас көтергендей болады. Дарынды талант, ең әуелі Жетісу өңіріндегі әншілік мектепті қалыптастырды. Әннің туын ақиық Сүйінбай көтерген сөз тұрғысын – ақындықтың биігіне апарып тікті. Қыранның қос қанатындай екі өнер жарастық тапты.

«Құлағы өзінен қырық жыл бұрын туған» – зерделі, саналы Кенен, өз төңірегінен алыстап шығып, ісі қазақ даласының ән дариясынан жүзіп ішті. Біржан мен Ақанның, Мұхит пен Әсеттің халық жүрегін тербетіп бірге жасасқан ән-жырын Алатауға әкеліп жаңғырықтыра шырқады. Әншінің көкірегі алтын сандық. Ол бойына тек жақсылық қана жинайды. Асыл мен жасықтың құнын біледі. Әнші Кенен сөз өнерінің құдіретіне де мейлінше ден қойған. Ел мен жердің тарихын ерлік-батырлық жайындағы жыр дастандарды жаттап ақындық, шешендіктің үлгілерін үйренеді. Жұрт бас қосқан жиын той, шілдехананың гүлі болады. Сөзбен ұстасқанды сүріндіріп, өлеңмен қағысқанның қапысын табады. Он төрт, он бес жастағы Кененнің аузынан ел алғаш рет өзі шығарған «Бозторғай» әнін естиді. Әнші Кененнің енді, өз жанынан сөз шығарып ән туғызғанын

көреді. Жас баланың жүрегіндегі тұтанып, лаулай жанған өнердің отын қуана дәріптейді. Сөйтіп әнші – композитор, ақын Кенен аталады. Бір бірімен тамырлас жатқан өнер сабақтастығы қосыла келіп, Кенен әні деген жаңа ән туғызады. Ән адамның тағдыр-талабымен, арман-тілегімен сабақтас келіп, қоршаған өмірдің күнгей-көлеңкесін ажыратып, реніш-қуанышының өтеуін көптің тілегіне жалғастыра алғанда ғана өміршең. Кенен әнінің бітімінде осындай назылықтың белгілері бар.

Ән – көзбен көріп, қолмен ұстаған, жүрегінді улап, ойыңды қажан, тән мен жанның азап не рахат сезінісінен туындайды. Бала Кенен оны да басынан кешкен. Тілеп, сұрап алған емес, тіршілік тауқыметінің еріксіз еншілеп кигізген қамыты. Өнерлі жас кешкен азабын сыртқа ән етіп шығарады. Ең алғашқы шығарған әндерінің өзі мойынсұнбауды, бұлқынған қарсылықты танытады. Бірақ «Бозторғай» сол тақсиреттің себеп-салдарының неде екенін іздестіріп шыққан «жоқшы» ән.

Ақ таяқты ат қып мініп, аш-жалаңаш қой соңында жүрген жас бала Жер бесіктің бауырында қарпысып өтіп жатқан жоқшылық пентоқшылықтың, қиянат пен қасіреттің ала күшік мінезін ажырата алмай, аңғал, сәби қалыппен таңдана қарайды. Өмір – қызық. Тіршілік – тәтті. Қызығының қыжым тікені көп. Тәттісінің зіл-зала уы бар. Себеп, сырын зерделеп танымаса да, көңілін жасытып, сыбағасынан нәумаз қалдырған тағдырының көңілсіз суретін өтірігі жоқ таза, бала жүрегімен сезінеді. Бозторғай – шырылдаған арман. Жерге қонбай безектейді. Жерде жаралған пенде нәсілі көк тағысымен, шыншыл табиғатпен сырласады. Жөрегінде жоғын көктен іздейтін туысы бөлек, адам атаулының рәсімі. Ол жай ғана күн көрістің тілемсектігі емес жарық дүниенің жақсылығына, мейіріміне жерік, өнерлі ыстық жүректің сұранысы. Қасіреттің жүрісі езгі, пейілі – тырмыжың. Соңынан ергенге күн батпайды. Қотанын құзеткенге таң атпайды. Тіршіліктің аяғына салған шідері берік. Үзе алмай қорланады, ырыс-несібесі өзек жалғарлық қана.

Осының бәрін бастан кешкен ызалы жүректің от тілі шығғырылады. Шерлі көкіректі қаңыратып ән туады. Мыңның дертін қозғап шырқап салатын да өзі. Бұрынғы өткен сал-серілерге ұқсау үшін, болмаса ат мініп аяғын суытпақтан, шапан киіп бойын түземектен, жақсы атанбақтан, өнер сатып күн көрмектен аулақ, ада. Табиғат тәңірінің берген өнері өзінің, ежелгі бітіспес өктем тағлымын қиядан әкеп қосады. Ала көз заманның сыры, күншіл, өзәзіл уақыттың тілі қанша жасырынып етегін қымтанса да бала Кененнің сұғынан құтыла алмайды. Ұрлығын әшкерелеп «Бозторғай» шырылдап қалықтайды.

Кенен әнінің, Кенен жырының алтын арқау тірегі болған. Сұңғыла әнші – композитор бұқара халықтың тілеуін тілеп, жоғын жоқтаған, өзінен бұрынғылардың жұлдызын қара тұтады. Жамбылдың «пірі» болған ақиық Сүйінбай жырына Кенен де бас қойған.

«Дүние шіркін жалғанды,
Елім болды арманды.
Құсбегінің қысымы
Тоз-тоз етті қалғанды,
Біз де белді буармыз,
Аққан жасты тиярмыз,

Барша жұрттың бағы үшін
Жауға қарсы тұрармыз».

Бұл жыр бала Кененнің ой тұмары ғана емес, сүрлеу, соқпағы да еді. Құндағын «Елім-ай» мен шешіп, тілі Сүйінбай сөзімен шыққан Кенен мінезі, өнер характерінде де содан жазбаған. Кейін сауықшыл өнерлі елдің даригадай толқыған ән-жырына шөлін қандырып, байырқанған соң, одан да тазарып керегін, қажетін ғана алады. Талғамға да тас бауыр. Көңілшек, күмәні жоқ. Ту сонау Келдебай сал, Төлебай сал, Біржан сал, Мұхит сал, ұлы Абайға шөліркей құлақ түріп, көкірек тосқан. Асан, Бұқар, Шалкиіз, Ақтанберді, Сүйінбай, Төле би, Қазыбектердің алдаспан жырына, ақберген сөзіне тәңірісіндей табынған. Тамсануы, табынуы. Әсіресе өз халқының бойындағы өнердің, рух күші – сұлулық пен сыршылдық, қайтпас қайсарлық өмірге деген іңкәрлік бітімі еді. Сөз ұстап, ән оздырған Кенен осы жолдан таймайды. Әнші-композитордың азаматтық бітімі, дүние танымы, жастықтың желігінен, тіршіліктің еліктіргіш, арзан күйінен мүлдем аулақтап, ән-өнерін соны биіктерге көтереді. Өнерінің тегін, мінезін бұқара халықтың тағдыр-талайынан замана белестерінен іздейді. Сөзінің ділінде, әнінің нәрінде астасып жатқан ауқымды ойдың ажары ел тілегімен қабысады. Алғашқы шығарған әндерінің өзінен-ақ Кененнің терең суреткерлігі, әлеуметтік көз қарасы айқын аңғарылады. «Бозторғай» бала Кененнің болмысқа таңырқап, оны әр қырынан көріп жеткізе білген шеберлігі танылса, жігіт Кенен туғызған «Көкшолақтың» қуат қарымынан ойы бекіп, санасы өскен өрен жүйріктің парасаты сезіледі.

«Мінгенім дәйім менің көкшолақты,
Жалы жоқ, құйрығы жоқ шоп-шолақты...
Олай жүрші – көкшолақ,
Бұлай жүрші көкшолақ,
Жамандатқыр – көкшолақ,
Мені құртқан – көкшолақ ...».

Өмірге жаяу келіп, айналасын қоршаған жұпыны тіршілікке таңдана қараған бала енді сол тіршіліктің өзіне сыйлаған сыбағасы арқасы жауыр көкшолаққа мініп тісі кетік жігіттік дәуренін кешеді. Сынын кетіріп, сыбағасын алдырған жоқшылық пен арыздасады. «Жалы жоқ, құйрығы жоқ шоп-шолақ» тұлдыр жап-жалғыз өз басының ғана міні емес екенін біледі. Табанын тесіп, жүрегін жыртқан көкшолақ-кедейліктің заласына қорланса да бас имейді. Намыс жігері кісіліктің тегін өзге дүниеден іздеп, менмен бай қызының өрекіпген екпінін су сепкендей басады.

Қызы едің сен бір байдың өтпей жүрген,
Келгенше жиырма беске кетпей жүрген,
Ей, қыздар қойшысынбай өлеңінді айт,
Қолдарың сенің маған жетпей жүрген,

– дейді.

Әнші-композитор, суырып салма ақын табан астындағы қақтығыста жасып, жалтармай, бар шындықтың бет-пердесін ашады. Ол жай ғана есе жібермеуде туған жағаласу емес, таптық қайшылықтың ара жігін ажыратып, терең сезіне бастаған Кененнің бетпе-бет келіп, жеңіп шыққан алғашқы тайталасын аңғартады.

«Көкшолақ» әнінен соң-ақ әнші-композитордың өмірдегі, өнердегі мұрат-мақсаты айқындала түседі. Шаршы топ, салқар жиында бай-манаптардың жүрегін шайлықтырып, ән-жырдан жасын ойнатады.

Кенен әндерінің тұла бойынан елдің хал-күйі, заманның келбеті бар болмыс бітімімен мінез-құлқымен елес беріп тұрады. Күрескер жанның қажыр-қайратына, жақсы күнге деген сенім үмітінің көрегендігіне қайран қаласың.

Әнші-композитордың әндері өзінің өмірі секілді. Тұтас бір әлеуметтік оқиғалардан ірі қақтығыстардан тұрады. Жоқ, барды өлең етіп, көр-жерді әнге қосатын тілемсек дағдыдан бойын аулақ салған Кенен ән мен жырды халық тілегімен ұштастыра туғызады. Суық көздің сұғы Кененге де қадалады. 1916 жылғы дүрбелеңде бұқара халықты асқақ ән, өткір жырымен күреске шақырады. Жуан сіңір зорлықшыл топтан қысым, қуғын көріп Қырғыз асады. Қырғыздың атақты ақындары Төкпе, Халық, Оспанқұлдармен танысып, тізе қоса жүріп елдің жігерін жанитын асқақ әнін шырқаудан танбайды. Туған халқының тағдырына жаны күйінген әнші-ақын шыдай алмай елге оралады. Әйгілі «Ой бұлбұл» әнін шығарып Жетісудағы Бекболат, Әли, Қырғызбай, Әлжан сияқты батырлар бастаған халық көтерілісіне қосылады.

«Ой бұлбұл, сен де бұлбұл мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр.
Айрылып ел мен жерден жүрген шақта,
Жұбатып ертелі кеш сайра да тұр.
Алатау сағындым-ау самал лебін,
Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін,

– деп, туған жер, өскен ортаға сыймай қуғын-сүргін көрген өзі секілді мыңдаған боздақтардың өмірін әніне арқау етеді. Дастан етіп те жырлайды.

Сол кездегі іріген-шіріген саяси ахуалды терең түсінген Кенен, бой салып, жасып жата алмайды. Даланың үстін жайлаған түн-түнекті серпіп, таяп келе жатқан дауылға елеңдей құлақ түреді. Домбырасын баптап ақын жаны шириғады. Бөлекше, өзгеше жақсы өмірдің келерін сезеді. Кеңес өкіметі орнаған алғаш күні-ақ, Алатауды жаңғыртып «Октябрь» әнін шырқайды. Елге бақыт әкелген жаңа заманды дәріптейді.

Кенен Әзірбаев содан бергі творчестволық өмірінің алпыс жылында Ұлы Отанды, партияны, туған елдің кескін-келбетін жырлап өткен, әнші-композитор, сұңғыла ақын. Тарихи-әлеуметтік сілкіністер: алғашқы бес жылдықтар кезіндегі жаңғырығулар, Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, одан кейінгі бейбіт заман – міне осының қай-қайсына да Кенен

жастық жігермен, жалтақсыз сеніммен белсене араласып қана қойған жоқ, сонымен бірге өлмес өнерімен із тастап төңірегіне ықпал ете де білді.

Кенен әндерінің астарынан уақыттың тынысымен қоса әнші-композитордың ғажайып зердесін, азаматтық бағдарын, ақындық-композиторлық көрегендігін аңғарамыз. Кез келген шығармасында – ерге лайық жалтақсыз сенім, ақынға лайық оптимизм, ақылгөйге лайық парасат жатады.

«Біздің Отан жеңеді», «Қайран Шөкем!», «Он алтыншы жыл», «Ой жайлау», «Қайран жастық», «Жетпіс бес», «Келінжан», «Ақ ешкі», «Сексен», «Партияға» т.б. әндері соның айғағы.

Кенен әндерінің құрылысы ерекше. Әнші-композитор ой мен сезім тілін әнмен өрнектеп, кестелеп жеткізуге келгенде өзінен бұрынғы өткен халық композиторларының ешқайсына да ұқсамайды. Үлгі алуы бар, қайталауы жоқ. Домбыраның құлақ күйіне дейін өзгеше. Әсем әндер кім орындаса да «мен Кененнің перзенті едім» деп, оқшау, дара тұрады.

Кененнің дүние танымы да бөлек. Махаббат күйі мәңгілік. Орынсыз жылап-сықтамайды. Адам сезімін аяқ-асты етпей, асыл қасиетті аласартпай, пендешіліктің арам қолы жетпейтін биікке көтеріп әкетеді. Қайғы-қасіретке де берік, еріксіз бас иесің. Тәрбие-тағлымы мол. Бірлікке, ерлікке, сұлулыққа, адалдыққа жетелейді. Кенен әндері уақыт талғамайды. Адамның рухани тілегіне қажет биік жұрттардың жарық сәулесін таратып тұрады. Бір ғасырға жуық өмір сүрген әнші-композитор заманның алтын көпірі секілді. Халық жүрегінде қоңыраудай күмбірлеп халықтың рухани тіршілігімен біте қайнасып даланың, ең асыл қасиеттерін ән тілімен бүгінгі өмірімізге жеткізген, бақытты заманымызды асқақ жырлаған Кенен Әзірбаев сөз жоқ ірі тұлға. Кенен әндерінің бітім болмысынан сахараның мол пішімі, ондағы өмір сүрген елдің арман мұңы, тағдыр талай көлбеңдеп көз алдыңа келгендей болады. Әнші-композитордың абыз көкірегі жұлдызы жанған ата жұртының бүгінгі аспанын да сұлу әндерімен жаңғырықтырды.

«Екі Кенен тумады,
Алатауға ексең де»,

– дейді, Кенен атамыз. Сөз жоқ, өнер аспанында Кенен Әзірбаев бар болыс-бітіммен дара, оқшау тұр.

*Жұлдыз, 1984ж.,
№ 4, 193-195 б.*

Әмина НҰҒМАНОВА,
әнші, педогогика ғылымының кандидаты

ЖЕТІСУ ӘУЕНДЕРІ

Тарихи деректер мен археологиялық қазбаларға негізделіп жасалған қорытындылар Жетісу жерін мекендеген ата-бабаларымыздың ерте кездің өзінде-ақ дүние жүзілік мәдениетке елеулі үлес қосқандығын дәлелдейді. Проф. Бернштам «Алматы қаласының байырғы өткен шағы» деген еңбегінде Үйсін мәдениетінің тамаша үлгілерінен байсалды деректер келтірумен бірге, қазіргі Алматы қаласының үш мың жыл бұрынғы мәдени өмірінің тарихынан да хабар береді.

Орта ғасырдағы өрлеу дәуірінде Жетісу дүниежүзілік маңызды сауда орталығының біріне айналды. Ұлы Жібек жолының салынуы Шығыс пен Батыс елдерінің сауда қатынасын күшейтіп қана қоймай, ғылым мен мәдениеттің де көркейіп қанат жаюына үлкен ықпалын тигізеді. Қазақ жерінде Отырар, Тараз, Сығанақ, Баласағұн т.б. сол сияқты ірі қалалар бой түзеп, әлем назарын өзіне аударса, ғылым мен өнер саласында Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының қол жеткен табыстарының даңқы әлемнің шартарабына жайылды. Бұл күндері өзіміз мақтанышпен атайтын Әбунасыр әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммет Хайдар Дулати, Қыдырғали Жалайри т.б. ғалым-ғұламаларымыз сол дәуірдің аса көрнекті өкілдері. Орта Азия мен Қазақстан тарихындағы Орта ғасырлық өрлеу дәуірін тарихи сипаты жағынан Европаның XVI ғасырдағы Ренессанс (қайта туу) дәуірімен ұқсас деуге болады.

Жетісудың Орта ғасырлық музыка тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – музыка теоретигі, шебер қобызшы, әрі композитор Сұлтан Уәйс Жалайри. Дәуріш Әли трактатында баяндауына қарағанда Сұлтан Уәйс Жалайыр руынан шыққан, XIV ғасырдағы Мұғылыстанның билеушісі болған көрінеді. Біздің Мұғылыстан деп отырғанымыз – қазіргі Жетісу жері. Қазақ шежіресінің білімпазы академик Әлікей Марғұлан Мұхаммет Хайдар Дулати деректеріне сүйене отырып, бұл жөнінде «Жетісудың ол кездегі саяси аты Мұғылыстан болса, оны мекендеген тайпаларды ресми тілде Мұғыл деп атады. Бірақ бұл Мұғыл деп отырған көшпелі тайпалар Мұғыл да емес, ұйғыр да емес, өзбек те емес, түрік тілінде сөйлейтін, сол жердің тарихи заманнан келе жатқан тұрғын халқы болатын. Екінші түрде айтқанда Мұғыл деп атаған елдер Ұлы жүз құрамына кірген Үйсін мен Дулаттар, Қаңлы мен Шанышқылы, Жалайыр» – деп атап көрсетеді. Дәуріш Әлидің беделді деректер негізінде баяндауына қарағанда Сұлтан Уәйс Жалайри – асқан білімпаз ғалым, ірі музыка теоретигі, шебер қобызшы болумен бірге, әйгілі вокальдық шығарма «Он екі мақамның

төртеуінің авторы – композитор көрінеді. Түркі халықтарының ішінде тым ертеден келе жатқан: Раст, Ұшшақ, Нава, Хиджаз, Ирақ, Хусейн, Буслик, Рехави деп аталатын сегіз мақамның теориялық негіздерін жетік білген Сұлтан Уәйс мақамдардың мелодиялық ерекшеліктерін, мазмұнын сақтай отырып, соған сәйкес Исфаһан, Бұзрұғ, Кучук, Зангүле мақамдарын жазған көрінеді. Бұл жерде айта кетерлік бір жай – тарихқа схемалық тұрғыдан қарайтын кейбір зерттеушілер атақты «Он екі мақамды» бірде арабтардың төл шығармасы десе, бірде ұйғырлардың меншігіне жатқызып, сыңаржақ пікір айтумен келеді. Бұл жөнінде академик Сайын Балмұқановтың «Қазақ әдебиетіндегі» бір мақаласы көңіл аударарлық. Онда әйгілі: Құдадғұ білік «шығармасының бір ұлтқа ғана тән нәрсе емес, жалпы түркі тілдес халықтың ортақ мұрасы екендігін өте нанымды ғылыми дәлелдермен көрсеткен. Тарихи деректерді сарапқа сала отырып, жасаған логикалық қорытындылар «Он екі мақамның» да бір ұлтқа ғана тән емес, түркі тілдес халықтардың әлі ұлыс-ұлысқа бөлінбеген бір тұтас кезіндегі ұлттық мұрасы екенін дәлелдейді. Ал, Жетісу топырағының білімпаз перзенті Сұлтан Уәйстің музыка мәдениетіне қосқан елеулі үлесін бүгінгі ұрпақтар мақтанышпен атауға әбден хақысы бар.

XVIII ғасырдың бас кезі қазақ тарихында естен кетпейтін ауыр азапты жылдар болды. Қақаған қыс, дүлей жұт, осының салдарынан туған ашаршылық пен жоқшылықтан еңсесі түсіп, аш-жалаңаш, жаяу-жалпы шұбырған халық Шу өзенінің Балқаш көліне құйған жерінің батыс жағындағы «Саумал көл» дейтін көлдің бойына келіп айнала сұлап жатады. Сонда ақылғөй қариялардың бірі тұрып: «Жарандар, адам бастан кешкен жақсылықты қалай ұмытпаса, жамандықты да солай есте сақтау керек. Біздің бұл тартқан азабымыздың аты «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» болсын дейді. Күні бүгінге дейін еңкейген кәрі мен еңбектеген сәбиге дейін білетін «Елім-ай», «Жетісу жерім-ай» әндері осы 1723 жылғы қазақ халқының басынан өткен қаралы тарихты айна көз алдыңызға елестетеді:

Мына заман – қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ, дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды.
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман,

– деп қайғылы халық ән арқылы шерін тарқатты. Ал, «Жетісу жерім-ай» әнін ақтабан шұбырынды трагедиясын айнытпай бейнелеген тарихи картина деуге болады.

Жетісудың жүруші ем саласында,
Ор киіктей ойнақтап даласында.
«Шұбырынды ақтабан» заман туды,
Дұшпандарға ана боп қаласың ба?

Қазақ елінің естен кетпес сол қаралы жылдары тек ән емес, домбыра да да күй боп сорғалады. Ғалым Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде баяндалуына қарағанда, Жоңғарлармен болған қанды шайқастарда қазақ батырларының жорығын бейнелейтін «Шаңды шабуыл» дейтін күй осының айғағы болса керек. Ал, қақаған қыста Волга қалмақтарымен айқасқан қазақ қолы алып шыққаны таусылған соң қап түбін қаға бастайды. Жеті күн ашыққан қалың қолдың аштық азабын жеңілдету үшін күйшілер күй тартады. «Қапты қақ» деп аталған күйдің тарихи мәні осылай көрінеді. Жетісу әндері музыкалық формасы мен стилі жағынан өзіндік мол ерекшеліктері бар, талай тарихи сырларды ішіне түйген ғажайып бай мелодиялық шежіре. Жетісу әндері мен әншілерінің таланты жөнінде ертедегі зерттеушілер үлкен ылтипатпен таңдана, тамсана жазады. Жетісудың атақты жыршысы Ноғайбайдың талантын естіген этнограф Ивановский 1888ж. маусым айының аяқ кезінде салт атпен арнайы іздеп барады. Сауыр тауының бөктерін жайлап отырған Садықан дейтін адамның аулында Ноғайбаймен кездесіп, оның әніне таң-тамаша болған Ивановский былай баяндайды: «Бұл жолы оны анық көрдім. Өз бойындағы барын ірікпей төгіп салғанда оның асқақ талантының мені баурағаны сонша, көңілімде ұмытылмас терең із қалдырды. Ол сөз маржанын қолма-қол төгіп салып, ағылтып отырғанына қарамастан ұйқастары ғажап шебер өлеңдер мен жан тебіренерлік мөлдір таза дауысы адамның ең нәзік жүрек қылын шертеді. Оның тамаша саусақтары нағыз артистерше қағып-қағып, жорғалай жөнелгенде қос шекті қарапайым домбыра өз ақынымен қоса еңіреп, мұңын шағады, өксіп жылайды. Оның зарлы үні тыңдаушының тұла бойын шымырлатады».

Жетісу әндері ең байырғы халықтық дәстүрдің жемісімен дамып келе жатқан терең тамырлы әуендер. Бұл әуендер өз алдына соны, өзіндік көркем ерекшеліктері бар. Жетісу әндері арқа немесе Жайық жағалауының әуендеріндей шырқай созылмайды, диапазоны шағын болып келеді. Ал, тілге үйірімді, жүрекке жылы, тыңдағанда лепіртіп, өзінің сүйкімділігімен көңілді бірден баурап әкететін Жетісу әуендерінің мелодиялық көркі көктем кезіндегі көздің жауын алатын Жетісу даласының қызғалдақтарын елестетеді.

Марқұм Илияс Омаров «Гүлдерайым» әнін тыңдағанда, «осы шағын әннен Жетісу тарихының талай сырын ұққандай боласың» деген еді. Шынында Жетісу әндерінің мазмұн байлығы мен жанр өзгешеліктері аса мол. Сондай-ақ, Жетісу әндерінде адамның көңіл-күйінде болатын алуан құбылыстарды, түрлі сезімдерді бейнелейтін әндердің барлығы да табылады. Кейбір әндерді тыңдағанда халық басына түскен қаралы күндерді еске түсіріп мұңайсақ, «Жас келін», «Шиелі өзен», «Ахау керім» сияқты ойнақы тәтті әндерді тыңдағанда көңілімізді қуаныш кернеп, масайрап қаламыз.

Жетісу елі тамылжыған ән мен күйге, күміс көмей әншілерге мейлінше бай, құт дарыған шоқтығы биік ел. Жетісу өнер саңлақтарының

ішіндегі асқақ үнді Кенен Әзірбаевтың бір өзінің ғана творчестволық келбеті қаншама дарқан дүние десеңізші. Кенен өнері қазақ әндерінің үздік майталмандары сияқты алуан қырлы. Дәлірек айтқанда: Кенен ән шығарып, сөзін жасайды (мұнда ол – ақын-шайыр). Сөзге шақтап әнінің мелодиясын жасайды (мұнда ол – композитор), сол мелодияны тиісті музыкалық аспапқа (домбыраға) қосып өзі орындайды, (мұнда ол – музыкант), ақырында өзі шығарған әнін өзі әуенмен салады (мұнда ол – әнші).

Екі дәуірдің өз көзімен көрген Кенен бойында дарқан дарын жастарымыз үшін нағыз үлгі аларлық, тамсана армандайтын өнер шыңы болса керек.

Қаршадайынан әнді өзінің жан серігі, сырласы еткен жыршы Кенен бір өлеңінде:

Ішімдегі шерімді мен төгемін,
Басылғандай жүрегім әнге салсам,

– деп ақтарыла сыр шертеді.

Жетімшілік пен жоқшылықтың ащы дәмін ерте тартқан бала Кенен Қордай алқабында қозы бағып жүрген кезінде-ақ аспандағы бозторғаймен ән қосып тілдескендей болушы еді. Тұла бойын шабыт кернеген, жүрегі жара, көңілі нала болған жас Кенен бозторғайға мұңын шағып былай деуші еді.

Отырсам қой күзетіп таң атпайды,
Жүргенде малды бағып кеш батпайды.
Қарайтын қабағыңа бір адам жоқ,
Бел шешіп жылы орынға бір жатпаймын.

«Бозторғай» әні Кененнің қайғы-қасіретпен өткен балалық ащы өмірінің өзі туғызған, өмір шындығынан туған сүбелі әндерінің бірі.

Кенен ес біліп, етек жиғаннан кейін әлеуметтік өмірге белсене араласып, өзінің азаматтық парызын дұрыс тани білді. Енді ол қауым халықтың сыр пернесін өз жырына арқау етті. Патша үкіметінің Жетісуды отарлау саясатына қарсы 1916 жылы Әли Нұрғожаев басқарған халық азаттық қозғалысының бір ұшқыны Кенен ауылында лап берді. Кенен қолға қару алып ән жасағына қатысады, патша үкіметінің жазалау отрядтарына қарсы соғысады. Жетісу өміріндегі бұл елеулі оқиғалар Кенен творчествосында «Әли батыр», «Қырғызбай» деген дастан болып, «Он алтыншы жыл» деген өлең болып, «Қайран елім қайда», «Бұлбұлға» деген ән болып тарихта қалды:

Ей бұлбұл сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр,

– деп зұлым патшаға қарғыс айтқан жалынды күрескер:

Ел кегі жауға кетпес деген бар ғой,
Дегенге кек қайтпайды көңіл сенбес,

– деп өзі қатысқан халық көтерілісінің жеңісіне берік сеніммен қарады.

Езілген елінің қамы үшін қандай азапқа болса да қасқая қарсы тұрған абзал азамат, Жетісу елінің майталман жыршысы Ұлы Октябрь революциясының жеңісін құшақ жая қарсы алды:

Жер мен көкті сілкінітіп,
Он жетінші жыл келді.
Бостандық таңы арайлап,
Теңдік деген үн келді.
Әлемге жайып құшағын,
Лениндей күн келді,
Ұлы Октябрь толқынын,
Ту астынан ел көрді.

Бұл күндері кемеліне келіп толықсыған қос орденді Жетісу жерінің сәніне әні сай, жаңа түр, жаңа мазмұнмен ұлы мұратты шалқыта шырқайды.

*«Мәдениет және тұрмыс»,
1973, № 10, 14-15 б.*

Зейнұр ҚОСПАҚОВ,

өнертану ғылымының кандидаты

ҚҰЛАҚТАН КІРІП БОЙДЫ АЛАР...

Кенекең ақындығынан басқа советтік дәуірде қазақтың халық музыка дәстүрін, ұлттық әншілік салтты дамытуда дамылсыз еңбек етіп келе жатқан майталман өнер иесі. Ол кешегі Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Сарбастардың композитор-орындаушылық эстафетасын алға апарушы, жалғастырушы сал-серілердің бірі. «Әкені көріп ұл өседі» демекші, болашақ әншінің әп дегенде әсер алып, музыка дүниесіне қызығу, таңдану процесі өз үйінің қабырғасында басталады. Әкесі Әзірбай мен анасы Ұлдар қара жаяу емес, ән айтып, күй шертетін қабілеттерімен көзге іліккен жандар еді. Кенекең бір өлеңінде «Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын» деуі осы айтылғандардың куәсі.

Өнерпаздың алғашқы ұстаздарының бірі Жетісу өңіріне аты әйгі болған Сарбас ақын көрінеді.

Мен өзім інісі едім Сарбастың,
Он жаста ел тойына араластым.
Өлерде мені Сарбас шақырып ап,
Тапсырды аманат деп домбырасын,

– деп жыр төгуі де сондықтан болар.

Кенен 1884 жылы Жамбыл облысының Красногор ауданына қарасты Мәтібұлақта дүниеге келді. Он жасында қолына домбыра алып әншілікпен айналысады. Кененнің табиғатынан туа біткен таланты мен кең диапазондағы күшті үні оны тез арада-ақ халыққа танымал етеді.

Ол көп қырлы әнші. Жетісу өлкесінің ойнақы да назды әндері мен күйлерін, Арқаның асқақ әндерін де әсем орындауымен қоса туысқан қырғыз халқының ән-жырларын сүйіп айтып, қазақ жұртына таныстырады. Ол өз жанынан ән-өлең шығарып айтуға да талаптанады. Сондай тырнақалды туындыларының бірі «Ри, қойым» әні еді. Ән бай есігінде жүрген өзінің ауыр халін баяндаса, екіншіден, «Қасқыр қырып шуласын ри, қойым, Топалаң кеп қорада қырыл, қойым» деп халыққа құты жоқ, құмырысқадай қаптаған бай қойына лағнат айтады.

Кенен 16-17 жасқа шыққанда атақты «Көкшолақ» әнін шығарды. Мұның шығу тарихы да қызық. Бір күні көрші болыстығы Бибол дейтін адам қызын ұзататын тойға ел шақырғанын естіп, Кенен бағып жүрген қойын жолдасына тапсырады да, Көкшолақ атымен қалың топқа қосылып кете барады. Көкшолақтай аты бар жұпыны Кененді олқысынған қыздардың ішінен біреуі шығып өлеңмен тиіседі.

Әй, Кенен, тойға барар сәнің бар ма?
Қызбенен айтысатын әнің бар ма?
Желігіп Көкшолақпен көтерілген,
Қолыңда мұнан басқа малың бар ма?

– деп сайқы-мазақ етсе керек. Сонда бұған мойымаған Кенен: «Малға кедей болғаныммен жаным бай, жүрегім ән, жырға толы. Ерді кебенек ішінде таныр болар» деп әнімен жауап береді. Сөйтіп ән бірден бірге тарап, Кенен есімін бүкіл Жетісу төңірегіне паш етеді. «Көкшолақ» әуендік құрылысы жағынан терме сарынында келетін күлкілі, юморға толы шығарма.

1902 жылы қырғыз манабы Шабданға ас беруге көрші жатқан қазақ еліне де сауын айтылып, ат тұяғы жететін жерлерден сыйлы адамдар шақырылады. Асқа Жамбыл бастаған өнерпаздармен бірге 18 жастағы Кенен де келеді. Әнші-күйшілер өнер сайысына түседі. Кезек Кененге де жетеді. Ә дегенде аузына сөз түсе қоймай қысылып қалған Кенен бойын

тез жинап алып, жоғары үнмен басталатын бір әнді шырқата жөнеледі. Еті қызып алған жас жігіт бірінен соң бірін шығарып әндерді төкпелетеді-ай кеп.

Жас бала, жаңа талап мен бір қойшы,
Туғалы мұндай жиын көрмеп едім

– деп, өзінің ысылмаған тәжірибесіздігін де ескерте кетеді. Отырған жұрт әншінің әдемі даусына, әсем әуезіне үлкен қошемет көрсетеді. Қазақ, қырғыз бас қосқан осы жиында Жамбылмен қоса Кенен де жүлде алып қайтады.

Кенен лирикалық сазға толы әндерімен туған жерінің әсемдігін бейнелеуге де талаптанады. Әсіресе «Ой-жайлау», «Қызыл қайнар» тәрізді әндері халық творчествосымен астарласып жатқан интонациялық, әуендік байлығымен көз тартады.

1910 жылдары дүниеге келген «Ой жайлау» әні уақыт озған сайын жаңа туғандай құлпырып келеді. Әуені өзгермегенмен орындаушылар оның сөздерін неше құбылта түрлі варианттармен айтып жүр. Әннің негізгі өлең текстісі орындалмай кез келген он бір буынды халық өлеңдеріне салып айтқандықтан «Ой жайлау» көбінесе халық әні деп жарияланып, авторы атала бермейді. Соған орай ескерте кететін жай, көзі тірі дүлдүл әншінің көп әндерінің радио, теледидар арқылы насихатталуының ойдағыдай емес екендігі қынжылтады. Професионал әншілеріміз назарынан Кенен әндерінің тыс қалуы өкінішті-ақ. Кененнің кең тынысты, шалқар сазды шығармалары қандай әнші репертуарына да көрік беретіні даусыз.

Әнші-композитордың революция дәуірінен кейінгі кезеңдегі творчестволық қызметінен күрт өзгерген жаңа бетбұрыстарды, тың мазмұндағы әндерді көреміз.

1936 жылы әнші өміріндегі қуанышты күндердің бірі болды. Ол Москвада өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне қатысып қайтты. Осы жылы халық ақынының белгілі «Жаңа заң» әні дүниеге келді. Біраз туындылары грампластинкаға жазылып, көп тиражбен тарап кетті. Одан кейінгі жылдары да әнші қазақ өнерінің түрлі қалаларда болған мерекелеріне барды. Ал 1947 жылы Москва қаласының 800 жылдық мерекесіне қатысып, осы сапарының әсерінен «Батыр Москва» әнін шығарады.

1941-45 жылдары Отан соғысы кезінде де Кенен халықты жігерлендіретін патриоттық сезімдегі әндердің авторы. Бұған «Біздің Отан жеңеді», «Елімнің ерке жастары», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай», «Қайран Шөкем», ал 1945 жылғы Ұлы Жеңіске арналған «Ел қуанышы» сияқты шаттыққа толы әндері мысал бола алады.

1959 жылы әйгілі әншінің туғанына 75 жыл толу тойын республика жұртшылығы кеңінен мерекеледі. Бұл күні Кенекең бойына қайрат-жігерін жинап, шабыттана ән шырқады.

Осындай зор қуаныш, толғаныстың үстінде «Жетпіс бес» атты жаңа туындысын әкелді:

Бағалады партия алып еске,
Қос орденді қадады кәрі төске.
Ардақты елді аралап ән сап жүріп,
Жеткенімді білмеппін жетпіс беске.

Осы замана тақырыбы, қазіргі советтік өмірдің шындық көрінісі әнші қиялына асқан қуат беріп, жігер-күшін қайнатады. Мұны біз халық композиторының «Бейбітшілік ұраны», «Жайнады тыңым, жайнады», «Бал құйылды даладан», «Жас малшылар әні», «Айға ұшқан ақиық», «Күләшқа арнау», «Қазақстан», «Қос жұлдызды батыр» әндерінен көреміз.

Осы күні ел аузына ілініп, көпшілікке танымал болған Кенен атаның әні «Келінжан» 1973 жылы ұлының үйлену тойында дүниеге келген еді. Аз уақыт өтпей-ақ ол бүкіл Қордай жастары тойларының беташар әніне айналып кетеді.

К.Әзірбаевтың музыкалық мұрасының жиналу тарихы А.В.Затаевичтің қызметімен басталады. Ол өзінің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында Ораз Жандосовтың орындауынан Жетісу облысының бір топ әндерін жазып алды. Міне, осы Ораз Кененнен естіген едім деп «Сарбас» әнін нотаға түсірті.

Бұдан кейінгі мезгілдерде әншінің музыкалық творчествосын нотаға түсіріп, жинақтап зерттеуге еңбек сіңірген белгілі музыка зерттеушісі, өнертану ғылымының докторы, профессор Б.Г.Ерзакович. Оның нотаға түсіруімен және ғылыми түсініктермен берілген әншінің қолтума шығармалары «Кененнің әндері» (1955), «Қазақстанның халық әндері» (1955), «Қазақтың советтік әндері» (1959), «Өмірімнің әндері» (1961), «Қазақ халқының ән мәдениеті» (1966) деген кітаптарда жарық көрді.

Академик А.Жұбанов өзінің зерттеулерінде әнші-композитор жайында беделді пікірлер қалдырды. Кененнің музыкалық шығармаларын жазып алып, хор, оркестрге түсіріп гармониялаған музыканттар Е.Г.Брусиловский, С.Шабельский, Л.Хамиди, Б.Ерзакович еңбектерін атап өту орынды.

Кенен әндерін орындап, халыққа таратып жүрген талантты шәкірттер де көп-ақ. Олар балалары – Төрткен, Бақытжан, Көркемжан, әнші-ақындар «Киров» колхозында тұратын Асылқұл Бірібаев, георгиевкалық Несіпбек, Жамбыл қаласының тұрғыны Алтынбек, Қаскелеңдегі Әсімхан Қосбасаров, астанамызда тұратын Қанабек Райысов, Сағина Сәулебекова, Әскербек Еңкебаев және басқалар.

Ол Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, «Құрмет Белгісі» орденінің екі мәрте иесі.

Ал әншіге берілген шын баға, жақсы лебіз деп бұл кезде республиканың кез-келген нүктесіндегі ауыл сахналарында шырқалып жатқан Кенен әндері деп айтар едік.

Лениншіл жас, 1974, 17 июнь.

Бағлан БӘБІЖАН,
өнертанушы

КЕНЕННІҢ МЕКТЕБІ

Қазақтың әншілік өнері еліміздің жағрафиялық орналасуына, әннің мақамы мен орындалу шеберлігіне байланысты Батыс, Арқа және Жетісу әншілік мектептері деп аталады. Батыс әншілік мектебінің іргетасын қалаған – Мұхит сал, одан бертінгі жалғастырушылары – Ауқат, Қиса, Аманғали, Қайып, Ғарекеңдер болса, Арқадағы әншілік – Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Мәди сияқты ұзын тізбегі он шақты әнші-композиторлардың есімімен байланысты. Ал Жетісудағы әншілік мектептің қалыптасуына себепші болғандардың бірі – ән дүлділі Кенекең (Кенен Әзірбаев).

Зерттеуші-ғалым Мырзатай Жолдасбеков өзінің «Тоқсан толғау» атты еңбегінде Жетісуда Кененнен де бұрын әншілердің болғандығын жазады. Ғалымның пайымдауынша, олар он тоғызыншы ғасырдың басында өмір сүрген Ақан, Біржандардың замандастары – Дәурен сал, Тәкен сал деген сал-серілер, әнші-сазгерлер. Жетісуда қалыптасып орныққан әншілік мектептің бірталай әнші-композиторларды тудырғанын кейінгі зерттеулер дәлелдеп отыр. Олардың алды Қапез, Пішан, Сәдіқожа, Сауытбектер болса, кейінгі әншілік өнер Қарға, Әсімхан, Дәнештермен жалғасқан.

«Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген ел ішіне тарап кеткен өлең сөздеріне сүйенсек, Жетісу жерінде ақындық мектептің ерте қалыптасқанына көз жеткізуге болады. Әу баста Сүйінбай мен Жамбылдан басталған ақындық-жыр дәстүрінің жалғасын Майкөт, Сарыбас, Кенендер ілгерілетті, жетілдірді.

Кенекең ақындық пен жыршылдықта өзіне Сүйінбай мен Жамбылды ұстаз тұтқан. Оның айналасындағы жеке-жеке шығып жүрген замандастары, көрші қырғыз еліндегі «төкме» ақын-құрдастары – оның сол кезеңде ақын болып қалыптасуына үлкен септігін тигізді.

Қазақтың әншілік өнерін жетік зерттеген профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Саида Еламанова былай дейді: «Жетісу өлкесінде композиторлар көп болғанға ұқсайды, бірақ бұл өңірдің әншілік мектебі Арқаның әншілік мектебіне қарағанда біршама кеш дамыған. Сол кездегі Жетісу композиторларының шарықтауы XX ғасырдың басындағы зобалаңға тап келіп, көбісінің өмірі тағдыр тәлкегіне байланысты үзілді, шығармашылықтарын дамытуға мүмкіншілік болмады. Кененді де 1916 жылғы қасірет айналып өтпеген, бірақ ол қырғыз елін паналап, аман қалған. Оның ең жемісті жылдары – революцияға дейінгі кезең. Көп зерттеушілер Кененді Арқа әншілік дәстүрін жалғастырушы деп

қарайды, ол дұрыс емес. Оның 13 жасында шығарған «Бозторғай» деген әнін жоғары деңгейдегі классикалық ән деп қарастыруға болады. Және де ол бұл әнді Арқа әншілерін кездестірмей тұрып шығарған. Кенекеннің жастау кезінде орындаған осы әнінің таспасы фонотекада сақталған. Сол таспаны тыңдаған жан оның жас кезіндегі жоғарғы даусының бояуы қаншалықты әдемі болғанын ұғынары сөзсіз. Әншілер оны «жоғарғы форманта» дейді. Ал енді оның «Базар-Назар» деген әніндегі «уф-эй, уф-эй» деген орындаушылық әдістері қазақтың ешбір әнінде кездеспейді, ғылымда оны дыбысқа еліктеу дейді. Жалпы Кенен шығармашылығы осы күнге дейін өз деңгейінде зерттелмеген».

Зерттеушінің бұл сөзінің жаны бар. Себебі – бүгінгі күнге дейін өнертану ғылымында осындай кесек тұлғаның шығармашылығына бірде-бір мардымды ғылыми жұмыс арналмаған. Нақтырақ айтсақ, Кенен Әзірбаев шығармашылығын зерттеген кандидаттық немесе докторлық жұмыстар мүлде кездеспейді. Зерттеу мақалаларының өзі саусақпен санарлықтай: 1975 жылы Кенекеннің көзі тірісінде академик Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты монографиясында композитордың шығармашылығына көлемді очерк арнаған болатын. Араға біраз жыл салып 1996 жылы зерттеуші-ғалым Зейнұр Қоспақов «Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің» атты ғылыми еңбегінде оқырмандарға Кенекеннің өмірі мен шығармашылығына байланысты жаңа деректер ұсынды. Оның үстіне композитордың 100 жылдық тойына арналған Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетіндегі құнды мақалалар мен естеліктер осы күнге дейін жүйеленбеген. Атап айтсақ, ондағы Кенекеннің қызы Төрткен Кененованың, композитор Нұрғиса Тілендиевтің естеліктері ғылыми-зерттеу мақалаларынан артық болмаса, кем емес. Сонымен қатар әншінің көзін көрген, араласқан Қордай ауданының тұрғындары өз естеліктерінде ғылыми орталық үшін таптырмас жаңалық болатындай көптеген деректер келтірген. Мәселен, сол ауданның тұрғыны Қ.Қойтаев өзінің «Әннің тууы» атты мақаласында Кененнің «Бұлбұлға» деген әнінің шығу тарихын баян етеді. Әрине, бұл әннің 1916 жылы Кенекеннің қырғыз елін паналап жүргенде туғаны туралы ертеректе жазылған. Бірақ мақала авторы бұрын-соңды естілмеген нақты деректерге сүйеніп былай дейді: «Жолдастарының ақылын құп алған ол бір түнде қырғыз еліне өтіп кетеді. Онда Ыстықата деген жерде Әбіш Көбеев деген ақжарқын, меймандос шаруаның үйін паналайды». Міне, бұл дерек те сол кезде тұңғыш рет жарияланды. Ал, сол газеттегі Нұрағаның (Нұрғиса) мақаласы тұтасымен ғылыми еңбек десе де болады. Ондағы жүйе, ой, мақсат толығымен ашылған. Осы мақаланың авторы Кенекеннің күйшілігінің, сазгерлігінің, әншілігінің, ақындығының қайдан келгендігін айшықтап, көңіл толарлықтай деректер келтірген болатын.

Енді сол мақаланың түйінді тұстарына тоқтала кетелік. Мақала авторы өзін толғандырып жүрген Кенекен әншілік қайдан дарыған деген

сауалға былай деп жауап береді: «...Кененнің ән өнеріндегі алғашқы ұстазы, өзі айтқандай, сүйікті анасы Ұлдар шешейден бастап, сол өзі өскен сауықшыл халық ортасы, сезімтал түйсігі, үнемі сыбырлап сыр ақтарып тұратын өзі өскен табиғат аясы деуіміз керек. Шын талант – табиғат перзенті. Ал, табиғат – өнердің таусылмас кені», – дейді автор. Кенен есейген кезде Арқаның әншісі Балуан Шолақтың өз туған жеріне келіп (Балуан Шолақ 1864 жылы Шу өңірінде, Хан тауының етегінде дүниеге келген), Жетісу жерін аралап, Кененмен жүздескен. Сөйтіп, композитор Арқа ардагерлерінің әні Жетісуға Балуан Шолақ арқылы және оның зерек шәкірті арқылы жетті деп пайымдайды және Кененнің сол сәтте шығарған «Балуан Шолақпен кездескенде» атты өлеңін келтіреді.

Кенекең өзіне өнердің қайдан дарығаны туралы «Менің ұстаздарым» атты өлеңінде анық айтады. Мұны да мақала авторы ой елегінен өткізіп, орынды келтірген:

«Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын,
Ұстазым Сарыбас ақын дүрілдеген.
Шашубай мен Шолақтың әнін естіп,
Мен де сондай болсам деп дірілдегем».

Композитордың бұл өлеңі жоғарыда келтірілген пайымдау, жорамалдарға нақты дәлел.

Нұрағаңның сол мақаласындағы Кенекеңнің күйшілік өнері және Байсерке туралы толғанысы газеттің сол нөміріндегі Төрткен апамыздың «Атамның жеті күйі» атты мақаласында жаңа қырынан көрінеді.

Кенен әндерінің ішінде Жетісу өңірінің қара өлеңдерімен және қырғыз әндерімен сарындас мақамдар өте көп. Олай болуы заңды құбылыс. Әнші Кенен бүкіл өмір тарихын өнермен сабақтастырған тұлға. Қазіргі кезде Кенекеңнің композиторлық өнерін жалғастырып жүрген өнерпаздар аз емес. Олардың басы – сол өңірден шыққан композитор Алтынбек Қоразбаев. Ұстазынан бата алған Алтекеңнің шығармашылығында Кенекеңнің қолтаңбасы айқын көрінеді. Композитордың әншілігі де, ақындығы да бүкіл қазақ жеріне әлдеқашан кең тарап жайылып кеткен. Демек Кенекеңнің мектебі әлдеқашан құлашын кеңге жайған дей аламыз. Ендігі кезек – мұраны өз деңгейінде дәріптеу.

«Парасат», № 12, 2008 ж.

БІЗДІҢ ДЕ СҮЙГЕН ӘНІМІЗ

Қай ұлт болмасын өз тойлары мен мерекелік кештерінде туған әндерімен қатар өзге халықтың әуендерін де сүйсіне, әрі нақышына келтіре шырқағанының талай куәсі болғаным бар. Мәселен, менің өзім Қарачаево-Черкасскіде грузин мен кабардин әндерімен бірге қарашайлықтардың қазақ әндерін де орындайтындықтарын сонау бала кезімнен білемін.

Иә, ауылы аралас, қойы қоралас қарашайлықтар тойларда көбінесе қазақ халқының «Он алты қыз» деп аталатын көңілді әзіл әнін шырқаса, ал жеке бір отырыстарда «Назар-Базар» («Базар-Назар», – Ред.) әнін ауыздарынан тастамайды.

Бірақ, бұл әнді құлай сүйгенмен көпшілік авторын біле бермейтін, ұзақ уақыт оны өзім де білмеген едім. Ал алғаш рет құдіретті әннің иесі Кенен Әзірбаевтың есімін қарашайдың халық әншісі, бүгінде 90 жастағы ақсақал Әбуғали Үзденовтен естідім. Бұл салиқалы да, парасатты көне көз қартты қатты құрмет тұтамын және салған әндерін беріле тыңдайтынмын. Егер ол «Нарт» эпосынан үзінділер шырқаса, мен оның өзін сол аңыздан келген мейірімді сиқыршыдай сезінетінмін.

Міне, осы ақсақал «Назар-Базар» әнін де нақышына келтіре орындайтын. Тіпті кейде көзіне жас алып, бастапқы даусын жоғалтып алатын. Себебі, Әбуғали аға да өмірдің қиын соқпақтарынан көп тауқымет тартқан адам еді. Бірде ол маған Кенен жайлы сыр шерткен.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі қиын-қыстау жылдары Әбуғали өз жерлестерімен бірге Қазақстанның Жамбыл облысында уақытша тұрған. Сөйтіп сонда шопан болып жұмыс істейді. Қонақжай қазақ халқы оларды бауыр тартып, тұз-дәмін бөлісті. Ал, Әбуғали сонау отызыншы жылдары өз әнімен халқына танылғандықтан мұндағы жергілікті қазақ ақындарына қызығушылық туғызған еді. Өйткені, оның әні көпшілік қолдауымен эжиу түрінде айтылатын. Ал бұл тәсіл ол кезде қазақ халқы үшін белгісіз құбылыс болатын.

– Елуінші жылдың, қысы өте қатты келді, – деп әңгімелейді Әбуғали өткен күндерді еске түсіріп. – Соның салдарынан көптеген мал шығынға ұшырады. Осы қыстан мал басын аман сақтаған озат шопандарды көктемде бір жерге жинап, мереке ұйымдастырылды, наградалар табыс етілді. Он алты киіз үй тігіліп, мереке қызықты өткен. Сондағы бәрімізге ортақ бір қуаныш – Кенен Әзірбаевтың келуі еді. Сол мерекеде мен Кененді алғаш рет көрдім. Оның қолында өзі жасаған кішкене домбырасы бар еді, – деп Әбуғали сөзін одан әрі жалғаған. – Ақын былай деді: бұл домбыраны сонау бала кезден өзімнен бір елі тастамаймын, содан болар ол маған өте қымбат. Сондықтан әнмен қоштасқым жоқ.

Міне, сол кездесуде Әбуғали автордың өзінен «Назар-Базар» әнін естіпті. Сондай-ақ, ақын өлеңнің тарихын да әңгімелеп беріпті. Содан Әбуғали да осы әнді жүрегіне жақын тартқан.

...Кенен алты ай Қырғызстанда жүргенде, ең жақын көретін егіз баласынан айырылып қалады. Бұл қайғысын қанша ішке сақтағанмен, ол уақыт өте ұлғая түседі. Сондай күндердің бір кешінде Кенен қолына домбырасын алып, қырда отырса, жайылымнан қайтқан малдардың ішіндегі біреуінің желінінен сүт ағып жүргенін көреді. Бұл жайды шопаннан сұрастырса, сорлы ешкі таяуда екі лағынан ажырап қалғанын біледі. Көзіне іркіп жас алған ақын домбырасына қарай ұмтылады да, балаларын еске алып шырқай жөнеледі.

– Жиынға қатысушылар осы ән орындалғанда тегіс жылады, – деп еске алады Әбуғали.

Кенен музейін аралау сәті түскенде, Әбуғали атаның айтқандарын еске түсірдім. Кенен өмір сүрген бұрынғы Қордай ауданы ұлғайып, бұл күнде үш ауданға бөлінген. Ал ақынның туған ауылы бүгін Красногор ауданына енеді.

Музейде сақтаулы тұрған домбыраны көргенде, өзгеше сезімге бөлендім. Өйткені, бұл домбыра жайлы Кавказда жүргенде талай естігенім бар емес пе еді?!

Е, құдіретті домбыра десеңші! Сенің әуеніңді талай елдің халықтары естіп, тамсанды емес пе? Кенен сен арқылы өз мұңын шақты, сондай-ақ «Бозторғай», «Көкшолақ», тағы басқа шығармаларын дүниеге келтірді.

Осы музей территориясындағы ақын ескерткіші тұсында екінші бір үй тұр. Онда кинозал бар. Біз сол залдан қазақ және орыс тілдерінде екі деректі фильм тамашаладық. Негізінен фильм Кененнің творчестволық жолы мен өмірін ашып көрсетеді. Сондай-ақ, К.Әзірбаевтың 75 және 90 жылдығына байланысты түсірілген кадрларда Кененнің композиторлығын, ақындығын, орындаушылық қабілетін дәріптеген фильмде Кененнің ұлы Бақытжанды да көрдік. Осы музейдің директоры. Бақытжанмен жүздескенімде Әбуғали жайында айтып бердім.

– Менің әкемнің достары өте көп болатын, – деді Бақытжан.

– Ол достықты қатты бағалайтын. Сондықтан маған әкемнің әрбір танысы ыстық және жақын. Ол кісінің бүкіл өмірі ұлттар мен халықтардың арасындағы достық қарым-қатынастың жоғары мәдениеті ретінде есімде сақталады.

Өзара әңгімеден кейін менің Әбуғалидың баласымен таныстығым ба-рын біліп, оның атына әкесінің таңдамалы ән жинағын сыйлыққа ұсынды. Оған былай деп қол қойды: «К.Әзірбаев музейінен қарашай халқының сүйікті әншісі Әбуғалиға Кененұлы Бақытжаннан!».

Иә, қай тілде шырқалмасын, ән әуені өзінің ырқына жетелейді. Бұл әрине, тілі басқа болса да тілегі бір, жүзі басқа болса да жүрегі бір халықтың бәрине тән қасиет.

«Қазақ әдебиеті», 1988, 1 январь.

МАЗМҰНЫ

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН ТҮСІНІК	3
------------------------------	---

<i>Серік Әбікенұлы Үмбетов, Алматы облысының әкімі.</i> ҮНІНЕН ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ЛЕБІ ЕСКЕН (<i>Алғы сөз орнына</i>)	5
---	---

I бөлім. ЕСТЕЛІКТЕР

Ә. Тәжібаев. ҚАНДАЙ ЕДІ АҒАЛАР?!	8
С. Мұқанов. ӨЗ БЕЙНЕСІ.....	11
Х. Сүйіншәлиев. ҚОРДАЙДАН ЕСКЕН ҚОҢЫР ЖЕЛ.....	19
Ш. Елеукенов. БОЗТОРҒАЙМЕН ӘН ЖАРЫСТЫРҒАН	22
А. Ормантаев. БАТЫР МЕН АБЫЗ	29
Б. Османқұлов. АЛАТАУ – АТА	32
О. Нұрмағамбетова. АЯУЛЫ, АСЫЛ БЕЙНЕЛЕР	37
Ә. Жамбылов. ҚОСЫЛҒАН ҚОС ӨЗЕН	40
С. Бақбергенов. КЕМЕЛ ДАРЫН	41
Ә. Жүргенов. ҰМЫТЫЛМАС КЕЗДЕСУЛЕР	46
Н. Төреқұл. СОҢҒЫ ӘН	50
М. Жолдасбеков. ДҮЛДҮЛ ЕДІ, БҰЛБҰЛ ЕДІ КЕНЕКЕҢ	59
А. Қоразбаев. АМАНАТ	69
А. Бетбаев. КЕНЕКЕҢНЕН БАТА АЛҒАМ	71
Н. Дәутаев. ҮШ БӘЙТЕРЕК ІШІНДЕ МЕН БІР ШЫБЫҚ	74
Қ. Әбіл. АЛАТАУДАЙ АСҚАҚ АҚЫН	76
М. Қалдыбай. ТУҒАН ЕЛ	82
Т. Кененқызы. ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАР.....	87
Б. Кененұлы. ЛӘТИПА НЕМЕСЕ КЕНЕНДІ МОЙЫНДАТҚАН КЕЛІНШЕК.....	110
А. Бекбосынұлы. АҚЫН	119
Б. Әзірбаев. КЕНЕННІҢ КЕМЕЛ КЕЗДЕРІ.....	131
Т. Кененқызы. ЖАН БАУЫРЫМ	143
К. Кененұлы. ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЕДІ.....	147
Ә. Айталиев. АҚЫНДАР БАС ҚОСҚАНДА	149
М. Жолдасбеков. АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН	153

II бөлім. ЗЕРТТЕУ, МАҚАЛАЛАР

А. Жұбанов. КЕНЕН.....	173
Р. Бердібаев. ЭПОС САРЫНЫ.....	186
Е. Рахмадиев. ТАС БҰЛАҚТАЙ ТАЗА ӨНЕР.....	192
М. Дүйсенов. ӨН МЕН ЖЫРДЫҢ КЕНЕНІ.....	195
Б.Г. Ерзакович. БАЛУАН ШОЛАҚ ӨНДЕРІН ЖАЗЫП АЛУЫМНЫҢ ТАРИХЫ.....	201
Н. Тілендиев. ДҮЛДҮЛІ ЕДІ ӨННІҢ ДЕ.....	203
А. Сейдімбек. КЕНЕН ӨНДЕРІ.....	209
Ж. Кәрменов. ЖАҢҒЫРТҚАН АСҚАҚ ӨНМЕН КЕҢ ДАЛАНЫ.....	217
Ә. Нұғманова. ЖЕТІСУ ӨУЕНДЕРІ.....	223
З. Қоспақов. ҚҰЛАҚТАН КІРІП БОЙДЫ АЛАР.....	227
Б. Бәбіжан. КЕНЕННІҢ МЕКТЕБІ.....	231
Х. Халкычев. БІЗДІҢ ДЕ СҮЙГЕН ӨНІМІЗ.....	234

Дуңдүм еді,
бүлбүл еді
Женекену

(Кенен Әзірбаев туралы естеліктер жинағы)

Бас редактордың орынбасары **Дәулетбек Байтұрсынұлы**
Редакторы **Қайрат Дүйсен**
Көркемдеуші редакторы **Кенжеғазы Айтжұманұлы**
Беттеген **Хайсин Иманғазы**

Қалпы 60x90¹/₁₆. Қағазы офсетті.
Қаріп түрі «DS Baltica». Шартты баспа табағы 17,00 б.т.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 302

«Ан Арыс» ЖШС, 050000, Алматы қаласы,
Абылайхан даңғылы, 105.
Тел.: 8(727) 272-51-62, 272-51-87, 261-60-67, факс: 8 (727) 261-62-13.

ISBN 978-601-7130-51-0



9 786017 130510

«Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, Зеленая көшесі, 13 «А», тел.: 8 (727) 233-32-53